

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ӘОЖ 316.7

Қолжазба құқығында

АЗИ ЕСЕНТҮГЕЛ АМАНКЕЛДІҰЛЫ

Сал-сері мектебі: мәдени талдау

6D020400 – Мәдениеттану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
философия ғылымдарының докторы
Иманжүсіп Р.

Шетелдік ғылыми кеңесші
философия ғылымдарының докторы,
профессор Кенеспаев Ж.К.
(Ресей, Омбы қ.)

Қазақстан Республикасы
Астана, 2024

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	3
КІРІСПЕ	4
1 САЛ-СЕРІ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ӨЛШЕМІ	15
1.1 Түркі өркениетіндегі сал-сері мектебінің қалыптасу ерекшеліктері.....	15
1.2 Қазақтың рухани-мәдениетіндегі сал-сері дәстүрі	29
2 САЛ-СЕРІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ....	46
2.1 Отарлық саясат тұсындағы сал-сері өнерінің мазмұны	46
2.2 Сал-сері мектебінің Алаш зиялыларына тигізген әсері	62
3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ САЛ-СЕРІ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ	80
3.1 Сал-сері өнері мен тәжірибесінің трансформациялануы	80
3.2 Сал-сері мектебін сақтау және дамыту әрекеті	94
ҚОРЫТЫНДЫ	112
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	118

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Сал – абыздар әулетінің өкілі. Қабілеті жоғары, көкірек көзі ояу, тылсым күштермен байланысушы, сәуегейлігі бар, эксцентрик, эстет, бекзат адам.

Сері – әскери әулет өкілі. Жауынгерлік рухы басым, ер мінезді адам. Киімді талғап киетін кербез, әмбебап өнерпаз.

Эксцентрик – киім киісі өзгеше, көпшіліктен өзін ерекшелеу ұстайтын адам.

Бақсы – бағзылық түсінік бойынша тылсым әлеммен байланыс жасай алатын, тәуіптік, сәуегейлік т.б. ерекше қабілеті бар адам.

Жырау – жанынан жыр шығарып айтатын халық поэзиясының өкілі. Халықтың рухани көсемі.

Шежіре – (арабша шаджарат – бұтақ, тармақ) халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих тармағы.

Шежіреші – халық шежіресін баяндаушы адам.

Шашты Әзиз – көне аңыз-жырларда кездесетін әулие.

Сейіс – жүйрік атты бәйгеге жаратушы адам.

Қашаған, Нұрым, Ақтан – Қазақстанның Батыс өңірінде өткен ғасырда өмір сүрген ақын-серілер.

Үш Қиян – Еділ, Жайық саласын, Маңғыстау даласын «Үш Қиян» атаған (*Еділдің бойы – қанды қиян, Жайықтың бойы – майлы қиян, Маңғыстау бойы – шаңды қиян*).

Есір, Құлшар – өткен ғасырларда өмір сүрген Маңғыстау өңірінің күйшілері

Эпитафия – құлпытасқа жазылған жазу және дүниеден өткен адамға шығарылған жоқтау.

Қайқы – сал-сері деген мағынада, Маңғыстау даласында жиі қолданылатын сөз.

Сәйкі – серілігі басым әйел (қыз).

Қасқа – серіге тән жігіттерді кейбір жерлерде осылай атаған.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Бұл диссертациялық жұмыста дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал-серілер мектебінің қалыптасуы мен дамуына, сал-серілер шығармашылығына мәдениеттанулық талдау жасалады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақ мәдениетінің әлі де болса толыққанды зерттелмеген өнері мен дәстүрлері бар. Сондай өнердің маңызды бір бөлігі – сал-серілік мектебі. Сал-серілер шығармашылығы әдебиеттану, өнертану ғылымдары шеңберінде жыр жанрын, тілдік стильді анықтау тұрғысында зерттелсе, терең мәдениеттанулық зерттеу жүргізілмеген. «Сал», «сері» деген ұғымдардың мазмұны мен мағынасы туралы әртүрлі дискурстар кездеседі, алайда, ол дискурстар сал-сері мәдениеті мен мектебінің негізгі идеясын толыққанды ашып бермейді. Сал-серілік мектепті мәдениеттанулық тұрғыда зерттеу, оны қазіргі қоғамда қайта жаңғырту өзекті мәселелердің бірі деп білеміз.

Қазіргі кездегі Қазақстан мәдениетін дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың міндеттерінің бірі қазақтың рухани мәдениетін дамыту екенін бәріміз білеміз. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының 2023-2024 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасының халқымыздың материалды емес мәдени мұрасын жаңғырту мақсатына сәйкес зерттеу тақырыбымыз өзекті деп білеміз. Себебі, сал-сері дәстүрі, өнері, шығармашылығы қазақтың рухани мәдениетінің ерекше көрінісі болып табылады.

«Сал-серілік» деген қос сөз өзара мәндес қабылданғанымен сал және серінің әлеуметтік орны мен қызметінде айырмашылықтар бар. Оған дәлел, есімдері танымал Ақан сері, Біржан сал, Мұхит сал, Дәурен сал, Нияз сері, Ешанияз сал, Тәттімбет сері, Қызыл сері сынды тұлғалардың сал немесе сері атанып тарихта қалуы. Кейбір тұстарда барлық жағы сал-серіге лайық көрініп тұрса да, кейбір өнерпаздарды сал немесе сері деген атпен атамайды. Себебі, оларға халық жарасымды іс-әрекеті мен киім киісі, жүріс-тұрыс қылықтарына қарай өздеріне лайықты атауды жапсыра білген. Мысалы, «Үкілі Ыбырай», «Балуан Шолақ», «Жаяу Мұса», т.б. сияқты жағымды атаулар тағып отырған. Үкілі Ыбырайды сері емес деп айта алмаймыз. Оның серілігін ел мойындаған. Бірақ, «Үкілі Ыбырай сері» десек үйлесім таппай тұрғанын көреміз. Сол секілді Нұрмағамбетті сері деуге лайықсыз өнерпаз деп ешкім айта алмайды ғой. Оған палуандығына қолының шолақтығын қосып «Балуан Шолақ» атап кеткені рас. Оны «Балуан Шолақ сері» деп, «сері» деген атақты қосарлаудың артықтығы тағы рас. Сондай-ақ, батыс өңірде серілерге руын қосарлап айту үрдісі кең етек жайғаны байқалады. Мысалы, «Жеті Қайқы» серілік тобының мүшелерін «Кенже Әділ», «Жаңай Өскенбай», «Мая Досат» деп, басқа серілер қатарын «Бәли Қашаған», «Тәңірберлі Молдабай», «Кете Шернияз» т.б. деп атайтыны көңіл аудартпай қоймайды.

Қазіргі кезде Қазақстанның әр аймағында халықтың сал-серілік дәстүріне сай өнерпаздарға қойған әртүрлі атауы кездеседі. Мысалы, Маңғыстау

аймағында өнерлі ер адамдарды «қайқы», әйел адамдарды «сәйкі» деп атаса, Сыр өңірінің Арал, Қазалы аймақтарында «қасқа» деп атайды. Осы күнделікті мәдениеттің көрінісі сал-серілік өнердің мемлекеттік емес, өңірлік деңгейде ғана дамуын көрсетеді.

Сал-серілер көптеген өнерді бір бойына тоғыстырған, көпшіліктің рухани қажеттіліктерін өтеуші таланттар. Олардың қалдырған өлең-жырлары өз заманының тыныс-тіршілігін танытуымен қатар адамгершілік, әділеттілік, ар-намыс пен ұлттық рухты биікке көтеруімен құнды. Әр дәуірдің өз сал-серілерінің болуы, олардың атақ-абыройы, данқы, сән-салтанаты, болмысы туралы аңыз-әңгімелердің және шығармаларының ел-аузында қалып отыруы қазақ мәдениетінде сал-серілер мектебінің қалыптасқанын байқатады. Бұл – біреуді үлгі ету, оған еліктеу, біреудің тағдырына қызығу сияқты қасиеттерден өріс алатын құбылыс. Сал-серілерді үлгі ету – әрбір таланттың өз ақылымен шектеліп қалудан арылтатын, өнер жолындағы бірден-бір әдістемелік құралы іспеттес. Бұл құбылыстың бүгінгі күнде де маңызы зор. Десек те әрбір сал мен серінің өнері, мінез құлқы өзінің болмыс-бітіміне сай ерекшеленіп тұратыны тағы бар.

Сал-серілік өнердің өзіндік пайда болу, даму ерекшеліктері мен көшпенділердің далалық мәдени-рухани әлемінде алатын орны бар. Сал-серілік бастапқыда жауынгерлік рухта қалыптасқан. Бір жағынан жыраулық дәстүрдің жалғасы іспеттес. Ал жыраулық дәстүрдің өзін бағзы бақсылық үрдістің жалғасы, кейінгі сал-серілік жолының басы деп қарауымызға болады. Олай болса, жыраулық та, сал-серілік те, заманның небір қилы құбылыстарына сәйкес бірімен-бірі байланысып жатқанын байқай аламыз. Ұлт мәдениетіне мол үлес қосқан көне жыраулардың бастауы бақсыларда жатыр деген тұжырымдар бар. Бақсыларды ойшылдар қатарына жатқызады кейбір ғалымдар. Ә. Марғұлан бақсылардың дәстүрлі жолына көз жіберіп, олардың білімдарлығы, өнері туралы тарихи пікірлер қалдырады.

«Қыпшақтар ойғырша, арабша жазатын бітікші абызды Көкем бақсы деп атаған. Оның аты 1299-жылы жазылған Византия тарихында кездеседі.

Енді бірі Көсе бақсы. Қобызын арқасына салып, XIII ғасырдың ішінде Мысырға елші болып барып жүрді. Ондай Мысырға барған қобыздарды ол жердің суретшілері қағазға да түсіріп отырды [1].

Қыпшақтардың араб қарпімен әдемі жазатын атақты жырауы – Барақ бақсы. Тоқтағу ханға елші болып барып, Рашид әд-Диннің шежіре жазуына үлкен көмек көрсетті.

«Дешті-Қыпшақта жасаған жыраулардың ең күдіреттісі Сары-Салтық, бақсылардың атасының бірі, асқан абыз, көп білетін кісі. Халық оны Сары бақсы, Сары абыз, Сыншы бақсы, Шашты бақсы деп атаған» [2]. Бұл «Баба түкті шашты абыз» болса керек деген болжам бар. Қаһармандық дастандардың көбінде батырлардың пірі саналып жүретін Баба Түкті Шашты Әзизді ғажап адам, тылсым күш иесі қылып көреміз. Жоғарыда Ә.Марғұлан «Баба Түкті Шашты абыздың» өзі болуы керек деп көрсеткен Сары-Салтық бақсыны абыз кісі ретінде береді. Яғни, бақсылар білімдар, абыз жырау деуімізге болады. «13-

ғасырда өмір сүрген Аталық жырау Жошы хан жайында жыр қалдырған» [3]. Жошы ханның серілігін жырға қосқан Аталықты заманының заңғар жырауы деп қарасақ, «Қырымның қырық батыры» аталатын цикльдік батырлар жырларын қалыптастырушы саналатын Сұрқылтайұлы Сыпыра жырауды да абыз, дана, жырау ретінде танып, ескеру керек. Әр дәуірде өзінің мықты жыраулары болған. Бірақ, бүгінге есімдері жеткені некен саяқ. Ол да соңында қалдырған құнды мұраларына қатысты.

Жырауды кейбір түркі тілдес елдерде бақсы деп атаған. Мысалы, Түрікмен халқы аспапқа қосылып жырлайтын ақын-жыршыны «бақшы» десе, ұйғырларда бахшы – оқымысты, монғолдарда оқытушы мағынасында. Кейбір ғылыми әдебиеттерде бақсылықты шамандықтың қалдығы, ескіліктің сарқыны ретінде көрсеткен пікірлер кездеседі. Жыраулардың халық арасындағы қызметі, әлеуметтік орны зор болды. Олар ең әуелі шешен сөзбен халықтың рухани қажеттіліктерін өтеушілер. Сонымен қатар, халықтың ар-намысын оятып, ұлт тұтастығын сақтау жолындағы батылдығымен, қара халықтың мұң-мұқтажы үшін хан-патшаға талап қоя білуімен ерекшеленеді.

Ә. Марғұлан мен А. Тарактының еңбектерінде сал-сері сөздері мемлекеттік титулдармен жанасатынын байқауға болады. Мысалы: қаған, тайшы, тегін, ұзандар легі, сонымен қатар, ел кезбе дәруіш адамдар да сал-серілікпен теңестіріліп отырады.

Түркі дәуірінің ойшылы Иоллық тегінді Ә.Марғұлан серілер қатарына жатқызады. Одан бері Қорқыт заманындағы Қорқыт секілді ұзандар тобын және Қорқыт дәстүрін ұстанған Әл-Фараби, Сары Салтық т.б., одан бергі Жошы хан әйгілі серінің бірі деп көрсетеді. Жошы хан заманының серісінің бірі Найман Кетбұға жырау, күйші, қолбасшы ноян, одан беріде Алтын Орда дәуіріндегі Құтыб, Сейф әс-Сарами [4] және басқалар, хандық дәуірдің серілерінің басында Жәнібек хан, Ақназар хан, Есім хан тұрса, Арғын Қодан тайшы, Қазтуған, Доспамбет т.б. жырауларды серілік дәстүрдің жалғасы деп қарастыруға әбден болады. Бұдан соңғы жыраулар жолын жалғаған Бұхар жырау Қалқаманұлы, Ақтамберді, бұларға жалғас Қалнияз Шопықұлы, Махамбет, Байтоқ жырауларды, бұлардан соң көпшілік арасында асқақ өнерлерімен даңқы шыққан Арыстанбай, Құрманғазы, Құлтума, Абыл, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Сал Мұхит, Мар сері, Сейтен сері, Бәйтен сал, Нияз сері, Жеті Қайқы серілік тобының мүшелері – Әділ Өтеғұлұлы (1869-1931), Жылкелді Теңізбайұлы (1855-1938), Өскенбай Қалмамбетұлы (1860-1925), Шолтаман Байсарыұлы, Тастемір Шыршығұлұлы, Тұрсын Алдашұлы, Досат Бәймембетұлы т.б. серілерді атауға болады.

С.Қондыбай Үстіртте (Маңғыстау облысы) Алтын Ордан кейінгі кезеңде кәсіби әскери адамдар құрған «Үш қиян» серілер ордені (әулеттік топ) болған деп көрсетеді [5]. Жеті қайқы серілер тобын осы «Үш қиян» серілік орденінің заңды ізбасарлары деуге келеді.

Бір ғажабы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында ғұмыр кешкен Жеті қайқы деген атауға ие болған жеті өнерпаз бірге жүріп, салтантты той, жиындарда өнер өрбіткен. Мұны бүгінгі топ болып өнер сапарында

жүретін әнші, күйшілердің (театр, группа, ансамбль, оркестр) ұжымдық көрінісінің бастауы ретінде қарастыруға негіз бар. Яғни, бұлардан басқа Біржан сал, Ақан сері, сал Мұхит, т.б. сал-сері атанған өнерпаздардың да атқарған қызметтері осы арнаға тоғысады. Сонда, бұлардың топтанып жүріп, ел аралап өнер таратуын, бүгінгі күнгі театрлық, ансамбльдік, оркестрлік топтардың бастамасы болған далалық көшпенді театр, сахараның көшпелі өнер сайыпқырандары деп тануға әбден болады.

Өнертанушы ізденушілер, көрнекті ғалымдар, этнографтар қазақ халқының ән-күй өнерін мектептерге бөліп қарастырып келеді. Сол жолмен зерделесек дәстүрлі музыкалық мұрамыз, сал-серілер жолы төл сипаты бар бес мектепті құрайды. А.Тарақты нұсқасы бойынша:

1. Қазақстанның орталық және солтүстік өңіріне тән күйшілік-әншілік, жыршылық мектебі.

2. Қазақстанның оңтүстік және Жетісу өңірін қамтитын күйшілік-әншілік, жыршылық мектебі.

3. Қазақстанның батыс өңірін қамтитын әншілік-күйшілік, жыршылық мектебі.

4. Сыр бойының күйшілік-әншілік, жыршылық мектебі.

5. Қазақстанның шығыс өңірін, Баян-Өлгий мен Шығыс Түркістанды қамтитын күйшілік-әншілік, жыршылық мектеп.

Бұл, әншілік-күйшілік, жыршылық мектептерді сал-серілік мектептер деп те қарауға келеді. Себебі, бүгінде сал-серілерді – әнші-ақындар деп қарастыратын ғылыми көзқарас қалыптасқан.

Сал мен сері жолы салт деген пікірлер бар. Салт дегенімізді «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын әдет-ғұрып, дәстүр», – деп береді. «Салт-дәстүр әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы», – дейді тағы [6]. Яғни бұл да бір мектеп. Өмір мектебі. Осы өмір мектебі аясында өз жолын қалыптастырған өнер мектебі – сал-серілік мектеп деп нақты айтуымызға негіз бар.

Тағы бір назар аударатын нәрсе, сал-сері атауының шығу тарихына ерекше тоқталу қажеттілік етеді. Ғалымдардың талдап түсіндірулерінде түркі тілдес елдердегі бірнеше ұғымдар келтіріледі. «Сал шор тілінде жерошақ, от орны мәнінде, сағай тілінде шу, дауыстау мәнінде, қазақ тілінде жүрген жерін у-шу, думан қылып, көп сөйлеуші, оғаш киім киюші адам мәнінде қолданылады», – дейді [7]. Мысалы қазақта өлең айт дегенді «ән сал» деп те жататыны бар.

Ғалым Е. Исмаилов «сері» сөзінің бірнеше мағынасына тоқтала келіп, араб тілінде сир(сейір) серуен, сайран салу, ал телеуіт, шор т.б. тілдерде сарнау, өлең, ән айту «Кодекс Куманикусте» «сері» (шері) сөзі мағынасында қолданылатынын жазады [7, б. 36].

«Салдардың бақсылықпен тамырлас екендігіне дәлел сирі (сарі) деген сөз – ұйғыр тілінде бақсылық, бал ашушылық деген мағынаны беретіндігі» [7, б. 58].

В. Радловтың айтуынша бұрын қазақ тілінде «чура» /шура/ сөзі жасақ, жауынгер деген мағынада жүрген [8]. «Сал – буйный, вздорный человек, одетый вроде балаганного шута», – дейді тағы В. Радлов [9].

«Сал» сөзі қырғыз тілінде жайсаң, жас, қайратты жігіт, «сал манап» өз уақытын мерекемен, тентектікпен өткізетін жігіт (әміршінің, байдың балалары) деген мағынада келеді [10].

Осы сөзбен түбірлес якуттың «цаалы» сөзі еркіндік, өз бетімен, қалауымен жүру [11], ал түрікменнің «саллах» сөзі бойдақ, үйленбеген жігіт деген ұғымды білдіреді [12].

Е. Тұрсынов түркі тілінде «әскер», «кол» мағынасын білдіретін «черик» сөзімен түбірлес «сері» сөзінің түпкі мазмұны «жасақ құрамындағы жауынгер», «жасақшы», «жорықтағы серік» деп болжам жасайды [13].

Қазақ ғалымдары серілерді көшпенділердің аристократ нояндар әулетінен шыққан өнерпаз жауынгерлер деп таниды. Сері сөзі орыс тілінде рыцарь деп аударылады. Рыцарьлар да қазақтың серілеріне ұқсас жандар. Рыцарьлар әрі мерген, әрі палуан болуы тиіс болды. Мінез-құлқы да өзгеше көрінетін. Олар соғыста батырлық пен ерліктің үлгісін көрсетумен ерекшеленді. Рыцарьларда сұлу әйелге табыну салты болды, деген пікірлер бар. Франциядағы Куси замогі (жаңғыртпа), Осман империясындағы «сипахилер», Жапониядағы «самурайлар» ортағасырлық Батыс Европадағы рыцарьлар... бәрінің ұстанымы, тағдыры ұқсас еді [14]. Әлемнің ең романтикалық аңызына арқау болған «Ғибадатхана рыцарлары» атанған «Тамплиер Ордені рыцарлары» [15], кейіннен (1456-1466) Польшаның вассалына айналған Тевтон ордені, Ливон ордені рыцарлары [16], – бұлар атауы өзгеше болғанымен болмысы үндес тағдырластар.

Қазақ мәдениетінде сал-серінің орны ерекше. Сал мен серінің даму жолдарын, халық арасындағы көркем көріністерін Ә. Марғұлан «Қазақтың сал-серілік дәстүрі» атты еңбегінде келтіреді. «Осы дәстүрдің сұлулық ой-сана туралы халыққа қандай әсер бергенін әдемілеп суреттейтін әсіресе Қорқыт аңызы, Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу, Қыз Жібек, Ер-Сайын, Ер-Тарғын жырлары, серілік онда өте сәулетті, ғажайып түрде кездесіп отырады. Жырда айтылатын кейіпкер Қозы Көрпеш, Төлеген, Ертарғын өзі тамаша серілер», – дейді академик [4, б. 4-32]. Аталған жыр-дастандардың қай заманда пайда болғаны туралы тап басып айту қиын. Ғылыми саралауға жүгінсек ерлік пен елдікті, ел бірлігі, шынайы іңкәрлікті дәріптейтін Ертарғын жырының өзегі Ноғайлы дәуірінің тарихи оқиғаларын бейнелейді.

Ал, сал-серілер жыраулардан ішкі жан-дүниесі мен сыртқы келбет үйлесімділігін табуға ұмтылған ерекше эстетикалық талғамдарымен ерекшеленді. Сал-серілер рухы биік, парасат пайымы жоғары жандар, ерекше өнерімен, тіл байлығымен, ойының тереңдігімен көзге түсетін бір туар

талантты тұлғалар. Олардың ұстанған үрдісі негізінде жанды жетілдіру принципі жатыр.

Сал-серіліктің өзіндік этикалық және эстетикалық критерийлері бар. Олар ой және тән тазалығын сақтау, білімді, әдепті болу, өнерін, талантын таза сақтап, жетілдіру, сөзге шешен, тапқыр, халық арасында өнер көрсету, сананы таза ұстау, тапқырлық, көркем мінез, дала даналығын жеткізу, әділдіктің жаршысы болу, жақсылық жасау, адал-таза тамақтану, харам ас ішпеу, әсем киіну, бойына лас жұқтырмау, таза жерлерде жүру, көркем жүріс-тұрыс, кеудесін тік ұстау т.б. осының бәрі жеке тұлға мәдениетінің жоғарғы үлгісін көрсетеді.

Этикалық (талғам) құндылықтар сөз арқылы, тәрбие, өсиет арқылы берілсе, эстетикалық талғам көзбен көріп, қарап (визуально) қабылданады. Осы тұрғыда сал-серілердің жүріс-тұрысы, киім киісі үлгі болған.

Қай заманда да қоғамдағы әлеуметтік-мәдени проблемалардың шешімі жеке тұлғаның интеллектуалдық жетілуімен байланысты. Тұлғалық – адами жақсы қасиеттердің жиынтығы. Сал мен серіні тұлға деп таныған жөн. Серілер табиғаты мен шығу тегі жағынан жауынгерлер, яғни әскери ақсүйектер.

Академик Ғарифолла Есім жазғандай, «Ұлт өз дүниетанымын, тілі, діні, фольклоры арқылы білдірген. Демек ұлттық ойлауды зерттеу үшін негізгі сүйенетініміз – халықтың мәдениеті, рухани мұрасы, өмір сүру тәсілі, діни нанымы, күнделікті тұрмыстағы әдет-ғұрып, салт санасы т.б.» [17]. Олай болса ғасырлар бойы жаңа ұрпақты мемлекетшілдік рухта тәрбиелеуде зор еңбек еткен сал-серілердің өнер, шығармашылығын зерттеу, бүгінгі жас ұрпақтың мемлекетшілдік санасын қалыптастыруға бағыттауда үлесі зор болмақ.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Сал-сері шығармашылығы қазақ мәдениетіндегі поэтикалық өнердің ерекше түрі. Ақын-жыраулар қазақ халқының ауыз әдебиеті мен өнерін қалыптастыруда, мәдени және тарихи мұрасын сақтау мен таратуда шешуші рөл атқарып, ұрпақ арасын даналық біліммен жалғады. Мұндай мәліметтер қазақ фольклортанушылары, өнертанушылары мен әдебиеттанушылары арасында жиі кездеседі. Алайда, сал-серілердің шығу тарихы туралы нақты деректер аз. Мәдениеттанулық тұрғыда жүргізілген зерттеулер жоқтың қасы.

Сал-сері туралы алғашқы деректер А.В. Затаевичтің этнографиялық зерттеулерінде кездеседі. Затаевич бойынша «сал-сері – көпшіліктен ерекшеленуге ұмтылатын, өздерінің бірегейлігі мен батылдығын көрсету үшін әртүрлі тәсілдерді қолданатын жарқын және экцентристік тұлғалар» [18]. Сал-сері бейнесі мен шығармашылығын күнделікті ұлттық мәдениеттің нышаны ретінде этнографиялық зерттеулер қатарына В.В. Радлов, А. Затаевич, И. Пашино, А. Еврейнов, П. Морозов, Ш. Уәлиханов және т.б. еңбектерін жатқызамыз.

Сал-сері феноменін айқындауға тырысқан, оның мәні мен мағынасын ашуға ат салысқан, сал-серіні жыршы, бақсы, ақын, қазақ музыкалық өнерінің ерекше тұлғалары ретінде сипаттаған зерттеушілер ретінде Ә. Марғұланды, С. Мұқановты, Е. Ысмаиловты, Т. Әсемқұловты, С. Қасқабасовты

қарастырамыз. Мысалы, М. Мағауиннің «Көкбалақ», С. Жүнісов «Ақан сері», З. Ақышевтің «Жаяу Мұса», «Иманжүсіп», Т. Әсемқұловтың «Тәттімбет сері» т.б. шығармаларында сал-серілерді семантикалық, әдеби, хронологиялық тұрғыдан қарастырған.

Ғалым Е. Тұрсынов «сал», «сері» атауының шығу тарихын тереңнен тартып, серілік дәстүрдің қыры мен сырына үңіліп, оларды рухани әлеммен астастырып, бағзыдағы жауынгерлік топқа шенеп, ұлы даланың мәдени феномені ретінде сипаттайды. Бұл туралы З. Наурызбаева да өзінің «Бекташия бауырластығының көнетүркі бастаулары және қазақтың сал-серілері» атты мақаласында сал-серілердің ежелгі түркі дәуірінен келе жатқан жауынгершілікпен байланысын жазады [19].

Жазушы, сыншы, тарих және этнография зерттеушісі Т. Әсемқұлов өз еңбегінде «Қондыгер-Қаңлы» дәуірінен қозғай келіп, Үндінің варналарына сілтеме жасап, Қондыгер – қаңлы, әскери қоғам деп, екінші топ – «кшатрийлер» тобына жатқызады. Әскери әулеттің ерекшелігін де атап өтіп, серілік үрдістің қайнарын осы әскери топтан шығарады.

Сонымен қатар, сал-серілерді жапон және кәріс әншілерімен, еуропалық мистрелдермен, цирк актерлерімен, балуандармен, әзілқойлармен теңестіріліп қарастырылған зерттеулер де бар.

Қазақстандық Р. Иманжүсіп, С. Жанпейісова, Ш. Керім т.б. ғалымдар сал-серілік бағытында диссертациялық зерттеулерге барса, көптеген ғалымдар өнер төңірегінде ғылыми ізденістер жасаған. Әдебиеттану бағытында ақын-жыраулар мұралары, фольклор саласында жазылған зерделеулердің қатары мол. Бүгінде ақын-жырау атап жүрген өткен ғасырлық сөз зергерлерінің көбінің сал-серілерге тән бірнеше өнерлері болғанын ескерген жөн.

Бүгінде өркениетке сай сал мен сері атанған таланттардың сыртқы көрінісі, әрекеті өзгергенмен, өнері өзгермеген. Сыртқы бейнесі мен іс-әрекетінің өзгеруіне заман талабы, сыртқы күштер, нақтырақ айтсақ отарлық сананың ықпалы зор болды. Отарлаушы империяның шеңберінде рухани өзгеріске ұшыраған өнерпаздардың мұралары отар елдің тыныс-тіршілігінен хабар беретін мәдени құндылықтар.

Қазақ жұрты Ресейге жұтылып, салт-дәстүрінен қағылып, мал-жанынан айырылып қалған тұста ғұмыр кешіп, бұрынғы аталарының сара жолын ұстанып өткен мәдени сабақтастықтың соңғы буыны деп қабылдаймыз.

Сал-серілер бір бойына бірнеше өнер тоғысқан айрықша талант иелері болғандықтан бірнеше ғылыми салада талқылау көрген. Сал-сері деген атқа лайықты адамдардың бойында әншілік, ақындық, композиторлық, палуандық, мергендік, атбегілік, саятшылық, шешендік, шеберлік т.б. өнер болды. Сондықтан, ғылымның әдебиет, тарих, өнер, музыка, философия бағыттарында зерделенуі орынды жағдай. Дегенмен, бұл тақырыптың мәдениеттану ғылымында зерделенуі үстірт, жеткіліксіз екендігі аңғарылады.

Диссертациялық зерттеу жұмысының нысаны. Сал-сері дәстүрі және оның әлем мәдениетіндегі орны мен мәні.

Зерттеу пәні. Сал-сері мектебінің қалыптасу және даму ерекшеліктері, негізгі шығармашылығы, принциптері және мәдени маңызы.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Сал-сері мектебінің әртүрлі тарихи кезеңдердегі мәдени кеңістікке әсерін талдау, олардың басшылыққа алған негізгі белгілері мен принциптерін, әлемдік мәдени тәжірибеге қосқан үлесін анықтау және қазіргі Қазақстан мәдениетінің дамуы үшін маңыздылығын бағалау.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі **міндеттер** қойылды:

1. Сал-сері дәстүрінің қалыптасуы мен таралуының тарихи тамырын зерттеу.

2. Қазақтың рухани-мәдениетіндегі сал, серілер ұғымдары мен өнерінің ерекше белгілерін айқындау.

3. Сал-сері мектебінің шығармашылығына әсер еткен әлеуметтік мәдени факторларды талдау.

4. Сал-сері дәстүрінің Алаш мектебінің дамуына тигізген әсерін дәлелдеу.

5. Қазіргі кездегі қазақстандық мәдени кеңістікте сал-сері өнері мен дәстүрін жаңғырту тәжірибелерін саралау.

6. Сал-сері мектебін сақтау және дамыту әлеуетін бағалау.

Диссертацияның теориялық және әдіснамалық негіздері. Диссертациялық зерттеудің теориялық негіздері пәнаралық принцип негізінде құрылды: этнографиялық, ғылыми, әдеби, өнертану мен мұрағаттық дереккөздер және постколониалдық зерттеулерге негізделді.

Сал-серілік дәстүр мен өнерді зерттеу барысында тарихи-типологиялық, феноменологиялық, герменевтикалық, этнографиялық, компаративистикалық және сыни талдау әдістері қолданылды. Атап айтқанда, сал-серінің шығу тарихы мен оның хронологиялық кезеңдерін анықтау барысында тарихи-типологиялық әдіс; сал және сері ұғымдарының мағынасын түсіндіру үшін герменевтикалық әдіс; сал-серінің сипатын айқындау үшін феноменологиялық әдіс; сал-сері шығармашылығын зерделеу барысында компаративистикалық талдау әдісі пайдаланылды.

Сал-сері құбылысын зерттеудің тағы бір тәсілі отаршылдық аясы болмақ. Отаршыл жазушы, зерттеуші М. Тлостанова деколониалдық бетбұрыстың постколониалдық зерттеуден айырмашылығы білім жүйесінің, логикасы және әдістемесінің мәніне түбегейлі күмәнмен қарауға әкелетінін айтады [20]. Постколониалдық зерттеулер жергілікті деректер батыс теориясына қосымша ретінде ғана қолдануға жарайтын зерттеу болып қала береді. Соған қарамастан постколониалдық теорияның әдіснамасы мен құралдары зерттеудің әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады. Бұл тәсілдің отарсыздандыру процестері үшін, мәдениет саласындағы келеңсіз зардаптарды жоюға практикалық маңызы мол. Отарлаудан кейінгі теориялардағы негізгі тақырыптардың бірі «Басқаның» дауысы мәселесі болды. Шындығында, Шығыс дауыстан айырылды. Яғни, тілі кесілді. Батыс Шығыстың атынан сөйледі. Оның дауысын иеленді. Бірақ, бүгінгі таңда Шығыстың да үні шығып келеді. Бұл жағдайды дәстүрлі қоғам шеңберінде үні тұншыққан, ұмытылған қазақ жағдайына жатқызуға болады

[21]. Деколониялық көзқарас осындай тұншыққан дауыстарды естуге, жергілікті білімді қалпына келтіруге бағытталды. Бұл біздің зерттеуімізде Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау өңірлерінде жүргізілген далалық зерттеулер арқылы, естіген әңгімелер мен қазіргі сал-серілердің шығармашылығы арқылы жүзеге асады (Мысалы, Атырау облысы, Сағыз станциясының тұрғыны, Закария серінің немересі Қадырғали қария атасы туралы ақиқатты айтуға әлі қорқады. Үрей сүйегіне сіңіп, тілін кескен). Бұл тәжірибе мен баяндаулардан отарлықтың анық бейнесін көре аламыз. Мұндай зерттеулер мақсаты дәстүр мен жаңашылдықты бір-біріне қарсы қоймай, керісінше бірін-бірі толықтырып, көпқабатты полимпеестерде жағымды әсер беретінін көрсету.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Диссертация тақырыбын зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттерді орындау барысында келесі ғылыми жаңалықтар айқындалды:

1. Сал-сері дәстүрінің қалыптасуы мен таралуының тарихи тамырын зерттеу барысында түркі дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі жыраулық-ақындық дәстүрге салыстырмалы талдау жасалды.

2. Қазақстанның рухани мәдениетіндегі сал, сері ұғымдарының мәні мен мазмұны айқындалды. Сал-серінің мәдени бейнесі жасалды: сал – абыздар әлеуетінің, сері – әскери әулеттің өкілі ретінде ажыратылды.

3. Сал-сері мектебінің қалыптасуы мен шығармашылығына әсер еткен әлеуметтік мәдени факторларға талдау жасау барысында сал серілердің дипломатиялық, жауынгерлік, атбегілік және басқа өнерлері айқындалды. Шығармашылықтарына әсер еткен қазақ даласындағы отаршылдық саясат әсеріне талдау жасалды.

4. Сал-серілік дәстүр Алаш мектебінің дамуына зор әсерін тигізді. Алаш зиялыларының шығармаларындағы еркіндік, бостандық, ұлттық мәдениетті жаңғырту мәселелерінің серілік дәстүрмен бара-барлығы айқындалды.

5. Қазіргі қазақстандық мәдениетті дамыту бағдарламаларына сәйкес қазақтың рухани өнерін, соның ішінде ақындық, жыраулық өнерін дамыту тәжірибелеріне талдау жасалды.

6. Қазіргі кезде сал-сері өнерін жаңғырту және дамыту мақсатында сал-серілік мектебін қалыптастырудың маңыздылығы айқындалды. Сал-серілік мектеп бір адамның бойына «жеті өнерді» игеруге мүмкіндік беретін мәдени институт болып табылады.

Зерттеу нәтижесіне сәйкес қорғауға келесі тұжырымдар ұсынылады:

1. Пәнаралық зерттеу нәтижесінде сал-серілік дәстүрі көне түркі дәуірінен бастау алғаны нақтыланды. Сал-серілік дәстүрдің қалыптасуы мен дамуына көне түркі дәуірінен келе жатқан жыраулық толғаулар мен жауынгерлік өнердің әсер еткенін көреміз. Жыраулық-ақындық өнер халықтың әлеуметтік, мәдени, діни өмірін ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізудің жарқын үлгісі ретінде танылды.

2. Отандық зерттеушілердің еңбектерін талдау негізінде сал-сері дәстүріне берген пікірлердің айырмашылығы нақтыланды. Қазақ мәдениетіндегі Ақан сері, Біржан сал, Жаяу мұса, Асан қайғы, Кетбұға және

басқа жыраулардың шығармашылығын талдау негізінде сал-серінің мәдени бейнесі жасалды. Сал – абыздар әулетінің өкілі ретінде өнер мен сәуегейлікті байланыстырушы, жыршы, эстет, бекзат адам деген анықтама берілді. Ал сері – әскери әулеттің өкілі ретінде жауынгерлік пен музыкалық өнерді ұштастыратын әмбебап өнерпаз адам ретінде тұжырымдалды.

3. Сал-сері дәстүрі мен өнері өз тарихында көптеген өзгерістерге ұшырады. Олардың шығармашылығына қазақ қоғамындағы әлеуметтік, мәдени, саяси жағдайлар, әсіресе, отаршылдық саясат сал-сері дәстүрінің өзгеруіне тікелей әсер етті. Мифологиялық әңгімелер мен қазақ батырларының ерлігін жырлаған жыраулар шығармашылығында еркіндік, бостандық, адалдық, азаттық мәселелері негізгі тақырыпқа айналды. Ойын-сауық кейіпкерлері азаттық батырларына айналды.

4. Серілік үрдістің отарлық езгі тұсындағы әлеуметтік көзқарастары, сал-серілердің еркіндігі Алаш зиялыларының ұстанған бағытымен сарындас. Сал-серілердің мұраларына талдау жасай отырып, Алаш мектебінің дамуына әсері нақтыланды.

5. Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдеп-ғұрыптары сал-серілердің бойынан көрініс тапты. Олардың бойындағы асқақ өнер мен бекзаттық, батылдық, ерлік, қолөнер, шеберлік қабілеттерін қазақ халқының рухани мәдениетінің көрінісі ретінде қайта жаңғырту қажеттілігі дәлелденді. Сал-сері мұрасы өнердің ғана емес философиялық, мәдени ой-сананы, ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын рухани мұра.

6. Зерттеу барысында сал-серілік тек ойын-сауықтың, әншілік пен жыршылықтың көрінісі емес, бекзат болмысты, «сегіз қырлы, бір сырлы» ерекше жаратылған тұлғалар екені айшықталды. Ол ақын, қолөнерші, атбегі, қару-жарактың бірнеше түрін меңгерген жауынгер, балуан, сәуегей, мәрт, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, эстетикалық талғамы жоғары ер жігіттің үлгісі. Сондықтан, қазіргі кезде ер бала мен қыз бала тәрбиесін ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу үшін сал-серілік мектепті дамыту қажет деп санаймыз.

Көрсетілген нәтижелердің практикалық маңыздылығы. Қазақ мәдениетінің тарихи кеңістігіндегі сал-серілік жолы қазіргі еліміздің рухани өмірінде мәдени танымдық әлеуеті жоғары дүниелердің бірі деп білеміз. Осыған орай жұмысты орындау барысында қол жеткізген нәтижелер өскелең ұрпақтың елдік санасын нығайтуда ұлттық құндылықтардың өміршендігін нақтылай түседі. Сал-серілер мұраларын философиялық және мәдениеттану ғылымы шеңберінде зерттеу бүгінгі қоғамның әлеуметтік танымын жоғарылатып, ұлттық өнер түрлерін ұрпақтың терең түсінуіне көмектеседі.

Сал-серілік жолы бүгінгі таңда өскелең ұрпақты ұлттық бағытта тәрбиелеп, дәстүрлі өнер түрлеріне машықтандыруға бастайды. Тек музыкалық өнер түрлерімен емес спорттық өнермен де қос-қабат тәлім беретін жол нұсқауға таптырмас үлгі. Ол, музыкалық мұралармен қоса атқа міну, садақ ату, ат үстінде өтетін түрлі ұлттық ойындарға қалыптастырудың жақсы саласы. Сан

түрлі өнерді тоғыстырып, жас ұрпақты жігерлі де, икемді етіп өсірудің нағыз қажетті жолы осы сал-серілер мектебі.

Әр елдің дамуының кепілі, негізгі ресурсы адами капитал десек сол саналы адам, яғни өз елінің келешегіне немқұрайлы қарамайтын белсенді, сауатты азамат осы сал-серілердің қасиетін үлгі тұтатын жастан шығады. Үлгі – образ қалыптастыру. Мысалы: «Жігіт сұлтаны» конкурсы. Егер дұрыс критерийлер қоя білсек бұл конкурстардың берері мол.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі және жариялануы. Диссертациялық жұмыстың зерделену нәтижелері бойынша 8 ғылыми мақала жарық көрді. Атап айтсақ, ҚР ҒЖБМ саласындағы бақылау комитеті ұсынған философия, мәдениеттану, тарих, гуманитарлық пәндер бойынша арнайы журналдарда – 4 мақала, халықаралық ғылыми конференциялардың жинағында – 1; республикалық ғылыми конференция жинағында – 3; Scopus базасында индекстелген нөлдік емес импакт-факторы бар журналда – 1.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі 125 бетті құрайды.

1 САЛ-СЕРІ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ӨЛШЕМІ

1.1 Түркі өркениетіндегі сал-сері мектебінің қалыптасу ерекшеліктері

Тарихи уақыттың әрбір жаңа кезеңінде орын алып отырған мәдени игіліктердің басым көпшілігі түркі халықтарының тарихымен, мәдениетімен де тығыз байланысты. Соның ішінде түркілердің атқа міну мәдениеті, сөз өнері ерекше көзге түседі. Дүниені тану мәселесінде де әлем, табиғат, адам мен қоғам болмысын зерделеуге қатысты түркі халықтары тарихта өзінің мол тәжірибесін қалдырып отырған. Сол дәуірден жеткен құнды мұралар заман келбетін айшықтайды. Түркі мұралары сол көне ғасырларда үлкен мәдениет болғанын көрсетеді.

Әр халықтың тарихта жүріп өткен жолы болады. Бұл жол халықтардың тарихындағы мәдени игіліктерінен анық көрінеді.

Халықтың рухани мұраларындағы идеяларға қарап, ұрпақ өзіне қажет тәжірибелерді жинақтап отыратындығын байқаймыз. Түркі халықтарының мәдениетіндегі осындай дүниелердің бірі жыраулық-ақындық өнер болған. Түркі мәдениетіндегі жыраулық-ақындық өнердің тарихта алатын орнын зерделеуде ерекше көзге түсетін мұраның бірі – Күлтегін жыры. Түркілердің абызы Тоныкөк жырындағы айтылған сөздердің өзі тарихи санадағы бір құбылыс деп айтсақ қателеспейміз. Жырда былай делінген:

Елтеріс қаған үшін,
Түркі Бөгі қаған үшін,
Түркі Білге қаған үшін,
Қапаған қаған үшін
Түнде ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.
Қызыл қанымды төктім.
Қара терімді ағыздым.
Күш-қуатымды аямадым.
Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым.
Арқый күзетшілерін молайттым.
Кінәлі жауларын алдына келтірдім.
Қағаныммен бірге аттандық.
Тәңірі жарылқады!
Бүкіл түркі халқына
Қарулы жау келтірмедім,
Атты әскер жолатпадым [22].

Бұған қарап ерте кездің өзінде елдіктің үлкен мәселе ретінде қозғалып, ұлттық мүддеге қызмет етуге қатысты нәрселердің қоғамға кеңінен насихатталып отырғанын көреміз. Соның бірі кісіліктен, тектіліктен, қабілетті тәрбиелеуден шығатын даналық сөз өнері болған. Елдікке қатысты

мәселелердің зерделеніп, насихатталуы бұл идея, ұлттық идеяға айналатын нәрсе. Түркілердің мәдени болмысын негіздейтін батырлық, жырдағы сомдалатын кісілік қасиет түрлері, басқа да ұлттың ерік қасиетіне айналған дүниелер осылайша тарих өрісінде қалып отырған. Сондықтан да түркілік мәдениеттегі жыраулық-ақындық дәстүрдің иелері батырлар, батырлығымен ерекше көзге түскен, қоғамын алға жетелеген парасатты ой иелері деп айтсақ қателеспейміз. Сол бір жаугершілік заманның жаужүрек перзенттері табиғаттың уызын ішкен баһадүр ұрпақтар легі болатын. Бар болмысы ерлікке толы жүректі ұлдардың өр тұлғасы қандай дұшпанды да жасқантатын. Жоғарыдағы Күлтегіннің жалынды жырларынан соны аңғаруға болады. Сөз өнерін киелі санап, қастерлеген көшпенділердің отты жыр шумақтарымен толғануы қоғамына зор әсер еткені ақиқат. Биікте Көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда ортасында адам баласы жаралғаннан бастап Күлтегіннің ата-бабасы үстемдік еткен деген ұғыммен өрілген толғаулардан кеудесі басылмаған асқақ рух лебі есіп тұр. Осы асқақ рух өзегі үзілмей Махамбет пен Мағжанға ұласқаны қайран қалдырмай қоймайды.

IX-XII ғасырларда түркі мәдениетінде әлемге даналығымен танылған ойшылдар дәстүрі қалыптасты. Ойшылдар дәстүрі дегенде мәдениеттегі барлық талант иелерінің бейнесі, олардың ішінде әдеби мұрасы көзге түседі. Ал рухани мұралардың айшықты белгісі халықтың мәдениеті, осы мәдениеттің негізін құрайтын дүниетанымы, өмір сүру тәжірибелеріне де байланысты келетіндігі белгілі. Осыған орай Мағжан Жұмабаев ортағасырлық түркілік мәдениеттегі интеллектуалдар феноменін негіздейтін нәрсенің бірі бұл халықтың музыкасы деп атаған еді.

Қазақ ақынының:

Түріктің кім кеміткен музыкасын.

Фараби тоғыз ішекті домбырасын.

Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,

Жұбанып кім тыймаған көздің жасын?! – деп айтқан сөздері тарих өрісіндегі талант иелерінің тұлғасына тән игіліктерді жаңа деңгейде зерттеуді негіздейді.

Мағжан Жұмабаевтың айтуы бойынша, адамзат мәдениетіндегі өнер тарауларының көне түрі музыканың шығуына тікелей үлес қосқан халықтардың бірі осы түркілер, түркі ойшылдары [23] Әл-Фарабидің бір ғана музыкаға қатысты жазған еңбегінің өзі, оны шығарған халықтың мәдениетімен қатар өзіндік санасының қандай болғанын көрсетеді. Сонымен қатар ойшыл заманындағы адамдардың барлығы да өлең жазған, өздерінің қоғамға бағытталған идеяларын өлеңмен де жеткізгенін ескеру керек. Мәселені әріден іздемей-ақ, кешегі А.Затаевич шығарған қазақтың мың әні мен күйінің өзі қазақ мәдениетіндегі өнер түрлерінің аз болмағанын және оның түп тамырларының тереңде жатқандығын көрсетеді. Осыған орай алаш зиялысы Жүсіпбек Аймауытов өзінің 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген «Асыл қазына жиналса екен» атты мақаласында былай деп жазған: «Музыка жүзінде

қазақтың әні ғана жарыққа шығып, күйі көмулі қалса, қазақ жүрегінің жарымы көрініп, жарымы қалтарыста қалғанымен бір есеп. Әннен де күй артық, күй қымбат. Әнді кім болса сол үйрене алады. Күйді кім болса сол тарта, шерте алмайды. Әнді оркестрде тарта беруге болмайды, болса да келте, оңсыз келеді. Күйді аспаппен тартуға қолайлы, сәнді, сәулетті. Әннен де күй кәрі. Күй қартайып, жоғалып барады. Азып барады. Күйді күйттейтін ел азайып барады. Күйсіз ойын-сауық құруға болмайды. Күйсіз әскер болып, жауға шабуға болмайды. Күйсіз қазақ музыкасының ажар-көркі кірмейді, күйі келмейді» [24]. Бұдан біз сал-серілік дәстүрдің көнеден бастау алатындығы, әсіресе, оның көне заманның өзінде қоғамға ой, әр адамның ісіне күш беретін рухани қаруға айналғанын көреміз.

Көне түркі жырауларының әр рухты жолын кейінгі жыраулар жалғағанын айқын аңғарамыз. Ол дәуір жаугершілік заман болатын-ды. Ол шақтарда жыраулар үлкен рөл атқарған еді. Жыраулар соғыс тұсында отты жырларымен түмен сарбазды әр толғауларымен рухтандырып, бейбіт кезде даналығымен, абыздығымен, өткірлігімен ханға да тіке сөйлеп, қарашаның қамын ойлаумен жүрді. Халық жауынгер жырауларды сол үшін де айрықша қастерлеген. Халқының қолдауына ие болған жыраулардан хан да, сұлтан да именіп, әрі жыраулардың дана ойына сүйенген еді [25].

Кемеңгер Әл-Фарабидің ойын Ж. Аймауытов жетілдіре түскендей. Қазақтар ұғымында киелі саналатын домбыраның мәні зор. Көне заманнан халықтың мұң-зарын шерткен домбыраның ішегінен төгілген күйдің тылсымы бөлек.

Көне дәуірлерде музыкалық, ақындық мұраларға маңызды назар аударып, ерекше қастерлегені аңғарылады. Табиғат анамен астарласып тірлік кешкен бағзы ғасырларда күллі жаратылыс сырын тылсымнан ұққан. Жер мен көктің жаралуын өзінше пайымдаған.

О баста әлем үннен пайда болған, – деп түйген біздің бабалар, жалпы шығыс халқы. Үнді ғұламалары «Құдай – бұл үн» деп тұжырады. Бұл үнді әркім естуі мүмкін емес.

«Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) Хира тауында тылсым бір үн естулі дейміз. Сондағы естіген үні «Бол! Бәрі болған» деген сөз екен. Мұса пайғамбар бұл дыбысты Синай тауында Құдаймен тілдескенде естулі, Мәсіх көктегі әкесінің құшағына кіргенде, шөл далада дәл осы сөзді естіпті. Ал, Шива Құдай Гималайдағы үңгірде самадхи кезінде Анахад Наданы естиді. Кришна флейтасы да сол дыбысты білдіреді деген пікір бар. Бұл дыбыс Ұстаздар үшін барлық аянның қайнар бұлағы іспеттес, оларға ол іштен ашылады, сондықтан олар бір шындықты біледі және үйретеді».

Бұл дыбысты үнді сопылық музыканты Инаят Хан жазғандай, шамамен физикалық жазықтықта ислам мистицизмінде Рухтың символы «Ху» ингаляциясы ретінде беруге болады. Қазақтар күйді «Тәңірдің күбірі» – «Тәңірдің сыбыры» (Т. Әсемқұлов) деп атаған. Тәңірді еститін күйшілерге табынған [26].

Арабтың «ху» сөзі «ол, тек» деген мағына береді екен. Сопылық ілімнің кереметі Қожа Ахмет Яссауи – Түркі ислам философиясында хикметтер арқылы дүниетанымдық ойлау жүйесін жасаған абыз өнегесінде «ху зікірі» деген зікір талабы қалыптасқан. Мағынасы Алланы ұлықтау. Орындалуы ескі бақсылық сарынмен сөзге үн қосып айтылады. Бұл жерде музыканың да рөлін пайдаланғаны айқын сезіледі.

Ә. Нысанбаев «Суфизмдегі музыка, мысалға алғанда, мас болу мен нұрланудың бір түрі болып есептеледі. «Алдымен басында Сөз...» болғандықтан, Жаратқан Сөз арқылы жаратты, яғни ол дыбыс арқылы қалыптасты. Музыканың Құдайлық мағынасы Құранның мәтіндерінде орын алады, – деп З. Наурызбаеваның «о басында әлем үннен жаратылған» деген ойына қайшы пікір қозғайды [26]. Бұдан әрі Ә. Нысанбаев музыкадағы номадтық қатынас туралы «номад Аспанның, Шөлдің, Даланың, құдайлық музыканың ырғақтарына үндес еді», – деп түйеді [27].

Қазақта саздың яғни музыканың орны ерекше. Әуен адам түгілі жануарларға да әсер еткені туралы аңыз-әңгімелер баршылық. Әл-Фарабидің зерттеуіне сүйенсек «Саз кейбір жануарларға әсер етеді деп пайымдауға болады».

«Нар идірген», «Құс қайтару», «Аққу» күйлерінің шығу тарихына көз жіберсек, күйдің, яғни домбырадан ағылған сарынның жердегі һәм аспандағы мақұлыққа үлкен әсер еткенін көреміз. Сөзіміздің нанымдырақ болуы үшін, «Нар идірген» күйінің тарихынан сыр шертейік: Бір отбасын сүтімен асырап тұрған аруананың (түйенің бір түрі) ботасы өліп, иімей қояды. Күннен күнге зары да ұлғая түседі. Сол уақыттарда әлгі үйге екі жолаушы – «құдайы қонақ» келіп түседі. Олар күйшілер еді. Жолаушылар түйенің зарын естіп, ботасы өлген зарлы аруананы күймен жұбатуға бәстеседі. Бірі қартаң кісі, бірі жас жігіт екен дейді. Үй иесі қария аруананы иіткен күйшіге мәпелеп отырған жалғыз қызын қоспаққа уәде етіпті. Күйді шал бастайды. Шалдың зарлы күйіне түйе иіп, емшегінен сүт саулап, көзінен жас моншақтайды. Түйенің емшегін ұстап тұрған қыз, емшекті қысып ұстап, сүтті жібермейді. Кезек жігіт күйшіге тиеді. Күйші жігіт күйін төккенде қыз емшекті босатып, аруананың иігенінен хабар береді. Мұны байқаған шал күйші жігіттің күйі иітті деп, екі жасты қосуға ниет етеді. Шал күйіне иіген емшекті жібермеуінің себебі, қыз шалға тигісі келмейді. Бұл өзі аңызға бергісіз әңгіме. Сөйтіп, күйдің құдіретін дәлелдеген «Нар идірген» күйі өмірге келеді. Күй әлеміндегі мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Ғұлама Әл-Фараби «Музыка туралы кітабында» музыка шығарудағы адамның үш ынтасын қалыптай келіп, «саз құрауға мүмкіндік берген табиғи дарындылығы мен ақылы бар адамдардың бір тайпасы өзгешеленіп шықты. Бұларға ұқсас сазды ойлап шығару ешкімнің де қолынан келмеген. Олардың әуен шығарудағы ынталылығы сонша, соның арқасында әйгілі болып, олардың арқаларынан басқалар жүрді, – деген пайым жасайды [28].

Әл-Фараби ғылыми зерделеп айқындап берген осынау топты қазақ мәдениеті шеңберінде біз сал-серілер тобы деп қарастырамыз. Сал-сері деген

даңққа лайық таланттардың өнердің қай түрінен де дарыны болған. Бірақ, бір тармағына икемі көбірек келіп, ынтасы мол ауған. Халық сол жанрдың өресіне көбірек көңіл бөліп «ақын», «күйші», «шешен» т.б. атандырып кеткен.

«Дүниежүзі халықтарының барлығында да әлемдік эпос пен фольклордың асыл туындыларын жасаушы ақындары болған, бірақ олар тарихқа атаусыз аэдтар, рапсодтар, баяндар, бардтар, ақындар, жыршылар болып кірді» [29].

Қазақ мәдениетінде күйдің шоқтығы биі. «Күй сөзі шағатай, ұйғыр, анадолы түріктері тілдерінде «көк» болып айтылуы тиіс», – деп түйеді ғалым Қ. Жұбанов [30].

Ә. Марғұлан «күй» сөзі «көк» – аспан сөзінің дыбыстық түрленуі», – деп атап өткенді бір еңбегінде.

Күйді Көк Тәңірдің күбірі санаған далалық көшпенділер ұлысы тал бесіктен бастап, ұрпағына жаратылыстың құдыретін, қасиетін ұқтыра бергені ақиқат. Табиғатпен етене араласып, табиғаттан ерекше нәр алған көшпенді тірлік кешкен жұрттың анерпаздары да (ақын-жыраулар) бойын, тәнін, жанын таза ұстауға көңіл бөлді.

Адамзат басы Адам Ата жаралғанда сазбен (музыкамен) оянып, сазбен тербелген деген сенім болған. Бұған Қашаған ақынның мына сөздері дәлел. Домбыраға тіл тигізген Есқали сұпыны сөккен ақын:

Атамыз Адам Пайғамбар,
Жеті сазбен жерге кеп,
Күй шертіпті деген бар.
Ол күндегі о да саз,
Бұл күндегі бұ да саз.
Сазды күнә деп жүрген,
Молдеке, сенің ақылың аз, – деп толғайды бір жерінде [31].

Қашаған ақынның «жеті саз» дегені, жеті нота деп ұғыңыз. Бұл ХХ ғасырдың басы. Адам Ата – жердегі адамзаттың басы болса, ол да сазбен тербеліпті. Адам Ата жерге келгенде күй шертіп көңіл аулапты немесе періштелер ме үнмен тербеткен. Адам Атаны тербеткен саз бүгінгі күй мен жырлар мақамы. Кейін келе сазға сөз қосып айту үрдісі қалыптасқан. Сөйтіп ән-жыр дәстүрі түзілген. Қасиетті сөз өнерін сазға қосып айтқанда адамның болмысына, жан дүниесіне ерекше әсер еткені айқын. Сөзді ардақ тұтқан түркілік жыраулар мен Қашағанға дейін талай ғасыр өтсе де қызыл тілдің қадірі қалпында еді. Түркі дәуірінің жыраулары қандай қастерлі болса, өз заманында Қашаған да сондай қадірлі еді. Сөз құдіреті үстем тұрған ғасырлардың бедері Қашаған (1841-1929), Ақтандармен (1850-1912) тоқталғандай сезіледі.

Академик Ә. Марғұлан, тарих көзімен түрік қағанатынан тартып, «Серілікті әдет қылған ойшы кісінің бірі сол кезде жасаған атақты Иоллық деген кісі. Ол өзі ғажайып аңшы, мерген, атты әдемілеп ұстайтын ат сейіс, онымен қатар ол асқан ақын, жырау... Түрік қағанатының асқаралы биі Тоныкөк терең ойшы кемеңгер білгіш кісі болған. Тоныкөктің жалпы бейнесі

VII-VIII ғасырда жазылған кемеңгер, ойшы Қорқытқа өте ұқсас», – деп Қорқытқа тірейді.

Сал мен серінің сипаты, әсіресе, Қорқыт дәуірінде оғыз-қыпшақ арасында өте күшті болған деуге саяды. Ол туралы Қорқыт жырында айтады ғой:

Елден елге
Бектен бекке
Қобызын артып қасына,
Ұзандар жүр ел кезіп.

Бұл аңыз қазақтарда осы күнге дейін айтылған ұзанның орнына «ақын» деп айтылады, яғни, эпикалы жыр айтушылар [32].

Жаугершілік заманда рухани қаруланбай жауға қарсы тұру мүмкін емес еді. Білектің күшін сынайтын білім адамның санасына осындай өнер түрлері мен өнер туындылары арқылы ұялап отырғандығын пайымдауға болады.

Халқына
Ілгеріде жатқан
(Күн шығыстағы)
Қадырқан қойнауын сыйлап,
Керіде жатқан
(Күн батыстағы)
Темір қақпаны жайлатқан.
Жеңіспенен желпіндіріп
Отыз күн бойы ойнатқан,
Қырық күн бойы тойлатқан.
Екі қаған да
Емендей берік, – делінген Күлтегін жырында [22, б. 76].

Түркі ойшылдарының артында халықтың өзі тұрғаны белгілі. Тұлғаның өзі белгілі бір мәдениеттің өнімі екені даусыз. Осы себептен талант иелерін шығарған, ұрпақты елдікке, тұлғалыққа тәрбиелеудегі тәсілдерді де түркілік мәдениеттегі өнер түрлері арқылы зерделеуге болады. Бұны біз қазіргі отандық ғылымның алдында тұрған іргелі мәселелердің бірі деп айтсақ та болады. Себебі кез-келген мәдениеттің, әсіресе осы мәдениет өрісіндегі философия мен ғылымның дамуын қарайтын болсақ бұлардың негізінде адам рухының белсенді қызметі тұрады. Ата тарихымызда осы сөзбен күй өнері де солай болған. Ұлттық өнерді толық меңгеруі үшін адам әуелі елдің болмысына жақын өсуі тиіс. Түркілердің қоғамында адамның төл болмысына, яғни елге деген жақындық ұрпақты оған бағыттаудан көрінген. Жас бала ұлттық ойындар арқылы елге қызмет етудің ерте бағытын түсінеді. Тәрбиелік бағытта да ата-бабаларымыз төл мәдениетімізге ғибраты мол дүниелер енгізген. Жалпы, қазақ халқының мәдениеті, рухани әлемі өте бай һәм құнды.

«Қазақ әдебиетінің түп негізі қадым ғасырлар түрік қағанаттары дәуіріне тіреледі. Заманына сай біршама дамыған мәдениеті болған, сөз өнерін ерекше қастерлеген, төл жазуы болған ата-бабаларымыз VII-VIII ғасырлардың өзінде мәңгі өлмес мұралар жасады» [33].

«Орхон-Енисей жазулары» аталатын, түрік тайпаларының байырғы мекенінен табылған ескерткіштерді әдебиетіміздің қайнарына баласак, одан кейінгі «Оғыз-нама» (IX), Қожа Ахмет Яссауи (XII), «Кодекс куманикус» (XIII) сияқты жазба әдеби мұралар мен көрнекті қаламгерлер еңбегі елеулі көмбеміз екені даусыз.

Егер бұлай болмаса Әл-Фараби сияқты ойшыл адамдар даналықпен қатар өнер түрлерін де кейінгі уақытқа мұра етіп қалдырмас еді. Адамның ішкі әлемін, яғни жан дүниені, қоғамның рухын жетілдіруге қатысты мәдениеттің көнеден бері келе жатқан бұлжымайтын қағидаға толы негізгі қызметін осыдан да көре аламыз. Бұны да мәдениетіміздегі өнер феноменіне қатысты зерттеуді қажет ететін нәрсенің бірі деп айтсақ артық емес.

Ежелгі дәуірдегі ата-бабамыз қалдырған тарихтың әлемдік тарихпен байланысын негіздейтін бұдан да басқа деректер көп. Соның бірі ретінде Ботай өркениетін, Сақтардың заманында Грецияда білім алып елге оралған жеті данышпанның бірі Анахарсисти айтар едік. Бір ғана Ботай өркениетінің өзі ұлы дала кеңістігіндегі арғы мәдениетіміздің әлемдік мәдениетпен байланысын негіздейді. Мәдениет аралық байланыс көп жағдайда кеңістікті игерудегі әлемдік тәжірибенің қалыптасу кезеңдерінен бастау алған. Мәдениет аралық байланыстың негізінде көрінетін интеллектуалдық құбылыс әдеби дүниелер арқылы тарихта қалып отырған. Сондықтанда жыраулық-ақындық өнердің түркі халықтарының мәдениетіндегі орнын зерделеуде оның әлемдік мәдениеттің дамуына қосқан үлесін ескеру қажет. Осы жерде біздерде сал-серілер деп аталған рухани дәстүр иелері шын мәнінде кімдер болған, олардың қалыптасу кезеңі соңғы уақыттардағы орын алған дәстүрмен ғана шектеле ме? – деген сұрақ туындайды. Біздің ойымызша сал-серілік дәстүр иелері атанған батырлық рух пен даналық ой иелерін атауда олардың талантына көңіл бөлуіміз қажет. Кез-келген ел игілігіне бағыталған іс әуелі адамнан қабілетті, білімді қажет етеді. Қабілет пен білімді біріктіріп адам бойында үлкен күшті қалыптастыратын тәрбие. Тәрбие болмаса талант оянбайды, таланттың оянуы білімнің өмір сүруін көрсетеді. Білім, тәрбиеге қатысты мәселе қоғам болып бірігіп шешілетін нәрсе. Осы себептен түркілерде тәрбиеге ерекше көңіл бөлінген. Ұрпақты мемлекетшілдік рухта тәрбиелеуде ерте кездің өзінде осы сал-серілердің өнері тиімді пайдаланылып отырғандығын байқаймыз. Академик Ғарифолла Есім жазғандай, «Ұлт өз дүниетанымын, тілі, діні, фольклоры арқылы білдірген. Демек ұлттық ойлауды зерттеу үшін негізгі сүйенетініміз – халықтың мәдениеті, рухани мұрасы, өмір сүру тәсілі, діни нанымы, күнделікті тұрмыстағы әдет-ғұрып, салт санасы т.б.» [17, б. 60].

Түркілердің арғы жағындағы Сақтардың да ішінен әлемге әйгілі адамдар көп шыққан. Бірақ, олардың көбінің есімдері тарихта аталмай қалған. Басқа елде жүріп үлкен беделге ие болудың мәнісін Анахарсистиң тұлғасынан көруімізге

болады. X-XII ғасырлардағы түркі ойшылдарының дәстүріндегі философиялық мәдениеттің, яғни ойлау мәдениетінің бастауы осы Анахарсисстің заманында жатуы мүмкін. Бізге белгілі бір ғана нәрсе көне дәуірдің өзінде ел мен елдің, әсіресе оның мәдениеті мен тұлғаларының арасын байланыстырған даналық, жауынгерлік рух болған. Өмірден тәжірибені иеленіп, кейінгі уақытқа даналық білімге толы сөз, пайым мен ойдың өрісін қалдыру сол кездің өзінде интеллектуалдық дәстүрдің ажырамас бір бөлігіне айналған. Диоген Лаэртский өзінің «О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов» атты еңбегінде Анахарсис жөнінде былай деп жазады: «Анахарсис, скиф, сын Гнура и брат Кадуида, скифского царя, по матери же эллин и оттого владевший двумя языками. Он сочинил стихи в 800 строк об обычаях скифских и эллинских в простое жизни и в войне; а в свободоречии своем он был таков, что это от него пошла поговорка «говорить, как скиф» [34].

Өнер кез келген халықтың тарихында ерекше орын алатын, оның мәдениетінің ерекшеліктерін негіздеп отыратын дүниелердің бірі. Мәселен қазақ халқының мәдениетін зерделейтін болсақ оның атқа міну мәдениеті, күй өнері мен сөз өнері ерекше көзге түседі. Сол сияқты ежелгі дәуірдің өзінде көне халықтардың мәдениетінде өнер түрлері пайда бола бастаған. Көптеген өнер түрлері мен мәдениет жәдігерлерінің пайда болуына дүниетаным, философия әсер еткен. Философияның адам болмысына тікелей қатысты проблемалары көп болғандықтан, сана мен ақыл қасиеттерін зерделеуде сөз өнері мен музыканың пайда бола бастағанын байқауға болады. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, көне дәуірден бастап бүгінгі уақытқа дейін келе жатқан өнердің қызметі - негізгі принципі адамның рухани әлемін, жан дүниесін тәрбиелеу. Адамды өзін қоршаған әлеммен байланыстырып, тарих бетінде қолтаңбасын қалдырып отыратын да осы өнер түрлері. Бұл өнер халықпен халықты, ұрпақпен ұрпақты да байланыстырып отырады. Тарих өрісіндегі даналықтың білімін осы сөз өнері арқылы игереміз. Көне тарихымыздан шым тартқан тарих парақтарында сақтаулы ескі жыраулар толғауларына XIX ғасырда дәурендеген сал-серілер де қанық болғаны байқалады. Үлкен ғалымдардың тұжырымдарына көз жүгіртсек, сал-сері дегеніміз (Асан Қайғы, Қазтуған, Ақтамберді, т.б.) бұрынғы жыраулар. Ал ұлт мәдениетіне мол үлес қосқан көне жыраулардың бастауы бақсыларда жатыр деген де тұжырымдар бар. Бақсыларды ойшылдар қатарына жатқызады кейбір ғалымдар. Ә. Марғұлан «бақсыны» «жырау» дегенге келтіреді.

«Қыпшақтар ойғырша, арабша жазатын бітікші абызды Көкем бақсы деп атаған. Оның аты 1299-жылы жазылған Византия тарихында кездеседі.

Енді бірі Көсе бақсы. Қобызын арқасына салып, XIII ғасырдың ішінде Мысырға елші болып барып жүрді. Ондай Мысырға барған қобыздарды ол жердің суретшілері қағазға да түсіріп отырды [1, с. 59].

Қыпшақтардың араб қарпімен әдемі жазатын атақты жырауы – Барак бақсы. Тоқтағу ханға елші болып барып, Рашидединнің шежіре жазуына үлкен көмек көрсетті.

Дешті-Қыпшақта жасаған жыраулардың ең құдыреттісі Сары-Салтық, бақсылардың атасының бірі, асқан абыз, көп білетін кісі. Халық оны Сары

бақсы, Сары абыз, Сыншы бақсы, Шашты бақсы деп атаған. Мүмкін, ол эпикалық жырда аңыз етіп айтылатын «Баба түкті шашты абыздың» өзі болуы керек» [2, б. 206]. Қаһармандық дастандардың көбінде батырлардың пірі саналып жүретін Баба Түкті Шашты Әзизді ғажап адам, тылсым күш иесі қылып көреміз. Жоғарыда Ә. Марғұлан «Баба Түкті Шашты абыздың» өзі болуы керек деп көрсеткен Сары-Салтық бақсыны абыз кісі ретінде береді. Яғни, бақсылар білімдар, абыз жырау деуімізге болады.

«Бақсы ислам дінінен бұрынғы заманда пайғамбар, әулие тәрізді болған. Билер, хандар әулетінің мықты тірегі болған», – деп жазылған «қазақ бақсы-балгерлері» кітабында [35].

«13-ғасырда өмір сүрген Аталық жырау Жошы хан жайында жыр қалдырған» [36], – деген пікірге көңіл аударсақ, «Қырымның қырық батыры» аталатын цикльдік батырлар жырларын қалыптастырушы саналатын Сұрқылтайұлы Сыпыра жырауды да абыз, дана, жырау ретінде танып, ескеру керек. Себебі, Ә.Марғұлан, араб жиһаркезі Ибн Батута Сарайшық қаласында кездестірген қарияны Сыпыра жырау болуы керек деп түйеді. Едіге жырында Тоқтамыс хан алдына алдырып кеңесін тыңдайтын «Сұп аяқты, сұп бөрікті Сыпыра жырауды» абыз қария қылып көрсетеді [36, б. 34].

Ал, жоғарыдағы айтқан Баба Түкті Шашты Әзиз батырлар жырында «Шашты Әзиз» деп таңбаланса Ә. Марғұлан «Шашты абыз» деп жазады. Жалпы «Әзиз» бен «Абыз» сөзі бір ұғымды білдірсе керек. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Абыз – аса білгір, білімдар адам», – деп берілсе, «Әзиз – аяулы, қадірлі, қымбатты», – деп көрсетіледі [6, б. 12-13].

Бұдан шығатын қорытынды, жырау дегеніміз білімдар, құрметті абыз, әзиз адам.

Ал «бақсы» деп бұрынғылар білімдар, абыз адамды атаған. Бақсылар бүгінгі біздің түсінігімізде айтылып жүргендей магиялық тылсым күшке ие жандар ғана емес, сан қырлы өнер иесі болған. Көрнекті ғалым, ағартушы Ш. Уалиханов: «Қазақтар шаманды бақсы дейді. Ол сөзді монғолша оқытушы, ұйғырлар бахшы десе, түрікпендер ақындарын бахшы деп атаған. Шамандар аспан тәңірі мен рухтың жердегі қолдаушы адамдары есебінде саналды. Шаман сиқырлық қасиеттермен қоса білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақын да, күйші де, сәуегей және емші, сегіз қырлы, бір сырлы адам болған», – деп жазады [37]. Қазірде Түрікмендер жыршыны «бақшы» дейді. Көне ұйғырларда «Бақсы» сөзі оқымысты мағынасында болған. Париждағы ұйғыр-қытай сөздігінде «Бақсыны» оқытушымақ деп аударған. Ноғайлыда «бақсы» музыкант, көркемөнерші мағынасында, Қырым хандығында хатшы мағынасында. Қырғыздар Манасшыны «жомоқшы» дейді. Ертедегі жомоқшылар жырлағанда үй шайқалып, табиғат соның тактісіне билеп кететінін айтады.

Қобыз – абыз деген сөзбен ұғымдас деген тұжырым бар. Қазақтар ескіде мамандарды абыз деп атаған [30, б. 27]. Қазақ бақсы деп сырқат жанды емдеп, көріпкел, сәуегейлігі бар адамды атайды. Бақсы сырқат адамды емдегенде түрлі дыбыс-әуен шығарып, оған сөз қосып (өлең-толғау) зікір салып, түрлі

кимылдар көрсетеді. Яғни, зікір толғауын өзі жанынан шығарып айтады. Бұл әрекеті жырауларға келеді. Ал, жыраулар өзінің толғауымен түрлі жағдайларға ара тұрады: Жауынгерлерді толғауымен рухтандырып, шайқасқа бастайды; хан-сұлтандарға толғауымен бағыт-бағдар нұсқайды; ел ішіндегі келеңсіз жайттарды киелі өлең сөзбен толғап көпшілікті сабырға шақырады, т.т.

Атам заманнан бері бақсы-жыраулардың мемлекеттік деңгейде қызмет атқарғанын соңғы кезде тарихшы, әдебиеттанушы ғалымдар жарыса айтып жүргені ақиқат. Бұған назар аударсақ олардың қоғамдағы орыны да жоғары, беделі де қаған, хан, сұлтандармен қатар тұрса керек. Бұдан бәленбай жыл бұрынғы көшпенділер қоғамының саналы азаматтарының бірі осы бақсылар – жыраулар. Сол кездің өзінде тіршіліктің мазмұны мен түріне, мәні мен құбылысына өзгеше көзқараспен қарап философиялық ой толғаған олардың өзіндік таным түсінігі, ұғымы, ой тұжырымдары қалыптасқан. Өз кезеңінің қоғамдық болмысын бағамдай білген жыраулар кейінгі ұрпағына салиқалы жол көрсете білді.

Жыраулардың сал-серілерге ықпалы болғаны дәлелдеуді қажет етпейтін тұжырым. Тіпті жыраулардың өзі кейінгі сал-сері атанған өнерпаздардың бастауы деп таныған дұрыс.

Мәдениетіміздегі сал-серілер дәстүрі ұлттың болмысын даралап тұратын феномен. Себебі ұлттық болмыстың қалыптасуында ұрпақты белгілі бір деңгейде әлеммен байланыстырып отыратын даналық, ұлттық құндылықтар. Даналықтың өзі де әр халықтың өмір сүру тәсіліне, уақыт жағдайларына байланысты ерекшеленеді. Ел болып өмір сүруде еркіндікке негізделген, мемлекетті өркениеттілікке бастап отыратын өнер түрлерін халық иеленгенде ғана тәуелсіздік сақталады. Мәселен, грек философы Платон айтқан, «мемлекетте ойшылдар институты болуы қажет» деген тұжырым шын мәнінде түркі халықтарының мәдениетінде орын алғандығын көруге болады. Әсіресе, Әл-Фараби ұсынған елді басқаратын адамдардың бойында болуы тиіс он екі қасиет тарихымызда қоғамдық сананың рухани негізіне айналған.

Сөз өнері адам-әлем қатынасы негізінде қалыптасып отыратын интеллектуалдық дүние, тұлғалық құбылыс, халық мәдениетінің үлкен бір өнімі. Төл мәдениеттің негізгі бөлшегі деп айтумызға болады. Себебі, ұрпақ ішінен шығатын талант иелерінің ел болашағына қызмет етудегі дәстүрі осы өнер арқылы тарихта қалады. Осы өнерге қарап ұлт болашағына адал, аянбай қызмет ететін адамдарды «батыр», «ойшыл», «ақын», «жырау» деп атаған. Сал-серілер де осындай өнерімен мәдениетінде өздерінің рухани қолтаңбасын қалдырып отырған талант иелері. Мүмкін олар бейбіт заманда өмір сүрсе батыр, жыраулар қатарындағы талант иелері боларма еді.

Патша саясаты ұлт болмысының мәдени өрісін де тарылтып, олардың еркіндігі шектелді. Олардың қызметі, ерлігі, идеялары «сал-серілер» деген атаумен ғана шектелді. Әрине, мәдени құбылысқа ие дүниелердің барлығы рухани мәнге ие. Ал сөз өнерінің ерекшелігі бұнда жеке адамнан бастап бүкіл ұрпақтың танымдық қасиеттері, даналық сақталып отырады. Осы себептен мәдениетте ерте кездің өзінде логика, риторика, гносеология, диалектика

сынды ілім түрлері пайда бола бастаған. Өнерді зерттейтін ғылым түрлерінің қалыптасу тарихын қарайтын болсақ, көне ғылымдардың зерттеу аймағында осы сөз өнерінің жатқанын көреміз. Көне грек тілінен алынған диалектика сөзінің түпкі мағынасы қазақ тілінде «әңгімелесіп отырмын», «талқылап отырмын» деген мағынаны білдіреді. Бұған қарап адамның өзін қоршаған әлеммен иетеллектуалдық байланысы антика заманында-ақ көрініс таба бастағанын көруге болады. Соның үлкен бір өнімі осы күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан өнер түрлері, сал-серілер дәстүрі екендігі даусыз. Мәдениеттегі сал-серілер дәстүрі дегенде соңғы ғасырлардағы қазақ мәдениетіндегі санаулы адамдарды ғана айтамыз. Шын мәнінде бұлар рухани дәстүр, сөз өнерінің бір белдеуі іспеттес ежелгі дәуірден бері келе жатқан феномен екендігін ескере бермейміз. Орындаушы адамдар заман талабына сай өзгеріске ұшырап отырғанымен жанды, сананы тәрбиелейтін, қоғамына бағыт беретін сөз, сөздің мазмұны сол күйінде қалған.

Мәдениет ұғымының негізгі мағынасының өзі адамның шығармашылық қызметімен байланысты. Жерді өңдеуден бастап өнер түрлерін жасаудағы қызмет алдыменен танымдық қабілеттерден, қасиеттен тұрады. Осыған орай Гегель өзінің «Философия ғылымдарының энциклопедиясы» еңбегінде өнердің мәдениеттегі феноменін былай деп сипаттайды: «Искусство для творимых им созерцаний нуждается не только в данном ему извне материале, куда относятся также и субъективные образы, и представления, но для вырождения духовного содержания оно нуждается также и в данных природных формах по тому их значению, которое искусство должно предчувствовать и содержать в себе» [38].

Адамзат мәдениетінің өрісінде жанды, адамның өзін-өзі рухани жетілдіру принципі ретінде тәрбие, білім, өнер, еңбек, шығармашылық қатар жүретін феномендер. Осы себептен тарихта философияны өнер тарауларының жиынтығы деген көзқараста орын алған. Философияға бұндай анықтама берген ойшыл Әл-Фараби болған. Оның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегіндегі тұжырымдамалар мәдениет пен өнердің байланысын әр түрлі қырынан көрсетеді. «Адам – деп жазған әл-Фараби, – өмір сүре бастағаннан-ақ жаратылысында болатын оның бойындағы қабілетке келетін болсақ, бұл қабілетке адам жүре келе ие бола алмайды. Ал енді адамдағы басқа күйді алатын болсақ, бұл күйге адам тек жүре келе ие болады. Бұл күй екі түрге бөлінеді: осы күйдің біреуінің арқасында адамда не тек қана жақсы ақыл-парасат немесе тек қана жаман ақыл-парасат болады, ал екіншісінің арқасында не тек қана тамаша әрекеттер мен жан аффектілері немесе тек қана оңбаған әрекеттер мен жан аффектілері болады» [39]. Ойшылдың өнер мен философияның байланысына қатысты айтқан ойлары бүгін де өзекті.

Сал-серілік дәстүр әлемдік мәдениетте ежелгі дәуірде-ақ ерекше көрініс тапқан. Көне дәуірдегі Қытай, Үнді мәдениетіндегі әдеби ескерткіштердің өзінде қоғамға ой салып, рухты көтеретін сөздер аз болмағандығын ескеру керек. Талай тарихи уақытты басынан өткізіп отырған халықтар үшін рухты қалыптастыруға қатысты мәселе әр түрлі болуы мүмкін, бірақ мәселені шешудегі даналықтың қызметі, жолы бір болған. Даналық көшпелі тұрмыстағы

халықтардың қоғамында сөз өнері, әдебиет арқылы насихатталып отырған. Әсіресе бұны ежелгі дәуірдегі шығыс халықтарының мәдениетінен, Грек мәдениетінен де тегіс байқаймыз. Көрнекті философ, ғалым А. Қасымжанов жазғандай, «Рухани байлық әр халықты толық сақтап қалатын және өмір сүру құқын дәлелдейтін қайнар бұлақ. Тарихта халықтың рухани негізі түрлі қиындықтарға кездеседі, алайда рух бар жерде халықта бар» [40].

Біздің ойымызша, мәдениетіміздегі сал-серілік дәстүрді қиындықты халықтың рухпен жеңуі деп түсінген жөн. Рухпен жеңген нәрсе елдің болмысын тұтастай қорғайды. Рух жеңілсе жоғалтқан нәрсені түгендеу, жойылған нәрсені орнына келтіру қиын. Сол себептен сал-серілер жаугершілік заманда, бейбіт заманда да халықты рухтандырып отырған. Осы халықты рухтандырудың негізінде небір жауынгер адамдар қоғам алдына шығып, елдің мүддесін қорғап отырған. Тума талант иесі саналған ақын-жыраулардың феномені әр халықтың мәдениетінде олардың ұлт тұлғалары институтының мұрагері екендігін айғақтайды. Бізде де солай болған. Философ М. Орынбеков қазақтардың ежелгі дүниетанымына қатысты жазған еңбегінде атап көрсеткендей «Дамып келе жатқан тұтастықтың барлық модификацияларында болатын әмбебап бастауды іздеу, олардың ұзақ уақыт бойы қалыптасқан және тарихи жадында сақталған тұлға аралық қатынастардың қалыптасу принциптері екендігіне әкеледі» [41].

Рух дегеніміз сана, ақыл-ой, білім, бұлардың жеке адамның халықтың бойында тегістей өмір сүруі. Әрине, рухты тану мен жетілдіру бөлек нәрсе. Рухты жетілдіру ісі тарихтың бастапқы кезеңінде қалыптасып отырған, ал рухты тану соңғы ғасырларда орын алды. Бұның ғылымда, философия шеңберінде зерттелуі рухтың барлық кезде де үлкен сұранысқа ие болуында жатыр. Себебі, ғылым дамыған сайын өркениеттің өзі ақыл-парасаттылықты талап етеді. Яғни рух, зиялылық уақыттың сұранысынан түспеген нәрселер. Осы себептен өркениетті қоғамның үлгісін жасаған философтардан рухтың табиғатын зерттеуге көңіл бөлгенін байқаймыз. Бұдан ұғынатынымыз адамы күшті қоғам ілгерілеуін тоқтатпайды, қоғамды алға ілгерілетуде ерекше көзге түсетін, дамуға үлкен күш беретін таным, халықтың ойлау мәдениеті. Өнердің өзі ойлау мәдениетінің үлкен бір өнімі. Өнер, осы өнер арқылы жетілетін ойлау мәдениеті болмаса қалған нәрсені қалыптастыру қиын. Осыған байланысты академик А. Қасымжанов былай деп жазады: «Халық руханилығы – оның өмірлік құндылықтарының қайнар көзі ғана емес, туу мен дамудың және жалпы адамзаттық құндылықтарды бекітудің ерекше бір әдісі. Сондықтан да әр халықтың, әр аймақтың рухани даму сатыларында баршаға ортақ, «типологиялық» ұқсастықтарды іздеу мүмкіндігі бар екенін дәлелдейміз» [40, б. 88].

Уақыт, заман әлеуметтік өзгерістерге ұшырап отырғанымен рухтың табиғаты өзгермейді, рухани тамырлар сол күйінде қалады. Ұрпақтың, адамзаттың міндеті осы рухани тамырдан қол үзбеу. Себебі адамның ішкі әлемінің тілейтіні тұрмыс қажеттіктеріне бағына бермеуі мүмкін. Көрнекті философ, ғалым Аманжол Қасабеков жазғандай, «Қазақ философиясы

халқымыздың тарихын жан-жақты түсіну үшін үлкен негіз және методологиялық құрал. Ол қоғамдық сананың басқа да түрлерімен тығыз байланысты.... Халқымыздың ұлт-азаттық қозғалысымен тығыз қоян-қолтықтасқан қазақ философиясы ғылыми құндылығымен қатар, жоғары азаматтық қасиетімен, әлеуметтік әділеттілікке жету жолдарын тікелей іздеуге атсалысқандығымен, өзінің жемісті жетістіктерімен ерекшеленеді» [42]. Философия, мәдениет, өнер және басқа да қоғамдық сана түрлерінің қызметін біріктіріп отыратын бір ғана нәрсе бұл адам. Адамның тұлғалану мәдениеті, осы тұлғалануға қатысты мәселелер. Адамның тұлғалануы тұлғалық құндылықтар арқылы жүзеге асып отырады. Тұлғалық құндылықтар бұлар ел мен жер, тіл, мәдениет, дін, ұлттық өнер түрлері, шаруашылық және т.б. жеке адам мен ұлттық мүддені біріктіріп отыратын осы руханият. Рухани тамырлар арқылы сана, ұлттың өзіндік санасы, жеке адамның ұлттық санасын айқындап отыратын нәрселер. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ мәдениетіміздегі сал-серілік дәстүрді кеңестік саясаттың кішірейтіп көрсетуге ұмтылғанын ескеру керек. Тарихи негізде, барлық мәдениеттегі тұлғалық тәжірибелер негізінде зерделейтін болсақ сал-сері деп айтып жүрген адамдарымыз бұлар даналық ой, парасат иелері болған. Талантты ерте таныған халық, елде осындай өнер иелерін қоғам алдына шығарып, сол арқылы халықтың өзіндік санасын, рухты күшейтіп отырғанын көреміз.

Талантты тану бір басқа, адамның бойындағы талантты көріп, тәрбиелеу ісі басқа нәрсе. Тәрбиелеу ісінің өзі арнайы тәсілді, тәжірибені қажет етеді. Осындай өнер иелерін шығару ұрпақты елдікке бағыттаудың үлкен жолы болған. Осы тұста түркілер халықтың рухын көтеру мен ортақ сананы қалыптастыруда, соның ішінде әлеуметтік танымды жетілдіруде неге өнердің бұндай түрін таңдап алған деген сұрақ туындайды. Сал-серілік өнердің ерекшеліктері бұнда барлық өнер түрлерін қамтитын мүмкіндік бар. Сөзді орындап, жеткізетін адам бір жағынан ақын, екінші жағынан батыр да. Себебі, шындықты айтып қоғамның көкейіне жеткізу үшін де ерік-жігер керек. Ақындық пен батырлықты қатар бағалап, қатар иелену дәстүрі осы өнермен байланысты болса керек. Ең әуелі көшпелі мал шарушылығымен байланысты тұрмыс, тарихи уақыт қоғамнан ұлттық бірегейлікті қажет етеді. Ұлттық бірегейліктің негізінде кісілік жатыр. Ал түркі-қазақтың ұғымында кісілік дегеніміз кемеліне жеткен адамның қасиеті. Кісілікке жету үшін тектілік қажет. Тектіліктің шарты кісілік, кісіліктің өмір сүруі тектілік қасиеттерге тәуелді. Тектіліксіз кісілікке қол жеткізу мүмкін емес. Тектіліктің игілікке айналуын кісілік дейміз.

Тектілік деп халықтың жақсы қасиеттерге ие болуын айтамыз. Бұның іске асуына тікелей себепкер болатын тәрбие. Осыған орай, белгілі қазақтанушы философ Жахан Молдабеков, «Азаматтың өз ортасында әл-ауқатты және татулықта өмір сүруге ұмтылуы, тірліктегі бірлестік салт-дәстүрін тілге әрдайым тірек ете дәріптеуі, өзін күнәдан құтқарудың жөн-жобасын ықшамдай игеруі рухани үндестіктің, шығыс әдептілігінің үрдісіндей. Өмірдің ережесін атаның аруағын сыйлау, үлкендерден ілтипат алу, ататектің келбетін сақтау деп

мархабаттайды. Атамұраның қазына арқылы адам рухы мен туыстық қатынасты бірдей көтермелеу – шығыс пен түрік мәдениетінің мәйегі, қазақтың тегін жалғастыратын рәсімге жатады десек, онымыз асыра айту емес» деп жазады өзінің тектілікке қатысты жазған еңбегінде [43].

Сананы өнер, сөз өнері арқылы тәрбиелеу қиын болғанымен ең тиімді нәрсе болған. Әсіресе патша заманында сал-серілердің қоғам алдына шығу себебі ең әуелі сырттан қасақана жүргізіліп отырған саясаттың салдарынан қоғамның рухани түп тамырынан қол үзе бастағаны белгілі. Жер мен дінге қатысты мәселені айтпағанның өзінде тіл мен дәстүрге, шаруашылыққа қарсы жүргізіліп отырған саясат алдыменен дінді, ұлт зиялыларын жойып, ең құрығанда рөлін әлсірету көзделді. Барлық саясат халықтың өзіндік санасын өзгерту арқылы әлсіретуге бағытталды. Осындай жағдайда ат төбеліндей болып көрінген интеллектуалдар – сал-серілер қоғамның өзіндік санасын күшейтуге қызмет еткен. Содан кейін қазақ қоғамында зиялылар қатары қайта көбейе бастады. Аталы сөз, басқа да ұлттық өнер түрлері күнделікті өмірде қолданысқа түсіп отырмағандықтан (бұған шектеу көп болғандықтан) осындай талант иелері қолына домбыра алып қоғамына ой салумен болды. Бұндай адамдар шын мәнінде қазақ топырағында ежелден келе жатқан ұлт өнерін, ұлт руханиятын дәріптеп, сақтаушылар болатын.

Этностық мәдени мұраларымыздың тарихында өзіндік суреткерлік болмысымен есімін таңбалаған сирек дарындардың бір шоғыры ақын-жыраулар мен «серілік» топ – сан қырлы өнер иелері. Олардың далалық өркениет үшін, сахаралық мәдениеттің дамуы, музыкалық мұралардың қанат жаюы жолында атқарған қызметі зор.

Адам – белсенді іс-әрекетшіл жан. Оның өзіне тән аса маңызды бір қасиеті – жасампаз шығармашылықтың иесі болуы. Әрбір жан иесі талантты да, дарынды. Бойындағы бар мүмкіндікті пайдалану әрбір адамның өзіне ғана байланысты. Адамды аздыратын жалқаулық пен немқұрайлылық һәм тәрбие. Далалық қоғам өз ортасын белсенді өмірге баулыды. Жауынгерлік рухта тәрбиеледі. Оған себеп, ең әуелі сыртқы күштердің әсері және тіршіліктің мәнін терең ұғынған қазақы қоғамның ықпалы.

Заманды алға сүйрейтін де, күйрететін де адам. Адамды жақсы-жаман қылып қалыптастыратын қоғамы. Ғасырлар бойы жаугершіліктен көз ашпаған қазақ ұлысын қатал тағдыр әбден шыңдады, елеп екшеді. Қиямет жылдардың отынан аман шыққан ата-ана ұрпағын қиындықтарға дайындап, өсірді. Небір сындарға салды. Жасынан талай сынақтан өткен нояндар ешбір ауырлықтан тайсалмай, жеңе білді. Осылайша, сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтар, салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптар құрыштай шыныққан бұрынғылардың арқасында қаз-қалпында бүгінге жетті.

Өзіндік үнімен, өзгеше нақышымен, өміршең де асқақ жырларымен соны соқпақ салып, соңына салиқалы сөздерімен өшпес ізін қалдырып кеткен сарабал саңылақтардың есімдері санамыздан өшпесі хақ. Санадан өшпегенімен, жоқтаушысы болмаса тарих сахнасынан сырғанауы да ғажап емес. Дөңгеленген дүние, басындағы бес күндік дәуренін берекелі, байрақты

қып өткізген, кеудедегі жүрегін «халқым, жұртым» деп соқтырған бекзаттардың қайсысының басынан жылжымаған. Бұрынғы, жазатын таспасы, басатын баспасы жоқ заманда арманда өткен арыстарымыздың аманатын аршып алып ардақ тұта аспандату бүгінгі ұрпақ ісі.

«Кез келген ұрпақ, өзі ғұмыр кешкен кезең үшін өткен мен болашақ арасының жанды көпірі. Оның тал бойында өзіне дейінгі сан ғасырдың жүгі бар. Сол жүктің сабақты жібіне дейін қалдырмай болашаққа қол жалғау – жер басып жүрген тірілердің ең киелі міндеті» [44].

Тарих тереңіне үңілсек, ерекше жаратылған, елге тұтқа болар ерен тұлғалар көңілге шалынады. Арқар мүйіз, атан жілік азаматтар, ақыл-ойымен алаштың ардағына айналған абыздар, бір шумағы нар түйеге жүк арынды ақын-жыраулар қазақ даласында аз болмаған. Текті жұрт осынау жүйріктерін ерекше кастерлеген де.

«Өнердің кез-келген түрі сол өнерді дүниеге келтірген халықтың тек–тамырымен шендесіп жатады. Себебі, нағыз өнер қашанда халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтап, сол халықпен бірге күліп, бірге күңіреніп отырады», – деп жазады, өнертанушы ғалым Ақселеу Тарақты [44, б. 10].

Ел-іші жиын-тойларда терме-толғаулар айтып, жұрт мерейін көтеріп, бар ғұмырын өнерге арнаған жандардың көбі жүдеулеу күн кешкені байқалады. Мал-мүлікке алданбай, «жыршылық-ақындық киелі дүние» деп ұғып, осы арнаға бар ынта-жігерін салған. Себебі олардың рухы асқақ, жандары бай еді.

Жазба-сызбасы жоқ, төрт түлік малының жайымен ойдан-қырға, жайлаудан-қыстаққа көшіп-қонып жүрген көшпенді халықтың, сонау көне дәуірлерден бері бабадан жалғасқан мұраны қаз қалпында сақтап, ауыздан-ауызға жеткізіп, ұрпақтан-ұрпаққа ұластыруының өзі бір керемет дүние.

«Осы әдебиетті тексеріп отырсақ, – деп жазады Халел Досмұхамедұлы – қазақтың өткендегі құлқы, мінезі, заманындағы күйініші, сүйініші, арасында болған түрлі әлеумет қимылдары анық сезіледі. Заманымыздағы түрлі қимылдардың, жаман-жақсы мінездердің құр өз-өзінен пайда болмай, өткен заманмен тамырласып жатқаны байқалады» [45].

Қандай уақыт болмасын, ел басына қауіп төнген шақтарда бұдан сүрінбей өтіп отыру үшін ең әуелі қоғам, оның адамы дайын болуы керек деген ой шығады. Елді қорғауға, қоғамына дұрыс әрі адал қызмет ету ісінде адамды тәрбиелеудің ұлттың мәдениетінде ерте қалыптасқанын көреміз. Түркілер ұрпақты елдікке тәрбиелеуде кісілік түсінігін қалыптастырды. Түркілердің танымындағы кісілік бұл адамның елдің пайдасына жарайтын игі қасиеттерге ие болуы саналған. Кісілігі бар адам ұтымды істің басында жүреді. Ең әуелі адалдық, әділеттілік, шыншылдық, туралық, білімді әрі ақылды болу, еңбекқорлық осы кісілік қасиетпен байланысты құндылықтар. Осы құндылықтарды ерте таныған, бағалай алған ұрпақты кісі, кісілігі мол ұрпақ деген. Кешегі хандар заманында, одан кейінгі уақыттарда да осы құндылықтарды кісілік негізінде насихаттаған сал-серілер болған. Біздің бір таң қалатын нәрсеміз осы патша заманында сал-сері атанған адамдар түркі-қазақ мәдениетіндегі танымнан алшақ кетпейді. Керісінше сол кездегі сөзді астарлап

болса да жеткізіп отырған. Бұны мәдениетіміздегі интеллектуалдар дәстүріне тән басты құбылыс деп айтуымызға болады.

1.2 Қазақтың рухани-мәдениетіндегі сал-сері дәстүрі

Түркі және қазақ жыраулары мен ақындарының дүниетанымын этнофилософиялық шеңберде зерделеу үшін олардың тарихи-мәдени және рухани қайнарларына шолудан бастау қажет. Қазақ мәдениеті аясына ой жүгірту үшін де әуелі көне дәуірлер қойнауынан шым тартып, бүгінгі күнге дейінгі этникалық әлемдегі адам мәні мен еркіндік мәселесі, болмыс туралы ұғымдарға зейін қойылуы тиіс. Ежелгі түркілік дәуірлерден ұласқан ұлық ұлыстың мәдени-философиялық көзқарастары сан ғасырлар белесінен көктеп өтіп, қазақ жыраулары ауызымен мардымсыз болса да бүгінге жеткені көңіл тоғайтады. Орта ғасырлардағы түркі қауымдары арасында бой түзеген рухани мәдениеттің жалпы сипаттамаларын көрсету зерттеу жұмысына жан бітірері даусыз.

Көне түркілік жазба ескерткіштерді мәдени тарихымыздағы халқымыздың рухани дүниесінің тым әріден бастау алып жатқанын көрсететін басты құндылығымыздың бірі деп танымыз. Бұл көшпенді қазақ ұлысының кейбіреулердің айтып жүргеніндей XV ғасырдан бері емес, бағзы дәуірлерде өркениеті дамыған этнос екенін аңғартады. Еркін ойлы, қаһарман сойлы қазақтың түп тамыры санасы сәулеге толы қауымнан екенін жариялап тұрған қызыл тілдің шебері жыраулар мен абыздардың асыл мұралары.

Түркілік мәдениет көшпенді тағдырлы болғанымен келелі тарихында өркениетті қалалар салып, небір философиялық пайымдаулар сомдаған. Біздің қазіргі рухани жетістіктеріміздің қайнары түркі дәуірінде жатқаны күмәнсіз. Бұл қазақ халқының дәстүрлі мәдени-философиясы, мәдени үрдісі түркі тайпаларының этникалық шоғырлануы кезеңінде қалыптасқанын көрсетеді. Тарихи сана мен дүниетанымның жүйелі тармақтары болып келетін мифологиялық, діни һәм философиялық әлемнің мәдени-рухани кеңістіктегі мүмкіндіктері біздің арғы-бергі тарихи болмысымыздың қыры мен сырын аша түспек.

Түркі әлемі рухани шеңберіндегі еркіндік идеясы сан ғасырлар сапынан көктей өтіп, тарихи сабақтастық кейпін бейнелейтін «Мәңгілік ел» идеясына ұласып отыр. Еуропалық орта әлі де шекесінен қарайтын көшпенділер болмысы өзінің бет пердесін толық ашқан жоқ деп ойлаймыз. Көшпенділік формасындағы мәдениет өркениетке ерте иек артқандығын айшықтайтын өнер, әдебиет, сәулет өнері, атқа міну өнері, музыкалық қазыналар, адамгершілік қағидаттары мен діни мәселелерін көтеру, зерделеу ұлт мүддесіне қызметтің үлгісі.

Орта ғасырлардағы ғұламалар легін өргізген ілім нұрымен сырланған шаһарлар мен медреселер мұнарасын тұрғызудың маңызы зор.

Осынау ой жүйесін мына жазба еселей түседі. Қытайдағы қазақ ғалымдары да бабалары мен атамекенінің тарихы туралы былайша тұшымды ойлар қозғайды: «Көне түркі қағанатының заңды жалғасы осы қазақ

даласындағы қалалар ерте кезде халықаралық керуен саудасының тоғыспалы түйіні болған аса бай ғылым-мәдениет ордасы еді. Осы өңірдегі қалаларда туып-өскен ғалым, философ, ғұлама ақын-жазушылар Ғаббас әл-Жауһари (9-ғасыр), Әбунасыр әл-Фараби (870-950), Смайыл әл-Жауһари (1002-жылы қайтыс болған), Ахмет Иогнаки (12-ғасыр), Қожа Ахмет Иассауи (1103-1166), Сүлеймен Бақырғани (1186-жылы қайтыс болған), т.б. жер жүзілік ой-сана мен ғылым-мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосқан болатын» [3, б. 212].

Қазіргі қазақ даласында бой көтерген ежелгі және кейінгі қалалар мен рухани мазарлардың сәулеті мен (Отырар, Сауран, Тараз, Түркістан қалалары мен Яссауи, Айша бибі мазарлары, Бекет ата, Шақпақ ата, Сұлтан епе т.б. жер асты мешіттері), осы ғажайып ордаларда жасаған әулиелер мен ғұламалардың болмысына, іліміне, дүниетанымына зер салу мәдениет ғылымына оңды әсер етпек. Осынау дүниелер бұрын-соңды ғалымдардың назарына ілігіп, зерделеніп жүргені мәлім.

Түркістандағы Фараб шаһарында туды делінетін Әл-Фараби (870 жылдар тұсы) мен оның шәкірттерінің ғылым мен мәдениетті дамытудағы орнын анықтау, ғылыми мұраларын зерделеушілер қатары мол. Олардың ішінде араб-парсы тілдерінде Ибн әл-Надим (995), әл-Байхаки (1169), Ибн әл-Кифти (1248), Хаджи Халифа (1657), латын тілінде жазған Венике (1484), Камерариус (1638), француз тілінде жазған Козегартен (1844), неміс тілінде жазған Генрих Зутер (1902), ағылшын тілінде жазған Георг Сартон (1927) түрік тілінде жазған А. Сайылы мен Н. Үлкен (1930), орыс тілінде жазған С.Н. Григорян (1958) өзбек тілінде жазған М. Хайруллаев (1963) және А. Машанов, Ә. Марғұлан, А. Көбесов, Ә. Дербісәлі, М. Бурабаев, т.б. қазақ ғалымдары бар.

Далалық рухани мәдениеттің өзегін фольклор (халық даналығы) құрайды. Қазақ жұртының кербез де паң тірлігінің биік мәртебеге ие болуы жанның тазалығы мен ойдың тұнықтығында. Жаны пәк кісінің ойы да, іс-әрекеті де кіршіксіз келеді. «Дала философы» (Ш. Уәлиханов) атанған Асан Қайғы абыз мұны дәл бейнелеген.

Таза асыл мінсіз тас
Су түбінде жатады.
Таза асыл мінсіз сөз,
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас,
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,
Шер толқытса шығады.

Жаны таза адам тау суындай мөлдір. Мөлдір суды кім ішпес. Жан тазалығы пендені биікке сүйрейді. Рухы кіршіксіз кісі әулиеліктен кенде болмас. Әулиелікке бір табан жақындық Тәңірімен үндес.

Далалық пәк болмысты қауым әлем мен адамның тұтастығын, жан мен табиғаттың бірігіп табысуын, жүрек пен нұрдың арналасуын, ақыл-ой мен

аспан денелерінің түйісуін, игі ниеттіліктің жарқын түрлерін – Ұлы даланың ұлағатын көкірегіне сіңіріп сұңқардай түлеп тұрды. Ал, дала фольклоры табиғат тамашаларын бойына жинады.

Қазақ халқының мәдени көкжиегі көшпенді тірліктің аясында мейлінше ауқымды межеге жетелейді.

Көк Тәңірді қабылдап, көкбөріні еміп, көк байрағын көтерген көк түркінің тұяғы қазақ халқы революцияға дейінгі танымынан көпке дейін арыла қойған жоқ. Мұсылман дініне бас ұрғанымен шаманизмнің қалдықтары ұрпақтан ұрпаққа ұласты. Ақындар дүниетанымын табиғат құбылыстарымен өрнектеп, көркемдеді. Мифтік кейіпкерлер, тұлғалар, заттар қарапайым халық санасына мықтап орнықты. Мұсылманшылықтың өзегінде өмір кешкен ел діни мифологиядан да нәр татты.

«Діннің негізі – дүниетаным. Халықтың өзіндік тұрмыс салтын туындатқан дүниетаным діннің де өзіндік болмыс-бітімін қалыптастырмақ», – дейді Қ. Қараманұлы [46].

Көшпенді халықтың таным-пайымы табиғат құбылыстарымен астасып жатқандықтан қазақтардың жерді – ана деп тануы сияқты түсініктердің еш сөкеттігі жоқ. Аспан әлемін «тәңірге» санаған қазақ, Күнді, Айды, кейбір жұлдыздарды аспан жұртына балаған. С. Мұқанов былай дейді «Күн – қазақта қасиетті зат. Бұлттың күркіреуін қазақ «күн күркіреді» деп, оны күн тәңірінің даусына балаған. «Күн астында Күнсұлу» ертегісіне қарағанда, күннің де бақылаудан босатпайтын қызы бар. «Ай астында Айсұлу» да сондай. Шығыс елдерінде, оның ішінде, араб пен түркілерде, ай қызының аты Зуһра. Ол Жер қорлығын көріп, айға қашқан қыз. «Үркер» аталатын шоғыр жұлдыздың қызын, «Жеті қарақшы» аталатын жұлдыздар қоршай аңдып, олардан қашқан Үркер аспан бойында жылжып қашып жүреді-міс. «Шолпан» да қыз. Ол да қашып жүріп, жылына бір рет айдың бауырына паналайды. Мұны қазақтар «Шолпанның айға тоғысуы» дейді. Шолпанның сенімді сақ күзетшісі – «Темір қазық». Ол бір орыннан жылжымайтын жұлдыз. Түнде жолаушылаған немесе көшкен қазақтар, жүрер жолын, уақытын Темір қазыққа қарап немесе Үркерге қарап айырады» [47].

Қазақтар көшпенділердің негізгі тіршілік көзіне айналған төрт түлік малдың да киесі бар деп санайды. Төрт түлікке қатысты дүниелердің бәрін қастерледі. Мысалы: құрық, қамшы, ер-тұрман, бұйда, мұрындық т.т. Аталған заттарды аяқ баспайтын жоғарыға көтеріп, немесе ит сарымас үшін биікке іліп жүретіні содан. Ауылда үлкен кісілер: «қамшының серті жыланды бір тартып өлтіру екен» деп отыратын.

«Дінге сенетін қазақтар әр түлік малдың мифологиялық киесі бар дегенге нанады. Мысалы: жылқыда Қамбар ата, түйеде Ойсыл қара, қойда Шопан ата, сиырда Зеңгі баба. Малдардың осындай құдай сымақтарының әр қайсысы өз түлігіне әрдайым қамқорлық жасайды-мыс» дейді С. Мұқанов [47, б. 78].

Бұл түсінік әлі де жалғасын тауып жүр. Итті жеті қазынаның бірі санайтын қазақ қасқырды да жоғары бағалайды. Кейбір шөптерді де (андыз, жусан, тобылғы, т.т.) қастерлейді.

Негізінде қазақтардың аса жоғары қадірлейтіні – «әруақ». Әруақты құдайдан кейінгі орынға қояды, сыйынады. Ертеде өлген ата-бабасының қабірінің басына барып дұға қылып, медет тілейді. Батырлар жауға қарсы «Ия, Әруақ!» деп шапқан. «Мыңдаған жылдар бойына жәрдемді мифологиядан, яғни ойдан жасаған тәңіріден таппақ болған адамзат, біраздан кейін ондай тәңіріні өз болмысынан, яғни денесінен іздеген. Сондағы тапқаны аруақ.

Ойдан шығарылған мифологиялық құдайлар мен аруақтарға сиынған адамзат өзінің тіршілік үшін күресінде, дәрменсіз болған кезінде «жәрдемші» күшке сенген еді. Сондықтан да ондай «жәрдемшілерді» олар ойдан шығарып, акырын тәңіріге айналдырған», – дейді С. Мұқанов [47, б. 50].

Қазақтардың қысылғанда, қиналғанда медет тілеп, қуат алар нәрсесі аруақ-тұғын. Ән айтқанда қаны шапшып құтырынған әншіні «аруақтанып кетеді екен» деп дәріптейтін-ді. Ал, жұлқынып, құтырынып толғайтын ақынды «арқалы екен, аруақты екен» деп жатады. Кей шайырлар толғауын бастар алдында «Ия» деп қомданып алып бабасының атын айтып, содан жәрдем күтетін.

«Ата-баба аруағына сыйыну салты – сол бөрі байрақты Көк түркілерден, олардан мың жылдай бұрын ғұмыр кешкен ғұндардан, тіпті одан да арғы замандардан келе жатқан ұлы дәстүрді сақтау, жалғастыру, алға апару мұратынан туған. Яғни, бұл – ерлігімен, елге сіңген еңбегімен, ерекше адамгершілік қасиетімен халыққа қалаулы болған адамдардың рухынан қуат алу, өмірін кейінгі ұрпаққа өнеге ету деген сөз» [47, б. 259].

Аруақ – өмірден өткен адамның рухы. Әрине, жай адамның емес, кейінгі ұрпаққа ғұмыр кешу, ел қорғау, ұрпақ тәрбиелеу жөнінде үлгі боларлық іс тындырған адамның. Ал, рух – жан мен тәннің түзілісі туындатқан әл-қуат, яғни жігер. Жан – тәнге тәртіп беретін, табиғат тарту еткен түйсіктер мен түсініктердің жиынтық аты.

Ертеке пен аңыз әңгіме, көне ерлік дастандарынан бастау алған дүниетаным сарыны кешегі, ХІХ ғасыр белесіндегі сал-серілерге ұласты. Сол кездегі әнші-ақындардың көбі (бәрі десе де болады) жыршы болған. «Алпамыс», «Қобыланды», «Көрөғлы», «Ер Тарғын» сияқты эпостар мен «Қырымның қырық батыры» атты ерлік дастандарын толғаған. Осынау жырлардың өзегі жауынгер елдің рухын көтеруге құрылған. Ондағы сағат санап өсетін батыр, оған қастық ойлайтын мыстан, құбыжықтай жаудың алып батыры, күндік жерді бір-ақ аттайтын әлгі еріміздің тұлпары, оның ақылды, дана, сұлу ғашығы т.б. дастанның біразында кездесетін кейіпкерлер. Солардың бәрін жеңіп, елін-жерін тыныштыққа, мамыражай тірлікке бөлейтін батырлар басқыншылықтан титықтаған жұрттың сүйікті кейіпкерлері. Жас балалар солардай болсам деп өссе, үлкендер жағы сенім артты. Жаудан қорғайтын ондай батыр арамыздан да шығар деп үміттенді. Ал жыршы сол эпостарды жырлап қана қоймай, заманына қарай икемдей түрлендіре, көркейткізіп, әсірелей түсті. Әлеуметтік маңызын арттырып елдің тұрмысына, қоғамының санасына сіңіре түсті және дастандардың бәрі біздің батырлар жеңісімен аяқталып жатты. Бұл да жырды шығарушының арманы, халықтың да мұраты.

«Халықтың көркем үрдістері мен философиялық толғамдары көбінесе бақытты заманды, берекелі қоғамды көксейтіні белгілі. Ертектерден бастап эпостарға дейін әдетте «мал-малданып, жан-жанданып» аяқталатыны содан болса керек» – дейді өнертанушы-ғалым А. Тарақты [44, б. 63].

Саналы ойлап, ақылмен жасай алатын тіршілік иесі тек – адам ғана. Сондықтан адам төңірегіндегі әр құбылысқа бей-жәй қарай алмайды. «Құс неге ұшады», «су неге ағады» дегендей танданыспен қарап, зер сала тексереді. Осылай әрнәрсенің мәнін өзінше ұғып, бағамдап, ой қорытады. Осы ойлардан дүниетаным түзіледі. Адам икеміне, талабына, санасына, қабылеттілігіне қарай түрліше жаратылады. Ерекше жаратылған жанды ақын, палуан, әулие деп, қызметіне қарай бөледі Мысалы: «Едіге» жырындағы Баба Омарды он бес жасында әулие атаса, одан туған Баба Түкті Шашты Әзізді жиырма бесінде әулиелік қылды дейді. Бұның бәрі ердің жаратылысының осал еместігін, шыққан тегін мықты қылып көрсетуге негізделсе керек.

Ал, біз сөз етіп отырған рухани мәдениеттің дамуына мейлінше үлес қосқан сал-серілер де Алланың керемет жаратылған, сүйікті құлдары.

Мәдениет материалды мәдениет және рухани мәдениетке жіктелетін болса, біздің қарастыратын жігіміз рухани мәдениет негізінде. Десек те рухани мәдениеттің өзегі материалдық мәдениеттен алшақ кете қоймайды. Адамды қоршаған жасанды орта, яғни адамның ақылы араласып, қолмен жасалып шыққан болса соның бәрі материалды мәдениетке жатады. Бұлар ғылыми тілде артефактілер – жасанды құнды құбылыстар дегенге саяды. Рухани мәдениет жалпы мәдениеттің өзегін сомдайды.

Зерттеу барысында жиі орағытқан бір арнамыз сан қырлы өнер иесінің тылсым күштерменен байланысы. Расында осы бір ойдың астарында ақиқат жатқан секілді. Италия тарихшысы Франко Кардини төмендегідей қызықты ақпарат ұсынады. Ол, біздің серілікті жауынгерлік жолмен қатыстырғанымыз сияқты жауынгердің болмысын ұсталықпен, шаманмен жалғай түседі. Көптеген дәстүрлі мәдениеттерде ұстаға жаратылыстан тыс қабілет-қасиет берілген деп телінеді. Оның бойына кармина, яғни, салтанатты өлең айту мен сиқырлы арбаулар қоса дарыған. Ол ақын, әнші әрі көз байлаушы. Шаман – батыр – ұста байланысы үндіеуропа әрі түркі-моңғол деректеріндегі дәлелдермен растала түседі. Сонымен қатар, металл балқыту, қару-жарақ соғу кезінде кармина орындау қарапайым қатардағы салт емес, қаруға қасиет дарытар тылсым күштің белгісі болса керек.

Батырлар, жауынгерлер және шамандар сияқты, ұсталарға да инициация дәстүрі белгілі. Ұсталардың аурасы – ішкі түйсігі өзгелерге жабық, онда бөгделерге білуге болмайтын кәсіби құпиялар сақталады. Әрбір ұстаның өзіндік құпия сыры болған. Оны ешкімге жария қылмай көбі көрге бірге ала кеткен. Кейбіреулері сүйікті шәкірттеріне ғана, онда да құпия сақтаймын деген уәдесін алып барып табыстаған. Бұл үрдіс әрбір өнерлі, талантты адамға тән қасиет. Ол әнші болуы мүмкін немесе күйші, тіпті балуан, темірші-ұста, яки найзагер, қылыштасу өнерінің майталманы, мүмкін ат сейіс, зергер т.б. әрбір шебердің

өзіндік сыры болатыны белгілі. Ол сонысымен де құнды, сонысымен қадірлі, сол құпиясымен де дара.

Қызу жұмыс кезінде темірдің құпиясы мен оны соғушы ұстаның аурасы бір-бірімен табысып, бірігіп, қажет мезгілде ажырайды. Бұл дәстүрлі мәдениетте екі тараулы жолды нұсқайды. Бірі – жағымды: темір мен ұста өркениетті жаратылыстан тыс жасаушылар кейпінде бейнеленеді. Екіншісі – темір де, ұста да қауіпті тылсым күштердің егелері, оқшаулау қажет деп санайтын жағымсыз бейне. Одан қашу керек, олардан қорқу керек деген ойға тартады.

Архаикалық Грек елінде мифтік кейіпкерлер тобы басқа әлеммен және олар өңдейтін металмен, әнмен, бимен, магиямен, мистериямен, инициациялық дәстүрлермен тығыз байланыста деген наным бар.

Бұл пайым, ислам мәдениетімен сусындаған қазақы дүниетанымда да көрініс тапқан.

Қашаған шайырдың Нұрым жыраумен айтысында осы ұғым былайша бейнеленеді:

Шәһимәрден Ғалиға,
Жәбірейіл келгенде,
Келіп хабар бергенде,
Хамхам менен Сәмсамдай,
Зұлпықар мен Зұлқажжа –
Жәннәттан келген төрт қылыш.
Ұрыс сайын әр жерге,
Заманда өткен баяғы.
Барған екен төрт қылыш,
Болмаса да аяғы» [48].

Мұсылман түсінігімен болжасақ Жәбірейіл періште жұмақтан – Хамхам, Сәмсам, Зұлқажжа, Зұлпықар атаулы төрт қылыш алып келуі. Жұмақтан періште әкелгесін әрине киелі дүние. Киелі дүниелер күтпеген жерде ғайыптан пайда бола кетеді ғой. Ислам мифологиялық ұғымындағы киелілік туралы пайымның айқын көрінісі, қазақтың қаруға деген киелілік көзқарасын арттыра түседі. Біз жүйелеп отырған темір, болат т.б. металдың көкпен, аспан әлемімен байланысын айшықтай түседі.

Металлургиясы айтарлықтай шарықтап дамымаған римдіктер, көшпенділердің күшті атты әскерімен қатар керемет қаруына, әсіресе, қатпарлы сауытына назар аударған. Әрине, қатпарлы сауыттың сыртқы түрі жауынгердің денесіне қарсы жақтың қаруларын дарытпауға қажет. Ал, ішкі сыры мынада. Ертеде бақсылар киімін темірден жасалған өнерлі әшекейлермен қаптап тастайтын дәстүр болған. Тығыздығы соншалық, астынан мата көрінбейді екен. Бұл әшекейлер – бойтұмарлар еді деп түсіндіреді. Осы әшекейлер – бойтұмарлар шаманның (бақсының) өздерін қорғайтын және қызмет ететін рухтарды (жындарды) қамап ұстайтын зындан тәрізді. Бойтұмарлардан

сомдалған киім, қорғаушы жындарды құрсап ұстап, зұлым рухтардың арам ойынан қорғап, оларды жолатпай қорқытып тұрады. Бақсылардың зікір сала билеуі шағында темір әшекейлердің сылдыры рухтарды өзіне бағындырудың бір әдісі деп есептелген. Бидің миссиясы – қимыл әрекетпен ойды түсіндіру. Бидың басты қимылы – ырғақ. Ырғақ – өмірде де, өнерде де көп нәрсенің кілті; өлеңде сөз бен дыбыс үндестігінің арқауы. Өлеңнің әр сөзі – ырғақты сөз. Өлеңді көкіректерге жеткізетін құрал – саз, әуен, ән. Әннің құдыреті сөз құдыретімен астасып көңіл күйге көркем наз құяды.

Осыған ұқсас салтанатты шеру немесе шайқас барысындағы серінің қимылы мен сауыт-сайманының дыбысы және сылдырын еске түсіріңіз.

Мынадай пікірлерден соң қазақтың серілерінің тарихи жолын былайша қарастыруға тұрады. Жаугершілік заманда соғысқа жеке шерік болып және сауытсыз, жанболатсыз шығатын топты серілер (рыцарь) тобы деп атаған. Ол замандағы атауы мүлдем басқаша болар, бәлкім... Кешегі, біздің «сері» атандырып жүрген тұлғаларымыз сол топтың сырт сипаты, атауы өзгерген ізбасарлары екеніне дау жоқ. Қарапайым пайымдасақ, сал-серілер – өз еркімен тұтастай өлімге кесілген әскери шерік. Еріктілер тобы. Өз басын өлімге де өз еркімен тіккен ойы да сойы да еркін топ.

«Сал-серілік – әлемнің көптеген халықтарында өзіндік сипаттарымен көрініс тапқандығын байқаймыз. Еуропалық ғалымдардың зерттеуінше, сал-серілік (еуропалық ұғымда «рыцарь») ерте феодалдық кезеңдердегі сан түрлі шайқастарда ерлік көрсеткен ержүрек жауынгерлер заманынан жеткен» [49].

Қан майданға сауытсыз кіріп, ерліктің үлгісін көрсетіп, басын бәйгеге тіккен серілік шеріктің бұл әрекеті саптағы қаптаған сарбаздардың рухын көтерер, жас ұрпақты ерлікке, батырлыққы үндер, асқақ рухани және психологиялық бастама. Мұндай топ көбіне тегіс қырылып отырған. Жазатайым тірі қалғандары болса ауылының шетіне жете бере жерге жата кетеді. Ерлігін бұлдап, «қылышымның майын бер» деп жатады екен. Яғни, дұшпанның шебін бұзып, жау ортасына жалаңаш кіріп, қан төгіп, жеңіске жол ашып бердім, енді сол қызметімнің өтеуін бер дегендей ғой. Әскердің жеңіске жетуі осы серілердің арқасы деп, ел-жұрт тегіс құрметтеп, әлгі қаһарман серінің құлаған жеріне, батырдың үстіне әкеп шатыр тігіп, қастерлеген. Сұлулар жарасын таңып дегендей бәйек болады. Осылайша, әлгі жаудан тірі қайтқан сері ел ықыласына бөленеді. Елінің еркесіне айналады

Қазақта «аттың майы» немесе «аттың тері» деген ұғым бар. Біреудің атын мінуге алған адам, атты иесіне қайтарғанда «аттың майын» береді екен. Қазақта «аттың майы – бір тоқты», немесе «аттың майы – бір қозы» деген мақал да бар. «Қылыштың майы» да сол көне күндерден жеткен қасиетті ұғым.

Қазақтың профессионал ән өнерін және аспаптық музыкасы – күй өнерін тудырған осы сал-серілер. Әрқашан ажал аузында жүретін өте мықты экзистенциалдық тәжірибе иесі. Сондықтан жорыққа аттанып бара жатқан сал-серілер болашақ қанды ұрысты емес, қарындастың назы менен қылығын жырлаған.

Қазақ ордасы ұлы империяның теліміне түскеннен кейінгі жерде сал-серілер бұрынғы мәртебесінен айырылып басқа сапаға өтті. Қару-жарақ асынып жүруге тыйым салынды, сол себепті сал менен серілер қылыш пен найзаны қабырғаға іліп қойып, енді қолдарына домбыраны алып артистік богемаға айналды, – деген ой түйеді Т. Әсемқұлов.

XIX ғасырдың екінші жартысында XX ғасырдың басында дәурендеген сал-серілер Ақан сері, Біржан сал, Иманжүсіп, Мәди, Аманғали, Мұхит, Зәкәрия, Молдабай, Қызыл сері, Сары т.б. біз сөз қылған жауынгер шеріктің ақырғы ізбасарлары, сыртқы күштердің әсерінен, салт-дәстүр, әдеп-ғұрпынан ажырай бастаған мезгілде ғұмыр сүріп, серіліктің сара жолын ұстанып өткен пұшайман ерлер, серіліктің сарқыты еді.

Осынау сауытсыз жауға шабатын ерекше серілер тобына кіру жауынгер тайпаның әрбір перзентіне арман. Ол топқа қосылу үшін ерекше күш-қуатқа ие немесе өзгеше өнер түрлері дарыған баһадүр болуы шарт. Осы ойымызбен сабақтас пікір орта ғасырлық деректерге сүйенсек, белгілі бір аурасы бар атты әскерлердің үстемдігінде осы дыбыстық безендірулердің орны ерекше болғанын жазады. Жауынгерлер бақсылар сияқты белгілі бір қалшылды бойға сіңірген. Бағзы дәуірде шабуыл алдындағы техникалық тәсіл қолдану шайқастың маңызды кезеңі болған. Осындай тәсілдер шамандардың рухтарды үркіту техникасын еске түсіреді: киім, әуен, айғай, ым және т.б.

Осы орайда, қазақ салдарының ерекше киімдерін еске түсіреміз. Яғни, жауынгер-шаман деген ұғымға келеміз. Ұлы шайқастардың алдында, ұрыстар мезгілінде де сарбаздардың рухын көтеретін, намысын жанитын қуатты сөз, жігерлі әрекет керек-ақ. Осы қуатты әрекетті шаман-жауынгерлер атқарған деген байлам жасаймыз. Салдар осы сойы бөлек жауынгерлердің қалдығы, қару орнына аспап алып көптің рухын көтерер қызмет атқарып жүрген бейбіт заманның сал-серілері.

Шаманның бойтұмарларын ұста жасады. Ұста мен шаман инициация уақытында игерілетін құпияларды білді. Екеуі де «оттың әміршілері», яғни, от стихиясын билеушілер. Якуттың бір мақалында «ұста мен шаман бір құстың ұясынан», – дейді. Ұсталар көшпенділер жауынгерлеріне сауыт-сайман, қару соғады. Басынан аяғына дейін оранған сауыт оқтан қорғады. Осы сауыт шамандардың киіміне ұқсас. Шамандар сауытқа ұқсас темірмен құрсалған киімді жындарға қарсы қолданса, сарбаздар сауытты өлім рухынан қорғану мақсатында киген деуге негіз бар. Ол жауынгерге сакральді дарымаушылықтың кепілі болды. Сөйтіп, салт атты мен шаман рухпен күресуші және жауынгер ретінде болды. Батыр қарсыласын айқас алаңында оққа ұшырды, бақсы жаратылыстан тыс күштерді өзіне бағындыра отырып, онымен теңесіп, сакральді киелілік жолымен жауын опат қылды. Осылайша, әрбір соғыс «киелі соғысқа» айналды.

Бақсының, шаманның соғысы рухани ішкі соғыс. Олар әркімнің көзіне көріне бермейтін жындармен арпалысқан дүние. Қазақ қоғамында бақсылық үрдіс беріге дейін келген. Қарлы боран, мұз үстін жалаңаш жүрген, лаулаған оттың үстінен жанбай-күймей өткен т.б. небір кереметтер көрсеткен

бақсылардың жынды өзіне бағындырып, қолбала қылғанын Мағжан ақынның «Қойлыбай қобызы» шығармасынан айқын көреміз.

...Қойлыбай жын жүгендеп, пері мінген,
Алдында жорғалаған шашты шайтан.
Қойлыбай қобыз алса-ақ қалбалаңдап,
Қақаман жалғыз көзді жынның ері,
Ерегiссе тау-тасқа салған ойран.
Дарқанның Нәдір пері – аға жыны,
Ардақтап оған Шолақ деп ат қойған.
Көйлекеңнің үшінші жан жолдасы –
Шайтанның шу асауы батыр Шайлан.
Қойлыбай бақсы болған қазақ асқан,
Жынменен жолдас болған бала жастан... [50].

Тылсым дүниемен байланыстың айрықша тұстарының шын бейнесі осы. Бақсылардың сүйікті аспабы қобыз. І. Жансүгіровтің «Күйші» поэмасында бақсы – күйшінің, қобызшының ерекше әрекеті, шын бейнесі керемет сомдалған.

«Бақсылар жын шақырғанда сарнап, өлеңше ұйқастырып, түрлі сөздер айтады. Алладан, әулиеден, аруақтардан жәрдем тілейді. Жындарының атын атап, соларға сөз айтқан болады. Қобызымен серттескен болады. Солардың бәрін үйлестіріп, ұйқастырып, әдемі түрде айтады, – дейді А Байтұрсынов [51].

Исламға пана Мұхамбет,
Сыйындым сізге бір мезет!
Су басында Сүлеймен,
Сізден де медет тілеймін!
Күн көзінде әулие,
Жер жүзінде әулие,
Машырықтағы әулие,
Мағрыптағы әулие,
Тауда жүрген әулие,
Таста жүрген әулие,
Көлде жүрген әулие,
Шөлде жүрген әулие,
Бәріңнен медет тілеймін! [51, б. 431].

Енді бақсы қобызымен тілдеседі. Оны мақтайды.

Ай, қобызым, қобызым!
Әбден де болжа, доңызым!
Үйеңкінің түбінен
Үйіріп алған, қобызым!

Қарағайдың түбінен
Қайырып алған, қобызым! [51, б. 431].

Қобыз бен домбыраның тегі бір. Ағаш. Бақсы жындарын тірі жан деп есептеп шынайы көмек күтеді. Расында шақырады. Олар көзге көрінбей келеді-мыс. Сөйтіп бақсыны қуаттайды.

Бұл шығармалар шаманның киімге жындарды қамап ұстағаны туралы ойымызды нақтылай түседі.

Көшпелі халықтарда атты әскердің шамандық сипаты дабыл қағу арқылы байқалады. Дабыл шайқас алаңындағы әскерлердің алдын-ала жасалған жоспар бойынша қимылдауын ғана көрсететін дыбыс құралы ғана емес, қарсыласына сес көрсетер сиқырлы саз екенін ескерген абзал. Дабыл ауыр артиллериямен бірге ханьдық Қытай империясында да қолданылған.

Шаман дәстүрінде қоңырау өлілер әлеміне саяхат жасау құралдарының бірі болды және онымен рухтарды қуып, басыбайлы етті. Ол сонымен қатар, атты жауынгерлерге экстатикалық әсерін тигізді. Ол қарсыластарының еліне қорқыныш пен үрей сеуіп, оларды әбігерге салды.

Қазақ батырлары да найзасына, дулығасына, сауытына қоңыраулар іліп жүретін болған. Қоңырау сылдыры жоғарыда айтқан өлім рухын үркітіп, дұшпанның мысын басудың бір құралы. «Ғұн жауынгерінің қару-жарағы да айрықша екен. Жүйрігі де, өзі де болат берен құрсанған. Арыс садақтан атылатын темір масақты ысырма жебелердің қарымы басқалардан артық, жауын алыстан жайратады», – деп жазады М. Мағауин [52]. Мағауин таңбалаған ысырма жебе, қоңыраулы найзалар ғұн заманынан ұласып қазақ жауынгерлерінде де қатарда жүрген. Қасарған жауды жапыра жеңуде ысықырық үнді жебелер мен қоңырау сыңғырлы найзалардың үлесі мол деп айтуға толық негіз бар. Жалпы, адамнан шықсын немесе темір қарудан шықсын үннің сыры бір. Зұлым рухтар мен қатыгез дұшпанның жігерін жасқау. Айқай-сүреңмен үрей тудыру болып табылады. Қару мен сауыттың жасалуында да үлкен мән жатыр. Сауытты ежелгі сарбаздар оқтан, қылыш соққысынан қорғану үшін ғана кимегені байқалады. Шайқас мезгіліндегі дабылдың үні де шабуылды реттеп отыру үшін ғана пайдаланбағаны сезіледі.

Сауыт пен дабыл әскери техниканың жәй ғана екі қыры емес, сонымен қатар әскери магияның екі құрамдас бөлігі болды. Олар бір мақсатқа – киенің көмегімен жеңіске жеткізуге қызмет етеді. Сауыттар сакральді мағынаға ие болды, суару барысында металл екі киелі стихиямен – су және отпен қарым-қатынасқа түсетін еді. Сауыт киген жауынгер үстіндегі темір сауытының зұлым рухтарға ұқсаған жаудың жебесін дарытпасына үміт артып, жаңғырған дабыл гуілінің әсерімен экстатикалық жағдайға түсіп, аттың үстінде нық отырып, соғысты діни-мистикалық өлшемде сезінді [53].

Шаман туралы қысқаша түсінік: (ф.ғ.к. А. Мектеп-тегі қолжазбасынан) Профессор Құдайберген Жұбанұлы «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы (Тіл мен тарих деректері» атты зерттеуінде: «Қазақтың бақсылары, есепшілері, тістің құртын шақыратындар, жыланды, бүйіні

шақыратын тамыршылар, қобызшылар, домбырашы, әншілер – көбісі – сол шаманнан өрбігендер. Бұл жалғыз қазақта ғана емес, қоғамның дамуының белгілі дәуірінде қай елде де болған нәрсе. Қазақтың бақсылары емші түрінде ғана болатын болса, тарихта бақсы сөзінің әр заманда әр түрлі қолданылғандығын, бақсының жалғыз емші болмағанын көреміз. Алғашқы әзірде қобыз немесе басқа түрлі инструментке қосып өлең айтып, сол өлеңмен ауруды емдеп, немесе басқа түрлі аспан үнімен, сиқырлы істерімен тиісті міндетін атқарып жүрген шамандар бері келген соң қоғам ішіндегі алуан түрлі зиялылардың аты болып кетті. Ежелгі ұйғырларда бұл сөз оқымысты мағынасында болған», [53, б. 16] – дейді. Мұнан музыка ырғағының, дыбыс әуезінің жанға жайлы құдіретімен әлпештеп, әуен күшімен әлдилеп Тәңірдің дегенін бақсылар, яки шамандар адамдар санасына сіңірген. Шамандардың алғашқы әзірде Тәңір мен адамдар арасын байланыстырған медиаторлық қызметінде трансқа шығатын құралы музыкалық аспаптар болған деген қорытынды жасаймыз.

Осы еңбегінде ғалым: «Қазақта «ауруды бағу» дегендегі «бақ» түбірі немесе біреуге бір нәрсені «бағыштау» дегендегі «бағыш» түбірі осы «бақсы» сөзімен түбірлес болуы керек» [54], – деп жорамалдайды. Расында, қазақ мал бағатын жанды «малшы», дәл осы сияқты «сиыршы», «қойшы», «жылқышы», «түйеші» деу қалыптасқан. Жаратқанның құдіретімен жердегі саналы тірліктің бастауында адамдардың рухани адаспасына бас-көз болатын, табиғаттың түрлі зауалдарынан қорғап, бағатын ерекше қабілетті жандарды «бақсы» деген. Бақсы мен шаман сөздері мағыналық мәндес ұғымдар.

Мирча Элиаде: «Шаманизм – экстазға түсудің архикалық техникасының нақ өзі, сонымен бірге бұл сөз кең мағынасында мистика, магия мен «дін» [55], – деген ғылыми тұжырым жасайды. Солай бола тұра, «шаман» сөзінің қайдан шыққаны, этимологиясы хақында ғылымда бір ортақ мәмлеге келмегендігін зерттеуші ашық жайып салады.

Ғалымдардың осыншама басын қатырып, ойын сан саққа жүгірткен шаман атауы – түркі руника жазуының криптографиялық құлыпын ашатын кілтін білмеуден туған ағаттық. Бұл атау сөз – күллі түркі текті ұлыс пен ұлысқа ортақ төлтума ұғым. Негізі түрік руникасының графикалық заңдылығы бойынша пішінінде таңбаланғанмен орфоэпиялық ережесіне сәйкес аШаМАН болып оқылуы тиіс. Сол дәуірдің өзінде түркілер табулап Ш[а]МАН деуден қалыптасып кеткен атау. Дұрысы: аШаМАН Тәңір мен адамдар арасындағы құпияны ашып, қауымды ізгілік жолына салуға бағыт-бағдар беруші.

Металл өндіру жермен, жер қойнауымен тікелей байланысты. «Металл өндірудің аспанмен үнемі қатыстылығы таң қалдырмай қоймайды, – деп жазады Ф. Кардини [53, б. 488]. Астрология ғылымы металл өңдеу өнерімен тығыз қатысты. Халдейлер планеталардың металдармен қатыстылығын келтірген. Мұндай байланыстар Үнді және Қытай мәдениеттерінде де сөз болады. Темірдің аспан денелерімен қатыстылығын білдіретін шумерлердің «аспан металы», египеттік «аспанның қара мысы» және латынның аспан шырақтарының атауы тамырлас сөздер. Арийлердің темір мифологиясының

қайнары оның метеориттік шығу тегін үнемі байқатып тұратынын, осы арқылы «аспан құдайы» мен «аспан ұстасының» байланысын, яғни, урандық аспан құдайларының қаруы найзағай жайлы онды тұжырымдар жасайтынын келтіре аламыз. Темір мен найзағай арасындағы байланысты сөз қылуға негіз бар. Темір найзағайды тартады. Темір мен аспанның туыстық қатысын метеориттен шыққан металдың жер қойнауынан алынатын металдан бұрын белгілі болуынан көруге болады.

Осы арада дала серілерінің сүйікті қаруы «найза» ойға еріксіз оралады. Көшпенділер жауынгерлері үнемі найзалы жүрген. Қысқаша анықтама: Найза – ұзынша, мықты тал немесе арнайы жонған ағашпен сапталып, ұшына үшкірлеп темірден тескіш қадаған қару.

Найза атауының өзі «найзағай» сөзімен түбірлес. Қазақтың бес қаруының бірі – найза. Осы найзағай мен найзаны бір дүние деп қарауға саяды. Найзағай Тәңірдің қаруы болса, найза батырдың қаруы. Далалықтар тірліктерін Тәңірмен байланыстырып ғұмыр кешкен. «Көкте Тәңір – жерде Түркі» деген сенімнен бұлжымаған. Және өздерін «Көктегі Тәңірдің жердегі құлдарымыз» деп түйсініп, басына түскен істің бәрін Тәңірдің бұйрығы деп қабылдап, соған лайық әрекет еткен. Бұл еркіндіктің белгісі. Серілер, өздерін, жер бетінде, яғни мына дүниеде тірі пендеге (адамға, қоғамдық ұйымдарға т.т.) тәуелдіміз деп есептемеген. Тек қана Тәңірдің құлымыз деген оймен дәурендеген. Сондықтан олардың ойлары да, істері де еркін.

Мысалы, ғалымдар Шыңғыс хан туралы айта келіп «На небе – Тенгри, на земле – Каган». В этой концепции два понятия «Тенгри» и «Каган» образуют два основных компонента Высшей Свободы в мире», – деген тұжырым жасайды [56].

Серілер де өздерін қаған санаған. Әрине, Шыңғыс хан секілді билеуші болмаса да бойындағы түрлі өнерге үстемдік етіп жүрген ортасында шоқтығы биік тұрған. Тірлікте бір жаратушыға ғана тәуелділігін көрсетіп жүрген. Серілердің осынау еркіндігі көбінесе билеуші таптарға ұнай бермеген. Қай заманда да, қай қоғамда болсын осындай ойы да, сойы да еркін адамды ортадан аластауға тырысып баққан бақталас, пасық жандар бой көрсетіп отырады. Бұл шексіз қарама-қайшылық. Жаратушы, пенделерге жақсы қасиеттермен қоса жағымсыз әрекеттерді де берген. Ал, осы жағымсыз қылықтарын жеңуі үшін оларға ақыл сыйлаған. Тіршілік атаулының ішіндегі ең ақылдысы адам. Өзінің пасықтығын, әлсіздігін тізгіндей білу үлкен күш-жігер, кісілікті қажет етеді. Қанша еркін, сері болса да ол бәрібір бір нәрсеге тәуелді.

Қазақ мифологиясында да космогониялық сенім күшінің әсері жиі ұшырасады. Аспан әлемі мен жер беті тіршілігінің қатынасы, байланысы көзге көрінбесе де саналы адамға ап-айқын. Дала батырлары туралы аңыз-әңгімелер де «иығында қос арыстан отыр екен», «жолбарыс жол бастап жүріпті» т.б. деген сынды хикаялар көптеп кездеседі. Кез келген адамның көзіне көрінбесе де, расында әулие-әмбиелігі басым батырлардың көкірек көзіне ондай кереметтер шалынуы ықтимал.

Ойымызды біреулер шамандық көзқарасқа телуі мүмкін. Шаман төңірегіне барудан ат-тонымызды ала қашудың қажеті жоқ. Шындығына сүйенсек, арғы түбіміз шамандық сенімде өмір сүргені рас. Ислам мәдениеті жайлаған кейінгі ғасырлардың өзінде далалық көшпенді жұрт ескі шамандықтың қалдығынан толық арыла қоймады. Шаман дегеніміз бақсы болса, бақсылар жайындағы ойымызды осы зерттеу барысында ортаға салдық. Кейбір түркі тілдес елдер жырауды бақсы деп атайтыны да белгілі. Бақсылық жолы бастауын жыраулықтан алатын болса, жыраулық дәстүр қазақы ұғымда ақын, шайыр. Ақын дегеніміз Жаратқанның ерекше сомдаған пендесі екендігін ескеріңіз. Сал-серілер тегіс талантты ақын, әншілер. Ислам әлемінде Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) «сізден кейін пайғамбарлар келе ме», – деген сұраққа (менен соң пайғамбар келмейді, ақындар келеді), – депті-дүр [57].

Өленді тудыратын ақын. Ал ақын - өз заманының айнасы, тілі, көкірек көзі. «Ақын басынан кешкен сезім, ақын басында болған түрлі-түрлі толғаныс – субъективті нәрсе; бірақ сонымен қабат кәдімгі объективті дүниенің әсері. Ақынның көңіл күйі әрқашан өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның хал-жайына байланысты, өзін қоршаған шындықтың саяси-әлеуметтік сырымен сабақтас» [58].

Қоғамы қандай болса ақын да сол ыңғайда толғайды. Ақынның көңіл әлеміне өз қоғамының түрлі жағдайы әсер етпей қоймайды. Дәуірінің тарихи жайы ақын жүрегінен жыр болып сомдалып ақтарылады. Заманының қаталдығы немесе озбырлығы, яки жайлылығы шайыр көңіліне ықпалын жүргізеді. Зерделеп көрейік: Жаугершілік ғасырында жасаған Тоныкөк, Күлтегін жырлары отты да асқақ, әскери рухтағы қажырлы жырлар. Хандық дәуір тұсындағы (XV-XVIII) жыраулар толғауларынан да ірілік, кесек тұлға сойы, өрлік лебі еседі. Жыраулар заманы да жауынгер-жорықшыл кезең болатын. XIX ғасыр бедерінде оттай қаулап өткен өр ақынның бірі Махамбет Өтемісұлы. Махамбетте кеудесі өр, асқақ сері. Махамбеттің серігі, ағасы Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісі сол ғасырдың орта тұсындағы қазақ өмірінде болған құбылыс та, Махамбет поэзиясын өмірге әкелген фактор – дәл осы тарихи жағдай еді. Сондай қым-қиғаш мезгілде жасамаса Махамбет Махамбет болмас па еді?!

Біздің зерттеуіміздің басты кейіпкері сал-серілер - ақын, жырау, әнші, композитор, саятшы, аңшы, мерген, балуан, батыр, сегіз қырлы, бір сырлы адам. Ол әнімен, сәнімен көпшілікті тәрбиелеуші. Жамағатқа сұлу сазбен қуаныш, жігер, рух сыйлаушы.

М. Әуезов Абайдың ойымен Біржан салдың салған әнін қиялында самғатып әнге жан бітіреді. «Ән тіл қатады. Ескек, асқақ атойдай қып, зор кеуденің алып күйін азынатып төгеді.

«Мен келемін! Өнер әкелемін! Танымай көрші, аңдамай бақшы! Сай-сүйегің босамай, алпыс екі тамырың иімей көрші!...» деп, бас идіре ән төккенде, ән емес, нұр төккенде. Әлемнің жүзінен жауыздық зұлымдығын қуып әкетіп, қиялда болса да дүние бетін, Арқа жүзін сан сұмдықтан тазартып бара жатқандай. Ол ән асқақ етіп соққанда, Көкшенің қалың сыпсың қарағайы –

мынау әнші басындағы оқалы тақияның жібек шоғындай болып теңселіп барып, төгіле жапырылып, жол береді, бас иеді... Арқаның қара түні де мынау ақын үстіндегі қара мақпалдың бетіндей майда, мейір түні болады... Сонда ел жүзі де осы ақын жүзіндегі жылтырап көрінген нұрға толғандай болады», – сұлу ән өзегін шалқыта өреді [59].

Өлең – өмір. Өмір – өлең. Адамның бар ғұмыры өлеңмен өңдеулі. Осындай ұлы өнер, піл сүйегінен ойып жасалған ғажайып мүсін секілді «сиқырлы» сұлу өнер болған соң шығар, адам атаулының туғаннан өлгенге дейінгі өмірі тек өлең ғана ғой!.. Оны Хакім Абай айтып кеткен:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең...

Дүниеге сәби нәресте келді, бұлданып, жер тепкілеп жылап келді. Үнінде ырғақ бар. «Ырғақ бар жерде өлең бар» (Маяковский). Демек, жас сәби дүниеге жылап келген жоқ, әндетіп, өлең айтып келді. Ес жиып үлгірмеген сәби нәрестенің өзі өлең айтып жатады, сонан соң естиярлар ән салып, күллі ғұмыр бастан-аяқ өлеңге айналып кете барды: әлдилеу – ән, әлпештеу – ән, ер жеткізу – ән, қыз ұзату – ән, келін түсіру – ән... Бірі – бесік жыры болса, бірі – жар-жар, бірі – бет ашар... – бәрі ән. Ақыр соңы адамның өмірі ғана емес, өлімінің өзі өлең: жоқтау – ән, эпитафия – өлең...

Бұлай болатын себебі, өлең яки поэзия – өмірдің әрі мен нәрі, қайнап қорыған жамбысы. Поэзия бақшада құлпырған роза гүлін сипаттамайды, оның дөрекі заттық жақтарын лақтырып тастап хош иісін, әсем құбылғыш бояуын алады да, осылардан жаратылыстағыдан да әсем өз розасын жасайды. Поэзия – сәбидің күнәсыз ажары, жарқын жанары, күміс күлкісі, жанды қуанышы. Поэзия – көрікті қыз жүзінің ұялшақ, албырт қызғылты, теңіздей, көгілдір аспандай тұңғиық көзінің ынтықтық сәулесі, әйтпесе оның қара көзіндегі өткір от, мәрмәр иығына төгілген бұйра шашының толқыны, торғын кеудесінің демігіп тыныстауы, күміс үнінің гармониясы, сиқырлы сөзінің музыкасы, тал бойы, сұңғақ сымбатының мінсіз мүшелері, сұлу қозғалыстарының ғажайып сиқыры... Поэзия – ұйығандай, құйылғандай орныққан, өз еркін әбден билеген, өмір үшін жетіккен, тәжірибемен шыныққан, рухани күші теңескен, көңіл көзі көреген, ойға батыл, майданға батыр ер қуаты...» [60].

Бізге бүтін жеткен серінің кереметі – Ақан. Ақан серінің жайын жырламаған ақын, зерделеменген қаламгер-әдебиетші ғалым жоқтың қасы. Дуалы ауыз Мағжан былай дейді: «Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады. Қалың қарауылдың ойын-тойының көркі Ақан болады. Біріне бедеу мінгізіп, біріне бұлде кигізіп дегендей, 15-20 жігітті өзі тәрбиелеп, нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасыдай оқшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киген. Біресе қара атқа мініп, қара киген. Біресе торыға мініп, күрең киген. Басында – бұлғақтаған үкі, қолында домбыра, аузында – ән... жігіттердің бәрі балуан, бәрі әнші. Бірақ Ақанның әні өзгеше.

Даланы күңіrentіп Ақан ән шырқаса, би билігін қойып, кемпір өрмегін, сұлу кестесін қойып, аңырып тыңдай қалады [61].

Ақанның жат мінездерін, өмір бойы тәңірі көріп сұлулыққа табынуын көз алдыма алып келсем, менің есіме Англияның ақыны Оскар Уайльд келіп түседі. Оскар өмір бойы сұлулықты жырлаған, жалпы жұрттан сері деген лақап алған. Жұрт оны да сері деген. Сол серілігі үшін абақтыға жапқан... Ақан да сұлулыққа табынған. Алты Алаштан сері деген ат алған... Бірақ Ақанның сұлулыққа табынуы тереңірек. Ақанның өмірінің жұмбағы түйіндірек. Мұның өмірі – мұң мен зар. Сол сұлулыққа табынудан туған мұң мен зар. Егер Ақан Оскар Уайльдтай өнерлі елдің ішінде туса... бұл тілекке жауап табу қиын. Мұндай тілекке жауап іздей бастасаң, еліңнің заулаған оттай баяғысы, қап-қара түндей кешегісі, жалпылдаған жындай бүгінгісі, қап-қара тұман келешегі көз алдына келіп, Ереймен тауының бауырында өлген Құлагердің басын құшақтап күңіреніп отырған Ақан серінің қасіретіндей жаныңды терең қасірет билеп алып кетеді [61, б. 174-175].

Бұл тек Ақан серіге ғана емес арғы-бергі өткен серілердің бәріне берілген баға сияқты. Жалғыз Ақан сері емес, сал-сері атанған өнерпаздың барлығы осы күйді кешкен. Жасында жасындай жарқылдап, ортаның сәні мен мәні, әні болып, шау тартқан шағында сопылыққа бет бұрып, тақуа тірлік ұстанды.

Сал-серілерді жұрттан бөлектеп тұратын бойларындағы айрықша қасиеттердің бірі ақындығы. Ақындық түбі білікте жатқаны айқын. Білімді адам тереңнен толғап қорытқан ойын сұлу сөз өлеңге орауды кәсіп қылады. Бұған ислам ғұламасы Қожа Ахмет Яссауидің жолы үлгі. Зерттеу барысында біз Қожа Ахмет Яссауидің сопылық-серілік жолын Түркілік Бекташылар тобы ұстанғанын жазған едік. Осы Бекташылар өнегесі қазақ серілеріне серпін бергені туралы пікірлер бар. Тарихат ғұламасы Яссауидің ақындығы белгілі. Яссауи мұрасы мен мәдениетін зерттеген А.Н. Самойлович 1909 жылы жазған мақаласында Яасауидің ақындығы туралы, Е.Э. Бертельс оның сопылық әдебиеттегі орнын бағамдаған [62].

Хожа Ахмет: «адам баласы өзі аңсаған мұрат-мақсатына жету үшін, сол мақсатын алдына махаббатты қойып, ең соңғы мүмкіндігі қалғанша жан аямай, шын беріліп іс істеу керек!», – деген идеяны уағыздаған адам. Бақытқа жету үшін үлкен қиыншылықтарды бастан кешіруден қорықпау керек деген батыл пікірді қолдаған адам [63].

Тақырыптың ауқымдылығы ойымызды шашыратып жібергенін мойындаймыз. Өнерге бай сал мен серінің шын бейнесін ашып, олардың қасиетін, ұстанған жолдарын бүгінгі жас өнерпаздарға, жеткіншек тұлғаларға өнеге қылғымыз ғана келген. Серілік дәстүрдің түп тамырын қазуды мансұқ еткенбіз. Олардың әлемнің әрбір жұртында болған қайсар жаратылыстығын айшықтауға күш саламыз. Осы ойымызды сабақтасақ, серілер жолы көптеген елдерде кездесетін тұлғалық көрініс. Әрбір этнос тарихында болып жататын жаугершілік немесе төңкеріс кезінде де көзге түсетін осы тұлғалар есімі. Еуропалық елдер мен шығыс халықтарының біразында ұлт тағдыры сынға түскен мезгілде алдыңғы қатардан табылатын осы ерлердің әрекеті тағылымға

толы. Көне Шумерлік тарихи-мифологиялық Гилгамеш туралы эпостан бастап, Ақан серінің жырына дейінгі аралықта ерлік пен өрлік, достық пен ынтымақтың алмайтын асуы жоқ екені толғанады. Қаншама ғасыр өтсе де адамзат пайымы, тірлік туралы түсінігі өзгермегені қайран қалдырады. Бүгінгі өркениет заманының білімдар пендесі мен бағзы дәуірдің сауатсыз, надан адамының тіршілік, өмір туралы пайымы бір арнаға тоғысып жатқанын қалай түсіндіруге болады. Өркениетті кісінің ойы басқа болғанымен, сойы, қалыбы өзгеріссіз. Ойы мен талабы дамыған пенденің тұрмысында ғана үлкен өзгеріс байқалады, ал тірлік туралы арман, мақсаты сол бағзы дәуір тұсындағыдан алшақ кетпейді. Бұдан, дүние дамып, адамзаттың ақылы шарықтап, ғылымы биіктегенімен адами қалпы, жан дүниесі сол қалпы, бағзы заманда қандай болса, бүгінде сол дәрежеде екенін аңғарамыз. Тіршілік бағында бүр жарған әр адам өз заманының ғана кейіпкері. Оның өткенге ой жүгіртумен ғана шектелері ақиқат. Ол өз тағдырына ғана егелік ете алады. Ол, өз әлінше әрекет етіп, Ахмет Яссауи тұжырымындағы «Алла Тағала ұсынған екі жолдың» бірінмен жортып, маңдайына жазылған жазмыштың соқпағында із тастайды. Серілер де сол, хал-қадірінше тырмысып тірлік кешеді. Бір айырмашылығы серілер саналы түрде елі мен жері үшін басын бәйгеге тігіп, намысы, ары жолында жанын қиюға даяр. Адам болып жаралған соң адамша өмір сүру парыз деген ой олардың асқақ арманы десек те болады.

2 САЛ-СЕРІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ

2.1 Отарлық саясат тұсындағы сал-сері өнерінің мазмұны

Адамзат баласы жаралғалы еркіндікті, еркін тірлікті қалағаны ақиқат. Еркінді бағытын сана еркіндігі, ой еркіндігі, тән еркіндігі, жан еркіндігі, рух еркіндігі деп, жүйелеп қарастырар болсақ осының бәрі сал-серілердің, ақын-жыраулардың болмысынан табылатынын көруге болады. Тірі пенденің ешбірі құл болғысы жоқ. Десек те әр халық, әрбір тұлға заманына, қоғамына сай ойының, санасының кеңдігін жасап баққаны тарихтан аян. Көне тарих қойнауынан жеткен мұраларға көз жүгірте отырып, адам деген ақылға дана тіршілік иесі тату ғұмыр кешудің озық үлгісін көрсете алмайды-ақ. Кейбір билеушілер тұсында ғана қой үстіне бозторғай ұялағаны болмаса, ғасырлар бедерінің бәрі қанға бояулы. Жерге, қонысқа деген қырқыстың жолы қысаң, ең көлемді жаулаушылық жорықтар билік үшін бақталастықтан туған шапқындар, билеушілердің арман, мақсаттары жолында бейкүнә халық, қарапайым сарбаздар зардап шегіп отырғаны хақ. Әлемдік аренада тайпалық құрылымдарды биікке бастап отырған қолбасшылар мен сол ортаның ақыл-парасаты мол заңғар перзенттері болды. Жаулаушы жұрттың тойымсыз билеушісінің қанды жолын кесуге бейбіт тайпа бас біріктіріп, араларынан қасқыр мінез, батыл да қайсар ұл-қыздарының жанына топталды. Одан пана күтті. Ығын саялады. Осындай шақтарда әдіс-айласы мен қулығы, парасат-пайымы келіскен тұлғалар барша жұртын азаттыққа, еркіндікке бастап, кейбір тұстарда өз өмірлерін де қиып отырды. Осындай қолбасшылардың жанында еңсесі түскен қалың көпшіліктің рухын көтеріп, сөзімен, толғауымен дем беріп отырған батыл да өжет шешендер мен ақын-жыраулар, сәуегейлер тобы қалыптасты. Әлгі қолбасшылар осы шағын топтың еркімен санасатын еді. Себебі, алдағы қиян-кескі ұрыс, шапқын аяқты аңдап баспаса, бұл тайпаны түп-тұқиянымен тегіс қырып жіберуі мүмкін болды. Бұған көптеген мысалдар келтіруге болады. Кіндіктен бойы асқан еркек кіндіктіні түгел қырған, екі қабат әйелді ішін жарып өлтірген де жауыздықтар орын алғаны ақиқат.

Жалпы, адамның жерге келгендегі миссиясының бірі жақсы ғұмыр кешіп, ізгілікті имандылықта тірлік атқару десек, осы бейбіт өмірдің берекесін кетіріп, аласапыран заман туғызған билеушілердің қылығын қалай түсінеміз. Бір қатыгез билеушінің кесірінен қаншама күнәсіз пенде, бала-шаға опат болады.

Исламдық түсінікпен шендестірсек бұның бастауы Абыл мен Қабылда жатыр. Інісінің дәрежесін қызғанған Қабыл, ақыры інісі Абылды өлтіріп тынады. Күллі адамзат сол қараниетті Қабылдың кіндігінен өрген деген ұғымға тоқталады.

Жаратушы адамды жаратқанда оның бойына ізгілік пен қоса көреалмаушылық, қызғаныш, пасықтық, қатігездік т.б. жаман қасиеттерді де құйып жаратқан ғой. Қожа Ахмет Яссауи айтқан ғой: «Алланың берген еркі өзіне дұшпан», – деп [64].

Академик Ғ. Есім Яссауидің осы ойын тарқата талдап, Адамға өз еркімен құлшылық жасамай, жалбарыну міндеттелсе, Алланың құдыретін тану болмас

еді. Онда таным орнына сенім орнығып, Алла еш шүбәсіз қабылданатын аксиома – шындыққа айналар еді, – деген ой қорытады.

Яғни, адамға сана, ақыл мен қоса таңдау да берген. Екі жолдың бірі – ақ, бірі – құрдым. Ақылға салып өзің шеш.

Пенде жастықта алаңғасарлықпен, жастық жалынмен көп қателіктер жасап, яки, жаман жолға түсіп, есейе келе сол жас уақтағы жасаған күнәларын жуып-шаюмен өтеді.

Расында, адамға ерікпен қоса ақиқат жолын танитын ақыл берілді. Адам – ақылды мақұлық.

«Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы,
Боқтан сасық, боласың өлсең тағы... [65].

Хакім Абайдың толғауы. Терең фәлсапа. Расында, адам боқ көтерген қап. Тәнді қимылдатып, шірітпей ұстап тұрған жан, рух. Жан шығып кетсе өлдің. Өлсең тәнің шіріп, сасиды. Тән қартаяды, тозады. Ал, жан қартаймайды. Өлгі, ақылды мақұлық – адам, жаны кеудеде тұрғанда тәнін қорғап бағады. Ақылымен жол табады. Нақтырағы, ақылымен жол табуға, ақиқатқа жетуге тиісті.

Біздің ойымызша, ақылды адам жарлы да, құл да болмайды. Мәмлүк Бейбарысты еске түсіріңіз. Ол басында Сұлтан емес-ті, құл еді. Құлдыққа күштеп ұстағанымен, ақыры билікке қол жеткізді. Мәмлүк мемлекетінің әскері орта ғасырлардағы екі ірі қолға – «крестілер жорығы» мен моңғол басқыншыларына тойтарыс берді. Бейбарыс – қатардағы құлдан Мәмлүк мемлекетінің сұлтаны дәрежесіне дейін көтеріле алған адам. Мәмлүк мемлекетінің іргесін Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбар мұрагерлерінің арасындағы көпжылдық қақтығыстар мен қызу тартыстардан кейін оның қызы Фатима мен күйеу баласы Ғали Арыстан қалады [66].

Бейбарыс сұлтан ат ойындарын, аңға шығуды, сайыстарды ұнатқан. Қайырымдылығымен һәм діндарлығымен елге танылған қаһарман. Қаны Қыпшақ-Түркі Бейбарыс сопылық бағытты ұстанғаны хақ. Бізге жеткен тарихи деректерге қарағанда серілік үрдістің шылауында болған сопы, пәк-таза болмысты тұлға.

Ғ.Есім Ахмет Иассауидың пікірлеріне талдау жасай келіп, былай дейді: «Ахмет Иассауи көшпенділер тұрмысына болмаған жаңалық әкелді. Ол сопылық философия, тақуалық дүниетаным» [64, б. 55].

Яссауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам «кемелдікке» жетуі үшін ілім теруі қажет. Бейбарыс осы қажетті ілімді игерген кемел адам деп түйсінеміз.

Орта Азия сопыларының басты пірі – Қожа Ахмет Яссауи болған деседі. Яссауи ақын ғана емес, түркі сопылық тариқатын қалыптастырушы, әрі түркі сопылық поэзиясының негізін салушы. Яссауидің шәкірттерінің қабілеттісі – Бекташ екен. Қазақтың сал-серілерінің пірі – осы Бекташ деп түйеді Т.Әсемқұлов. (Осман империясында Яссауи мен Азия сопылары қадірлі

жандар. Қазіргі Стамбул, бұрынғы Византияның астанасы Константинопольді жаулаған әскердің алдыңғы легі тұтастай Қожа Ахмет Яссауидің жаужүрек шәкірттері болған деседі).

Басқа да Яссауи жолын ұстанған шәкірттері қатарында Садр Ата, Бадр Ата, Қажы Бекташ Әулие, Сары Салтұқ, Шейх Лұқпан Перенде сияқты тұлғалар аталады. А.Беннигсон Қожа Ахмет Ясауидың Шопан ата және Зеңгі Баба атты да шәкірттерінің болғандығын айтады [67].

Ә. Марғұлан Сары Салтұқты – Шашты Әзіз деп таниды. Баба Түкті Шашты Әзіз. Осы, Шашты Әзіз қазақ ерлік дастандарында көптеген басты кейіпкер – батырлардың пірі болып келеді. Қазақтың көне батырлық жырларында Шашты Әзіздің есімі үнемі құрметпен аталып, ардақталып отырғанын айттық. Сары Салтұқ – Шашты Әзіз Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті болса, біздің батырлар да сопылық бағытты ұстанған деуге саяды.

Қазақ серілерін де ғалымдар көшпенділердің аристократ нояндар әулетінен шыққан деп таниды. Рыцарьлар әрі мерген, әрі палуан болуы тиіс болды. Мінез-құлқы да өзгеше көрінетін. Олар соғыста батырлық пен ерліктің үлгісін көрсетуімен ерекшеленді. Рыцарьларда сұлу әйелге табыну салты болды, – деген пікір бар. Франциядағы Куси замогі (жаңғыртпа), Осман империясындағы «сипахилер», Жапониядағы «самурайлар» ортағасырлық Батыс Европадағы рыцарьлар... бәрінің ұстанымы, тағдыры ұқсас еді [68]. Әлемнің ең романтикалық аңызына арқау болған «Ғибадатхана рыцарлары» атанған «Тамплиер Ордені рыцарлары» [69], Кейіннен (1456-1466) Польшаның вассалына айналған Тевтон ордені, Ливон ордені рыцарлары [70], – бұлардың атауы өзгеше болғанымен атқарған қызметінде көп ерекшеліктер байқалмайды. Бәрі де жауынгер нояндар.

Ресей, Түрік империялары дәуірінде, ХҮІ ғасырдан бермен, билікке мойынсұнбай, Дон, Кубань аймағын еркін жайлап, ән-жыр, ат спортына үйірсектеп, серілік дәстүрдің шеңберінде ғұмыр кешкен «казактар» (еркін адамдар) жұрты еді. Иван Грозный ғасырынан беріде, Ресей патшасына қызмет етіп келген казактар әуелгі ғұрпы өзгеріске ұшырайды, дегенмен, казактардың ат өнеріне машықтығы, қылыштасу мәнері, сұлу да ырғақты ән-саздары – бұрынғы серілер заманының қалдығы секілді көрінеді.

Салдар кім, серілер кім, – деген заңды сұраққа нақты жауап ретінде ойымызды көптеген отандық ғалымдардың (А. Жұбанов, Ә. Марғұлан, М. Мағауин, Е. Исмаилов, А. Сейдімбеков, Е. Тұрсынов, т.б.) еңбектеріне сүйене отырып қорытамыз. Ол жағына келгенде біздің пікіріміз Т.Әсемқұловтың зерттеулеріне маңайласады. Т. Әсемқұлов адамзат қазақтың арғы тарихынан шым тарта келе, бұдан бірнешедеген ғасырлар бұрынғы бағзы дәуірлерде де дүниенің осындай күрделі құбылыста өрбігенін айтады. Ол дәуірлерде де жер жүзінде көптеген қалалар болған, ғажап тірліктер атқарылған. Бүгіннен айырмасы – ол кезде нәсілдер, милләттар, халықтар болмаған. Әулеттер салтанат құрған. Көне үндінің жазба тілі санскритте бұны «варна» дейді. Голландияның ғалымдары «каста» деген терминді пайдаланады. Қазақ ұғымына жақыны «әулет» сөзі. Бұндай әулет төртеу екен. Біріншісі, және ең

жоғарғысы – брахмандар, бізше сахабалар, абыздар әулеті. Бұлар Құдаймен, яғни Абсолютпен тілдеседі, фәни дүние жайында көп ойланбайды, санасы, ынтасы бақиға бағышталған. Екіншісі «кшатрийлер» – әскери әулет. Бұлар бақи жайлы көп ойланбайды, бар керегі фәниде. Әрекетке жақын бұл қажырлы әулеттен әлемді билеген патшалар шыққан. Үшінші әулет – «вайшьялар», еңбек адамдары, қолөнершілер, саудагерлер, т.т. Төртінші әулет – «шудралар», ең төменгі тап [71].

Ғалым серілерді осындағы әскери әулет – «кшатрийлерге» жатқызады. Бұлар серілер. Ал салдарды басқа да зерттеушілер жоғары сатыдағы адамдар қатарына топтайды, яғни абыздар әулеті. Бұған келгенде біздің зерттеу бойы тынбай жазған ойымыздың бағыты дұрыс деген тоқтам жасауға келеді. Салдар абыздар әулетінің, серілер әскерилер әулетінің адамдары. Осылай тұжырамыз. Демек, сал дегеніміз талғаммен киінген, кербез де ойшыл өнерпаз. Салдарға зиялы орта да құрметпен қараған. Ал, серілер, жоғарыда айтқандай, әскери-өнерпаз топ, жаугершілік тоқтаған бейбіт заманның қорғаушылары. Қаруды домбыраға айырбастап, сайранға көшкен еркін топ.

Ертеректе осынау әскери ұлыстар, барған жерлеріне тастай батып, ассимиляцияға ұшырап кірігіп кетіп отырған сияқты. Жалпы Батыс Еуропа рыцарьлық тарихы тамплиер орденінің күйреуімен сабақтастырады. Ал Шығыс Еуропадағы серілердің тарихы ХІХ ғасырға ұласса керек. Белгілі мәскеулік дәстүршіл ғалым Роман Багдасаровтың пікірінше, бірде запорож казактары, бірде черкастар деп аталатын украин әскер жасақтары Польшаның, Осман империясының және Қырым хандығының соққысына шыдамай тоз-тоз болған әлдебір рыцарьлық орденнің қалдықтары [72].

Қазақтарда серілердің болмысы, сыртқы көрінісі өзгешелеу. Көшпелі тайпалардың дені жауынгер әулеттерден тарайтыны іспетті, қазақ әлеуметі тегіс әскери ұлыс деуге келеді. Шыңғыс ханға дейінгі, және одан соңғы жаугершілік парасын зерделеген зерттеушілер көшпенділерге қатысты «әскери-халық» («народ-войско»), «мәңгі ел» («вечный народ» немесе «вечный народ — войско») деген терминдерді пайдаланады.

Алтын Ордадан кейінгі қазақ тарихында профессионал әскери кісілер жасақтаған «Үш қиян» атты серілік орденінің болғандығын жеткізеді С. Қондыбай.

Сал-серілер табиғаты мен шығу тегі жағынан жауынгерлер, яғни, әскери аксүйектер. Жауынгерлік жолдың екі негізгі архетипі бар - Махаббат пен Өлім (Фрейд бойынша Эрос және Танатос) [26].

Мифологияда Эрос – өмірді қалаушы, Танатос – өлім құдайы. З. Фрейд «Өмірдің мақсаты – өлім» деп тұжырады [73].

Бірде, бүгінгінің абызы, жырау Алмас Алматовпен сұхбаттасқанымызда «жеті өлшем» дегенді айтты. Ертеде, – дейді Алмас жырау, біздің арғы бабаларымыздың заманында «жеті өлшем» деген түсінік болған. Жеті өлшемге – мәрттік, бекзадалық, тектілік, жомарттық, батырлық, байлық, сакилық секілді қасиеттер жатады. Осы жетеуін ұстап тұратын білім керек. Білім дегеніміз – иман. Осы жеті өлшем бойынан табылған, яғни осы қасиеттерге лайықты кісіні

көпшілік ардақ тұтып, хан көтерген. Осынау тұжырымның тереңіне бойласақ нағыз тұлғалық бейнені көреміз.

Осы ойды Л. Толстой «Соғыс және бейбітшілік» романында әлдебір жаңылыс басып тақуалыққа бет бұрған кейіпкерінің тағдыр-талайында жақсы талдайды. «Франк-масондар» тобына мүшелікке кірген масон әрбір өзін өзі тәрбиелеуі тиіс жеті шарт: 1) кішіпейілділік, орденнің ғұрып-салтын орындау; 2) орденнің жоғарғы шендеріне бағыну; 3) жақсы мінез-құлық; 4) адам баласын сүйу; 5) ерлік; 6) жомарттық; 7) өлімге деген махаббат, – деп келтіреді [74].

Адами түсінік туралы мәнді шығармалар қалдырған абыз Толстойдың жеті шартының өзегі адами жақсы қасиеттерге толы. Соңы өлімге деген махаббатпен бітеді. Сонда серілердің әрекеті З.Фрейдтің тұжырымына сай келеді.

Қаһармандық дастандарда батырлар шайқаста өлуді арман тұтады. Ержүрек жігітке үйде жатып көз жұму қорлықпен тең. Гераклит: «Өлім қаншама даңқты болса, оның берер абыройы да молырақ, – дейді Гераклит, ең үздіктер бір нәрсені барлық нәрседен артық көреді: мәңгі даңқ оларға барлық азып-тозатын нәрседен қымбат» [75]. Мәңгі даңқ деп отырғанымыз ерлікпен өлімге бас тігу. «Азып-тозатын нәрсе» дегеніміз қарапайым тірлік. Қазақша дүниетанымда от басы, ошақ қасынының күйбең тірлігі. Ерлердің ісі ерлік істер атқару. Мақсат тым жоғары, қазіргі тілмен айтқанда «отан үшін отқа түс, күймейсің».

Мишель Фуко былай дейді. «Өлім мен өмір билік ету құқығына ие. Билік – ең алдымен затты, уақытты, денені, ақыр аяғында өмірді тартып алды, оның шарықтау шегі басып-жаншу үшін өмірге иелік ету болды» [76].

«Жорықта ал, – деп, – жанымды!», Алладан тілек қылғанмын», – дейді батырың [77].

Бұл ерлердің жолы. Саналы адамға мына жарық дүние тар. «Бұл дүние абақты ғой саналыға», – дейді Мағжан, «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда», – дейді Абай. Қызығы жоқ абақты дүниеден о дүниеге көшу азаптан құтылумен тең. Бұл іңкәрлік. Аллаға ғашықтық. Санасы ашық, білімдар пенделер бас еркіндігіне ғана қол жеткізіп қоймай, жан еркіндігін, ой еркіндігін аңсаған. Сопылық бағытта бұларды «дәруіш» дейді. Дәруіштер дүниәуи нәрселерге қызықпайды. Байлық, дәулет, қымбат киім, атақ, даңқ т.б. пенделік дүниелердің бәрін тәрк етеді. «Қамшының сабындай қысқа өмір» өткінші. Мәңгілік бақ, мәңгі тірлік ана жақта, өлгеннен соңғы өмірде, жұмақта, хор қыздары да сол жақта. Мына тіршілікті күнәсіз өткізу парыз. Сол үшін күллі тіршілік қызығын тәрк етеді.

Ал серілер пайымында Алланың берген таланты сақи өнер жолы нағыз тірліктің төресі. Өнер жолында Мұхит Мерәлиев төрелікті тәрк етсе, Жаяу Мұса байлықтан сырт айналды. Байлық деген атақ, даңқ. Біреулер көл-көсір байлығымен қатарға қосылып, даңқын асырған. Қазақтай көшпенді тірлік кешкен жұрттың байлығы – төрт түлік малы. Сондықтан қазақ, саулық сұрасқанда «мал-жан аман ба?» деп сұрайды. Алайда, мал – бір жұттық. Қарабайлар бір қыста жұтап, түгерге тұяқ қалмай, құрық ұстап қалуы әбден

мүмкін. Бәрі бір Алланың қолында. Адамның мерейін асыратын да, төмендететін де бір Құдірет. Бір Құдірет – Алла Тағала, яки Тәңір. Нағыз талант – өнерпаздардың ойы осы. Сондықтан олар ой еркіндігін, жан еркіндігін қалаған. Жолындағы кедергілерге қарамай соған ұмтылған. Сары даланы еркін кезіп, жан қалауынша серуендеп, әнін сұңқардай еркін самғатуды ғана көздеген. «Көрмейсің бе, адам жалаңаш туады, жалаңаш көмеді, дүние жинау не үшін керек, қайта тастап кеткен соң?», – деген оймен ғұмырын өткізген. Түсінген жанға нағыз сақи тірлік [78].

Біржан сал, Ақан сері, Иманжүсіп, Мәди, сал Мұхит, Ешнияз сал, Жаяу Мұса, Қайып, Молдабай, Сары Батақұлы, Аманғали, Құрманғазы секілді өнер иелері тек әнші, күйші, композитор ғана емес еді. Олар, халқының панасы мен данасы – жабыққанды жебеген, тарыққанды демеген, зарыққанды сүйеген көптің қамқоры, әлсіздің қорғаны болған батыр да, өткір адамдар еді. Қызыл тілмен осып-осып айтып, сараң, қатыгез, қаныпезер жандардың жөнге салып отырған парасат иелері-тұғын. Осынау, серілердің бар байлығы өнері, қолпаштаған халқы, еркіндігі ғана болғанға ұқсайды.

Ғарифолла Есім Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» кітабына ой жүгіртіп, «құт» деген сөзге мынадай анықтама беріп өтеді: «Өзекті жанға өлім барын білген есті болса керек. Сонда есті адам қандай қарекет етпек? Ғұламаның насихаты – білімді болу. Білімді адам «дәулетті» «байлықтан» ажырата алады. Ақылды адам дәулетті қажет етеді. Ақылсыз, ынсапсыз жан байлықтың құлы болмақ, сонда «дәулет» деген не? Дәулетті болу тек бай болу емес, ол білімділікті, есептілікті қажет етеді. Дәулет – ғұмыр сүру үшін, ахирет қамын ойлау үшін жасалған мүмкіншілік. Дәулетті адам деп иманы бар жанды айтады. Меніңше, дәулеттің «құттан» да ерекшелігі бар. Демек, түркілер адамның дүниеге келуін «құт» деп түсінген [64, б. 54].

Отарлаушы империяның құрсауына түскеннен соңғы қазақ ұлтының бас еркіндігі шектелді. Көлденеңнен заңдар шықты. Ол заңдар жазылмаған далалық заңымен өмір кешкен абақтысы жоқ еркін елдің тіршілік формасын түбегейлі өзгертті. Бекзат ұлыстың сөзі де, ісі де шектелді.

«Еркін адам дегеніміз — өз қалауымен, өз заңдарымен өмір сүретін адам» [79], – дегенге сүйенсек, ықпалы күшті империяның тезіне түсіп, отарлық қамытын киген жұрттың басына қара бұлт үйірілген еді. Жаны қысылған көпшілік озбырлыққа арша тұрар пана іздей бастады. Жүректі де білекті, айбынды ерлерінен демеу тіледі. Сергелдеңге түскен әлеуметтің жел жағына ықтасын болар пенде – серілер болды. Жадап-жүдеген халқының мұң-зарын айтып, жоғын жоқтағаны үшін серілер қуған көрді. Оларға, ұры-қары, бүлікші дегендей түрлі жала жабылып, ортадан аластатылды. Қарапайым көпшілік қанша жала жабылса да оларды аспанға көтере қадір тұтты. Ондай тарпаң ерлер заңға бағынбады. Өздерінің ойымен, бұрынғы сардар бабалардың сара жолынан жаңылмаған «аламан топ» атанды. «Аламан деп, тәртіпке, жолға, низамға көнбейтін, өз дегені болмаса басқаны елемейтін топты айтады» [45, б. 147].

Философтар ойынша «Еркіндік деген бір нәрсені қалау және қалаған нәрсенді, егер оған еш нәрсе тосқауыл болмаса, орындау деймін. Құдай адамды осындай шеңберде ғана жаратты, соны қанағат тұту керек» [80].

Басының азаттығын аңсар тұтқан серілер жаңа низамның отырықшылық саясатына көнбеді. Салт атпенен сары даланың төрінде еркін көлбеп, шырқап ән салып, қырандай қалықтауды мақсат қылды. Далалық перзенттер аттан түсуді еркіндіктен біржола айрылу деп түйді.

«Ауқатты қырғыздардың (*қазақтардың – автор*) неліктен ешқашан егінші болмайтындығын түсіну оңай. Олардың көне аңыздарында «қазақтар үйлерге қоныстанып, егіншілікпен айналысқан уақыттан бастап еркіндігін жоғалтады» делінген. Бұл аңызды башқұрттардың қазіргі тағдыры растағандай» [81].

Қазақы ұғымда жылқы малының орны биікте. Жылқыға мініп шапқанды құстың ұшқанына балаған. Жүйрік атпен шапқанда «Құстай ұшты» дейді. Сан түрлі өнер иелері салдар мен серілердің бір қыры осы жылқы құмарлығы. Жаугершілік заманда ту алған батырларға тұлпардың қажеттігі зор болды. «Жүйрікте де жүйрік бар, қазанаты бір бөлек» демекші, бірнеше күн ат үстінде жорытатын қажырлы ерлердің тақымына ерге сай қайратты ат қажет болды. «Ат – ер қанаты» деудің жөні солай. Кейінгі беймарал дәуірінде де серілер жүйрікті баптап мініп, бейбіт сынға түсті. Жылқыны тұрқына қарай таңдап, баптап мініп, талайды тамсандырды. Серілердің аттары да өздеріне сайма сай келді.

Торыны таң асырып мінген қандай,
Үкілеп, әсемдетіп жүрген қандай.
Тұсынан қызды ауылдың ән шырқатып,
Сыбанып, ақ білекті түрген қандай...
Шылбырын сал торының қызға беріп,
Шақшаны қағып-қағып атқан қандай... [82].

Бұл Ақан сері. Кербездік, көркемдік, әсемдік, ерлік, өрлік, сылқымдық т.б. сұлулыққа тәнті нағыз серінің сөзі.

Табиғатпен біте қайнаса бітісіп кеткен көшпенді жұрттың бар болмысы жаратылыстың әр бөлшегіне сіңісіп, астасып жататын. Аңмен аңша, құспен құсша түсінісіп, жануарлармен адамша достасып, өзен-көл, қырқа-тау, өсімдіктермен сыбырласа сырласып жүретін. Мысалы, жануарда итті, жылқыны, өсімдікте жусанды, қызғалдақты, анда қасқырды, құста ақсұңқарды, үкіні ерекше кастерлеген. Қазақ айтар еді: «Адамның иесі, малдың киесі болады» деп.

Жылқының алғаш қолға үйренуі қазақ даласы деп жүрміз. «Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді» [83].

Адамзат баласы өзінің тарихындағы дамуы үшін жылқыға қанша қарыздар болса, жылқы малы да өзінің бітім-қасиеті үшін адамға сонша қарыздар, – дегенді естуші едік. Қазақтың мықты ұлт болып қалыптасуына жылқы малының ролі мықты.

«Сәйгүлігін жаратып, жал-құйрығын таратып» мінер ерлер қазір де бар. Жылқыдан басқа көлігі жоқ бағзыда, бүгінгілердің машина таңдағандарындай таңдап, жүйрігін, белі мықтысын, қайраттысын тақымдау ердің ісі. Тарихтың атасы Геродот сақтар жайында: «Найзаның, жебенің, айбалтаның ұшы мен жүзін жезден жасайды да, дулығасын, белбеу мен кісесін алтынмен аптайды. Олар аттарына жезден өмілдірік-қап кигізеді. Жүгенін, ауыздығын алтынмен жалатып, өрнектеп қояды», – депті [84].

Тарихтағы сақ жауынгерлерінің ат-әбзелдерімен қоса жерленуі дегенге тән дүние. Мұны Я. Құмарұлы сабақтап: «Мұндай әсемдеу бұған дейін еш аймақта болмағанын, бұл үрдіс сақтардан, тұтас Еуразияның шығысынан батысына кеткенін, тіпті терістік Африкаға дейін жеткенін жазады. «Сақтардан таралған батыр серілік қиыр шығыстағы Қытайдың орта жазығына қытайлар алғаш ғұндарға еліктеп «ғұнша киініп, ғұнша атты жасақ жасақтаған» Жанго заманының (б.з.б. 475 ж.-б.з.б. 221 ж.) соңғы кезінде жетті», – деп бір түйеді, ол [85].

Я. Құмарұлының «бұл үрдіс сақтардан, тұтас еуразияның шығысынан батысына кеткен, тіпті терістік Африкаға дейін жеткен» деген тұжырымын оң көріп, осы жолды жалғасақ серіліктің кейбір ерекшеліктерін европалық рыцарлардың төңірегінен аңғаруға болады. Әйтседе рыцарьлар ғұмырының да, біздің серілік үрдіске ұқсас тартатын жерлері барын тани аламыз.

Қазақтың жауынгер ер жігіті сырт келбетін әсемдеп ұстап, астындағы атын да сәндеп мінген. Әрі, қай ер, батыр болмасын өнерден құр алақан болмаған. Яғни, өнерсіз сері тұл саналған. Сондықтан қазақта көне дәуірлердің батырлары сері, жырау атанса, кейінгі бейбіт заман салдығы мен серілігі ақын, әнші, күйшілікке ұласқан. Десек те, ер азамат, серілер сәйгүлік баптап, жүйрік тұлпар ұстауды тастамаған. Бұл үрдіс технологиясы жетілген күні бүгінге дейін солай болып отырғанын көзіміз көруде.

Ежелде, жылқы-сәйгүлік батырдың жан серігі, жолдас-досы, көлігі, жауға шабар қуаты, алысса қайраты, жарысса жүйрігі, тіріде тамыры, көрде жарығы саналған.

Атпен өнер көрсету сал-серілердің біразына ортақ болған. Жетісу өлкесінің атақты күйшісі, сері Байсерке(1841-1906) атпен алуан еліктіргіш ойындар қоятындығы М.Танекеевтің жазғандарынан белгілі [86].

Балуан Шолақ – Нұрмағамбет Баймырзаұлы (1864-1919) балуан, сазгер-әнші, сері-саятшы, атбегі-шабандоз – өзінің өлеңінде аты туралы былай дейді:

Ақбоз аттың өнері болды басым,
Домалар өрге қарай тепкен тасым.
Жасынан тіл үйренген тұлпарым-ай,
Көзімнің тыя алмадым аққан жасын [87].

Этнограф Ә. Диваев: «салдың аты неше түрлі ойынға үйретілген болады. «Сал, ойыныңды көрсет, алдыңнан жау таянды, артыңнан қыз таянды», – дегенде аты мойнын жерге салып шабады. Жарты шақырым жерге барғанда қыздарға аяғын бүгіп, басын иіп тағзым қылады екен. Қыздарға өнерінді көрсет дегенде, алдыңғы екі аяғын көтеріп, артқы екі аяғымен басып, шаншылып тұрады екен. Шөк десе, түйеше шөгіп жатады» [88].

Мысалы, Қазақстанның батыс өңірінде Ақтөбе даласында ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Зәкәрия деген ақын, әнші, жыршы өткен. Зәкәрия Сағындықұлы (1890-1933). Бұл бір әйдік сері болғаны ақиқат. Серіліктің бір қыры саяткерлігі, атқұмарлығы – яғни, тұлпар баптап, топ жаруы. Зәкәрия да жүйрік баптап, талай ірі астардың жеңісін қанжығаға өңгерген атбегі-тұғын. Тұстасы әрі туысы Талпақ екеуінің баптаған тұлпарларының топ жармаған кезі сирек көрінеді. Талпақтың «Көгі», Зәкәрияның «Шұбары» қосылған аламан жүлдесінің өзгелерге бұйырғаны шамалы деседі. Бұл жерде Талпақтың да, Зәкәрияның да ат тандауына еріксіз бас шайқайсың. Зәкәрия Шұбар атты аулына келген нағашысының астынан көріп жата жабысады.

Зәкәрия серінің көзін көрген қарттардан естіп қалғанын Аққожа ақын былайша жырлайды. Зәкәрияның нағашысы Бекше бір бәйгеден жүлдемен оралып, жолда апасына сәлем бермек оймен жиенінің үйіне соғады. Нағашысының астындағы атты көрген Зәкәрия «қалағаныңды тауып берейін, маған Шұбар атыңды бер, – деп қолқалайды. Нағашысы келіспей өз жөніне кете барады. Салы суға кеткен Зәкәрия үш күн бойы нәр татпай жатып алады. Бірер күн баласының қасқабағына қарап отырған анасы: «Құлыным, саған не болды? Бір жерің ауырып жатыр ма? Үш күннен бері асқа жақындамадың ғой», – дейді. «Шеше, менде нағашы, сенде бауыр жоқ екен», – деп шорт кеседі сонда ұлы. Мән-жаймен толық танысқан шешесі үн-түнсіз үйден шығады да, сыртта байлаулы тұрған қара жорғаға мініп алып, шаба жөнеледі. Сол шапқан күйі Жем өзені бойында алаңсыз кетіп бара жатқан інісін қуып жетіп: «Балама Шұбар атыңды беріп, қалағаныңды ал. Болмаса, мені осы жерде өлтіріп кет, екінің бірін таңда», – дейді. Қазақы мәрттікті танытқан апасының сөзін екі етпей Бекше, қайта келіп, жиеніне: «Қойларыңның ішінен төрт жүз ісек бересің, оның екі жүзі қара, екі жүзі қызыл болсын», – деп шарт қояды. Зәкәрия қойларының ішінен бар болғаны жүз елу-ақ ісек шығады.

Ат десе ішкен асын жерге қоятын Зәкәрия дереу рулас ағасы Талпақ Жұбанұлына кісі жіберіп, екі жүз елу қоспасыз ісек тауып беруін өтінеді. Талпақ лезде екі жүз елу ісек тауып, бұған айдатып жібереді. Осылайша Зәкәрия нағашысынан Шұбар атты қалап алады. Шұбар ат Зәкәрияның пырағы болады. Бұл оқиға жігіттің жылқыға құмартып қана қоймай, оның тұлпарды тұлғасынан танитын көкіректегі серілікке тән сәулесін аңғартпай ма?

Осынау Шұбар аттың талай аламанның алдын бермегені бізге жеткен ақпарлардан белгілі. Осы оқиғадан кейін ел аузында Зәкәрияға әзілдеп шығарған: «Баласы Тұрғияздың өңшең қаққан, Айрылып бір мың қойдан

Шұбар баққан», – деген өлең кең тараған. Ол байлық қумаған. Оған мысал: Арғы атасы Жұбанның баласы Шамға 1922 жылы алты жүз үй тігіліп, бас бәйгеге елу жылқы бөлініп үлкен ас беріледі. Осы аламанда Шұбар жеке келеді. Бірақ ақын бәйгеге тіккен ірі жүлдені алмай, ошақ басына қалдырып кетеді.

Зәкәрияның серілігін, ел ішіндегі құрметін аңғартатын мұндай уақиғалар тізбегі молынан кезігеді.

Ат құмарлық, сан қырлылық салға да, серіге де қатысты дүниелер. Сырттай қарағанда ұқсас көрінгенімен, сал мен серінің өнерпаздық тұлғасында бірталай айырма бар. Бұл олардың өнер туындыларына да, өмір кейпіне де қатысты.

Сал, әдетте, дулы күн кешеді, төңірегі қосшы серкітер – әнші, күйші, масқарапаз, күлдіргі немесе жай ғана қошеметші жұртқа толы. Салдың өзі бастап барлық серіктері әлем-жәлем, ерекше пішімде киінеді, бұлардың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы тегіс еркелікке, әуейілікке бейім, тіпті тентектікпен астас, қайткенде де әдепкіден өзгеше келеді. Атты шеру түзеп, ойын-сауықпен күн кешкен салдар, әрине, көлденеңнен көзге ұрар әлекей-шәлекей киімімен де, өзіне ғана тән, айрықша сырбаз, дархан өнерімен де жұртты таңырқата, тіпті табындыра алатын озық бітімді жан болуға тиіс-ті.

Ал сері сәнмен, әсем әрі қымбат киінетін, төңірегіне әнші, күйшімен қатар, балуан, білекті, мерген, құсбегі, атбегі жігіттерді топтайтын. Салдың қилы кейіпті, қырық құрау, даңғазалы тобына қарағанда серінің нөкерлері сандары да аз, сыртқы түрлері де жинақы, тым сыпайы келетін [89].

«Дайын театры жоқ, дайын профессионалдық артистері жоқ қазақтың көшпелі кезінде ақын, әншілер елдің ойын-сауығының дархан еркесі, көңілашар өнерпаз бұлбұлы болды. Сонда халық, әсіресе жастар бірыңғай түйдектеп айтылған сөзге місе тұтпай, бірмезгіл басына құндыз бөрік, үстіне жібек шапан, кең балақты ұзын шалбар киініп, сән-салтанатын түзеп, шырқап ән салған әншіні тыңдауға құштар болды. Біржан сияқты сал-серілер халықтың осы бір көркемдік талғамын ескеріп, поэзия мен музыканы, әшекей, қимыл өнерлерін ұштастырып, дамыта отырып, сал-сері пішіндегі ақынның салтын қалыптастырған [90].

Мынау пікір сал-серілердің айрықша шоғырын, олардың оғаштау әрекеттерін өзгеше ақындық салтқа балайды. Сал мен сері екеуі екі басқа өнерпаз, жолдары ұқсас болғанымен түпкі болмысы бөлектеу деген қағида бар. Бұған жауапты бізге дейінгі зерттеушілерден іздеп көрелік. Сал мен серінің кейінгі бейнесін қалыптаған ғалымдар, жиһанкез-қаламгерлер көзбен көрген, көңілге түйгендерін қалыптап, әрқайсы әрқалай ой қорытады.

«Халық есінде аттары қалған серілерді салдардан айыратын екі-ақ нәрсе бар: біріншіден, серілердің жүріс-тұрыстарында көзге ерсі көрінетін қылықтар болмаған. Серілердің бойында алғырлық, кербездік, жомарттық, ақындық, сыпайыгершілік бір жерден тоғысатын» [91].

«Сал» типінің Еуропадағы «шут» типтерімен ұқсас жақтары да бар. В.В. Радлов «Сал – буйный, вздорный человек, одетый вроде балаганного шута», – дейді [9, с. 3-29].

Саяхатшы А. Евреинов: «Қазақтар көңіл көтергенді ұнатады, түскі астан соң, бәріміз кейін ысырылып, жантайып жаттық, бізді алба-жұлба киінген қу тілді әрі әнші өзінің әзілімен, әңгімелерімен күлдіріп, көңілімізді аулады. Қазақтар арасында осындай кезбе адамдар болады екен, олар той жоқ кезде ауыл-ауылды аралап, би билеп, күлдіргі әңгімелер айтып жүреді, олардың әрқашанда тамағы тоқ, киімі көк, әзілкештің бала-шағасы да жоқшылық көрмейді екен» [92].

Өз сарайларында түрлі әзілкештер ұстаған патша, бекзаттар туралы мысалдар дүниежүзілік тарихта көп-ақ. Орта ғасырлардағы Европа корольдері мен үлкен дәулетті адамдардың қарамағында «шут» аталатын қызметкерлері болған. Ресейдегі патшалардың сарайларында ертеден-ақ «шут», «дурак» тәрізді қызметкер ұстау дәстүрі бар, бұл әсіресе, Михаил Федорович, Петр I, Анна Ивановна таққа отырған кезде кең орын алған [93].

Көшпенділердің патшасы Еділдің (Атилла) ордасында да әзілкештер болғаны тарихи жазбалардан белгілі [94].

Орыс зерттеушісі П. Морозов скоморохтардың сан алуан өнер түрлерін біріктіретінін, олардың құрамында музыканттар, бишілер, әнші, фокусниктер, акробаттар, қуыршақ аю ойынын көрсетушілер және қуақылардың болатынын қысқаша айтқанда, бұл кәсіптің түрлі сипатқа ие екенін атап көрсетеді [95].

Ғалым Е.Исмаилов «сері» сөзінің бірнеше мағынасына тоқтала келіп, араб тілінде сир(сейір) серуен, сайран салу, ал телеуіт, шор т.б. тілдерде сарнау, өлең, ән айту «Кодекс Куманикусте» «сері» (шері) сөзі мағынасында қолданылатынын жазады [7, б. 36].

Е. Тұрсынов түркі тілінде «әскер», «қол» мағынасын білдіретін «черик» сөзімен түбірлес «сері» сөзінің түпкі мазмұны «жасақ құрамындағы жауынгер», «жасақшы», «жорықтағы серік» деп болжам жасайды [13, б. 146].

В. Радловтың айтуынша бұрын қазақ тілінде «чура» /шура/ сөзі жасақ, жауынгер деген мағынада жүрген [8, с. 17].

Бұл енді «шора» деген сөз ғой. Бұл сөз әлі де ел арасында қолданысқа ие екені анық.

«Сал» сөзі қырғыз тілінде жайсаң, жас, қайратты жігіт, «сал манап» өз уақытын мерекемен, тентектікпен өткізетін жігіт (әміршінің, байдың балалары) деген [10, с. 3-29].

Осы сөзбен түбірлес якуттың «цаалы» сөзі еркіндік, өз бетімен, қалауымен жүру [96], ал түрікменнің «саллах» сөзі бойдақ, үйленбеген жігіт деген ұғымды білдіреді [97].

1866 жылы қазақ даласына келген жиһанкез-журналист И. Пашино (1836-1891) «Қазақтарда ауыл-ауылды аралап жүріп, бүкіл өмір бойы ән салып өтетін әншілердің ерекше тобы бар», – дейді [98].

1881 жылы қазақ жерін аралаған француз ғалымдары А.Капю(1853-1922) мен Г. Бонвало (1853-1933) ауылға сері, әнші жігіттің келуін, оның өнерін көпшілік қалай құрметтегенін сүйсіне сипаттайды [99].

А. Добромыслов пен Ә. Диваев «Туркестанские ведомости» газетінде жариялаған мақалаларында қариялардан естіген салдардың мінез-құлқы, киім-киісі, салдық құру дәстүріне тоқталады [100].

Театр – драмалық халық ауыз әдебиетінен бастау алатындығына зер сал С. Мұқанов, Ш. Хұсайынов, Ы. Дүйсенбаев сал-серілік өнер де ойын-сауықтың, көпшіліктің сахнасы қызметін атқарғанын баса көрсетеді [101].

С.Қасқабасов сал-серілер өнерін кәсіби театрдың алғашқы баспалдақтарын жасаушы ретінде бағалайды [102].

Салдардың бір өзгешелігі түрлі кейіпте киініп, елден ерек көрінуі. Мысалы аққу кейпіне енуі. Құс әлеміне тылсым оймен бойлау, табиғат құбылыстарынан құпия сыр іздеу, перілер әлемі, рухтың мәңгіліктігі мифтік құбылысқа негіз болған ұғым-сенімдер. Мифтік сананы көркемдік тұрғысынан бар болмысына сіңірген ертегі-аңыздарда пері қыздары құс кейпінде көрінеді. Көбіне аққу кебін киеді. «Кер Құла атты Кендебай» ертегісіндегі пері қыздарының аққу кейпінде келуі соған дәлел. Кендебай кенже қыздың бір кебісін алып қалады. Кенже қыз кебіске аландап, адамзат сері жігітімен санасуға тура келеді. Кендебай сері болмысы бөлек ер жігіт бейнесінде келтіріледі. Мұндағы асқақ ой адамзатқа қамқор болар қаһарман бейнесін сомдау. Ел тағдырын соның қолымен биікке көтеру. Пері қызымен жұптасу қазақ фольклорында, батырлар жырында жиі кездесетін көрініс.

Кендебай сал мұнда ма,
Керқұла аты қолда ма?

«Кер Құла атты Кендебай» ертегісінде осылай келеді. Кендебайды сал деп жырлайды. Ақыл-парасаты мен қаһармандығына қоса Кендебайдың сал деген лақабы да болып тұр. Салды біз жоғарыда бақсылықтың сарқыты дегенге сайдық. Бақсылық – сақи өнер мен иен ілімнің иесі десек. Тағы бірде шаман – бақсыны жауынгерлердің де кейпінен көрдік. Сонда салдық дәстүр маңызы мен мағынасы терең жатқан қасиетті дүние дегеніміз расқа саяды. Яғни, сал – үлкен құдырет егесі, әулиелігі басым, Тәңірдің ерекше жаратқан, парасатты да белсенді адамы.

«Қыз Жібек» дастанында әйел адамның жүрісі «салдыққа» баланады:

Жазығы қатын демесең,
Қартайса да ілгері,
Әлгі қыздың салдығы [103].

Бұған қарағанда салдық ер мен әйелге ортақ салт болып тұр ғой.

Әдебиет тарихында әйел адамдардың тұлғалық қырлары көп қозғалмай жатқан құбылыс. Тарихтан белгілі, қазақ халқында ерлігімен шешендігімен, ақылдылығымен даңқы шыққан әйелдер аз емес. Арысы Тұмар ханымнан бастап Айша бибі, Гауһар ана, Алып ана, Ақбота, Бопай ханым, Қарашаш, берідегі Әлия, Мәншүк т.б. Елі мен жері, ұлты үшін ерлермен қатар жорытқан,

даналығымен ел билеген осындай әйелдердің талай атаусыз қалып жатыр. Осынау, белді бикештердің бірі Қыз Жібек жырында да ескеріліп, сал деген атқа лайықтылығы баса айтылыпты.

Ерлігі асқан бикешті батыр қыз деп жатады. Батырлық секілді салдықтың да ер мен әйелге қосарлана беретін мәні болып тұрғанын аңғартады бұл жыр жолдары.

Кейбір көне сөздердің мағынасын әріден, тылсымнан іздеген абзал. Мысалы, кемпір сөзінің тамыры «әйелдің пірі» дегенді білдіреді деп топшылаймыз. Кейбіреулер айтып жүргендей алжыған, кемиек, дәрменсіз, кәрі әйел деген емес. Расында қазақ анасын алжыған, кәрі қақпас деуі әбестік қой. Ардақты анасын әдемі сөзбен атағаны ақиқат. Сонымен кемпір сөзінің мағынасы, біздің пайымдауымызша – «әйелдің пірі» дегенді білдіреді.

Ғылымда алғашқы бақсылар әйелдер арасынан шыққандығы туралы көп айтылады. Бағзыда қолбасшылар жандарына көріпкел, сәуегей бақсыларды жиған. Алдағы жорық барысын болжатып, біліп отырған. Сондай бақсыны Алтайлықтар «қам» дейді. Осы «қам» сөзі келе-келе қазақ тілінде «кем» болып сіңіссе керек. Пір сөзі сопылық бағыттағы діни лауазым. Сонда кемпір деген бақсы пір немесе әйелдің пірі деген мағынада болса керек [104].

Осы тұжырым секілді сал сөзінің де мағынасын тереңнен іздегенді жөн деп санаймыз. Әзірге жоғарыдағы пікірімізге тоқайраймыз.

Қазақ даласы өнерге бай. Соның ішінде ән-күй дәстүрі кең етек алған. Сал мен серінің атқарған қызметтері арналас болғанымен әншілік, күйшілік, жыршылық өнердің еркшеліктеріне, мақам-саздарына қарай бірнеше мектептерге бөлінеді. Осыған орай серілік үрдісті әр жерде әртүрлі атағаны байқалады. Сыр бойы серіні «Қасқа» деп атаған. Фольклор жинаушы Ақанжан Келімбетұлы Сыр бойында мұндай өнерпаздарды «қасқа» деп атағанын айтқан.

«Өтебай сал болса, біз қасқа боламыз» деп қасына тек өнерпаз жігіттерді топтастырып, жиындарда өнер көрсетіп жүрген, бұл топ халық арасында «Сегіз қасқа» деген атпен танылған [105].

Маңғыстау жағында Еркек сал-серіні – қайқы, ал әйелдің серісін – сәйкі деп атайды. Осы ыңғайда Каспий теңізі Жайық алқабы жұрты «Жеті қайқы» атандырған, бойына бірнеше өнер сыйған жеті өнерпаздың дәстүрін ерекше атауға болады. Олар: Әділ Өтеғұлұлы, Жылкелді Теңізбайұлы, Өскенбай Қалмамбетұлы, Шолтаман Байсарыұлы, Тастемір Шыршығұлұлы, Тұрсын Алдашұлы, Досат Бәймембетұлы.

Қайқы сөзінің Түрікменстан қазақтарында «жербез» деген мағынасы сақталған [106].

Алтай, аладаг тілдерінде «қайқы» - тамаша, керемет, Куман диалектісінде де «қайку» - сөзі осы мағынада [107].

Хакас тілінде хайкастық – танданарлық, ғажап, тофоларда: қайһа – тандану, таңырқау деген ұғымды білдіреді [108].

Демек, қайқы – елден ерек жербез, сәнді киім киісі, өнері келіскен деген сөз. Еркек – қайқы, әйел сері – сәйкі.

«Сал, сері екеуі де өте ескі дәуірден сақталып келе жатқан халықтың тіршілігіне көп жаңалық кіргізген, әдебиетке, ой-санаға көп әсер еткен қазақ мәдениетінің бір жарқын белгілері. Сал мен серінің өзгешелігі олар, әрі ақын, әрі әнші, әрі күйші, әрі сауыққой, елге қуаныш беретін, олардың жүрегіне жарық сәуле түсіретін оқымысты адамдай саналады. Сондықтан халық сал мен серіні өте ардақтап, қуанышпен қарсы алып, олардың істерін халық ортасында аңыз қылып айтып жүреді. Сері мен сал келген ауылдарда үлкен думанға түсіріп, ойын сауықпен олардың көңілін табады. Ф. Назаровтың суреттеуінше, сал жүрген жерін ұзақ уақыт қызыққа батырады. Ел-елді аралап жүретін әнші, серілер, салдар тарихи дәуірден келе жатқан мәдениеттің бір жарқын түрі», – дей келіп Ә. Марғұлан, сал мен серінің қалай өркендеген жолдарын, оның сұлулық ой-сана туралы халыққа қандай әсер бергенін әдемілеп суреттейтін әсіресе Қорқыт аңызы, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Қыз Жібек, Ер-Сайын, Ер-Тарғын жырлары, серілік онда өте сәулетті, ғажайып түрде кездесіп отырады. Жырда айтылатын кейіпкер Қозы Көрпеш, Төлеген, Ер Тарғын өзі тамаша серілер. Ел елден қыз таңдап, шатыр тігіп аң аулап, қасына көп сері жігіт ертіп, ойын-сауық құрып жүреді, – деп ой түйеді қазақ ғылымының ұстасы Ә.Марғұлан. Одан әрі: «Қыпшақ даласында серілік пен сал өнерін таратқан майталмандарының бірі Жошы хан. Оның өзі бір ғажайып сері. Ол қасына атақты жырауларды, ақындарды, сал-серілерді, әнші-күйшілерді топтап бірінғай сауық үстінде болған», – деп Рашиддинге сілтеп, Жошының жас кезіндегі аңқұмарлық саят құруы, сауық қою өнерін келтіреді.

Академик Ә. Марғұланның Жошы ханның серілігі хақындағы ойын жазушы-ғалым М. Мағауиннің мына сөздері нақтылай түседі. Ол Жошы ханның серілігін ісімен дәлелдейді. Кәдімгі Теміршін – Шыңғыс ханның сүйікті ұлы Жошы хан. Қыпшақ даласын дәрегейіне келтірген Жошы.

Осы Терімшінің ұлы Жошы жасынан сауыққа үйір болыпты.

Мағауин былай дейді: «1223 жылдың тұсы. Шыршық(әлде Келес) бойында Құлан-басы деген жерде мамырдың алғашқы күндері құрылтай атқарылады. Ұлы дүбір жиын емес, бірақ жорық жолын өткерген ноян, бахадүрлер түгелдей дерлік және олар да Сартауыл майданына ат салысқан Қайылық әмірі Арслан, Алмалық-Болат әмірі Сұғнық-тегін қатысуға тиіс. Арнайы шақырылған ұйғыр Барзұқ идиқұт та келіп жеткен сияқты. Мәртебелі төрт ханзаданың ішінде қазіргі қонысы шалғай Жошы ғана үлгермей қалыпты.

Құрылтай соңы – қашанда думанды той, әлденеше күнге созылатын мереке, думан. Бұл жолғы тойдың жөні өзгеше болуға тиіс. Жеңімпаздар салтанаты. Қиырда өткерілген қырғын соғыстың алапат табыспен аяқталуы. Тіршілік жыры. Алдағы молшылық, кеніш заман қуанышы.

Осы кезде алыстағы Қыпшақ Даласы, нақтылап айтсақ, Сары-Арқа, Ұлытаудан үлкен ұл Жошы да келіп жетеді. Қаған-әкеге тарту ретінде 20 мың акбоз ат айдап әкелген екен.

Жошының қаған-әкесіне ғана емес, бүкіл қауым жұрттың алдына тартқан екінші бір өзгеше сыйы – Қыпшақ Даласынан неше мың құлан айдап келіпті. Кәдімгі, жабайы, түз жануары. Әлбетте, Шыңғыс ханның күнілгері жарлығы

бойынша. Бірақ іске асыру оңай емес еді. Жошының құрылтайға кешеуілдеуі де, кейінгі бір зерттеушілердің долбарындай, теріс пиғыл нәтижесі емес, осыншама қисынсыз шаруаны атқару жолындағы бөгесін. Шынында да әлденеше жүз, бірер мың, бәлкім, бірнеше мың құланды қолдағы жылқы сияқты үйіріп, айдап әкелу мүмкін емес. Бірақ нақты іске асқан, тарихта таңбаланған оқиға»[109]. Малданар сөз.

Түз тағысын тау асыра айдау дегеніңіз... Серіліктің бір көрінісі осы болса керек. Ажалы сол түз тағысы құланнан болған Жошы ханның өлімін ұлы қағанға естірткен де «қаусырма жақ қызыл тіл» емес күмбірлеген домбыра болатын. Неткен әсерлі дүние? Тірлігінде сазды сауыққа әуес Жошы, мәңгілік мекеніне де әсем әуенге тербеліп кетті және тербеле бермек. Күйдің атауы да солай: «Ақсақ құлан – Жошы хан».

Осы Жошының өлімін естірткені үшін күңіреніп, көмейі тесіліп, Кетбұғаның көкірегін тасытып, керемет күй қалдырған киелі домбыра заманнан заман оралғанда, жеті ғасырдан соң сол Жошының сойы Қамбар Медетовтің қолында «Ақсақ құлан – Жошы ханды» құйқылжытты. «Оралдың кара баяны»(А. Затаевич) атанған ән құдыреті сал Мұхит та осы Жошының ұрпағы болатын.

Заманында Шыңғыс ханның батыр нояны Кетбұғаның бүгінде «Ақсақ құлан Жошы ханнан» басқа да күйлері бар екенін айтады өнертанушы Т. Әсемқұлов. Т. Әсемқұлов 1980 жылдар ішінде Ленинградтағы (Санкт-Петербург) білгір ғалым Л.Н. Гумилевпен (1912-1992) жолыққанын жазады. Көрнекті еуразияшыл ғалым, тарихшы-этнолог Л.Гумилев Т.Әсемқұловқа «Ол заман ерлік заман, ерлердің заманы ғой. Ол кезде өлім мен өмірдің арасында, ақыреттің алдында тұрған адам кейін өзінің басынан кешкенін тамаша музыкаға айналдыра білген ғой. Мен басымды иіп өткен адамдардың бірі – осы Кетбұға», – дейді [72]. Т. Әсемқұлов осы Кетбұғаның «Кертолғау», «Сынған Бұғы», «Емен толқын» деген күйлері болғанын нақтылайды. Кетбұға туралы тарихи деректер аз. Десек те, оның баһадүр ноян һәм күйші болғаны туралы мәлімет жетті. Жаугершілік заманда жаудың өтінде жүрген күйші Кетбұғаны сері деуге келеді. Жалпы серілік деген ұғым жаугершілік ғасырларды жауынгерлікпен өлшенген.

Бүкіл Дәшті Қыпшақты аузына қаратқан Жошы ханды ақсақ құлан теуіп өлтіреді-мыс. Жошының жоғалғанын білген қаһарлы Шыңғыс хан «кімде-кім Жошы ұлым туралы қаралы хабар айтар болса, көмейіне қорғасын құямын» деген жарлық шығарады. Бұл жарлықтан соң Жошының өлімін естіртуге ешкімнің батылы бармайды. Сонда Найманнан шыққан ұлы жыршы, дәулескер күйші Кетбұға ақыл тауып, қаралы хабарды күймен естіркен екен дейді халық аңызы.

В.Г. Тизенгаузен «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы» атты кітабында ХҮ ғасырда жазылған «Түрік шежіресі» /Шадрадат алатрак»/ атты авторы белгісіз еңбектен үзінді келтіреді. Сол «Түрік шежіресі» былай дейді: «Жошы ханның өлімі туралы хабар ордаға, оны Шыңғыс ханға естіртуге ешкімнің батылы бармап еді. Ақыры бүкіл әмірлер ақылдаса келіп, Шыңғыс

ханның оң тізесін басқан әйгілі әмірлердің бірі Ұлы Жаршыға қолқа салады» [44, б. 143]. Бізге жеткен аңыз өзегінде Ұлы Жаршы – Ноян Кетбұға. Халық аңызы бойынша «Жошы туралы жайсыз хабар естірткен адамның көмейіне балқыған қорғасын құямын», – деген қаған, ұлы жыраудың көмейіне қорғасын құюға бұйырады. Сонда Кетбұға жырау «сөйлеген мен емес домбыра», – депті-міс. Шыңғыс хан сонда домбыраның көмейіне қорғасын құйғызады. Домбыраның төсіндегі тесік содан қалған-мыс.

Дәуренінде ерлігімен дүрілдеген сері Кетбұғаны кейінгі жыраулар да жоғары бағалайды. Мысалы Доспамбет жырау:

Кетбұғадай билерден,

Кеңес сұрар күн қайда!, [33, б. 64] – деп Кетбұғаның даналығына құрмет көрсетеді. Арада үш ғасыр өткенде басына күн туған Махамбет те:

Кетбұғадай билерден,

Ақыл сұрар күн қайда!, – деп толғанады.

Халықтың рухани мұрасына салмақты оймен ден қойған В. Бартольд, С. Сейфуллин, Ә. Марғұлан, М. Мағауин сынды белгілі ғалымдар Кетбұғаны ең алдымен дәулескер күйші ретінде танып, әйгілі жыршы, әділ би ретінде қарастырады. Кетбұға есімі ақылгөй дана, керемет күйші есебінде қырғыз, қарақалпақ фольклорында да көрсетіледі.

Кетбұғаның «Ақсақ құлан», «Нарату» деген күйлері бар екенін айтады ғалымдар. Академик А. Жұбанов: «Нараду» күйі туралы тағы мынадай аңыз бар. Онда бұл күйді шығарған Абыл емес Кербұқа деген күйші дейді. Нараду жаудың қолының көптігін көріп сескенейін дегенде Кербұқа «Нараду» күйін тартып оның рухын көтерсе керек. Айта кетуіміз керек, Кербұқаның «Нарадуы» Абылдың «Нарадуынан» тіпті өзге күй» [110].

Қаһарлы қаған ұлы Шыңғыс ханның сүйікті ұлы Жошы құлан теуіп өлтіріпті. Оның өлімін қағанға естіртуге ешкімнің батылы бармағанда осы Кетбұға күймен жеткізгені туралы аңызға сенсек Кетбұғаның өнерлі, жүректі адам болғанына күмән жоқ. Аңыздың анасы ақиқат.

Тағы да Әлкей Марғұлан Қазақ хандарының көбі өздерінің бабалары Жошы, Орда ежен сияқты ақын, серілік құрған дейді. «Соның бірі Әз Жәнібек. Ол өзі атақты аңшы Құладыңға қу ілдірген саятшы, ойын-сауықты көп қуған, ел-елді аралап, әдемі қыз іздеген. Қасымханның баласы Ақназар (Хақназар) да атақты серінің бірі. Есімхан серілікті биік сатыға жеткізген Оның қамқа тондары, басындағы телпегі, аяғына киген қызыл етігі тегісімен алтынмен кестеленіп, отырған. Құстың да ең қырандарын ұстаған: сұңқар, лашын, тұйғын, «алтайдың ақ иық бүркіті болған» [111].

Жошы хан тұқымының көбі сері десек, олардың кеңесшілері, халқының рухын көтеріп, тура жол көрсетуші кейінгі жыраулар Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбеттер де, Ақтамберді, Тәттіқара, Бұхар жырау, осылардың ізбасарлары Махамбет, Байтоқтар барлығы сал-сері, ақын-жырау, әрі ел

қорғаны батыр болған ерлер екені ақиқат. Ханға да тура сөйлеп, ісінің терістігін бетіне басып, жай отындай жарқылдап өткен жыраулардың жүрісі тым салмақты, сөздері сүбелі.

Классик жазушы Мұхтар Мағауин былай дейді: «...қазақтың ескі заман, көне рухани өміріндегі өзіндік сыпаты мол арнаның бірі – салдар мен серілер өнернамасы болды. Сал мен сері – суырыпсалма ақын әрі сыршыл композитор, оның үстіне әсем де асқақ дауысты әнші болуы шарт еді. ...бұл тұрғыдан алғанда оларды сақараның артистері деуге болады» [89, б. 3-56].

Бұған келгенде салдардың, серілердің қызметі орындаушылық және композиторлықпен шектелмеді, олар көркемдік баяндаудың барлық түрін – поэтикалық импровизация, шешендік өнер, нәзік вокальдық техника, музыкалық аспаптың құлағында ойнау, театр мен цирктік өнер ойынының элементтерін қамтиды, бұған қарағанда олардың Батыс Еуропаның орта ғасырлық музыканттары – жонглерлер, трубадурлар, труверлер, мейстер – миннизингерлермен ұқсастығы бар екендігі айқындалады [112].

Трубадур(тапқыр, айтқыш, жүйрік, шешен деген мағынадан шыққан сөз). Францияда ел кезіп жүрген ақындар қазақтың әнші-ақындары секілді өлеңдерін өзі музыкалық аспапта орындаған, арақидік өзі де өлең шығарған, сол шығарған өлеңін өз сазымен сүйемелдеп айтып береді.

Трубадурлар өмір қуанышын, сұлулықты, махаббат сезімін жырлаған. Махаббатты, әйел бейнесін жырлаған [113].

Адамдар өздерін шығармашылықтың шыңындамыз деп есептеуге бейім, бірақ олар жер бетін өздерімен бірге мекендеп отырған басқа тіршілік иелерінен шынымен де артық па? [114].

Қазіргі жаһандану жағдайында өркениеттің жоғары көрінісі ретінде мәдени, рухани бірегейлікті сақтау керек деген қағида кеңінен талқылануда. Бұл дұрыс бағыт екені анық. Қазіргі Қазақ халқының тарихы мен мәдениетін терең зерттемейінше, этникалық дамудың бастауларын, қазақ мәдениетінің рухани-адамгершілік құндылықтарының басымдығын арттырмайынша, ұлт болашағын жарқыратамын деу көмескі іс. Ұлт болашағы жастар екені аян. Сол жастарды қазақы санамен тәрбиелеу негізінде ойшыл бабалардың даналық істерімен, шығармаларын көкіректеріне құя білу шарамыз бәсеңдеу. Кешегі бабалар дәуірінде ақындарды, жырауларды, әншілерді құрметтеп, солардың алдын көріп, олардан үлгі-өнеге алуды арман ететін. Қай заманда да солай болған. Ақындар мен өнерпаздарды бүкіл көпшілік төбесіне көтере құрметтеуінің себебі неде деп ойлайсыз? Ұлттық болмыстан тамыр тартқан ол ақындардың көкірегі мейлінше таза болатын. Олар, бойына біткен өнерді «Алла Тағала маған өнерді елге қызмет қыл деп берді» деп, өнерді киелі дүние деп ұққан.

2.2 Сал-сері мектебінің Алаш зиялыларына тигізген әсері

Жоғарыда сал-серілер төңірегіндегі ойымызда оларды ерекше тұлға ретінде бағамдап, өз қоғамының алдыңғы қатарлы, озық ойлы перзенті екендігіне тоқталдық. Сал мен серінің өзара ұқсастығын және керісінше бір-

бірінен бөлек жерлерін көрсетуге тырыстық. Ойымызды білдіріп, өзімізше тұжырым жасадық. Салдың, серінің тірліктегі, қоғамдағы орнын ашып көрсетуге тырыстық. Олардың ұлт мәдениетінің өркендеуіне, дамуына қосқан үлестері мол деген байлам жасаймыз.

Ауыз әдебиеті ішіндегі әнші-ақындар (сал-серілер) өнерінің қазақ мәдениетіндегі орынын, оның негізгі даму бағдарларын, дәстүр, мектеп мәселесін, оған фольклордың тигізген ықпалын, даралық сипаттың көрінуін айқындаудың пайдалы тұстары жетерлік.

Сал-серілер төңірегі бұрын-соңды айтылып жүргенімен олардың шығармашылығы мәдени көзқарас бойынша нақты түрде алғаш рет зерделеу көріп, әрі сал-серілік мектептер, олардың ерекшеліктері туралы сипаттау нысанаға тұңғыш ілініп отыр. Сал-серілер қалыптастырған әншілік, күйшілік мектептің қазақ мәдениетінде атқарған рөлі, олар жасаған тарихи-әлеуметтік алғышарттар, сол кезеңдердің сипаты, мәдениеті қоса қаралған еңбегіміз сал-серілер дәстүрі арқылы көшпенділер дүниетанымын мәдени-философиялық тұрғыдан тануға септеседі.

Көне жыраулардың даңқты жолын жалғаған ХІХ ғасыр өрінде һәм ХХ ғұмыр кешкен серілердің көкірегінен жайбарақат жайлы әндер мен жырлар туындады. Оған дейінгі ғасырлардың толғауларының сұрқы тым басқа еді. Мәселе,мынада болса керек. Әр дәуірдің тыныс-тіршілігі, жағдай сол ғасырларда жасаған ақын-жырауларға үлкен әсер етеді. Ақын-жыраулар өз кезеңінің тынысын, кескін-келбетін ғана жырлайды. Жырау – өз дәуірінің айнасы. Сонау қадым заманнан жаугершіліктен көз ашпаған халықтың ән-жырларының өзегі, сарыны тым басқа. Жаумен жағаласып жүрген жұрттың жыры да сұрықсыз, зарлы. Бел шешіп дұрыс тамақтануға мұршасы жоқ мезгілдер көп өтті. Көшпенді ұлыс қаптаған дұшпандарымен арпалысып жан сақтады. Ол заманның әндері «Елім-ай», күйлері «Ел айырылған» секілді трагедиялық, драмаға толы әуендер.

Дүр жыраулар толғаулары да өңкей шапқыншылық, жау қайырған сүргінге арналған.

Доспамбет жырау долданса:

Арғымаққа оқ тиді,
Қыл майқанның түбінен.
Аймәдетке оқ тиді,
Отыз екі омыртқаның жігінен.
Зырлап аққан қара қан,
Тыйылмайды жонның уақ түгінен, – дегейді [33, б. 62].

Шалкиіз жырау шамданса:

Жебелей жебе жүгірген,
Ерлердің арғымақтан игі малы бар ма.
Жағаласа жыртылмас,

Ерлердің жеңсізден иігі тоны бар ма,
Дулығалы бас кескен,
Ерлердің алдаспаннан игі қолы бар ма!, – дегейді [33, б. 65].

Қарға бойлы Қазтуған жырау қамықса:

Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт, – дегейді [33, б. 54].

Бортоғашұлы Жиёмбет жырау жалданса:

Жұртымды жөнге салам деп,
Бас кессе де басылмай,
Ақ ісімді жасырмай,
Атқа мінген ер едік, – дегейді [33, б. 83].

Хандық дәуір тұсындағы жауынгер жыраулардың көкірегін қақ айырып шыққан сөз.

Одан бергі «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» сарыны:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен,
Екі көзге мөлтілдеп жас келеді [115], – деген зарлы әуен.

Отарлық қамытын киген шақта, жау қарасы саябырсып, тыныштық орнай бастаған кездің әні де жыры да басқаша шалқыды. Еркіндігінен біртіндеп ажырай бастаса да басының амандығына шүкірлік еткен қалың қараккөз, қансыратқан қалың жаудан тыншып, арқасын бір сәт кеңге салды. Осы тұста ақындар айтысы, лирикалық әндер легі туындай бастады. Тәттіқара, Шал ақын, Бұхар жыраулар, олардың ізбасарлары Жанак, Майлықожа, Мұрат, Дулат, Біржан, Доскей, олардан бері Иманжүсіп, Кенен, Жамбыл, Сүгір, Сәттіғұлдардың кеуделері ғажап туындылар тудырды. Ел бірлігін, ұлыс ынтымағын, қарындас қылығын, заманның тыныштығын жыр арқауы етті. Бұрынғыдай қалмақ-жоңғар, ойраттың елді титықтатқан есепсіз шабуылы басылып, Ресей империясының ғана үстемдігі қысып тұрды. Ресеймен түрлі жағдайда келісім жүргізіп, ептеп көшіп жүргізе берді. Осы шақтың мәдениетінің, ән-жырының бағыты тым басқа арнаға бұрылды. Біржанның байрақты әндері, Ақанның асқақ әуездері, Үкілі Ыбырайдың үкілі саздары осы тұста туды. Серіліктің кербез көрінісі осы шақтары көшін түзегені байқалады.

Ақын-жыраулардың шығармалары әр заманның келбетін кескіндеп, тарихынан сыр ақтарып тұрды. Әннің де шырайлы болуы күннің шуақтылығына байланысты болмақ.

Серіліктің қайнарын қарастырған Түркі дәуірінен шым тартсақ Күлтегіннің толғауынан, Білге Қаған, Тоныкөктің әрекетінен елдіктің, ерліктің, бірліктің нышанын көреміз. Олар халқының амандығы жолында өмірлерін де қиюға әзір екенін аңғарамыз. Сол ерлік, өрлік мінез қазіргі қазақтың бойында да көрініс беріп келеді. Өзегі үзілген емес. Түркі Қағанатынан беріде арада қанша ғасыр өтті. Әр ғасырдың өзінің қуаныш пен қасіреті болды. Небір қилы тағдырды бастан кешкен қазақ ұлысы «мың өліп, мың тірілді». Бірақ, арнамысын жықпады. Күлтегіннің, Йоллық Тегіннің өр рухы Найман Кетбұға ноянға, одан Қодан Тайшыға, Қазтуғанға, Доспамбетке, олардан Бұхар жырауға, Бұхардан Махамбетке, Ақан серіге жетті. Осы көсемдердің сөздерін, істерін бетке алып, бағыт түзейміз. Олардың сөзбен, іспен кейінге қалдырған өнегесін, ерлікпен нұсқаған даңғыл жолдарын Алаш зиялылары бетке ұстады.

Ғалымдар Орхон ескерткіштеріне балап жатқан, орналасқан тұсы ерекше Ұлытаудағы Таңбалы тас сол көне Орхон-Енесей заманының мұрасы болуы да ықтимал. Шұңғыл аңғардағы аумағы 6 шаршы метр жартаста 445 рудың (тайпаның) таңбасы басылған. Осыншама тайпаны бір арнаға ұйыстырып, ортақ бітімге ұйытып, этностық таңбаларын бір тасқа қашауға жетелеген мұрат күллі түркі қағанаты көксеген «Тұтас түркі елі» идеясын қолдаған тектес жұрттардың өзара пәтуасы, бөлінбеске берген анты деп түсінген жөн [116].

Түркі қағанаты тұсындағы тұтастықты сақтап келген қазақ ұлысының қалпы қашан да ынтымақшыл, қонақжай, мейірімділіктен айнымаған. Себебі, қазақ ежелгі көшпенділердің жауынгерлік қағидасын, салтын қатаң ұстанған ұлағатты, қуатты халық. Жазу-сызуы аз болса дағы табиғат анамен етене араласып, табиғи құбылыстардан қасиет қабылдап, көкірегіне тоқып, арнамысын биік ұстап, айбынды мемлекетке айналды. Адалдықты сүйді. Заң-законнан сескенбесе де көктегі бір жаратушы иеден қорықты. Жаратушы Аллаға деген сенімі сондай, Құдай жолындағы ғұрыптардың бәрін қапысыз атқарып тұрды. Біреуді алдау, арбау деген болмаған. Бұл туралы ғалымдар былай дейді: «Қазақтар – өте адал халық; берген сөзін ешқашан бұзбайды... тыйым салынғанға қарамастан көпестер оларға орасан зор сомаға сеніп қаражат береді, қазақтар егер төлегілері келмесе, оларды төлеуге мәжбүрлеуге болмайтынын біле тұра, көбінесе тіпті асырып төлейді, қиналса да төлейді! Тіпті оларға қарыз берген көпестің өзі қарыз туралы ұмытып кетсе де немесе оны жоғалды деп санаса да төлейтіндігі жиі орын алып тұрады, кейде адал қырғыздар оның мұрагерлеріне, олар тіпті білмейтін қарыздарын да төлейді» [117].

«Қазақтар берген уәдесін қастерлейтіндіктен, құдалық балалардың сәби шағында жасалып қояды», - деп танданады орыс саяхатшысы Ф. Назаров [118].

Көзбен көріп, құлақ естігенге келсек: Тоқсанның төртеуіне келіп отырған Молдағали қарттың әңгімесі: «Әкем, марқұм Айшуақ, мұсылманша оқығаны көп, көпшілікке білімдарлығымен танылған кісі еді. Әлеумет әулиедей құрметтейтін. 30-шы жылдардың үстінде Түрікмен жеріне ауа көшіп бара жатып, Қарақалпақ даласына (бір ойпаңды айтқан, есімнен шығыпты) қыстадық. Бір күні көрші ерулікке шақырды. Алдымызға келген шара табақ

еттен әкем бір кесек асап жіберді де, «ыңқ» деп тұрып қалып, аузына салған қара кесек етті алақанына түсіріп, «мынау харам ет қой» деп тастады салды. Содан ұшынып, үш күн сырқат тартып, бақиға кете барды» (Маңғыстау, Жаңаөзен қаласы, Айшуақұлы Молдағалидың сөзі. Жазып алған Ази Е.). Мынадай тазалыққа, болмыс пәктігіне таңдаңбасқа дәтің кәне.

Осындай жаны таза, көңілі пәк, ой-санасы ластанбаған, сақи жұрттың ортасынан шыққан, Құдай бойларына құя салған таланты мен қоса әнші, ақындардың, серілердің өмірлік ұстанымы еркіндік, ізгілік, имандылық.

Негізі адам баласы өмірге ізгілікті, қарапайымдылықты, адамгершілікті, кісілікті арқалап келеді. Қатыгездік пен жауыздықты, сұмпайылық пен аярлықты көре бара үйренеді. «Қарапайым өмір сүрудің өзінде қандай да бір ізгілік болса керек» [119].

«Әлдекім рахымды болатын болса, ол сонысымен құдайшылыққа да жатады». Ғұламалардың осы сөзіне илансақ, үнемі рахымшылық танытып, қайырымдылық арнасына адаспаған серіліктің тумысы, болмысы тым асқақ [120].

Тумысы, болмысы тым асқақ, сайын сахарадағы сауық-сайраны бөлек, өмір сүру дағдысы, тыныс-тіршілігі өзгеше ұлысты аяусыз бөлшектеп, дінінен бездіріп, санасын улаған отарлық саясаттың екпіні көп қиянат келтірді. Отарлық саясат шеңберінде жасаған Алаш зиялылары да ұлтының ертеңін ойлап алысып бақты. Расында, Мағжан да, Сәкен де, Ахметте, Ілияс та, басқа да Алашордашылар кешегі еркін ойлы, артық сойлы серілердің ізбасарлары болатын.

Серілер қара басының қамынан көпшіліктің жайын жоғары қойған. Алысты шолып, келешегінен сәуле көрген. «Ақында адамзаттан дос болмайды, жалғыз-ақ сырын сөйлер ғаламына», – деп Мағжанның берген бағасы жөн. Ақынға мына фәни тарлық етеді. «Сұм өмір абақты ғой саналыға»/Мағжан/. Абақты тірліктен сері көңіл ақиқат іздейді. Ақыры ақиқатқа апарар жолды исламнан табады.

Бұған мысал, Ақан сері төңірегімен таныстығы мол Сәкен Сейфуллин өлеңінде «...Тағы да үздік шыққан одан бері, зарланған «сырлы мінез» Ақан сері», – деп толғап, «Ақан сері таңдамалы өлеңдері» жинағына жазған алғы сөзінде Ақан туралы айта келіп: «сопылыққа бет бұрып, өзін бәрінен аулақ ұстауға тырысқан», – деп келтіреді [121].

«Ақанның өмірі – ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жұртқа жат, жұмбақ өмір» [122], – дей келіп Мағжан ақын Ақан серінің өмірінің соңғы жағына таман сопылыққа бет бұрғанын жазады.

I. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын жазуында да үлкен мән бар. Құлагерді өз дейгеңіне жеткізіп шығару үшін де ақынның өзінің де сол Құлагер секілді жүйріктігі мен Ақанға тән серілігі, ақынға лайық зейіні, қиялы болуы шарт еді.

Серіліктің нағыз ғажап үлгісін көрсеткен Ақан сері туралы Мағжан былай дейді: «Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады. Қалың қарауылдың ойын-тойының көркі Ақан болады. Біріне бедеу мінгізіп, біріне

бұлде кигізіп дегендей, 15-20 жігітті өзі тәрбиелеп, нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасыдай оқшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киген. Біресе қара атқа мініп, қара киген. Біресе торыға мініп, күрең киген. Басында – бұлғақтаған үкі, қолында домбыра, аузында – ән... жігіттердің бәрі балуан, бәрі әнші. Бірақ Ақанның әні өзгеше. Даланы күңіrentіп Ақан ән шырқаса, би билігін қойып, кемпір өрмегін, сұлу кестесін қойып, аңырып тыңдай қалады» [122, б. 159].

Көбіне біз сал-серілердің сұлу әйелге үйірлігін баса айтып жатамыз. Шындығына үңілсек олар сұлулыққа құштар ғана, тек әйел затының әсемдігіне емес, күллі әсемдік, көркемдік атаулыға құштар болған. Жүйрік те келісті ат, алғыр бүркіт, әдемі киім, көркем сөз, сұлу саз (ән), кербез күй, қылықты ару, көсем домбыра, шешен жігіт, парасатты әйел – соның бәріне, қала берді шұрайлы жер, қоғалы көл, аққулы айдын, толып жатқан жаратылыстың жағымды тұстарын ұнатқан.

Балуан шалақтың, Ақан серінің, Біржан салдың, сал Мұхиттың, Қызыл серінің, Батақтың Сарысының, Мәдидің, Иманжүсіптің, Кемпірбайдың, Шөженің, Жаяу Мұсаның жағымсыз жағын, әйел үстіне топырлатып әйел алғанын немесе қаракөз қыздарды қорлағанын, зорлағанын, аруларға зәбір көрсеткенін естімедік. Себебі, олар сұлулықтың қорғаны еді.

Қайсы бір сері атанған адамның әйелінің үстіне әйел алғанын тарих беттерінен көп кездестірмейміз. Себебі олар ашынып айтсақ «қатынкұмар» емес еді. Олардікі сұлулыққа құштарлық қана. Қылықты қыздың назды әуезіне сүйсініп, әзілін жарастырып қана жүрген сал мен серінінің әрекетін көпшілік басқаша пайымдап, құр өсекке таңып, қоғамнан аластап жіберуге дейін барғаны жиі кездеседі көне жазбалардан.

Жаратылыс заңдылығына сай адам, мейлі әйел мейлі ер адам, біреуді ұнатып бас құрауға мүдделі. Ислам мәдениеті назар аударсақ Адам ата мен Хауа анадан бері жұптасып өмір сүру салты ұласады. Ер мен әйел көңіл жарастырып, бала сүю қажеттілік. Осылайша ұрпақ жалғасады. Қазіргі тілмен айтсақ – махаббат.

Махаббатты бір бағытта түйсіну әбестік болар еді. Мысалы, анаға деген махаббат, ананың балаға деген махаббаты, туған елге-жерге деген махаббат, т.б. Ақан сері Құлагерін жоқтап зар шекті, мұны махаббат десек қателесеміз бе?! Қожа Ахмет Яссауидің Аллаға деген махаббатын мойындамасқа шара жоқ. Сондай-ақ, сопылардың жырларынан осы сарынды мол көруге болады. Олай болса, Омар Хайямның ғазалдарындағы мастықты шарапқа емес Алланың нығыметіне мастық деп тануға да келеді. Сопылық ілімнің қыры мен сырын терең меңгерген дәруіш, Алланың саясынан басқа тіршілікке көңіл аудармасын оқып біліп жүрміз. Бұл деңгейге жетудің өзі пенденің мол мүмкіндігін білдірсе керек. Сопылықтың биігіне жеткен дәруіш өзінің бар болмысын меңгеріп, тылсым күштермен астасып, түрлі әрекеттер жасауы ықтимал. Бұған қарағанда бұларды бақсылармен салыстыруға да келеді. Бақсылар жындарды байлап, жұмсаған дегенге сенбеске шарамыз жоқ. Оған куә ретінде көптеген мысалдар келтіру болады.

Бір сұлуға көңілі құлап, соған ән, жыр, күй арнаған өнерпаздар да аз емес тарих қойнауында. Тағы бір көңіл аударар нәрсе, әнші-ақындар көбіне шығармашылық адамдары тек әйелді ғана құлай сүйіп қоймай, жалпы сұлулықты жан-тәнімен сүйген. Манағы айтқан әсем жылқы, айбынды туған өлкесі, өскен ортасы, ата-анасы бәрі ыстық. Осының бәрін жырлап, әнге қосып өткені айғақ. Бұл әрекеті кейінгі ұрпаққа үлгі.

Атыңнан айналайын Қарқаралы,
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.
Сайыңнан саяқ құрлы сая таппай,
Мен бір жан қуғын көрген Арқадағы [123],

– деп толғайды сері Мәди. Қарқаралыдай сұлу өлкесін жырға қосып, Қарқаралы тауының басын шалған бұлтты мұңға балайды. Фәлсапалық көзқараспен келсек бұлт қайғы-қасіреттің белгісі. Мәди сері өзін туған жері Қарқаралымен бір тұтас көреді. Отарлық саясаттың салқыны Қарқаралыны да, Мәдиді де шарпып тұр. Екеуі де – табиғат биігі Қарқаралы тауы да, Қарқаралыға байыр басқан сері де мұңды.

Баурынан Үшқараның аса алмадым,
Жайқалтып жапырағын баса алмадым.
Есіме, қайран елім, сен түскенде,
Көл қылып көздің жасын баса алмадым [123].

Мәди абақтысы жоқ сайын даланы еркін кезген қазақ даласына түрме салып, елдің серкелерін тас қапасқа шырмаған заманына әрине өкпелі.

Бұл өкпе тек Мәди де емес, Мәдимен тұстас дәурендеген барлық серілер мен ақын-жырауларда да бар. Заманының озық ойлы перзенттері бұғалыққа көнбей тыпыршып бағатыны белгілі.

«Әркімнің туған жері – мысыр шаһары». Шалғынын кешіп, көбелек қуған, ата қонысын әнге қосып толғанбаса сері болар ма?

Орыс зиялыларында «имение» деген ұғым бар. Әр аймақтың кәдімгі мәдени орталығы болып кеткен жері болатын. Мысалы, Пушкиннің Михайловскоесі, Толстойдың Ясная Полянасы сияқты.

Қазақтарда да сондай мәдени, рухани орталыққа айналған киелі жерлер аз ба? Оған қоса, ақын-жыраулардың ерекше толғаныспен жырға қосар сүйікті жерлері де бар. Мысалы, Қазтуған жырауда Қайран Еділі, Иманжүсіптің Ерейментауы, Мәдидің Қарқаралысы, Тастемірдің Маңғыстауы сияқты. Сары Батақұлы да өзінің киелі өлкесін жырлап:

Шөлшағыл, Есеншағыл құмның аты,
Қасқа жол, Қаратамақ шыңның аты.
Тарланмен шыға келсем Бозбелеске,
Көк иірім шалқып жатыр Құмсуаты [124], – деп әндетеді.

Иманжүсіп:

Ішім жалын болғанда құр денем сау,

Маған десең, көз жасым жаңбыр боп жау.

Бүркіт ұстап басыңа бір шығарма ем,

Көзіме бір көрінші, Ерейментау [125], – дейді-ау.

Үшеуінің өлең жолдарында үндестік жатыр. Бұл, заманға шағым, туған жерге деген ыстық махаббат, даланың еркін ұшқан қыранының атамекеніне, жер анаға мұң шағуы.

Сонау, арқадағы қос серінің тағдыры мен мынау Үстіртпен астас жатқан Ұлықұм маңындағы Сарының тағдырының, тіпті әндерінің мәтіндеріне дейін ұқсастығы неде? Әрине, мұның түпкі мәні бар қазақтың рухының, мәдениетінің бірлігінде. Сол кезгі дала мәдениетінің көрнекті өкілдері Сары, Иманжүсіп, Мәди, Қанапия сынды өнер иелерінің өнерлерінің, тағдырларының ұқсастығы да, біріншіден: сол заманның саяси-әлеуметтік бағытына байланысты болса, екіншіден: бар қазақтың мәдени болмысының түпкі тамырында, «түбі бір түркілігінде» екені ақиқат. Анау Арқадағы серілер мен мынау Маңғыстаудағы қайқылардың әуен-саздарында өзгешелік болғанымен, серілік дәстүрінің алшақ кетпейтіні сондықтан. Бұл, мәдени-рухани үндестік.

XX ғасырда елімізге көп қайғы-қасірет әкелген тоталитаризм жүйесі болды. Ол – мемлекет тарапынан қоғамның және әр азаматтың өмірін қатаң бақылауға алған еді. Бұл біздің еркін шалқыған жұртқа ұнамады.

Адам өмірін бақылауда ұстап, айтқанына көніп, аудауында жүргізгісі келген ниеттегі саяси машинаның қыспағына қалған қырандай еркін қазақ халқы, қазақтың ерке қыздары мен серке ұлдары қарсыласып бақты. Олар, еркіндік жолында жандарын қиып, азаттық таңын жырлап, азып-тозып, қапаста іріп-шіріп, атылып-шатылып құрып тынды. Сол қасіреттің қаруы сүйегіне сіңген қазақ жұртының әлі күнге дейін санасы серпіле алмай келеді. Санасы мен бар болмысын үрей билеген, ойы уланған ұлыстың өнерпаздары да, ақындары да бабалары салып кеткен асыл, саф-сара жолынан жаңылып, әні де сәні де сұрықсыз кейіпте келеді. Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл толса да, әніміз зарлы, күйіміз шерлі. Дәрменсіздіктен бұрынғы арда сойлы бабалардың еткен ерлігін жоқтап, солармен масаттана түсеміз. Сол бір асыл текті асқақ рухты аталардың ұрпағы екенімізді жар сала жаңғыртудамыз, ал, өзіміз соған лайықпыз ба, оны ескермейміз. Кешегі қадірлі аталардың жолы дегенде жоғарыда айтылған ұлт тазалығын, далалық саф дүниені меңзедік.

Ұрпақтан ұрпақты тізе берсек алысқа кетеміз. Сондықтан, заманымызға жақын, арғы бабаларына ұқсаған, түп тамыры Әз-Жәнібек, өз әкесі Әбілхайырдан өрген Нұралыдан тараған отыз тұяққа таяйық. Отыздың ішіндегі Бөкей, Шығай, Қаратайдан өрген өрендер легі ерекше. Қазақ тегін айтпаған ғой «тартпай қоймас негізге» деп. Араға бақандай жеті ғасыр салып, бабасы Жошы ханның сүйегін сырқыратып, көрге көмген Кетбұғаның көкірегінен жалындай

атқан «Ақсақ құлан – Жошы хан» күйін жеріне жеткізе орындаған да осы Қаратайдың ұрығы Қамбар Медетов еді. Шежірелеп тарқатсақ: «Қаратайдан Шонық. Шонықтың баласы Медеттен Ерқожа, Ерқожадан Қамбар туған» [126].

Қамбар Медетовтің туыстары шетінен дүлдүл өнерпаз. Бәрін бірдей тарқатып отыру мақсат емес еді, сондықтан зер сала шолып өтуді мұрат қылдық. Бұлардан бізге белгілісі Мұхит сал мен Дәулеткерей сынды дарабоздар.

Нұралының ұлы Бөкейдің кіндігінен тараған Жәңгір хан, Тәуке, Әділ, Мендігерей ұрпақтары да өнер саңлақтары. Тәукеден – Махамбет, Ғабдолхакім, Хабир күйшілер, Әділден – Науша күйші, Жәңгірден – ақын Шәңгерей.

Ал, Шығайдан күй тәңірі, хас сері Дәулеткерей (1820-1821 жылдары туған). Дәулеткерей ХІХ ғасырдың орта кезіндегі атақты күйші. Дәулеткерейдің ғажап күйінің бірі – «Бұлбұл». Бұл күй туралы ғалымдардың пікірінде мынадай тұстар бар. «Бұлбұл» әдемі құс даусын күйге шерткен. Күй тартатын барлық қазақ салдары, серісі күйдің үнін көбінесе жаратылыстың ағуынан іздеген. Оларға үлкен әсер еткен судың ағыны, желдің үруі, құстың әдемі жырлауы, көкте ойнаған найзағай да қазақтың күй жасауына зор үлес қосқан. Осы айтқан елестер әсіресе Тәттімбеттің, Дәулеткерейдің, Мұхиттың күйлерінде ерекше орын алып отырады [127].

Нұралының тағы бір ұлы Айшуақтан «Шалқыма» күйін шалқытқан Жантөре. Оның, асқан күйшілігі тәңірге аян, Сырым батыр жасағына еріп, ұрыстарға қатысуы да серіліктің сарқыты екендігін аңғартса керек.

Осылардың тобында «Сал Мұхит» атанған Мұхиттың даңқы аспандап кетеді. «Айнамақоз», «Зәуреш», «Кіші айдай» т.б. диапазоны жоғары әндердің авторы Мұхит сал батыс өлкедегі салдықтың соңғы сарқыты іспетті. Төрелікті тәрк еткен сал Мұхит өнерімен шалқып-тасып жүріп, біраз жерді аралаған. «Мұхит осы кездегі Батыс Қазақстан өлкесін тегіс аралап, бір шеті Орынбор, Қостанай, Жаманқала(Орск), мына жағы Аралды басып Қазалыға шейін барды», – дейді А. Жұбанов [127, б. 93].

Өнертанушы А.Затаевичтің айтуынша «Қазақтың баяны» атанған, әлеумет аузында «сал Мұхит» атанған Мұхит Мералы ұлы да осы Жошыдан тартқан асыл ұрық екен. Жайық өзенін жағалай қонған көшпенді жұрттың арасынан шыққан «Мұхит туралы баспасөз бетінде бірінші рет біздің заманымызда А.Затаевич өзінің «1000» және «500» әндер жинағының түсінік сөздерінде жазды. Мұхиттың әншілік шеберлігі жайлы ол өте әділ баға беріп, Қазақстанның Батысында Мұхиттың творчествосын белгілі ән «школасы» деп қарау керек деді», – деп жазады академик А. Жұбанов [127, б. 91].

Өнеріне тәнті болған А. Затаевич өзі: «...подчеркну необыкновенную, величавую красоту эпических сказаний уральского баяна Мухита, этого крупного народного художника, творчество коего достойно специального исследования», – дейді [128].

Мұхит інілері Сақыпкерей, Жанша, Жүсіп және жасөспірім Шайхы бесеуі қосылып, ол тұста болмаған жаңалық – қазақтың күй әуендері мен орыстың би-вальстерін бес домбырада қатар шерткен. Осылардың мектебін

көрген біраз туыстары А.Жұбанов сынды абыздардың көмегімен бертінде қазақ өнеріне маңдай терін төгіп, оқу орындарында қызметке араласады, оркестрлерде ойнайды. Мысалы, Науша Мырзагерейұлы халық әртісі атағын алған.

Төренің тұқымы бола тұра Мұхит ордада қамалып отыруға құлықсыздық танытады. Салдың билікке, шен-шекпенге қызықпағандығын туысы Лұқпан өзі туралы қалдырған естелігінде былайша таңбалапты: «2 қараша 1940 жыл. Мен, Лұқпан Шоңұлы Мұхитов 1894 жылы Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданында Жақсыбайда тудым. Әкемнің әлеуметтік тегі - кедей шаруа. 1841 жылы туған атам Мұхит үш айдай старшындықпен айналысып, одан кейін тек ән-күймен шұғылданған. 1918 жылы қайтыс болды».

Соңғыларының ішіндегі көпшілікке танымалы Қамбар Медетов. XX ғасырдың басында академик Ахмет Жұбановқа кезігіп, біраз күй таспалап, талай ән мен күйдің шығу тарихын әңгімелеген Қамбар шебер домбырашы да еді. Қамбар 1901 жылы Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданында туған. Өз тұсында Қамбар белгілі әнші, жыршы Әкімгерей Қостанов, Адай Қарасай жырау, Шүрен Ізтілеу жыршы, Қабақ Пұсырман жырау, Естек Сабыр жыраулар, Тәңірберлі Молдабаймен өнер өрбітіп, үзеңгілес жүргені анық.

Қамбар тек күйші ғана емес біраз өнер қамтыған жан болған. Домбырашы, әнші, ақын, орындаушы т.т. Қамбардың үлкен қайын атасы белгілі күйші, әнші Арынғазиев Үсен (Үсен-төре атанған). «Ақсақ құлан» күйінің Затаевичке берген вариантын сол үлкен атасы Үсен төреден үйренген деген де пікірлер бар.

Қамбардың ортасы өңшең дүлдүлдер деуге саяды. Арғы жағы Жошы бабасынан қанмен жеткен дегдар өнер өрісі, бергі жағы Н.Байғанин бастаған жоғарыда аталған үлкен топтан тәлім алған Қамбар он саусағынан саз тамған дәулескер күйші, сырбаз сері. Яғни, бізге жеткен деректерге сүйенсек XIII ғасырдан шым тартқан серілік жолы XX ғасырдың ширегінде Қамбар шыққан төре әулетінің құлдырауымен тәмамдалады деуге саяды. Жошы қағаннан бері жеті ғасыр жаңғырған, өзегі үзілмей ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан ұлағатты ұяның сазды мұрасы қазақ халқының өнер антологиясына өлмес үлес қосқан ғажайып үрдіс. Атадан балаға жетіп, заманнан заманға жалғасқан дәстүр сабақтастығы. Күйші, әнші, ақын, композитор, орындаушы тағы да басқа керемет өнерпаздар самғап шыққан дархан шаңырақтың шапағаты алысқа кетті. Абыройы аспандады.

Бұдан шығатын тұжырым: Қанша дәуір алмасса да қанға біткен қасиеттің бұлжымауы. Синкреттік өнердің серкесі сал-серіліктің түп-тамыры тереңде жатқанын дәлелдеудің қажеті де жоқ сияқты. Басқаны қозғамай-ақ, осы бір үлгілі әулеттің уығына ұялаған ұлы өнердің ұшқынын тұтсақ та жетіп жатырғандай.

Арқаның арда сал-серілері Біржан, Ақан, Иманжүсіп т.б. туралы сөз өз алдына. Айналырған бір қазақтың өзінің ән мен күйі-ақ әлемді алты орайтындай түсінген адамға. Арқада алқымды, шырқау сазды, сызылған сырбаз ән-күй, Жетісуда желпінтеп жоғары көтерген жігерлі әуен, Сыр бойында сұлу

да сұңқар, серпінді саз, Маңғыстауда маңғыз да мұңды музыка, Оралда ортекедей орғып, желпінтіп соққан дауылды асау да арынды ән-толғау, қаһармандық дастандар жиыны «Қырымның қырық батыры» сияқты эпикалық ерлік жырлары мен қисса-дастан, ғибратты хамсаларды қосыңыз, ерен мол байлық. Рухани азық. Бұлар тірі тұрғанда қазақ рухының жүдеулік көрер жөні жоқ.

Ілгеріге ой жүгіртсек, ежелде қағандар тұсында, бәлкім одан әріде патшалар жанына данышпан, ақылман кісілерді көп жиған. Олардан ақыл сұрап, кеңесіне құлақ асып отырған. Қараңыз: ғұлама Әлішер Науаи «Ескендір қорғаны» атты хамсасында әлемді дәрегейіне қаратқан Ескендір шахтың Арастудан(Аристотель) және басқа кемеңгерлер уәжіне ден қояды. Кезі келгенде өзі барып, күрделенген түйіннің шешімін сұрайды.

«Ескендір бірде Арастудан толымды ақыл әр істің дұрыс шешілуіне амал табады. Алайда соның өзі кейде қателікке ұрындырады. Мұның себебі не деп сұрап еді, жауабын естіді», – дейді.

Тағы бірде Чин хақанын жауламаққа шыққалы тұрғанда:

«Алдағы жайды болжап, иманы ұшып,

Даналар шахқа келді жиналысып.

Жазылған пешенеге сырды анықтар,

Жұлдыздың туысында бір кәдік бар.

Оңынан шықпай тұр ғой жұлдызымыз,

Шайқассaq жеңілеміз бұл күні біз.

Қарашы қос жұлдыздың жанарының,

Тұруы теріс бағып, жаман ырым.

Ұлы шах бір-екі күн байқастасын,

Қатердің беті қайтпай, айқаспасын [129], – деп, шайқас алдындағы шахты тоқтатып, дамылдатады. Айтқандай, Чин(қытай) хақаны түнделетіп, достық қолын созып, мойынсұнады.

Бұндай ақылман, көріпкел саясатына жүгіну қай заманда да, қай патшаның жанында да болған. Қазақ хандарының маңында да үнемі данагөй абыздар жүрген.

Келе-келе бұл үрдіс жырауларға міндеттелген. Әз-Жәнібек тұсындағы Асан қайғы, Есім хан кезіндегі Жиёмбет жырау, Абылай уағындағы Бұхар жырау да сол ақылман, көрегендердің өзі. Ханның кемшілігін бетіне тіке айтып, қажетінде қақпайлап отырған. Абыз-жыраулардың кеңесіне хан, сұлтандар үнемі құлақ асып, соған оғай әрекет етіп, мақұлдаған. Бұл үрдіс барлық халық, күллі мемлекеттерде көрініс тапқан. Тіпті, көне рим, грек, сақ, ғұн замандарында да. Бағзы дәуір әмірлері төңірегіне көріпкелдер жинап, алдағы жорық, ұрыс жайын болжатып, соған көңіл бөліп, соның ыңғайымен қимылдағаны байқалады. Мінекей, осы үрдіс келе-келе абыздарға көшіп, одан жыраулар басына қонып, дұрысы атаулары өзгеріп, заманына орай жаңарып, жаңғырып тұрған.

Біз бүгін мұның бәрін әшейін ойға түскен дүниелер сияқты айта саламыз, заманында зарлап өткен бейшара әлеуметтің қамқоры, арашашысы болған, арын арлап, намысын жыртқан намысты ерлердің ардақтауымыз әлі де кемшін. Қара басының емес қалың қарындастың қамын жеген, ұлы өнердің абыройын арқалаған Иманжүсіп, Зәкәрия, Ақан сері, Біржан сал, сал Мұхит, Аманғали, Қисса, Молдабай, Қамбар Медетов тағы да басқа серілердің үркердей шоғыры дәуірін кереметке бөлеп, тілі де, діні де бөлек империяның ығында еріксіз бас шұлғып, тордағы бұлбұлдың күйін кешті. Еркін шалқи алмады.

Тәңірге бір табан тым жақын көне ғасырлардың келбетіне қайырылсақ жаратылған жан өзін-өзі табиғат заңдылықтарына бейімдеп, катал шарттардан аттамаған. Хаққа кәміл сенген. Жан тазалығын биік қойған. Қазақы руханият бағытында адам ішкі дүниесін қалыпқа келтіруі керек. Рухани адам үшін өз психикасын лас, былғаныш кірден тазарта білу аса маңызды. Концентрация, дұға, зікір арқылы. Тазалануды күн сайын, жиі ойлауы тиіс. Бұл тазалық сізге ғана береке әкелмейді, сіздің әсеріңіз басқалар үшін де берекелі, жолай кездескен барша жанға игілік дарытып, жарық қыласыз, Аспанмен байланыстырасыз деген түсінік. Періштелер лас, сасық иісі бар жерге жиреніп жоламайды деген пікір қалыптасқан.

Таза жүректен тұнық сөз шығады. Ал, адам баласы кемелденген сайын, көкірек көзі ашылып, көп нәрсені мойындамауға барды. Бүгінгі өркениеттің тұрғындары расында әр нәрсеге шәк келтіруге бейім. Жаратушыға сенімсіздік танытады. Тіршілігі тым қысқа пенде соны біле тұра көптеген қателіктерге саналы түрде барады. Себебі сенім, наным жоқ. Танымы басқа. Жалпы, адам баласы тірлік кешкенде бір нәрсеге сеніммен, бір нәрсеге көңіл артып жасауы қажет-ақ. Бүгінде керісінше жаратушының заңдылықтарына көңіл бөлмей, қоғам қалыптаған заңның аясында ғұмыр кешу басымырақ. Осы бір келеңсіздіктен, өркениеттің кейбір жетістіктерінен кешегі күннің ғұламалары сескенген. Зар заман ақындарының, Бұхар жырау сынды әулиелердің толғауларынан соны аңғаруға болады.

Ақын-жыраулар сәуегейліктен, көріпкелдіктен де құр болмаған. Асан Қайғы, Мөңке би, Бұхар жырау, Кердері Әбубәкір, Ақтан Керейұлы сияқты келешегін болжап кеткен көреген көрегендер баршылық. Олар көкірек көзімен келешегін сезе білген, яғни, болашақты көрген. Соны сөзбен сомдаған.

Прогресстің нәтижесінде техника өз сакральдігін жоғалтты. Бұны дала серілері көкірек көзімен сезді. Жырау Кердері Әбубәкір XX ғасырдың басында:

Тар шалбар, бешпет шықты қынамалы,

Жігітке шапан киген ұнамады.

Сары жез самауыры тағы шықты,

Машина шүмегі бар бұрамалы [130], – деп, өз заманының өркениет келбетін ұнатпайды.

Жырау өркениетпен қоса жаратушымен байланыстың әлсірейтінін, қоғамдағы әлеумет киелі санап құрметтеген дүниелердің мағынасы азаятынын толғап зарлайды. Бірақ, дәуір керуені өз бағытын өзгертпейді. Тек, Әбубәкір

емес сол кезеңнің біраз саналы кісілері келер заман сұрқынан сескеніп, сәуегейлік жасаған. Оған, Ақтан Керейұлының «Болжау сөзі» дәлел ретінде қарастыруға болады.

Ағайын-туыс, дос-жаран,
Бірін-бірі өлтіріп,
Татаулық шамы сөнеді.
Шайтаны бар шараптар,
Елдің болар қорегі.
Жазылмас дерттер көбейіп,
Шомылып ұрық себеді.
Бақсы-балгер көбейіп,
Еліне салар бәлені.
Бір-біріне азаяр,
Адамдардың көмегі.
Ішерге елім тарылып,
Қиын өмір сүреді.
Төрелік айтар билердің,
Ақша болар қорегі.
Өсірген қыз бен келінің,
Ойламас ата-енені.
Батасыз жастар көбейіп,
Оттары жанбай сөнеді.
Тірі жетім көбейіп,
Мейірімсіз өсіп-өнеді.
Керексіз болып туылар,
Дүнияның тәтті бөбегі.
Ұят кетіп қызыңнан,
Жалаңаштар денені.
Жез тырнақты, жалбыр шаш,
Кейпіне жынның енеді.
Ата-анасы ұл-қыздың,
Айтқанына көнеді [131].

Болашағын, яғни бүгінгі таңдағы кейбір кемшіліктерді көзбен көргендей дәл айтып кеткен бұл толғауы, кешегі, қазақтың алдағы үш жүз жылдығын болжаған көреген Мөңке әулиенің мөрлеген сөздеріндей мағыналы. Жаны таза, өмірге періштелі пәк ішкі көзімен қараған ақын осы күнді көріп отырғандай сезінген. Бұдан жүз бірдеңе жыл бұрын айтылған толғау осылайша бүгіннің бетін ашық суреттеп кете береді. Тұп-тура келіп тұр. Танданбасыңа шараң жоқ. Көріпкел демеске дәтің кәне. Бүгін тіріліп келсе дүниеден баз кешіп кетері хақ.

...Осыларды болжаған,
Кенжедегі Ақтанмын,
Әруақты аталар –
Барлығынан өтетін,
Қазағым асыл деп еді.
Сондықтан да ұрпағым,
Түзелер деп қисайып –
Сендерге бабаң сенеді [131, б. 119].

Келешекке, ұрпағына зор сенім артып тізгін тартады, қартың.

Патшалық Ресейдің отарлау саясаты өз күшіне мінген тұста тірлік кешкен ақын көкірегін қысқан шерді кімге шағарын білмей қалың қарашаға рухты жырларымен араша түсіп, алдағы бұлтты кезеңнің сықпытынан сақтандырады.

Мұсылман дініне мойынсұнумен қатар шамандық нанымдарға да иланған қазақ жұрты ертеңін болжаушыны «сәуегей» дейді. Ш. Уалихановтың қазақтар арасындағы шамандық, бақсылық туралы айтқан пікірін жоғарыда келтірдік. Онда Шоқан шаманды сан қырлы өнер иесі, білікті деп таниды. XIX ғасырда өмір сүрген Ақтан ақын да шаман болмағанымен Ш. Уалиханов айтқан «білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары: ақын, сәуегей, сегіз қырлы, бір сырлылықтан» алшақ емес.

Сыпыра, Асан Қайғы, Қазтуған, Жиёмбет жыраулардың Маңғыстау, Жайық, Жем, Сағыз даласына өкшесі тигені тарихтан мәлім. Бұлардың көбі көрегендіктен кенде болмаған. Ақтан да осынау дарақтар сайрандаған сары даланың шалғайынан шыққан шайыр. Көнекөз жыраулардың сарқыты. Солардың дәстүрін ұштаған ізбасары. «Жаманшылық болса да, алдағыны болжасам - қара бұлт төніп келеді» деп абызша күңіренуінің түп мәні туған топырағынан қанына дарыған қасиетінде десек жаңсақ кетпеспіз. Демек, Ақтан да өз қоғамының жырауы. Тек тұсында, Асан Қайғымен ақылдасар хан Жәнібек, Шалкиізге құлақ түрер би Темір, Сыпырадан кеңес сұрар Тоқтамыс, Жиёмбетпен санасар Есім хан жоқ еді.

Көк пен жердің арасындағы тіршіліктің мән-мағынасына үңілсек әулиелік, сәуегейлік дегенге тіреле береміз. Ойы кемел болғанымен адамның да ақылды мақұлық екендігін еріксіз мойындаймыз.

Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,
Салынсаң, салдуарлық қадір қоймас.
Ер жігіт тандап тауып, еппен жүрсін,
Төбетке өлекшіннің бәрі бір бәс [64, б. 55] – деп Хакім Абай түйіп айтқан.

Байыптасақ, бәрі рас. Өзіне есеп бермейтіндер үшін өркениет жолы тиімді. Анасы мен әкесін сыйламай кеткен бүгінгі жастардың қылығына қарап түңілесің. Жаһандану дәуірінің заңдылығына көнбеске шара да жоқ.

Серілік дәстүрді саралай келе олардың ұстанған жолын қазақ даласында бұрынғы-соңғы өткен ақын-жыраулар мен ағартушылық бағыттағы ойшыл

ақындар легі, кейінгі Алаш орда қаймақтары қалыптаған соқпақпен арналас деген тоқтамға келеміз. Алаш зиялыларының алтын өзегі өздерінен бұрынғы сал-серілер салған сара жолда жатырғаны айдай ақиқат. Серілердің де Алаш зиялыларының да көздегені қазақ халқының азаттығы. Тобыр көпті жақсылық жолына күреске бастайтын білімдар жандар. Молда-ишандар тегіс білімдар адамдар еді. Олар сонымен қатар ақын болған. Олар дін мен дәстүрді, батырлық пен ақындықты қатар ұстаған.

«XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті бағдарламасы туралы» мақаласында профессор С.Ордалиев: «Біздіңше, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін екі әдеби бағытта бөлуіміз керек. Біріншісі, ағартушы бағыттағы ақын-жазушылар, оған Ақмолла, Нұржан, Әбубәкір, Қалтай, Шәді, Жаяу Мұса, Мәшһүр Жүсіп, Тұрмағамбет шығармашылығы енсе, екіншісі, қазақтың ағартушы-демократтық бағыттағы ақын-жазушылары, оның қатарына: Ахмет, Шәкәрім, Міржақып, Мағжан (революцияға дейінгі шығармаларын ақтау қажет), Ғұмар, Мұхаммеджан, Сұлтанмахмұт, Спандияр т.б. өмірі мен еңбектерін жатқызар едік» – деп көрсетеді [132].

Қ. Сыдиықов: «Ғасырдың бас кезіндегі қазақ ақындарының шығармаларының мазмұн-мәніне, көркемдік сыр-сипатына қарай шартты түрде болса да бірнеше салаға бөліп қарастыруға болады:

1. Демократтық-ағартушылық, сыншыл-реалистік бағыттағы ақындар
2. Жыраулық, ақпа ақындық дәстүрдегі ақындар.
3. Әнші ақындар.
4. Кітаби ақындар яки, шайырлар.
5. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін жырлаған ақындар [133].

Қазақ топырағында Ақан сері, Біржан сал, Мәди Бәпиұлы, Иманжүсіп Құтпанұлы сияқты әнші-ақындар мен Абыл Тілеуұлы, Қашаған Күржіманұлы, Жамбыл Жабаев секілді ақпа ақындар ортасы Шоқан, Ыбырай, Абай бастаған ағартушылық идеясына тоғысқан бір шоғыр қазақ қоғамындағы әлеуметтік, рухани тыныспен тығыз байланыста еді.

Қысаң идеология сұрқынан сескеніп, Ресей өкіметінің отаршылдық орыстандыру саясатына қарсы туған осынау ақындық буындар мен оның өкілдері туралы ойымызды сан-саққа құбылтып келдік. Профессор Ы. Дүйсенбаев айтқандай: «Ақын-жырау дегеніміз көңіліне келгенін айта салатын, еркін жүрген бір пенде емес, ол да өз заманының айнасы, жемісі» [134].

Ендеше, әнші-ақындар шоғыры да ақын-жыраулар секілді заман тудырған, қалыптастырған халық перзенттері. Олардың әдеби мұралары халықтың мұң-тілегін жеткізіп, заман ауырлығында елді шыншылдыққа, ізгілікке шақырды. Міржақып бастаған азатшылдық идеясына дейінгі әдебиет тарихындағы ұлтының азаттығын аңсаған, соны жырлап өткен, өздері де сол азаттық жолында күрескен сал-серілер мұраларын мейлінше насихаттағаннан, қазақ әдебиетінің тарихы байымаса, жұтандамайды.

Сал-серілердің бағыты тәуелсіздікке ұмтылыс, еркіндікті аңсау. Осы жолда олардың барлығы әнімен, жырымен, күйімен азаттық таңын аңсап, соны толғап, қалың жамағаттың көкірегіне еркіндікке деген уытты жігер құйып, жалындап өткен өз қоғамының қайраткерлері. Кешегі айыр көмей, арқар мүйіз Алаш ардақтылары да сал-серіліктің ауылынан алыс емес. Сәкен, Мағжан, Ілиястар дара дарын, ақын-жыраулар еді ғой.

«Ұлт бостандығы жолындағы күрес сарыны, халықтың бүгіні мен ертеңі туралы толғаныс тақырыбы жетекші орынға шығады. Бұл соны тұрпатты сөз өнерінің ең алғашқы даңқты өкілі – қылышы тасқа кетілген Махамбет болса, ең соңғы ұлы перзенті – алаштың өткенін жоқтап, болашағын қамдаған Мағжан еді» [135].

«Адамның өз ожданы алдында адал, шыншыл болуы адам өзіне-өзі ізгі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізгі болуынан ғана туады», – дейді ғұлама Әл-Фараби [39, б. 135].

«Ұлтқа қызмет ету білімнен емес мінезден», – дейді Алаш ардақтысы Ә. Бөкейханов.

«Жаман мінез-құлық – рухани кесел» [39, б. 136].

Мінез ақылға яки сезімге байлаулы нәрсе емес, қайратқа байлаулы [136].

«...Қашанда болса пайда келтіретін ой һәм іс ізгілік деп аталады. Ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безу – адамның жаратылысының өзінде бар нәрсе», – дейді Мағжан шайыр. Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін, – дейді тағы [136, б. 85].

Мен – біткен ойпаң жерге аласа ағаш,

Емеспін жемісі көп, тамаша ағаш.

Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,

Пайдалан шаруаңа жараса, алаш [137], – деген Міржақып Дулатовтың жаны неткен асыл еді.

Халқына «жарты жаңқасы» қалғанша қызмет етуді арман тұтқан Алаштың перзенті Міржақыптың, Мағжанның, Әлиханның, Ахметтің мақсат-мүдделері де сонау «Ұлысым бай болса, менің де көңілім жай табады» деген қағидалы Түрік Чори қағанның ұлы Ашына Шене қағанның, Құтлықтың ұлы Күлтегіндердің [138], анау «Елді-жұртты қорғайлап, өлімге жүрміз бас байлап», – деп жанкешкен Ақтамберділердің [33, б. 87], Өтемістің ұлы Махамбеттердің тілегімен орайлас екенін ұрандатудың қажеті де шамалы.

Қай ғасырдың өзінің даңқты тұлғалары болды. Әр дәуірдің белгілі батырлары мен қолбасылары, абыз-шешендері адамзат тарихына өзіндік үнін қосып, ізгілікті қолтаңбасын қалдырды. Ақындар мен жыраулар да солардың сапында, тіпті биігінде самғады. Ақындардың алғы сапта жүретіні – олар сөз құдыретін сезінді һәм сөз киесін жүргізе білді. «Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек» [139].

Өткен ғасырларда ақын, серілер – номадалық мәдениеттің синкреттік тұлғасы, халық әдебиеті дәстүрлерін сақтаушы һәм қоғамда әлеуметтік пікірді жеткізуші қызметтерін атқарған және этностық мәдени генофондымызға айтулы үлес қосқан тұлғалар. Маңғыстауда, жалпы Қазақстанның батыс бөлігінде олардың толғаулары жоғары оқу орындарында жиі қолданылады. Мысалы, Маңғыстауда Абыл Тілеуұлы атында саз мектебі ашылған олардың жыршылық дәстүр-мектебі бойынша жастар білім алып шығуда. Алайда, олардың шығармашылығын жан-жақты уағыздау кемшін. Поэзиялық мұраларындағы ойлау формаларының дүниетанымдық, тәрбиелік сипаттары терең таразыланып оқытылмайды. Сондықтан бұған тіл-әдебиет ғылымы тарапынан нұсқа-жол көрсетілуі – қажеттілік.

Сөз өнерін насихаттауда, дамытуда зор істер атқарған халық ақындарының қызметтері жайлы «XIX ғасыр әдебиеті» атты хрестоматиялық оқу құралында: «XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіне елеулі үлес қосқан ақындар тобының ішінде әнші лирик ақындар тобы да болды. Олар әнші – орындаушы, шығарушы-композитор болуларына қоса, талантты ақындар да еді. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит пен Әсет, басқа да әнші ақындар туындыларыңыз әдебиетіміздің өткен жолын толық тану мүмкін емес. Бұл орайда, олардың, әсіресе қазақ лирикасын дамытуға қосқан үлес салмағы салиқалы. Лирикаға тән нәзік сезім, адамның жан сыры – олардың шығармаларының негізгі арқауы», – делініп әділ байлам жасалған [140].

Мысалы, халық ақындары Жамбыл Жабаев (1845-1944), Нұрпейіс Байғанин (1838-1929), Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ (1864-1919) т.б. шығармалары жоғары оқу орындары бағдарламаларына енгізілген, филология факультеттерінде арнайы оқытылады. Ал, батыс беттегі ғұмыр кешкен серілер Сары Батақұлы, Зәкәрия Сағындықұлы, Аманғали Кенжеахметұлы, Қайып Қорабайұлы, Жеті қайқы серілер тобының туындылары шет қалған. Тіпті елге жақсы таныс XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі ақын-жырауларымыздың еңбектері топтастырылған көп томдық «Бес ғасыр жырлайды» кітабында жоғарыда аты аталған тұлғалар есімдері бар батыс серілері мұнда тағы да ескерілмеген. Қазақ әдеби тілін насихаттап сабақтастырудағы өзіндік қызметі назардан тыс. Еленіп ескерілер емес. Сондай-ақ, олардың дәстүрін жалғастырушы Ғарифолла Құрманғалиев, Мекес Төрешев, Әли Құрманов шығармашылығының да мәдениеттанудағы тәрбиелік орны, фольклорлық мұраларымызды бүгінгі күнге жеткізудегі үлкен еңбегі әдебиет тарихы ғылымында осы кезге дейін сараланған жоқ.

А. Затаевич, А. Жұбанов еңбектерінде Сары, сал Мұхит (1841-1918) есімдері тұңғыш рет аталып, ол жайында құнды деректер берілген [141].

Мұхиттың дәурендеген ортасы Жайық алқабы. Бұл даланың әншілерін өнер зерттеушісі Илья Жақанов «Атырау елінің безмаза хал кешкен бір арысы – Ауқат әнші. Оның өмірі – Арқадағы ақиық әншілер – Қанапия, Иманжүсіп, Тәуке, Балуан Шолақ, Мәди, Ақтөбе даласын шулатқан Батақтың Сарысы, Қызыл әнші, Оралдан жылқы қуатын Ерғали секілді бір арпалысты, қиын-кескі өмір», – деп баға береді [142].

Көне жыраулар жалғасы ретінде серілердің шығармашылық ортасына, ғұмырбаяндық шежіресіне қатысты мағлұматтарды жүйелеу және оның туындыларының болмысы мен эстетикалық-тағылымдық тәрбиесін таратып көрсету – мәдениеттану – әдебиет ғылымы, фольклор тарихы үшін маңызды болып табылмақ.

Иоллық тегіннен ұласып, Қорқыттан үзілмей, Кетбұғадан шым тартып, Сыпыра жыраудан жеткен серілік дәстүр, халқының рухын көтеріп, тура жол көрсетуші, домбыра мен найзаны қатар ұстаған батыр-жыраулар Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Тәттіқара, Бұхар жырау, бұлардың ізбасарлары Махамбет, Байтоқ, Құрманғазы, Ақан сері, Біржан сал, Иманжүсіп, Молдабай, Жамбыл, Кенен, Тәттімбет, сияқты тұлғалар арқылы бізге жеткен, ханға да тура сөйлеп, ісінің терістігін бетіне басып, жай отындай жарқылдап өткен ақын, серілердің жүрісі тым салмақты, сөздері сүбелі.

Бұлардың бәрі қадау-қадау, бір-бір мектеп. Сонау Тоныкөк, Иоллық тегін, Білге қағандардан ұласқан сал-серілік өнер мен ерлік жолы үзілмеуі тиіс.

3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ САЛ-СЕРІ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ

3.1 Сал-сері өнері мен тәжірибесінің трансформациялануы

«Ұлтты бағындырып алып, құлдану үшін оны жоюдың қажеті жоқ, ең таңдаулы 100 адамын жойып жіберсең, ұлттың орнында ішкен-жегеніне, жұрт қатарлы күн кешкеніне мәз, айтқаныңа көніп, айдағаныңа жүретін тексіз тобыр ғана қалады...» Бұл – жарты әлемді жаулап, бағындырып, дегенін істеткен үстем ұлттар өкілдерінің бірі айтқан сөз. Осы сөз күні бүгіндері әлі күшінде ме, жоқ па, бәлкім білетіндер бар шығар.

Ғасырлар бойы жаттың езгісінде болып, шарасыздықтан ділі мен рухы шаршап, жаттың «айтқанына көніп, айдағанына жүру» санасына, мінез-құлқына ақырындап сіңісіп, тексізденудің алғы шарттарына мойынсұна бастаған қазақ, енді елу жыл бодандықта қала бергенде, бүгінгі білігінен де үзілді-кесілді ажырап, өзін жоғалтып бітер еді.

Бағымыз орай, ғасырлар бойы төгілген көз жасы мен қасиетті қанның өтеуіне қазақтың тәуелсіздігі келді. Есеңгірей келіп, есін жиған қазақ жоғын түгендей бастады, күрес пен қасіретке толы өткенін еске алды. Ел болып қалу үшін жанталасқан күрестің негізгі күші – ұлтты ұлт етіп тұрар құндылықтарды сақтап қалу.

Алайда, осы мәселенің жүйесіздеу жүргізілетіні де шындық. Бұл, сірә, біздің нағыз қазақы тарихымыздың қағазға түсіп, қатталмағандығынан, күні кешеге дейін қазақтың өзін-өзіне сұмырай қылып көрсетудің шегіне жеткендігінен, санасын үрей билеген ұлттың өткенін ойламастай күйге түскендігінен, т.т., һәм...қазақы «элитаның» – мансап үшін, қу жанның құмары үшін, т.т., ұлт мүддесін ұмыт қылу, қазақы дүниенің бәріне деген өшпенділік, т.т. – нәтижесі болса керек.

Қазір жүйелі түрде қолға алына бастаған ұлт тарихын тереңірек зерттеп-насихаттау мәселесі өте қуанышты, қазақ болашағына деген қайсар үмітті, жігерді ширықтыратын нәрсе. Демек, жоғымызды түгендей түсетін боламыз. Сол арқылы тарих, тарихи адамдар арқылы келешек ұрпақ ата-бабалар дәуірін, қазақ ұлтының ешкім кеміте алмайтын тарихи болмысын, дана да бірегей кескін-келбетін, өмір салтын, қасиеті мен киесін толығырақ елестете алатын, өзге емес, сол құнардан – қазақы құнардан рухын, ділін сусындататын болады.

Аға ұрпақ алыстаған сайын біздің тарихты түгендейтін адамның саны азайып барады. Қазақы болмыс пен қазақы құнардың, қазақы дүниетаным мен ұлттық мәдениеттің соңын көріп, түйсініп үлгерген, соның бәрін ізбасарларына сыбырлап жеткізген бұрынғы, «кескіні бұзылмаған» ақсақал ұрпақ аңыздың кейіпкерлеріне айналып, келместің кемесіне мініп кетті. Олардың аз-кем өнегесін, үлгісін көрген, бірақ үрей мен қорқыныш тәрбиелеген, «кеңестік өмір салтымен» ғұмыр кешкен ұрпақтың соңы пайғамбар жасынан асты. Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде өткен тарих туралы, «ұлтты ұлт еткен» тұлғалар туралы айтып та, жазып жүргендер де солар. Бір қиыны – тарихты зерделі, зиялы кісілер ғана айта, жаза алады. Олар тіпті аз. Бұл диссертация жұмысына іздену

барысында публицист-жазушы Мейірхан Ақдәулетовпен болған сұхбаттан қалған ой.

Тәуелсіздікке қолымыз жеткенше ұлттық құндылықтарымыздың зардап тартқаны жасырын емес. Отарлық езгіде кешкен тірлік отардағы ұлыстың салт-дәстүрін, ғұрпын, дінін, тілін тежеп қана қоймай мінез-құлқына да салқынын тигізді. Ұлттың кескін-келбетін айшықтайтын мәдени мұралар діңінен ажырап, желге ұшқан жапырақ кейпін кешті. Олқылықтарды толтыру жолында мемлекеттік бағдармалар жасалып, қызу жұмыстар атқарылды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (2004 жылы бастау алды) аясында көнеміз жаңартылып, жанамыз жарқырады. Бұрынғы тарихи негіздер жүйеленіп, жаңа күннің жарығымен астасып, тың леп әкелді. 2014 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы шеңберінде де біраз шаралар ұлт пайдасына шешілді. 2017 жылғы Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жан-жақты ізденіске, серпіліске тағы күш берді. «Рухани жаңғыру» идеясы болашақты ойлаудан туындаған оңды қадамдардың қатарына жатады.

Халықтың асқақ рухы еңсе тіктеді. Осынау бағдарламалардың қоғамға берері көп:

1. Отарлық санада жүріп, ұлттық болмысын өзгерте бастаған халық өткенін қаузап, өшкенін тірілтіп бақты. Өзегінен ажырай бастаған әлеумет салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпына, ырым-тыйымына назар аудара түсті. Осыған бағдарлама шеңберінде бастамашылар көбейіп, жан-жақты үгіт-насихат молайды.

2. Қазақтың ғасырлар қойнауынан сыр тартқан мәдени мұрасының бір түрі – халықтың ауыз әдебиеті көшпенді тірлік кешкен қазақтың тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүниетанымы, адами көзқарастары т.б. жайында шығарылған сан тараулы ән-өлең, жыр-дастан, күй, аңыз-әфсана, ертегі, мақал-мәтелдер сарапталып, жинақталып, айналысқа енді. Мектептегі оқу жүйесіне қосымша сабақ ретінде де енгізіліп, оқушыларға насихатталып жатқаны да бар. Батырлар жырынан республика көлемінде түрлі байқаулар ұйымдастырылып, оқушы балалар қаһармандық дастандарды жатқа айтып үйренуде.

3. Ел ішінен ескерілмей келген жырлар, түрлі жанрдағы хикаялар, музыкалық мұралар қамтылып, аудио түрінде басылып шығарылуда. «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні», «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» тақырыбымен жарық көрген музыкалық антологияға сал-серілердің де ескерусіз қалып жүрген әндері мен күйлері енгізілді. Серілер Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанқап, Есір, Құлшар секілді күй алыптарының киелі мұралары насихатталып, Сары Батақұлы, Естай, Жаяу Мұса, Иманжүсіп, Балуан Шолақ, Ақан сері, Біржан сал, Досат, Әділ Өтеғұлұлы, Жылкелді, Тастемір, Шолтаман, Аманғали, Мұхит, Молдабай, Қызыл сері, Бала Ораз, Таңжарбай, т.б. сал-серілердің көп айтылмай келген әндері енгізілген. Бұл да болса бүгінгі дәстүрлі әншілердің репертуарларын толықтырып, музыкалық мұрамыздың қорын толықтыра түсті.

4. Осы бағдарламалар аясында шет елдерде ұлттық өнер бағыты кеңінен насихатталып, ақындар айтысы өтіп, белгілі әнші-күйшілер легі жиі-жиі

сапарлап, европа жұртына қазақтың дәстүрлі музыкалық мұраларын барынша көрсетуге мүмкіндіктер туды. Жыршылық дәстүрді дамыту жүйелі жолға түсе бастады. Дәстүрлі әншілер Әміре тамсандырған Париж сахнасында шырқап, қазақтай азғантай жұртты айдай әлемге жария қылды.

5. Әркім өзінің ата-тегін іздеп, жеті аталық жүйесін түгендеп, шежіре саралады. Тегін білу - тектіліктің бір белгісі. Арғы бергі ата-бабаларының ғұмырнамасына үніліп, кім болғанын зерделеп, әулет тарихын жазуды көбейтті. Бұл қан тазалығын сақтайтын ғажап ғұрып. Жеті атадан аспайынша қыз алыспау қазақ халқының бекзаттығының бір көрінісі. Рулық санадан ұлттық санаға бағыт алып жатқан жаһандану тұсында бұл әрекет ерсілеу де көрінуі мүмкін, әйтседе руын-тегін білудің маңызының зор екенін ескерер болсақ еш сөкеттігі жоқ. Бүгінгі саналы өркениет дәуірінде енді ру-руға бөлініп, жақ-жақ болып соғысуға бармасы анық.

Ғұлама Плутарх: «Мен кішірек қалада тұрамын, оны одан да кішірейтпеу үшін, сонда тұра бермекпін» [143], – депті үлкен бір ғұлама. Әр пенде ұлты үшін, ұлысы үшін осындай ой кешсе, әрбір мемлекет жарқырап, жайнап өсе түсер еді. Бұл мәдениетті мемлекеттің бір көрінісі. Бір рудың арын арлаудан аспай жүрген азаматтары мол Қазақстанның мәдениетінің шарықтауы үшін әлі бірнеше жылдың жүзі өтуі тиіс. Саналы, білімдар кісі жалпылықты ұстанады. Не көрсе де ұлысымен көреді. Хакім Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», – деген ойын пайымдауға мұршасы келетіндер аз. Елді ел қылатын да осындай ойлы азаматтар қатары. Озық ойлы кісілер қатарын көбейту үшін әрине білім қажет. Рулық санадағы, атасын жоқтаудан аспай жүрген тар ұғымды жандардың тірлігін жоққа шығара алмаймыз. Жеті ата ұғымы киелі ұғым екенін мойындаймыз. Десек те жеті атасын түгендеу, шежіресін сомдау, бабасын батыр қылып, соған қыруар қаражатын шығындап ескерткіш, кесене орнату ысыраптың зоры.

«Ұлы даланың жеті қыры» (2018) бағдары да қазақ елінің мәдениетін жаңғырту жолында жасалған айқын жолдың бірі. 100 томдық «Бабалар сөзі», «Мәңгілік сарын» күйлер антологиясы (2015) мұның бәрі Қазақстан мемлекетінің музыкалық мұраларын, дәстүрлі өнерін жарқырата биіктетудің жолында атқарылған жұмыстар. Осынау жобалардың бәрі ұлттық өнерді, дәстүрлі мұраларды түгендеп, таныту жағдайында жоғары деңгейде жасалған іс-шаралар легі болатын.

Тегінде бір ұлттың, қауымның дамып, өркендеуі жолында сол елдің мәдениетінің ықпалы зор. Ал, мәдениетті жұрт қатарына еруге сол елді өнерінің өрісті болмағы шарт. Халықтың жанына жақын, тарихынан сыр шертетін, сол ұлыстың қуаныш-қасіретінен хабар беріп тұратын өнердің бір түрі музыкалық мұралары. Қазақ халқының да дәстүрлі ән-күйі, жыры ежелден осындай киелі дүниелер.

Тәуелсіздің алған тұстан беріде Қазақстан мемлекетінің мәдени тамырына қан жүгірді. Соның ішінде өнер саласы шарықтады. Ұлттық өнер айтыс, жыршылық, дәстүрлі ән, күйшілікке көңілдің бөлінуі жақсарды. Әлеумет домбыраға, қобызға үйірсектеді. Халықтың рухының аштығы сезілді. Домбыра

мен қобыз, жетіген секілді ұлттың төл музыкалық аспаптарының жолы ашылды. Бұл аспаптардың бәрі сал мен серінің сүйікті құралдары-тұғын.

Қазіргі уақытта Қазақ мемлекетінің материалдық емес мәдени мұраларының он бір түрі ЮНЕСКО әлем халықтарының материалдық емес мәдени мұралары тізіміне енгені белгілі. Қатарында күй тарту, қазақ күресі, атбегілік жоралғылар, сонымен қатар Орталық Азия және басқа халықтарға ортақ мұралар ретінде құсбегілік, Қорқыт ата мұрасы, айтыс, т.б. бар. Осы аталған өнер түрлерінің барлығы сал-серілікке қатысы бар дүниелер. Ал, Қорқыт ата мұралары дегеніміз жыраулық дәстүрдің үлгісі.

Қорқыт десе бақсылық-жыраулық қасиеттегі абыз қария еске оралады. Өлімнен қашып, Әбілхаят іздеген шамандық дәруіш елестейді. Жыраулық-абыздық дәстүрдің қайнары саналатын Қорқыт жолы киелі үрдіс. Жалпы сөз өнеріне егелік еткен адамның барлығы да көкпен байланысы берік, болмыс бөлек жандар екендігін ескеруіміз керек. Ондай қасиеттері барын өздері байқамауы да мүмкін. Егер, ақын немесе жырау осы ерекше қасиеті барын елемей лас істер жасап, теріс жолға түссе, түбі оңбайтыны сөзсіз.

Түсінген адамға сөз өнері киелі. Бойына сөз өнері дарыған кісі бойын таза ұстауы абзал. Таза жүріп, Жаратушы сыйлаған өнерді қастерлеп ұстамаса, өнер ұшып кетеді. Аңыз сорабына сүйенсек, бойынан өнер кеткен жан мылқау, мәңгүрт күйге түседі. Яғни өнер тастап кетеді. Сен өнерге иелік етпейсің, өнер саған егелік қылады. Қысқасы бойыңды бар болмысыңды, киелі өнер билейді. Аузыңнан шыққан сөз де еркіңнен тыс болуы мүмкін. Сөз сенің аузыңнан шыққанымен оны айтып тұрған сен емес, көктегі хақ. Ауыз сенікі, сөз Құдайдікі.

Қазақ халқы – әуелден сөз қастерлеген халық. «Өнер алды – қызыл тіл», – деуінде үлкен мән жатыр. Сырым би:

Ел бастау қиын емес, қонатын көл табылса,

Қол бастау қиын емес, соңыңа ерер ел табылса,

Бәрінен сөз бастау қиын, тауып айтсаң мереке қылады, таппай айтсаң келеке қылады, – деп әшейін қыздырма қызыл сөз үшін айта салмаса керек-ті. Алқалы топтың алдында көсемдік танытып, тауып сөйлеудің қол бастаудан қиын саналуы – психологиялық факторды мойындағандықтан ғана емес, сөз өнерінің әрі кінәмшіл сұлудай кірпияз, әрі асқақ келетінін, сонымен бірге ақынға немесе шешенге қойылар талап деңгейінің қаншалық биік болатынын ескергендіктен (Сқақбаев М.). Осыны терең ұққан талант ғана үлкен даңққа бөленеді. Бақида да, фәниде де. Қорқыт сияқты, Бұхар жырау секілді.

Қазақ аңыздары бойынша Қорқыт ескі дәуірдегі серілікті бастаушының бірі. Ол атақты шешен, ел басқарушы, онымен қатар дүлдүл жырау, асқан күйші, бірінші рет қобыз жасаушы, қазақ музыкасының атасы. Қорқыттың қобызы мен музыкасын өзіне мұрат еткен ұрпақтары – әл-Фараби, Нысан абыз, Қойлыбай, Балақай, Жанак ақын, тағы басқалар» [144].

Профессор К. Медеуова З. Наурызбаевамен бірлесіп жазған «Казахская «космическая» топонимика: исследование культурного ландшафта в окрестностях космодрома Байконур» мақаласында жер туралы қазақы

дүниетанымға тоқтала келіп, Қазақ тарихшылары V-VII ғасырларда өмір сүрген Қорқытты нағыз тарихи кейіпкер, әкесі оғыз, шешесі қыпшақ деп санайды. Бірақ, ол туралы аңыз-әңгімелерде Қорқыт исламға дейінгі мифологиялық кейіпкер, – деген пікір келтіреді, және одан әрі ойын сабақтап бүй дейді, – Халық аңыздарында Қорқыт «дүниенің төрт бұрышын» (түркі мифологиялық моделі төртбұрышты дүние) аралап жүріп, туған жеріне – жер ортасы, жер «кіндігіне» қайтады. Сырдарияның жағасында текеметпен жүзіп, қобызда ойнайды. Ол өзеннің жағасына жерленген. Халық Қорқыт мазары деп есептеген тозығы жеткен ғимарат 1871-1872 жылдары Түркістан альбомына түсірілген. Сырдария суы бұл көне ескерткіш тұрған жартасты шайып, 20 ғасырдың ортасында оны толығымен жоқ еткен. Бүгінгі күні осы тұсқа стела орнатылып, төбеде Қорқыт атаның заманауи ескерткіші тұрғызылған. Сыр бойындағы бұл аймақты халық ауыз әдебиетінде «жер кіндігі, дүниенің тұтқасы» деп атайды. Мифологиялық идеяларға сәйкес, уақыт әлемнің орталығында тоқтайды. Әлемнің орталығында ғана біздің әлеммен байланысуға, яғни төменгі – жер астына және жоғарғы – аспанға көшу мүмкіндігі бар. Теориялық тұрғыдан толық ашылмаған бұл мифологиялық контекстті Байқоңыр ғарыш айлағы туралы жырлаған қазақ совет ақыны ойға салады. Кеңестік кезеңнің культ ақыны Жұбан Молдағалиевтің (1920-1988) «Байқоңыр баспалдақтары» поэмасында ғарыштық жетістіктер жырланса, бір тарауы Қорқытқа арналған. Аты аңызға айналған Қорқыт рухы оның күнделікті өмірдің тартымдылығына қарсы күресін баяндайды, өмірінің жерге байланғанына өкінеді, бірақ өзі жасаған қобыздың сазы аспанға жетеді деп үміттенеді [145].

Қазақ дүниетанымында Қорқыт пен қобыз егіз ұғым. Қобыздай киелі аспапты екінің бірі игере алмайды. Бойында аса жоғары қуаты бар, хас талант иесі ғана меңгере алады. Қобыз бақсының сүйікті құралы. Қобыздың шанағы ағаштан, қылы жылқының жал-құйрығынан алынады. Ағаштың да ағашы бар. Жалпы ағаш қазақ дүниетанымында үш әлемді сомдайтын дүние. Ағаш мифтік әлемде ғаламдық сипатта, яғни үш әлемді байланыстырушы, я болмаса ғұмыр сыйлаушы, тіршілікті сақтаушы. Үш әлемді байланыстырушы ағаштың тамырлары төменгі дүниеге, діңі ортаңғы, бұтақтары мен жапырақтары жоғары дүниеге тән [146].

Қобыз киелі аспап саналады. Қобыздың сарынының санаға әсері күшті. Бұрын қобызды көбіне бақсылар ұстанған. Аспаптың өзіне келсек, қобыздың сыртқы түсі оның шығарған үні келесі күйді еске түсіреді. Аққу – қазақта киелі құс. Сондықтан «Аққу» күйі ерте кезде көпшілікке әсер еткен. Қобыздың түрі аққуға ұқсас екенін бірінші рет суреттеген әл-Фараби. Одан кейін, оны солай салыстырған саяхатшы П.С. Паллас. Ол кісі 1772 жылы Семей өлкесін аралап жүріп, әлден уақытта қобыз тартып отырған, бір қазақты кездестіреді. Ол саяхатшыға «Аққу»күйін тартып береді. Палластың байқауынша, қобыздың сыртқы көрінісі одан сұңқылдап шығатын үн тұтасымен аққудың түрін елестетеді [147].

Аққу қазақта тазалықтың, махаббаттың символы ретінде жүретін киелі құс. Құс аспан мен жерді жалғаушы дәнекердей елестейді кейде. Аққу туралы

аңыздар көп. Соның бірі мынадай: Сібір татарлары «Әуелі Көк Тәңірі Ақ қошты (Ақ құс – Аққу) жіберіп, теңіз түбінен топырақ әкелуді бұйырды. Ақ қош ұзын мойнын созып жіберіп бір уыс топырақты жұлып алады да, Тәңірдің алдына алып келеді. Тәңірі топыраққа дем салып, ә дегенде шайтандарды жаратты. Жер бетін жын-перілер қаптап, ешкімге құлақ аспай құтыра бастады. Мұны көрген Тәңірі ашуланып, шайтан біткенді алты қырдан асырып орманға қуып тықты да, Ақ қоштың екінші әкелген топырағынан Тәңірі халқы дейтін елді жаратты. Тәңірі халқы бүгінгі түркілердің түп атасы еді. Түркілер үшін Аққудың киелі құс боп саналатын жөні осы» дейді [148].

Өнер адамдарының құстың кейпіне енуге құштар болғандығы олардың ұшуға деген құмарлығы білдіреді. «Ұшуға құштарлық – еркіндікті аңсау» деп түсініңіз. Осы зерттеуде айтқанымыздай Мағжан Жұмабаев «бұл өмір абақты ғой саналыға», – деуін тым тереңнен түсінген жөн. Шын ойланған адамға расында мына өмір абақты. Адамның ойы, қиялы шексіз, кең болғанымен пенденің мүмкіндігі шектеулі. Адам – мүсәпір. Мына жарық дүниеге қамаулы. Мүсәпір деген сөз қазақша жолаушы деген мағына береді екен. Ислам мәдениетінде адамды «мүсәпір» дейтіні өмір – тірлік керуен, адам жолаушы, яғни, мүсәпір. Біріміз жолаушымыз. Ұлы өмір-керуен жолын жалғай береді. Замана желі тоқтамайды. Керуеннің жолаушылары, керуен басы алмасып отырады. Бары сол-ақ. Тірлік, мына жалған дүние баянсыз. Өтеді, кетеді, бітеді. Адам байғұс қасірет шегіп, өксумен өтеді. Өтпейтін адам жоқ. Қорқыттың өлімнен қашып, мәңгі өмір іздеуінің мәні осында. Мәңгі өмір сыйлайтын су – Әбілхаят. Әбілхаятты іздеп табам деп шарық ұрудың өзі, пендеге үміт сыйлайды. Мәңгі өмір сүремін деген үміт қана. Осы себепті де саналы адам тым болмаса құс болып ұшып, еркін шалқып өткісі келеді.

Дала перзенттері шетінен философ. Себебі, «жалған дүние», «баянсыз тірлік» деп түйеді. Өткінші өмірдің хикаясын жалғаншы, баянсыз деп бір ауыз сөзбен түйіндейді. Өмір – қамшының сабындай қысқа деп тағы қазақы оймен сомдайды. Қамшы ат әбзелдерінің бірі. Қазақтың дәстүрлі шаруашылық бұйымы. Сабы қысқа келеді.

Салдардың құс болып ұшып кетпегенмен, құс кейпіне еніп, құс тағдырын аңсауы, аспан әлеміне еніп, жұмақта немесе сопылық көзқараспен пайымдасақ – рухтар (әруақтар) әлеміне ұшып жетуді аңсаудан туған әрекет деуге болады. Тым болмағанда қанатсыз, бір мекенге қамалған адамнан гөрі құс тірлігі еркіндеу екені бәрімізге белгілі.

Алла Тағала Аққудай сақи тірлік сыйлаған серілер мансапқа, атаққа құмартпаған. Бірақ, мансап, атақ олардың ізінен қалмайды. Себебі, атақ беретін де, алатын да халық. Халықтың сүйіктісі болудан артық бақ бар ма. Осындай баққа кенелген серілердің басы төрде, әні өрде. Атақ-даңқтан ар-намысты, абыройды биік қойған олар елі үшін, өзін көкке көтерген көпшілік үшін неден болса да тайынбады. Халқы үшін жанын қиюға да барды, басын өлімге тікті. «...Даңқ ұдайы дерлік шындық сезімін бұрмалайды әрі адамның жеке басына ылғи қауіп төндіреді», – деп қорытады Г. Маркес [149].

«Халқы үшін ерлік жасап өлгендерді тәңірлер мен адамдар қастерлейді. Себебі өлім қаншама даңқты болса, оның берер абыройы да молырақ», – дейді Гераклит [150].

Серілердің үлкен шайқастарда ерлікпен қаза табуға ұмтылып тұратынының мәні осында. Олар тірлікте ұсақ-түйекпен атақ алуға құмартпайды. Тірліктегі атақ – жалған атақ, дақпырт. Мәңгілік атақ-даңқ – өлгеннен соңғы даңқ. Бұның мағынасы мынада жатса керек. Тірлікте әркім белгілі болуға тырысады. Біреу қорқытып, үркітіп басшылыққа жетеді. Сүйтіп белгілі адам болып қаламын деп ойлайды. Мұның бәрі құр мақтаншылыққа келеді. Абайша айтсақ: «Бұл мінез, өзін біреуден зор қылмақ, өзін өзгерлерден ақылдырақ, батыр қылып, елдің қамын ойлаған жақсы адам құсап көрсетпек үшін ғана» [65, б. 106]. Осы әрекеттің өзі оның пасықтығын аңғартады. Ол – мансапқұмарлық сезімнің құмарлығы ғана болса керек. Абайдың «биік мансап – биік жартас. Ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады» [65, б. 123], – деуіне ден қойсақ, бәрі айқындала түсетіндей.

Серілердің ойының асылдығы сол, олар тірлікте атақ, мансап үшін іс қылмаған. Олар адамзат үшін, халқы үшін ғана жақсылық қылмаққа барған. Бұ дүниеден өткен соң жақсы ісімді ұрпақ мақтан қылсын деген оймен жасаған. Нағыз бақыт осында деп есептеген.

Расында, адамның жарық дүниедегі атқарар миссиясы да сол болса керек: адамға жақсылық жасау, зарыққанды демеу, жабыққанды жебеу.

Жаратушының алдындағы борышын өтеу үшін, адамдық парызын өтеу үшін, Иерусалимге – қасиетті мекенге сапарлап, құлшылық қылу міндетті де емес екен, төңірегіндегі мүскін, жоқ-жітік жандарға шын ниетпен көмек қолын созсаңыз, Жаратушының ықыласына бөленіп, бақида жұмақтағы мәңгілік рахатқа батарыңыз сөзсіз.

Л.Н. Толстойдың «Два старика» [151] атты әңгімесінің де айтар ойы осы еді ғой.

Ерлік жасау дегенмізді тек соғысып немесе алысып-жұлысып, шайқасып, басын бәйгеге тігу деу жаңсақ ұғым. Ерлікті соғыс, қарумен шайқассыз-ақ жасауға болатынын айтқымыз келеді. Өнерлі адамдардың өзінің талантын ұштап, ұлтын насихаттауын ерлік іске балауға неге болмасын. Талантты адам ұзақ-ұзақ жыр жолдарын жаттап, оны нақышына келтіре сомдап, үнемі бабында жүруі – жүйрік аттың баптауымен пара-пар дүние. Өзінің ұлысының атынан сөйлеп, әнімен, сәнімен өзге жұртты тамсандыру дәстүрлі әншінің, күйшінің ерлігі. Өнер адамдары халқының ұлттық нақыштағы киімін де насихаттап, ұлтының бет-бейнесін, болмысын көрсетер шежірелі тарихи тоқығандарын айтып жүруінің өзі бір ұлысты екінші ұлысқа таныстырудың бір көрінісі. Сондықтан да әнші, күйші, жыршы, биші, жалпы өнер адамдары өз елінің тарихын, мәдениетін, шежіресін, әдебиетін молынан білгені жөн. Өкінішке орай біздің кейбір таланттыларымыз мәдени, әдеби, өнер тарихымызды тоқуы мардымсыз. Бұл да бір Қазақстандай кіші мемлекеттің олқы тұсы деп түйген жөн. Олқы тұстарды жауып кететін басым жақтар да жоқ емес.

Нағыз ғажап өнер туындысы көңіл күйдің әсерінен қуаныштан немесе қайғыдан, шарасыздықтан туындайды. Адам баласы қатты қайғырғанда, болмаса шектен тыс қуанған, шаттанған сәтінде шабыт соғып, көңіл мен жүрек түкпірінен сиқырлы сөз легі ақтарылады. Бұл – шабыт. Шалқар шабыт сары даланың кең төсін салт атпенен еркін шарлап жүрген ақын-жырауларда ерекше болса керек. Табиғаттың әсем көркіне тамсанып, заңғар көк пен көк шалғынды жайлаудың жұпарын жұтып жүрсең жаныңа үлкен әсер берері анық. Үнемі, сахара кезіп, сауық аулаған әнші-ақындарда мұндай шалықтау кездері көп болатыны даусыз. Әрі, өңкей өнерлі жігіттер шоғыры бірінің олқылығын бірі толықтырып, небір аулы ән-күйлер мен саздар тудырған.

Көңіл күйге кербез табиғат пен сұлу өмірдің әсері мол. Адам тіршілігі табиғатпен тікелей қатысты. Адам – табиғат перзенті. Күннің нұрына, айдың жарығына, жұлдыздардың жымындағанына құмартамыз. Таудан асқақтықты, теңізден тереңдікті іздейміз. Көктемнен жастықты, гүлден махаббатты тапқандаймыз. Табиғат сыры мен адам тіршілігінде ұқсастықтар мол. Сондықтан да табиғат табиғат көрінісі адамға эстетикалық ләззат береді. Тірлігі тамаша өнерпаз небір әсем саздар мен өлеңдер тудырып, өзі өмір сүрген қоғамының айнасына айналмақ. Ал, жоқтықтың азабын тартып, қарын тойдыру қамында күйбендеп жүрген таланттан зарлы, жылаңқы әннен басқа не күтеміз. Нарық қысқан осынау заманда шығармашылық адамына деген көзқарас та өзгерген.

Көбіне дара тұлғалардың бір жағы ғана зерделеніп, өзге қырлары ашылмай жатады. Нақтырақ айтсақ, Махамбеттің отты ақын екендігі жан-жақты көрсетілсе, оның күйшілігі, батырлығы ескерілмейді. Құрманғазы да солай, керемет күйшілігі ғана дәріптеліп, балуандығы, ақындығы, жыршылығы туралы сөз қозғалмайды. Сол секілді Найман Кетбұға ноянның да батырлығы, сардарлығы айтылып, күйшілік, батырлық, шешендік, т.б. қырлары мүлдем айтылмайды. Осы тақырыпқа да көбірек көңіл бөлген абзал. Қазақтың бетке ұстар тұлғалары мейлінше зерделеу көрмеуіне орай бізге де мәлімет аз жетіп отыр. Кейінгі ғалымдар дуалы қаламға іліккен бір шоғыр тұлғаларды жан-жағынан түрткілей беруге құмар. Сартап болған тақырыпқа бара беру де көпшілікті жалықтырады хақ. Мысалы, Махамбет ақын туралы зерделеу мол да, Махамбеттен кем соқпайтын Байтоқ жырау төңірегі мүлдем қараусыз. Жалқы есімді бөле-жара қарастыруға барамыз да, оның маңайына зер салмаймыз. Құрманғазы күйшінің өмірі тамаша тірлік емес. Құғын көріп, қашып-пысып кешкен қуаң тірлік. Оны паналатып, талай заңғар күйлерінің тууына ықпал еткен небір тұлғалар жайын тірілту мардымсыз.

Сал-серілер тақырыбына барғанда бізге осындай ой туды. Бұл сала бірнеше жыл дамылсыз ізденуді қажет ететіні мәлім болды. Сал-серінің шын бейнесін ашуға, олардың өнегелі жолдарын көрсетуге, адамзат үшін, күллі адами қасиеттерді жаңғырту жайында жасаған істерін насихаттауға, елдік, сүйіспеншілік мәселелеріндегі жағымды жақтарын жарқырата мәлім етуге жүйелі жұмыстар жасалуы қажет-ақ екендігіне көзіміз жетті.

Тәуелсіздік алғалы бері жанданған біраз өнер мұраларымыздың ішіндегі өзіндік өрнегімен көпшіліктің көңілінен шығып, жарқырай көрінгені сөз барымтасы – айтыс өнері. Айтыс – екі ақынның сөзбен сайысы. Ежелден елдің елеңдеп тұратын ерекше думанына айналған айтыстың соңғы жылдар турасында шоқтығы биіктей түсті. Сөз зергерлері барымтаға түскен аламан айтыстарда небір дүлей, дуалы ауыз шайырлардың бағы жанып, бодандықта еңсесі түсіп, рухы әлсіреген әлеуметке жігер құйды. Шындықтың шыбышын шырқырата сойып, өмірдің көлеңкелі тұстары аяусыз әшкереленіп жатты. Ақиқат іздеген көп айтыстан құмары қанып, сусындады. Мәртебесі өскен айтыс кейбір жылдары Ресей астанасы Москва төрінде өтіп, Европаның ортасында ойқастады.

Бүгінгі айтыс пен кешегі айтыстың барысы жер мен көктей. 1930 жылдарға дейінгі айтыстың дені ру аралық деңгейде өткені тарих парақтарынан белгілі. Айт пен тойда, аста екі рудың екі мықты ақыны кездесіп, немесе әдейі шақырылып, сөз бәйгесіне түсетін. Екі ақын өз руларын мақтап, өзінің руынан шыққан батырын, шешенін, байын, жүйрігін мадақтап, қарсылас жақтың олқы тұстарын теріп отыратын. Мұндай айтыстың соңы дауға ұласқан да тұстары болған.

Қазіргі айтыстың өзегі мүлде бөлек. Бағыты басқа. Кешегі азулы Бұхар жырау, Махамбеттердің жалғасы тілді ақындар бетің бар, жүзің бар демей, депутатқа да, әкімге де айтып салып тұрды. Өрнекті өлеңмен білімдар ақындар елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтап отырды. Ақын халықтың тілі мен ақиқаты болды. Ақын көпшіліктің көкейіндегіні айтып, жамағаттың батасына ілігіп жүрді. Бұл да тәуелсіздіктің жемісі еді.

Ұлттық өнердің бірі – ат үстіндегі ойындар мен қазақ күресі. Түсінген адамға бұл екеуі нағыз өнердің серке келбеті. Білекті де жүректі жігіттердің ат үтіндегі тартысы мен көкпары, балтырлы балуандардың белдесуі кімнің болса да делебесін қоздырады анық. Жылқы мінезі жұрт бәйге десе елеңдеп тұратын. «Түндікпенен күн беріп, түтікпенен су беріп баптаған тұлпарлар таң асып күндік жерден келіп тұрды. Көптің көңілі Көкпарға ауды. Күрес те, бәйге мен көкпар да намыстың ойыны. Нағыз серіліктің намысты өнері. Тіпті аңшылықты да әскери өнердің бір бөлігі ретінде қарастырады адамзат ұстазы Аристотель [152].

Аңшылық кәсіп емес өнер деп қараған серілердің арғы бабалары жалпы адамзат жаратылғаннан бері аңшылыққа еріксіз барғаны анық. Тамағын тойдыру үшін. Қарын қамы үшін ғана. Келе-келе бұл үрдіс дәулетті кісілердің, хан-сұлтандардың сауық өнеріне айналған. Жүйрік ат, алғыр тазы, қыран бүркіт, мықты садақ, ұшқыр оқ, құралайды көзге атқан мергендік, жүзіктің көзінен өтетін ептілік т.б. осының бәрі аңшылық пен қоса жауынгерлікке де таптырмас қажеттіліктер.

Ертеде, біраз уақыт жау жорық көрмей жатып қалған жігіттерді шайқасқа шынықтыру мақсатында түрлі шаралар өткізіп отырған, соның бірі осы аңшылық еді.

Әрбір халықтың өзіне ғана тән, сол жұрттың өзіне ғана жарасатын өнер, мәдениет түрлері болады. «Белгілі бір этностың ұлттық салт-дәстүрлері көрініс табатын көркемөнер мәдениеті» [153].

Өнер адамдарының іс-әрекеттеріне салт-дәстүрлік бағытпен қарасақ, салт-дәстүрлердің өзі мәдениеттің ауқымды бір пұшпағы. Демек, сал-серілердің әр қимыл-әрекеті көшпенділердің сан ғасырлар бойы қалыптастырған мәдени көрінісінің жиынтығы. Сан ғасырлар өрінен сұрыпталып, дамып, жаңарып бізге жеткен дәстүрлі өнердің сан тараулы бағытын тарқатып, өңін бұзбай заманға сай икемдеп, жаңаша қалыптап жеткізу аса қырағылықты, саналы үлгіні қажет етеді. Ұлттық өнерді түбегейлі өзгерту мүмкін емес. «Өнерді өзгерту мен заңды өзгерту бірдей емес. Қалыптасқан дәстүрлерге қарсы күшпен көндіруге заң дәрменсіз; бұл уақыт озған сайын ғана іске асырылады. Сондықтан, қалыптасқан заңдарды жеңілдікпен басқаларға, жаңаларға ауыстыру – заң күшін әлсірету деген сөз» [119, б. 31].

Бір халықтың өзіне тән салтын, ғұрпын бұзу сол халықтың табиғатына қол сұғумен тең. Дәстүрлі өнердің жолы да сондай үлгіде. Оны қастерлеу сол халықты ұлықтау. Көп ұлтты Қазақстанның жеңімпаз тұсы да әр этностың салты мен дәстүрін бағалауда жатса керек. Өзге жұрттың өнеріне немқұрайлы қарау надандық болар еді. Себебі әрбір елдің дәстүр-салтында, өнерінде сол этностың қилы тарихы, өткені тұнып жатады. Оны танып білу саналы адамның ісі.

Соңғы жылдары Орта Азиядағы түркі тілдес елдерге ортақ мәдени шерулер өткізіліп келеді. Бұл татулықтың, қандастықтың нақты көрінісі. Іргелес мемлекеттерде қазақ белсенділерінің қатысуымен өткізіліп жатқан ірі шаралардың мәдени келбеті көңіл қуантады. Сондай ауқымды мәдени жиындар ел мен елді жақындатып, бейбітшілікке бастайды. Халықаралық достық қатынасты нығайтады. Өзбек, Қырғыз секілді түбі бір түркі елдерінің мәдени формасы да, салттары да тамырлас болғандықтан түрлі мәдени шаралар өзара ынтымақтастықта өтіп жатады. Тіпті, ақындар айтысына дейін ортақ түрде атқарыла береді. Кешегі, Жамбыл мен қырғыз ақыны Тоқтағұлдың сөз қақтығысының әлі күнге дейін маңызы кеткен жоқ. Қазақ пен Қырғызға ортақ ақын атанған Жамбылдың сүбелі сөздері екі елдің еншісінде қатар атала беретіні бар емес пе.

Мұндай қарым-қатынастар туралы көптеген деректер келтіруге болады. Мысалы: Ақтөбе өңірінің әнші-ақындары Сары Батақұлы (1863-1895), Таңжарбай Бәкірұлы (1872-1926), жырау Құдайберген Үмбетәліұлы Шоқаев (1903-1952), күйші Қазанғап Тілепбергенұлы (1854-1921) Бесқала жерінде сайрандап, өнер өрбіткен. Қазанғап күйші Бесқалалық Шүйт Орынбай күйшіден тәлім алған. Ал, «Жеті қайқының» бірі Өскенбай Қалмамбетұлы Түрікмен Құлбай бақшымен өнер жарыстырып, күй тартысқа түседі. Ақыры әйгілі «Жаңылытпаш» күйін тартып жеңіске жетеді. «Бес жүйріктің» бірі Абыл ақын Түрікмен шайыры Мақтымқұлымен шығармашылық қатынаста болғанын ғалымдар дәлелдейді.

Қысқаша анықтама: Қазақстанның батыс өңірінде «жеті қайқы», «бес жүйрік» атанған, нақтырақ айтсақ көпшілік солай атандырған сал-серілер тобы болған. «Жеті қайқы» – Әділ Өтеғұлұлы (1869-1931), Жылкелді Теңізбайұлы (1855-1938), Өскенбай Қалмамбетұлы (1860-1925), Шолтаман Байсарыұлы, Тастемір Шыршығұлұлы, Тұрсын Алдашұлы, Досат Бәймембетұлы секілді дүлдүлдер. «Бес жүйрік» - Абыл Түлеуұлы (1777-1864), Нұрым Шыршығұлұлы (1831-1908), Ақтан Керейұлы (1850-1912), Аралбай Онғарбекұлы (1855-1918), Қашаған Күржіманұлы (1841-1929) секілді ақын-жыраулар.

Мифтахетдин Ақмолла (1831-1895) Торғай, Ор, Ақтөбе аймағында ағартушылық қызмет атқарған башқұрт шайыры. Ұлт пен ұлтты жарастырып, өнерімен өзекті мәселелерге ұйытқы болған осынау ақын-күйшілер хақында жағымды да жарқын пікірлер көбірек қозғалып, ұлтаралық мәдени-өнер шерулер өткізіп отыру үрдісі қалып алса жаман болмас еді.

Философ әрі саясаттанушы Самюэль Хантингтонның («Өркениеттер қақтығысы») пайымдауына жүгінсек, ХХІ ғасырда мәдениеттері тектес елдердің жақындасу, мәдениеті тамырлас емес ұлттардың бөліну үдерісі жүріп жатыр. Алып державалар ыдырап, бауырлас халықтардың одақтары бел алып келеді. Еуроодақ соның жарқын көрінісі. Ежелден қанаттаса отырған, көп ретте тағдырлас, ішінара қандас, экономикалық әл-ауқаты деңгейлес, саяси құрылымы ұқсас ұлттар бірігіп қана қоймай, әлемге ақыл айтуда [154].

Соңғы жылдары осындай түрдің бірін Орта Азия кіндігінде орналасқан арғы тарихы арналас Өзбек, Қырғыз, Қазақ халықтары көрсетуде. Шекарасы бөлек, заңы басқа елдердің бір арнаға тоғысуына киелі өнердің ықпалы мол екені айқын. Өнерде шекара жоқ. Музыкалық мұралардың тілі де, ділі бір. Ол адамзатқа ортақ. Саз әлемі салқындықты ұнатпайды. Сондықтан тілі, ұлты басқа болса да өнерпаздар әуен-саз арқылы ұғыса береді. Саяси мәдениеттің аясынан тыс жеке тұлғалық достықтың арқасында да ел мен ел ынтымақтасып кеткен жағдайлар да жоқ емес. Өнердің көкжиегі шексіз.

Өнерге деген махаббат өнерпазды биікке жетелейді. Осындай махаббатқа бөленген әнші-ақындар өнерін паш ету жолында небір қиындықтарға жасқанбастан барады. Көпшіліктің ықыласына, махаббатын бөленген ақындардан, өнерпаздардан асқан бақытты адам бола ма сірә.

«Адамдар әншейінде таулар мен өзендерді, жаңа жұлдыздарды, түрлі-түсті құстарды, түрі оғаш балықтарды, адамның күлдіргі типтерін көру үшін жер бетін аралап, саяхат жасайды... бұлардың ешқайсысы мені қызықтырмайды. Алайда егер мен осындай сенімнің серісі қайда өмір сүретінін білсем, мен оған жаяу-ақ аттанар едім; өйткені бұл керемет мені абсолютті түрде қызықтырады.

Сенімнің серісі – діни сенімге әбден берілген, өмір сүрудің ең жоғарғы, яғни діни, кезеңіне көтерілген адам», – деген қағиданы ұстансақ жоғарыда есімдері аталған тұлғалар көпшілікті өзіне қаратып, сеніммен жарылқау үшін жаралғанын ұғар едік.

Әнші-ақындар зор дауыспен қоса сөз күдіретін сезетін ақындыққа ие жандар. Жандары көктің шапағымен нұрланған ерекше адамдар. Олардың

кеудесінен шыққан саз-әуен (музыка, күй) күллі қауымның болмысын аластап, ұшықтап, жағымды қуат құятын арна іспеттес.

Дәстүрлі түсінік бойынша әнші дарыны ауыр, көп жылғы еңбек пен шығармашылық ізденістің нәтижесінде емес, адамға туа біткен Жаратушы күдіреті, берілген құт, оны ән мәтінінде «өнердің бойға бітуі» деп келтіреді [155]. С. Еламанованың ойынша Өнерпаздың тыңдармандар алдына шығуы дәстүрлі ортада дүние әлемнің қайта жаратылуымен, ретсіздік заманнан (Хаос) реттілік заманға өтуі (Космос), тіпті тылсым дүние әлеммен кезекті қарым-қатынасқа шығуы деп ұғынылды.

«Әуенді шығару адамға туғанынан берілетін, белгілі табиғат қабілеттілігіне байланысты. Бұған адамның әу бастағы болмысынан бекітілген, кездейсоқ емес ақынды пішін жатады» [28, б. 3-50].

Әуелі ілім керек екенін жоғарыда да бірнеше рет қайталадық. Тұлға болып қалыптасуға да білім қажет. Адамның жақсы жолға түсуі зеректіктен, білімнен. Біліктілікті философ болу дегенмен шатыстырмайық. Білімді болу өз ұлтыңның тарихын, салт-санасын, адамшылық парындарды т.т. қажеттіліктерді меңгеру. «Грек данышпандарының ойынша, адамның белгілі бір ұлтқа, халыққа тән екендігін айқын сезіну үшін бес нәрсені меңгеруі абзал:

1. Сол ұлттың тілін жақсы білуі қажет.
2. Сол ұлттың дінін терең меңгергені жөн.
3. Сол ұлттың дәстүрін толық бойына сіңіруі тиіс.
4. Сол ұлттың тарихын бес саусағындай білгені абзал.
5. Сол ұлт мекендеген жердің ой-шұқырын жақсы білуі тиіс.

Осындай бес сипаттаманы бойына дарытқан адам ғана сол ұлттың толыққанды өкілімін деуге құқылы дейді.

Әркім дүниені, өмірді тануды, алдымен, өзінен бастағаны жөн. Бұл – көнеден жеткен ұстаным. Өзін танымай тұрып, өзгені танымын құр далбасалық. Бұл ретте дін деген нәрсенің ұлттық рухқа қатысы мол. Дінде ұлттық рухты құраушы, соған белгілі бір мазмұн беруші, тәртіпке салушы күш бар.

Біздің қазақ халқының тарихи тағдыры ислам дінімен байланысты. Ислам діні – біздің ұлт болып қалыптасуымызға, халық болып, тәртіпті, тәрбиелі ел боп өмір сүруімізге қызмет еткен еді.

Шариғат – адамаралық қарым-қатынаста жалпы заңдылықтар болу керек дегенді білдіреді. Шынында, заң жөнімен өмір сүру – керек нәрсе, өйткені қауымдасып, қоғамдасып өмір сүргеннен кейін белгілі бір тәртіпке, заңдылыққа бағынбаса, онда адам мен адамның арасындағы қарым-қатынас мүлдем бұзылып кеткен болар еді. Сондықтан шариғат та қажеттілік.

Дәстүр ұғымына жаңаша көзқараспен қарасақ ол үш нәрсемен сипатталады.

а) дәстүр дегенің – жалпы халықтық. Олай деуге себеп – оның өзі әркімнің жеке басының жағдайына байланысты емес, халықтың әлеуметтік, психологиялық, мәдени толып жатқан басқа да тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты;

ә) дәстүрдің тағы бір сипаты – тұрақтылығында. Ол оңайлықпен өзгере салмайды, орнықтылығымен ерекшеленеді;

б) дәстүр ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Егер осы сипаттамаларға тереңірек үңілсек, онда ұрпақтан ұрпаққа сол ұлт өмірінің желісін үзбей біріктіре отырып берілетіндігін аңғарамыз.

Дәстүрдің ең қажет жері – оның ұлттық мәдениет деген қастерлі ұғымға тікелей қатыстылығы. Қай ұлттың болмасын мәдениетінің дәрежесі сол ұлттың әдет-ғұрпына, салт-санасына байланысты.

Дәстүрді сыйлаған, дәстүрі бай, мәдениетті халықтар алдыңғы қатардағы ұлттардың қатарына еніп, көп шаруа тындыруда.

Кең даланы жайлаған көшпенді халқымыз үшін дәстүрдің бірыңғай болуы үлкен рөл атқарды. Шығысы мен Батысында, Солтүстігі мен Оңтүстігінде де біркелкі. Саны аз, сахарада шашырап жүрген халқымыздың бірін-бірі жақсы тануына, тығыз байланыста болуына осы дәстүр біркелкілігі игі әсерін тигізген сияқты. Осы біркелкіліктің арқасында ғана ұлттық тұтастығымыздың тамаша үлгісі бар. Жалпы біздің халыққа тіл тұтастығы, дәстүр тұтастығы тән екендігін айтқан жөн [156].

Этностық мәдени мұраларымыздың тарихында өзіндік суреткерлік болмысымен есімін таңбалаған сирек дарақтардың бәрі ұлттық салт-сананы, дәстүр, шарифаттан мейлінше сусындаған. Халықтың ауыз әдебиетін санасына сіңіріп, дала дүниетанымына бойлаған. Бүкіл болмысы өз ұлтының мәдениетімен суарылған перзент әрине халқына адал қызмет етеді. Бұл өнегелі жол лебі кешегі Алаш ордашылар бойынан, солардың көзін көрген, бағытын ұстанған ұлтжанды азаматтардың іс-әрекеттерінен еседі.

Адам – белсенді іс-әрекетшіл жан. Оның өзіне тән аса маңызды бір қасиеті – жасампаз шығармашылықтың иесі болуы. Бірақ, мұның бәрі ұжымдық жағдайда іске асады, өйткені, әрбір адам қоғам өміріне тек сол арқылы ғана енеді, жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуында шешуші роль атқарады. Олай болса, сөз қылмақ Жеті қайқының бойындағы өнер өскен ортасына, қоғамдық тәрбиесіне тікелей байланысты-тұғын. Олар сан қырлы өнерді меңгерген: әнші, композитор, жыршы болған әрі атбегілік, құсбегілік дәстүрден де құр алақан емес-ті.

Қазақтың қара өлеңі мен жыр-термесінің бүгінгі күн ұрпақтарына шашау шықпай жетуіне өзіндік ұшан-теңіз үлес қосқан, ғасырлар бойы ауыздан-ауызға көшіп сақталып келе жатқан рухани қазынамыз дәстүрлі әншілік-жыршылық үрдісті жалғастырған әнші-ақындардың музыкалық фольклорымызды насихаттаудағы еңбегі орасан зор.

Есебі, тарихта сал немесе сері деген атпен қалған өнерпаздардың барлығы халықтың көне әдеби мұраларына қанық болған. Тіпті, сонау әрідегі жыр-толғауларды, ертегі, аңыз, хикая, қиссаларды көп білген. Олардың көбі бұрын айтып өткеніміздей текті әулеттен шыққандар. Біздерге аты жеткен сал, серінің әңгімешіл атасы немесе әжесі болып шығады, болмаса ақын-жыршы, не би-шешеннің шаңырағында туып өскен болып шығады. Қарапайым жанның құдай берген хас талантқа тән дарыны болмаса, мұндай биікке көктеуі екіталай.

Расында, талантты туған баланы баулымаса, көкірегіндегі талант – бұлақ көзінің ашпаса, ол тұншығып қалу әбден мүмкін. Ал, талантты жанды өнерлі, текті атасы немесе әжесі баулыса ашыла түседі, елге ғажап өнер сыйлайды.

Осындай шаңырақтан шыққан өнерпаз жыр-толғауларға, ертегі-аңыздарға қанығып өседі де, бесіктен алғанын, уыз шағында санасына сіңіргенін өскенде еліне жариялап, оған өзінің талантымен әсем дүниелерді қоса түсіп, жетілдіріп, көркемдеп, әсерлеп болашаққа бағыттайды. Осындай өнерге шын берілген дарындардың арқасында қазақ мәдениетінің қоры молығып, бізге жетуі содан.

Халықтың ішкі жан-дүниесі мен ұлттық мінез-құлқы туралы ақпарат алудың қайнар көзі ретінде фольклорлық шығармаларды, халық ауыз әдебиетін айтуға болады. Көркем әдебиетке қарағанда фольклорлық шығармалардың өзіндік артықшылықтары бар. Өйткені фольклорлық шығармалардың авторы халықтың өзі, ұжымдық туынды саналады.

Көшпенді қазақ халқының фольклорлық мұрасы сарқылмас қазына, таптырмас байлық. Фольклор – халықтың жан дүниесінің үні, һәм айқын бейнесі. Жазба-сызбасы жоқ, төрт түлік малының жайымен ойдан-қырға, көшіп-қонып жүрген халықтың, сонау көне дәуірлерден бері бабадан жалғасқан мұраны қаз қалпында сақтап, ауыздан-ауызға жеткізіп, ұрпақтан-ұрпаққа ұластыруының өзі бір керемет дүние.

Әр нәрсені байыбына барып шешетін біздің көреген бабалар көшпенді тағдырды киелі санаған. Мейендорф былай дейді: «Ауқатты қырғыздардың (қазақтардың – автор) неліктен ешқашан егінші болмайтындығын түсіну оңай. Олардың көне аңыздарында «қазақтар үйлерге қоныстанып, егіншілікпен айналысқан уақыттан бастап еркіндігін жоғалтады» делінген. Бұл аңызды башқұрттардың қазіргі тағдыры растағандай» [157].

Сайлы ордада ғұмырын тыныш өткізуге мүмкіндігі бола тұра көшпенді тірлікті қалағанын осыдан аңғарамыз. Расында, отырықшылыққа мойынсұнған мезгілден бастан қазақтың рухы қаша бастағандай. Табиғат ананың кеудесін еркін емген жұрт салт атпен сахараның кең төрін самғай кешіп, кеудесін таптатпай, қиялын сұңқардай қияға ұшырған. Сол себепті жаны да, сөзі де еркіндікте қанат қаққан. Жаны азат адамның ой-санасы шаттықта жүреді. Азат ойдан үлкен мақсаттар туады. Үлкен мақсат ірі істерге бастайды. Ірі істер үлгілі өмірге жетелейді. Үлгілі өмірден үкілі ұрпақ тарайды. Құнанбайды дәретсіз емізбеген Зерені еске түсіріңіз. «Мен Құнашты бір күн дәретсіз емізіп көргем жоқ және омырауымды тазалап жумай, бісміллә айтпай емізген мезгілім болған жоқ», – депті Зере ана. Не деген әулиелік?! Әулиелікті адамзатты ақиқатқа бастайтын аяулы жандар деп елестетсек, Зере нағыз әулие адам еді [158].

Табиғатпен етене араласып тірлік кешкен жұрттың музыкалық мұрасы да соған сай қалыптасқан. Көбіне қолданған музыка аспабы домбыраны ердің басына іліп, өзімен бірге қысы-жазы алып жүретін. Біз әңгіме қылып отырған сал-серілер қастарына өнерлі жандарды ерітіп, ел аралап өнер өрбітетін. Кең даланың әр төбесінде қоныс теуіп отырған көпшілік, ауылына сал мен серілер тобы келсе қуана қарсы алып, өнер адамын төбесіне көтере сыйлап, сауық-сайран құрып, соңын тойға ұластырып, көңілдерін көтеретін. Мұң-шерін

басатын. Мұндай топта небір өнерпаздар жүретін. Қазіргі тілмен айтсақ мініп жүрген атын ойнатып өнер көрсететін циркачтар да болған. Домбыраны неше түрлі ыңғайда ойнатып, тіпті бақайымен шертіп, жұртты тамашаға батыратын ептілері де, ауыр тастарды лақтырып таңырқататын алыптары да жүрер еді.

Л. Витгенштейннің «Ұлы шеберлердің шығармалары – таңда атып, өз жолын өткен соң бататын жарық сияқты. Міне, осылай әрбір ұлы шығарма күн сияқты батып кетсе де, уақыты келгенде біздің көкжиектен қайта көтеріледі» [120, б. 281], –дегенге сүйенсек, соңына талай асыл мұралар қалдырған тұлғаларымыздың есімдері жарқырай берері анық.

Бұл тарауды мына бір тұжырыммен түйіндегіміз келеді: Ойшыл Платон адамдардың көбі үңгірдегі адамдарға ұқсайтынын айтады. Олар үңгірдің артқы қабырғасына қарайды. Адамдардың артында аласа қабырға бар. Заттардың бәрі соны жағалай орналасқан. Осы аласа қабырғаның арғы жағында от жанып тұр. Үңгір қабырғасына қарсы отырған адамдар не көреді? Олар үңгірдің артқы қабырғасына осы заттардан түскен көлеңкені көреді. Бірақ бұлай емес қой. Заттардың қандай екенін көру үшін адам күн сәулесі түсіп тұрған жерге шығуы тиіс [159, б. 25].

3.2 Сал-сері мектебін сақтау және дамыту әрекеті

Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар. Озығын алып үлгі ету жалқының ісі. Ежелгі дәуірлерден қалыптасқан салт-дәстүрдің қазіргі таңда біраз жері заман талабына сай келмеуі заңдылық. Уақыт өтеді. Заман өзгереді. Адамзат тірлігі күннен күнге өркендеу үстінде. Әрідегі түркілер мен Ортағасырлық тайпалары салты түгілі Октябрь төңкерісіне дейінгі көшпенділердің тыныс тіршілігін бүгінгі күнмен салыстыруға келмейді. Десек те ол дәуірлердің бүгінге берері көп. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан салтымыз бен дәстүрлеріміз ұлтымыздың келбеті, тағдыры десек қателеспеспіз. Салт-дәстүр – әрбір ұлттың, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, тайпалық құрылым ерекшелігіне, діні мен наным-сеніміне қарай қалыптасқан өмір сүру тынысының жиынтығы. Бұрынғылар дәстүрден аттамаған. Дәстүрге киелі деп қараған. Дәстүрді құрметтемеген, дәстүрден аттаған жанды дала заңымен жазаға тартып, қылмыс жасаған адамдарын да дәстүрге сай жазалап отырған.

Сал-серілер дәстүрі де қатаң қалыпта өрнектелген өмір салты. Салдың да, серінің де ұстанымы халық ұғымынан өрбіген қағидалар. Сері – елдің ерке перзенттері. Сал – елдің абызы. Екеуі де халықтың рухани тірлігінен терең сусындап, тәрбиелі ортадан тәлім алып өскен өнерпаз. Расында, сал атанған, сері атанған адамдардың шығармашылық-өмірбаянын зерделеп көрсеңіз бәрі де өнегелі отбасында, текті ортада тәрбиеленіп өскені көрінеді.

М. Мағауин Қазтуған жырау туралы «көшпенділердің шынжыр балақ, шұбар төс әскери аристократиясынан шыққан сияқты. Халық аңыздарында ол қолбасы батыр», – деп жазады [135, б. 25].

Бесіктен берік үлгі көріп, текті ортаның тәлім-тәрбиесінен өнеге алып ұшқан сал-серілер өкілі салиқалы ғұмырға ұмтылды. Олар бала шағында ертекші әжесінен немесе әңгімеші атасынан, болмаса ақынжанды әкесінен, ел

сыйлаған парасатты анасынан көптеген аңыз, қиссалар естіп есейген болып шығады. Жасынан ғибратты сөздер, қиссалар тыңдап өскен бала есейгенде адамгершіліктің ақ жолынан адаспайтыны анық. Осы жерде «тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығы еске оралады. Бұл балғын шағынан өсиетке қанық баланың тұлға болып қалыптасатынының айқын көрінісі.

Адамның алғашқы ұстазы ата-әжесі және әке-шешесі. Одан соң ортасы. Балғын шағында рухани байлыққа кенелген бала есі кіргенде жүретін ортасын, жолдас-жорасын өзі таңдап алады. Жасындағы тәрбие дегеніміз салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, ырым-тыйымдарға қанығу деген сөз. Қазақтың тәрбиесі осы жолға бағытталған болатын. Демек, салт-дәстүр – тәрбие бесігі.

Ал, сал-серілер жаратылысынан басшылықта болуға икемді жандар. Оларға сондай озық қасиет көктен берілген. Олар өнер құндағына бөленіп туған жандар. Өнегелі ортадан тәлім алып бой түзеп, әрі талантты туған пенде биікке талпынары сөзсіз. Әуелден алғы шепте жүруге жаралған талантты өнерпаз халықтың салт-дәстүрін, ғұрпын сіңіріп, киелі өнерді қастерлегеннен көпшіліктің сүйіктісіне айналды.

Талғамы мықты көшпенді жұрттың көңілінен шығу оңай шаруа емес еді. Оған лайықты болуы үшін салдар мен серілер небір сыннан өтті. Сыншы халық сынынан сүрінбей өткен ақын немесе күйші – көп қырлы өнер иесі абыройлы тірлігін жалғау жолында қатаң қағидаға бағынды. Мұның басы жасында алған тәрбие болса, онан соңғысы қалың көпшіліктің қатал ортасы болды. Халықтың ықыласына бөленіп, сал атану, сері атану екінің бірінің маңдайына бұйырмаған бақ. Бұйырған бақты ұшырып алмай ұстап тұру онанда қиын еді. Қай заманда да солай болған.

Кешегі бодандыққа байланған тұста, яғни XX ғасырдың басында дәурендеген сал-серілер тағдыры азапты өмір болды. Бұған сыртқы саяси күштер де әсерін тигізбей қоймады. Еркіндікке құштар серіге бодандықтағы өмір азапты көрінді. Жауынгер жұрттың өнерпаз ұлы зарын енді әнмен, күймен төкті. Мұңын астындағы жалғыз серігі тұлпарына шақты. Талантын тиімді пайдаланғандары өнерімен әлеуметті тәрбиелеп, рухани азық сыйлады.

«Талант – бұл барынша жаңа суды тасқындататын бұлақ. Бірақ бұл бұлақ, егер оны дұрыс пайдаланбаса кеуіп қалады», – деген сөздің жаны бар [125].

Талант пен өнер егіз ұғым. Бұрынғылар өнерді де, талантты да қастерлеген. Алланың сыйы деп қарап, кір жұқтырмауға тырысқан.

Батыс өңірдегі «бес жүйрік» атанған сөз зергерлерінің бірі, азулы ақын Ақтан Керейұлының (1850-1912) өнерге таза қарағанын «Ақтанның жыр толғауларын Әділ жазып алғысы келеді. Ақтан: «Шырағым, жыр-толғау киелі өнер еді, дұрыстап, қадірлеп айта алсаң жақсы. Айта алмасаң киесі ұрады ғой», – деп жаздырмапты. Әйтсе де, Әділ Ақтан аузынан естігендерін, өзі жадында ұстап қалғандарын дастархан сияқты үлкен қағазға жазып, бүктеп-бүктеп алып жүретін...» – деген сөзден көреміз («Жеті қайқының» бірі Әділ Өтеғұлұлының баласы Кемал қарияның аузынан жазып алған Ази Е. Атырау облысы, Сағыз станциясы, 2018 жыл.) Алла берген талантты періштедей әлдилеген пәк

жүректен шығатын сөз ғой бұл, әйтпесе Әділ де талайды бас шұлғытқан өнер иесі, жезтаңдай әнші, айтулы жыршы болған.

Адам ерекше жаратылған құбылыс. Адам бойындағы әрбір клетка ақпарат сақтайды. Осы ақпарат арқылы әр халықтың менталитеті қалыптасады. Қазақы менталитет – салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, дәстүрлі дін, жеті аталық шежіре сияқты құндылықтар болмақ.

Салға да, серіге де хал-қадарымызша анықтама бердік. Әрине, аға буын ғалымдардың пікірлерін, тұжырымдарын ден қоя зерделеп барып, өз ойымызды қорыттық. Келесі кезек сал-сері атанған таланттардың өнерпаздық ғұрпының үзілмей біздің ғасырға дейін жетуінің сырына үңілу. Сак, ғұн ғасырынан бастау алады деп түйген серілер дәстүрі ерлік, еркіндік жолына, жан тазалығына құрылған форма. Олардың XIX ғасыр белесінде көптеп шығуы замана талабынан деп ұғамыз. Әрі ол заманның біздің ғасырға бір табан жақындығынан.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында жасаған сал-серілер легі отарлық саясаттың салқынына шарпылып, еркіндігінен айрылған жұртының жұбатушысы болды. Көптің көшбасшысы ретінде отарлаушы империяның саясатына бағынбаған олардың көзін құрту қазақ халқын тұншықтырудың бірден-бір жолы деп есептеді. Бас көтерер ерлерінен айрылған көшпенді далалық жабайы ұлыс тез көндігеді деген оймен сал-серілерді, интеллигенцияны азайтудың жолын қарастырды. Интеллигенцияның шоғырында сал-серілер де болды. Көптің қамын жеген батырлар мен билерді, ақын-серілердің алдап-сулап, жуасытып көндірудің амалын қарастырды. Илікпегендерін күшпен ұстап, абақтыға, итжеккенге айдап тоздырды. Текті жұртты тоз-тоз қылып, халқын салт-дәстүрінен айырып санасыз құл қылып, қазба байлығы мол жерін пайдалануды көздеді. Бұл саясатқа қарсы бас көтерген серілерді шетінен қойдай көгендеп түрмеге тоғытты. Еркінен айырды.

Абақты қатар-қатар болады екен,

Ішіне жақсы, жаман толады екен.

Ішіне абақтының кіріп барсаң,

Көңілің су сепкендей болады екен [123], – деп жырлаған арқаның серісі Мәдидің сөзі бұған куә. Сол заманғы сал-серілер қатары дерлік бұл қорлықты көріп шықты.

Ырғыздан бір өткенде үш-төрт өттік,

Міндік те Тарлан атқа бөжектеттік.

Сарғайтқан сағынғаннан сорлы Қосан,

Тұсыңнан айтып өлең талай өттік.

Қанды көз, қасқа Қосан, бол риза,

Ақыры міне, мұндай күйге жеттік.

Көрем бе, көрмеймін бе, қайран елім,

Қош болғын, алыс сапар, Сібір кеттік [160].

Ақтөбе өңірін шулатқан Батақтың Сарысы (1863-1895) да осылайша елімен қоштасып кеткеннен, оралмады. Жайық бойының серісі Аманғали Кенжеахметұлы да (1887-1928) да солай зардап шекті.

Қолымда бір қамшым бар сәліңгірдей,
Кей жаман сөз сөйлейді әлін білмей.
Бір сері ел ішінде жүрмей ме екен,
Соңыма неге түстің бәрің бірдей?!» [142, б. 145], – деп қамықты ол.

Қазақстанның батыс өңіріне даңқтары тегіс жайылған «Жеті қайқы» – Құдай Тағала бойларына өнер кенін аямай құя салған жеті дарақ. Ел арасында жетеуін жұптап: «жеті қайқының әнінен қозғап жібер», «жеті қайқыдан сал» деген қолқалауларды да құлағымыз шалған. Тосыннан естіген жан «жеті қайқы» сөзін «Жетібай» деген сияқты адамның аты екен» деп қалуы да ғажап емес қой. Сондықтан әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтсек, олар: Әділ Өтеғұлұлы (1869-1931), Жылкелді Теңізбайұлы (1855-1938), Өскенбай Қалмамбетұлы (1860-1925), Шолтаман Байсарыұлы, Тастемір Шыршығұлұлы, Тұрсын Алдашұлы, Досат Бәймембетұлы секілді дүлдүлдер. Бұлардың бастары тоғысып «қайқы» атануының себебін көнекөздер төмендегіше түсіндіреді: «Тесіктам» деген жерде үлкен ас өтіп, сол аста дуылдаған өнер сайысы болады. Атақты би – Иса Тілембайұлы төрелік етеді (1829-1909). Сайыс қорытындысы бойынша қомақты сыйлықтар таратылады. Асқа жиылған, өнер тамашалаған көпшілік риза көңілмен тарасып, жоғарыдағы жеті өнерпазға «жеті қайқы» атағын беріп, жетеуін құрметпен аттандырыпты. Осы жиыннан оралып келе жатып:

Жиылып жеті дүлдүл желе жеттік,
Жұп жазбай серілікпен елге жеттік.
Әншінің айдап жүрген еш малы жоқ,
Өнер мен мерекені ермек еттік.
Ерітіп соңымызға көпшілікті,
Өнерді жасымыздан өрнек еттік.
Кең ойып шаршы топтан орын алып,
Қара өлең төрттен салып дөңгелеттік [161]

Жетеуі өздерін осылайша таныстырған көрінеді. Осынау әнді Өскенбай шығарып айтқан деседі.

Бұлардың ішіндегі Өскенбай туралы деректер молырақ. Қалған алтауының жайы Маңғыстау өңірінде болмаса көп қозғала бермейді. Өскенбай 1860 жылы Маңғыстауда Жетібай деген жерде дүниеге келіп, 1925 жылы ажал құшады. Зираты Маңғыстаудағы Қарақия жотасының Доңаза мекенінде [162]. Әкесі Қалманбет мергендігімен танылған шаруа, әншілік, күйшілік дарыны байқалмаған. Қалманбеттен өрген ұлдары Өскінбай, Үлкенбай, қыздары

Көркей, Шырай, Ақжандар да шетінен домбырашы болған деседі. Оның жолын баласы Мұрат жалғастырып, мұрасының кейінге жетуіне үлкен үлес қосады. Қайқының таланты Мұраттың ұлы Әзірбайға да дариды. Әзірбай да үлкен күйші, қазір Маңғыстауда тірлік кешуде.

Өскенбай – мерген, аңшы, саятшы, ақын, әнші, күйші, қақпаншы, композитор – сегіз қырлы, бір сырлы жан болған деседі.

«Маңғыстаудағы адайлардың аяулы күйшісі Абыл Тарақұлы (1750-1822). Жаратылыс оны берік қылып жасаған. Ол мықты балуан, атқыш мерген, ат сейіс, аңшы. Барлығы серілерде болатын қасиет. Абылдан кейін Маңғыстауда талай атақты күйшілер болды, солардың ішінен жеке дара тұратындары Лекер, Жоламан, Есір, Өришан, Өскенбай, ең ардақты күйші әсіресе Өскенбай Қалмамбетұлы (1860-1925). Өскенбай – құсбегі, мерген, ат сейіс, зергер. Серілерде болатын әдет. Шығарған күйлері Ақан серінің «Құлагері» сияқты аяулы атына арналған күйі «Жирен жорға», «Ақ желең» атақты күй», – дейді Ә. Марғұлан. Жеті қайқы тобының ішіндегі есімі көбірек аталатыны осы Өскенбай. Оның себебін біреулер баласы Мұрат Өскенбаев пен байланыстырады. Мұрат Өскенбаев та керемет күйші, әкесінің жолын жалғастырушы, әкесі Өскенбай туралы мол мағлұмат берген жан. Өскенбайдан Жұмағұл, Хамит (1902-1942 соғысқа кеткен), Мұрат, Ишан. Мұраттан Алдаберген, Әзірбай. Хамит те ғажап әнші, композитор.

Хамиттің:

Бұйра шашым келмейді қайыруға,

Не демейді қас дұшпан айыруға, – деп басталатын, жөтелелетін (бұл әнді «жөтел» деп те атайды) әні қазір жиі айтылып жүрген дүние. Хамит соғысқа алынып, хабарсыз кеткен.

Қайқылардың белді мүшесінің бірі – Жылкелді Теңізбайұлы (1855-1938). Маңғыстау жеріндегі Шайыр ауылы маңындағы Сарыойда туылған. Жастайынан ән салып елге танылып, жұртының құмарын қандырап қуатты әншілік деңгейіне жетеді. Өттеген-айы: 1930-31 жылдардағы зобалаңнан бас сауғалап ірге көтерген елмен бірге түбі бір түрікмен жеріне, Шағадам (Красноводск) аймағына қоныс аударып, 1938 жылы сол жақта көз жұмады. Көшерінде «Қарауылқұмбет» жұртында отырған серіге замандас, туыстары амандаса келіп, отырыс үстінде ән айтуын қолқалайды. Сонда: «Сексенге келген селкіл баста не қалды дейсің, көңілдерің қалмасын», – деп қайран қайқы байырғы әдетінше төмендегі мәтіндегі «Құнан нар» әнін орындап беріпті.

Бұл әнді сатып алдым құнан нарға,

Беремін өз бәсіне құмарларға.

Ит дауыс бұрынғыдай аңқымайды,

Қартайып жас жеткен соң амал бар ма?... [161, б. 23]

Әділ Өтеғұлұлы (1869-1931) – белгілі өнер иесі «Жеті қайқының» бірі. Әділ сөзге салса жорға, әнге салса дүлдүл өнерпаз болыпты. Нағыз бабына

келіп, еті қызған сәтінде құйрығымен жорғалап, сырғанап жүреді екен. Әнді төгіп-төгіп, төпеп айтады дейді. Әбден шырқау шегіне жетіп, арқасы қозған мезгілде екі көзіне тер құйылып, алқымы ісініп, ала су болғанда барып, өзінің «Жайма қоңырына» салатын көрінеді. Қазақша айтқанда арқалы әнші. Соңында қалған мұраларынан біздің білетініміз «Жайма қоңыр», «Қара ән», «Бес Өрдек» әндері.

Шежіреші Алшын Мендалыұлы жас уағында жолаушылап жүріп бір ауылдан Әділді кезіктіреді. Өлгі ауыл адамдары төбесіне көтере құрметтеп, таңсәріге дейін ән салдырып, құмарлана тыңдасады. Әділ ірі тұлғалы, кеудесі көріктей қара кісі көрінеді. Зобалаң жылдары шатылып, Текеге (Орал) айдалады. Сол жердегі ОГПУ қызметкері Тобыш, Жайылған Төленов Шоқан: «Сендердің іздеп жүргендерің бұл Әділ емес, мынау басқа Әділ», деп сендіріп, құтқарып жібереді. Қайқы содан көп ұзамай көз жұмады. Жем өзенінің жағасы, Жылой маңына жерленеді.

Өмірінің соңын қудалауда өткізген оның, «қара әнінің» мәтіні:

Түйемді ойпаң жерге шөгергенмін,
Соңына сылқымдықтың көп ергенмін.
Жарты құрт жаңқалтада жарып жеген,
Құрбыдан сөйтіп жүрген не көргенмін, [161, б. 54] – болып келеді.

Сұм жалғанда маңайындағылардан көңілі қалып, налиды. «Бес Өрдек» аталатын әнінде өксігі ұлғая түседі. Ағайынның ыстық ортасын аңсайды. Өскен ортасына, қауымына тегіс сағынышпен сәлем жолдайды.

Сәлемде «Бес Өрдектің» баласына,
Кім жетсін алқалаған алашыма.
Ортаңда отыратын күн болар ма,
Адайдың арыз айтып данасына?! [161, б. 56].

Мәтіні осылай, әуені де мұнды. Қайран жүйрік шабысынан қалдырған дәуіріне, әйтпесе, нокталаған қоғамына өкпелі. Әділдің тұяғы Кемал ағамыз көзі тірі, 1929 жылы туылған, қазір Сағыз бекетінде (Атырау облысы) тұрады.

Өнерімен қатар желген жетеудің бірі – Тұрсын Алдашұлы. «Ел ішінде «Адайдың ілме қағысы» деген домбыра қағысымен бірге, «Тұрсын қағыс» деген де қағыс түрі бар», – деп жазады Абыл Келімбердиев [162].

Өнердің өзенінен жүзіп өттім,
Халқының өкпесі жоқ бұл Тұрсынға... [161, б. 39].

Осылайша шалқыған қайқының қадірі биік кеткен. Қарақамыс, Көкжар жәрмеңкелеріне базаршылап көп табан тіреген. Өнер сайыстарына түсіп даңқы аспандаған. «Көл Қайнар», «Оймауыт», «Тасастау» сынды әндері кең тараған. Асқан дарынының арқасында асқақтаған дүлдүлдің ғұмырының соңы

сергелдеңмен өткен. 1930-1931 жылдары басталған зобалаңда ұсталып, хабарсыз кеткен.

Қайқылар құрамының бірі – Жары Шолтаман Байсарыұлының да атақ-даңқы алысқа тараған. Оның кең тынысты әнші екендігін дәлелдейтін деректер баршылық.

Шолтаманның ауылы Маңғыстаудағы Мастөк маңында отырса керек. Ол кезгі серілердің ел аралай бір шыққанда айлап кететіні белгілі. Ұлының осындай ұзақ сапарынан оралуын күтіп жүрген үйдегі анасы таңсәріде талып жеткен ән сазын естіп: «Шолтаманның даусы болар ма?», – деп ойлап қояды. Ана жүрегі алдасын ба, кешқұрым Шолтаман да жетеді. «Жарығым, таңертеңгі естілген ән сенің айтқан әнің бе, қай жерде келе жатып айтып едің?» – деп сұрайды қайран ана. «Ат үсті, жол соқты болып зерігіп кеткен соң Қаратүйенің құлауында айтқан едім» – деп жауап қатыпты баласы. Ал Қаратүйе мен Мастөк арасы қазіргі өлшеммен елу шақырымдай жер екен.

Тағы бір ақпар: Қоштай атты өнерпаз жанына белгілі жігіттерді ерітіп, нағашыларының елінде өткелі жатқан үлкен тойға жол тартады. Ән бәйгесіне жетіп үлгере алмайтынын сезген Қоштай қызылжарқын күн шығар сәтінде Шолтаманға: «Ән сал. Біздің келе жатқанымызды нағашыларым сезсін. Бәйге басталуын күттірер», – депті. Шолтаман әнді шырқай келе әуелетіп қайырғанда астындағы аты сүрініп кетеді:

1. Шолтаманжан, атың әннің қайырмасына келгенде ылғи сүрінетіні несі – депті мұны аңғарып келе жатқан Қоштай.

2. Аға, ән деген киелі өнер, оның өзіне лайықты салмағы болса керек. Әйтпесе менің кертोरыма не көрінді дейсіз, – дейді қайқы. Әннің сазын, салмағын жылқы малы да түйсініп, іштей толқып, жүрісінен жаңылып кетуі, әуеннің жанды мақұлықтың бәріне бірдей әсер етерін байқатса керек. Жалпы жыр, ән, күй саздарында адамның, жануардың түйсігіне әсер етер үлкен тылсым дүние жатыр.

Осынау алыстан естілген шырқау ән әуенінен Қоштайлардың келе жатқанын сезген нағашылары үлкен бәйгені жиендері келгенше кідіртпті делінеді.

Шолтаман Байсарыұлы туралы мәліметтерден оның белгілі Мәтжан бидің жанына көп ергенін көруге болады. Мәтжан би қасына үнемі «сайдың тасындай» сақырлаған жігіттерден сарапталған нөкер ертіп жүргенге ұқсайды. Сол шораларының бірі – Шолтаманды да талай додаларға салған. Әншінің шаңырақ көтеріп, бас құрауына да би Мәтжанның саликалы істері себепкер екендігі айтылады.

А. Тілегеновтың кітабындағы Қорғанбай қарттың ақпары бойынша Шолтаманның жүзге тарта әні бар көрінеді [163]. Шығармаларынан бізге жеткені:

«Барады ауылым көшіп «Көлтабанға»,

Салайын «Сарыөзенге» Шолтаманға, [161, б. 35] – деп басталатын «Сарыөзен» әні мен:

Дүние қызыл түлкі бұлаңдаған,
Айтпаса кімнің сырын кім аңдаған?
Барында тіршіліктің сөз сөйлейік,
Бұл дәурен өтпей баста тұра алмаған.

Екеу-екеу мінеміз тал кемеге,
Екеу қайтіп сиямыз тар немеге.
Жиырма бес пен отыздың арасында,
Ауытқиды ит көңіл әр немеге, [161, б. 36] – деген мәтіндегі «Талкеме»
әні. Бұл ән ел арасында «Дәләйшім», «Дәләйдім» деп те атала береді.

Қайқылардың қатарында Тастемір де бар. Тастемір әйгілі «бес жүйріктің»
бірі – Нұрым Шыршығұлұлының інісі деп айтылып келген еді. Кәрікұлақ
қарттардан бұл дүлдүлдердің туыстығы туралы екі ұшты пікірлер қалыптасқан.
Қайқыны «Нұрым жыраудың інісі» деуге негіз, оның «Маңғыстау» әніндегі:

Тастемір – өзім атым, ағам – Нұрым,
Алқада жан сөйлемес бізден бұрын.
Ортадан шауып шыққан жүйрік едім,
Ежелгі елден қалған ескі жұрын, [161, б. 50] – деген сөздері ғана.

Нұрым жырау рулас інісі болып келетін науша бала Тастемірді жанына
еріп, өнегесін көрсетіп, өнерге баулиды. Осылайша әрі ұстазы, жасы үлкен әрі
рулас ақын Нұрым жырауды Тастемір өз ағасындай көріп, жанына серік
болады. Қазір бүкіл дәстүрлі әншінің аузында жүрген Тастемірдің «Маңғыстау»
әнінің осы шумағы Нұрым жыраудың Берішқызымен айтыс үстінде айтқан сөзі
дейтіндер де бар. Қалай десек те Тастемірдің «Жеті қайқының» бірі, ірі дарын
екені даусыз.

Бұл әнді, сері, шау тартып, шалдыққа мойын бұрған шағында, ешнәрсеге
тәбеті шаппай көңілі құлазыған уағында:

Тастемір – өзім атым, ағам – Нұрым,
Алқада жан сөйлемес бізден бұрын.
Қартайып жас алпысқа келгеннен соң,
Осы күн жүгіреді итім қырын! [161, б. 51] – деп салатын көрінеді
жарықтық.

Тастемір Қауынды, Қорғанбай маңындағы әкесі Шыршығұлдың атымен
аталатын зиратқа, әкесінің қасына жерленген.

Тыңдаушысын тұшындырар жалқы жетеудің бірі – Мая Досат
Бәймембетұлы. Көнекөздердің ақпарынша Досат – өнеріне өресі, келбетіне
ақылы сай, парасат болмысы келіскен адам екен. Дауысының кереметтігі сол –
Жем, Сағызды жаз жайлап, күзеуге Маңғыстауға құлайтын сән-салтанатты
қоңыраулы көштің орынын сайлап, ас-суын әзірлеуге алдын-ала жіберілген

адамдар қосын тігіп, ошағын қазып, бірер күн әзірлік қылып жатқанда шығаннан шарықтаған бір әуен жетеді құлаққа.

– Көштің алды келіп қалды, – деп қапыла абыр-сабыр, етек басты, ер састы қарбаласып қалған жұртты Досаттың дауысын танитын кәнігілері:

– Ау, саспаңдар түге, бұл Досаттың даусы. Көш әлі күншілік жерде келеді. Асықпай шаруаларыңды істей беріңдер, – деп сабырға шақыратын дейді [163, б. 3-35].

Заманында төрт тарапты тоғыстырып, сахара жұртының сағына бас қосар мекеніне айналған Көкжар, Жармола, Қарақамыс жәрмеңкелері жан-жақтан өнер жампоздары жиылып, халықын қызыққа бөлеген өнер ордасына айналғаны белгілі. Және, осынау қайнаған қан базарлар небір тарихи оқиғалардың да туындауына себепші болғаны ақиқат.

Ел арасында айтылап жүрген осынау «Босмойын», әнінің шығу тарихын ақсақалдар былайша өрнектейді: Досат Ойылдағы Көкжар жәрмеңкесіне сегіз қанат ақ үйін тігіп, өнер көрсетіп табыс тауып жүрген әнші сұлу Ғалиямен бірге біраз өнер көрсетсе керек. Күз түсе базар тарқағанда Досат елге осы Ғалияға арналған

Көкжарда бір жатқанда ай жатармыз,

Самаурын саздың суын қайнатармыз.

Осыдан аман-есен елге жетсек,

Көздерін қылаңдардың жайнатармыз, – деп келетін «Босмойын» әнін ала қайтыпты [161, б. 43].

Сары даланың көгінде саңқылдай ұшқан бұлбұлдарымыздың туындылары ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткендіктен халқымыздың өнер тарихында түсініспеушіліктер кездесіп жатады. Мысалы, әр жерде әрқалай айтылып келген «Жамал-ай» әнінің қайырмасында былай келеді:

Жамал-ай, Жамал-ай,

Не жаздым, қалқам, саған-ай...[161, б. 48]

«Жамал-ай» әнінің екпіні бөлек.

Ә. Спан Избасар Шыртановтан естіген әңгімесін қозғай отыра былай дейді: «Маңғыстаудың соңғы қайқысының бірі Досат еді. 1933 жылы Гурьев бетінде күйсіздеу жағдайда көз жұмды деген дерек бар. Біздің Алшекең (Алшекең – Алшын Меңдалиев – Избасардың әкесі Шыртанның ағасы) көрдім деп отыратын. Алшекең Медет Жылкелдіні де жақсы білген» [163, б. 45]. Дерек көздерінен аңғарғанымыздай, қайқылар қатарының нобайы тірлігінің соңын тарығып өткізген. Тірлігінде «желіп жүріп жер таныған» жампоздардың мұралары да толық жинақталмаған. Маңғыстау даласында есімдері жиі аталып, атақ-даңқы дәріптеліп жатқанмен, басқа өңірлерде көп естілмейді. Жеті қайқы «Көкжар» (Ақтөбе облысы), Қарақамыс (Ақтөбе облысы), Орынбор базарларында жиі болып, қарашаны сүбелі сөз, сазды әуен, сұлу өнерлерімен талай сусындатқан. Кейбіреуі осы аймақтарда жаз жайлап отырған.

Осынау, қайқылардың тобына кірмегенімен, өнері жағынан кем соқпайтын мықтылар да болған. Соларлардың бірі – Қайып Қорабайұлы. Қайыптың өмір жолының өзі бір жатқан жазылмаған дастан. Трагедияға толы ғұмырының өзегін Қайып әншінің керемет әндерінен аңғарасыз. Ғашық жары Ақбөбекке қосыла алмай зарланған қайран сері, іштегі заманға, әлеуметке деген қыжылын әнмен ақтарады.

«Ақбөбек-Қайып» деген атаумен халық арасында сақталған ғашықтық хикаяның ұзын сонар жыры мен сол уақиғаға қатысты шыққан Қайыптың мұңлы әндерінің трагедиялық тарихы сонау шығыс ғұламалары толғаған «Ләйлі-Мәжнүн», «Сейфүлмәлік-Бәдігүлжамал», «Жүсіп-Злиха» секілді қиссалар мен «Еңлік-Кебек», «Қыз Жібек» дастандарынан бір кем емес. Тек жырлаушысы болмаған. Өзінің ынтық сезімін, ғашықтық бұғауында өткен ғұмырын Қайып өзі әндерімен айтып қалдырды. Ақбөбекке деген ішкі жалынын адамзат тарихына мәңгі мұра қып қалдырды. Ән қылып қашап жазды. Бұл ән емес, түсінген адамға бұл ғашық жүректің зары, дәрменсіз кеуденің қайғылы мұңы. Көшпенді қазақ жұртының дәстүрінің құрбаны болған Қайып, іштегі шерін, запыранын әнмен шығарады. Боз даланы боздатып, сай-саланы селдетіп төгеді құсаны.

Тыңдаған әлеумет қайрансыз қайғырады. Жуандарға сөзін өткізе алмай қынжылады. Қолы қысқа, жолы қысаң жалшы-жақыбай қоса қамығады.

Ақыры, «мықтының арты диірмен тартадыға» көніп, шыбын жанын қорғалап, үнсіз іштен тынады. Олай өткен, былай өткендерге «Қайып пен Ақбөбектің» сорлы тағдырын жыр қылып соғады. Күңіреніп отырып: «бұлар түгілі, жеті ғашықта өткен зарығып, жалған дүние!», – деп күрсінеді. Қоғамына лағынет айтады. Оған қоғамы қыңқ етпейді.

Осылайша, ән ауыздан-ауызға тарап, бізге жетеді. Біз қалпын бұзбай кейінгіге жеткізуге тырысамыз. Ит үреді, керуен көшеді.

Міне, серілердің көбісінің тағдыры осылай аянышты аяқталады.

Төменде біз атайтын серілердің бәрінің тағдыры солай. Ғашықтық дертіне дауа тапқандар қатал қоғамның қылбұрауына тап болады. Әйтеуір әнмен басталған өмір, қайғылы зармен түгесіледі. Бір танданарлығы бұл тек қазақтарға ғана тән емес, әлемнің біраз елдерінде кездесетін құбылыс. Яғни, күллі адамзатқа тән қасиет. Ортасынан шыққан «сегіз қырлы, бір сырлы» таланттарын тоздырып, ақыры қасіретке шырмап, шырайын шығармайды.

Мұхит та, Иманжүсіп те, Мәди де, Аманғали да, Махамбет те, басқалары да, ел үшін туған ерлер, тар қоғамның шеңберіне сыймай, сайқал заманының құрсағына сыймай шырмауыққа шырмалып, турасын айтсақ, қолдан ұйымдастырылған қасақана істердің шыңырауына батып, тұншығады.

Ал олардың тағдырына балта шапқандар, оларды құрттық деп ойлайды. Бірақ олардың даңқы асқақтай түскенін аңғармайды. Бір жаманы, асыл азаматтардың өлімімен қоса өрлеген даңқымен бірге жауыздардың да аты танылады. Бірақ жауыз ретінде. Келе-келе әлгі жауыздың әрекетін дұрыстайтындар да табылады. Міне, әділетсіздік.

Батыс әншілік-серілік мектебінің іргетасын қалаған сал Мұхит деп айтылады. Мұхиттың ізін жалғастырушылар Шайхы, Ауқат, Қиса, Аманғали, Ғарифолла Құрманғалиевтермен ұласады.

Десек те, Маңғыстау серілік мектебін өз алдына бөлек дүние екенін аңғаруымыз қажет. Бұны Ғарифолла Құрманғалиевтің өзі растаған. Ешкімнің дауы жоқ.

Әйгілі сал Мұхиттың ізбасары Ғарифолла Құрманғалиевтің аузынан естіген сөзді өнертанушы, композитор Илья Жақанов былайша толғайды: «атақты әнші Манарбек Ержановтың сексен жылдығында бәйбішесі Зәрипа шешеміз біраз кісілерді үйіне шақырып, дәм берді. Сол күнгі отырыста Ғарекең Манарбек жөнінде бізге беймәлім көп естеліктер айтып, одан жұрттың қолқалауымен батыстың әндерін шырқады. Қонақтардың дені Арқаның адамдары еді, бір кісі отырып: «Ғареке, осы Мұхит салдан басқа тағы қандай әншілерің бар?» – деп оқыс сауал қойды. Ғарекең ізетпен жымыып: «Орал мен Ақтөбе, Атырау өңіріндегі әншілерді тауыса алмаймын, олардың әрқайсысын айтсам, бір-бір әулие. Ал Адайдың «Жеті қайқысы» деген бір кереметтер бар, ол шіркіндерге онша тісім бата бермейді. Досат есімді бір дүлдүлі бар, мен оны маңайлай алмай жүрмін. Анда-санда ел жаққа барғанда Оралдағы, Атыраудағы әншілердің өзі Досаттың әндеріне тамасанады да қояды. Бұл Досатыңыз, Көкжар, Орынбор жәрмеңкелерінің гүлі болған. Қоянды жәрмеңкесін дуылдатқан Біржан сал секілді, соңында Адайдың өңшең «сен тұр, мен атайын» дейтін апайтөс қайқылары бар, тоқтап түскен ақбоз үйлерінде оларды иіле қарсы алатын сәйкі келіншектер тағы бар. Досат әнші сәнін түзеп, салтанатты жүрген. Мен оның әндерін өзге әншілерден тек тыңдаумен ғана келемін. «Босмойын», «Қара ат» әндеріне тек ынтықпын. Бірақ айта алмаймын», – деп басқаны қайдам, ойда жоқта мені елең еткізді» [142, б. 175].

Аулым Қаңбақтының қатарында,
Жазғы таң сарғаяды атарында.
Оң көзім, оң иығым тартушы еді,
Айқасып қылаңдармен жатарында

Бұл қайқылардың бірі – Досат. «Жеті қайқы» туралы жоғарыда айттық. Жеті қайқының қатарындағы өнерпаздардың жетеуінің де өмірі аянышты аяқталған. Заманындағы саясаттың кесірі. Отарлық саясат расымен де қазақ халқының бетке ұстар ақын-жыршыларын, ишан-молдаларын, оқыған-тоқығандарын тегіс құртып, ақ жолынан адастырып, мәңгүрттік қалыпқа түсіргісі келгенін бізден басқа да айтушылар көп. Сол заманның хас таланттарының бірі, салдықпен шалқыған, өзіндік ән мектебін қалыптастырған Мұхит Мерәліұлының (1841-1918) шығармалары – этномәдени білімнің ақпараттық көздері. Себебі, қай туындысынан да халықтық ұғымдар мен түсініктер жиі кездеседі. Төрелігін тәрк етіп, салдықпен шалқақтаған Мұхит өмірінің соңында аштан өлген деген дерек бар.

Ақынның өмірі тамаша тірлік деуге саяды. Дегенмен өмір өтпелі. Жастық өтеді, қарттық жетеді. Сал-серілер қарттық серілікпен басады. Өмірді өлеңмен өрнектеп, жастықтың жарқын тұстарын жырға қосу әрбір ақынның әдеті. Жалған дүние сонысымен қымбат қой. Өткен күннің қызығын толғаған шайырларға кезек берелік.

Беу, дүние өтеріңді біліп едім,
Білсем де серілікпен жүріп едім.
Бұл күнде арық қойдан бәсім төмен,
Үш жүзге аты мәлім Біржан едім, – демей ме сал Біржан.
Ал, Мұхиттың:

«Кім білер, кімдер болар мейірі қанар,
Рухым сөнген менің қайта жанар.
Еңіреп Мұхит бабам өтіпті-ау деп,
Кейінгі ұрпақтарым есіне алар», – деуі жастық шақтан тым алыстаған кезеңін сипаттайды. Ал осы шығармасының бірінші шумағында Мұхит былай деген:

«Паңкөйлек маң-маң аяқ басатұғын,
Жар қайда ондай көңіл ашатұғын.
Кешегі жиырма бестің желігінде,
Көңілім тау суындай тасатұғын».

Өлеңнен Мұхиттың өткен күнге деген сағынышы көрініп тұр. Шығармадағы ой мазмұны бойынша, жастықтың базарлы бейқам дәурені Паңкөйлектей ғашық жардың ыстық құшағына, болмысына пара-пар. Басынан өткен қызықты күнді осылайша есіне алып, қимастықпен аңсаған Мұхиттың көңіл сыры Омар һәйямның (1040 ж.ш.т. – Нишапур қ., – 1123, сонда) жандүниесімен үндес. Шығыстың ғұлама шайыры да:

«Сап болды-ау, о дариға, жастық ісі,
Өмірдің көктемі өтіп, басты қысы.
Қай кезде, сезбей қалдым, гүл бағымнан
Жайдары жастық шақтың қашты құсы», – деп мұңданады.

Мұхиттың Омар һәйямды естіп-білуі екі талай нәрсе. Алайда, әр дәуір перзенттерінің ой-өрістері деңгейін, олардың өзара жақындығын, сабақтастығын көріп отырмыз. Даңқты шайыр дулы кезеңін, жастық дәуренін гүл-баққа, ал оның өте шыққан сәтін қашқан құсқа ұқсатады. Мұхит болса, адам өмірінің тайсалуды біле қоймайтын батыл да албырт уақытын «жиырма бестің желігі» деп көрсетеді. Жалпы «жиырма бес» сөзі қазақ халқында қалыптасқан ұғым. Ойды жеткізуде ертеден қолданылып келеді. Баршаға жақсы мәлім «Жиырма бес» ән-өлеңінде: «Жиырма бес, қош, аман бол, қайтып келмес,

– Жастықты ойламаған қолға бермес» немесе, «Жиырма бес тотыдайын толғайтұғын, – Қызыққа ертеңді-кеш тоймайтұғын», – дейді. Мұхиттың замандасы атақты Балқы Базар жырау да (1842-1911) былай толғаған:

«Екі ауылдың арасын
Қиқулатқан жиырма бес.
Бұғалықсыз асауды
Құр-құрлатқан жиырма бес...
Ақысы кеткен кісідей
Көшкен елді қуалап,
Күн-түн қатқан жиырма бес,
Қыз-келіншек кез келсе
Қыңырықтап құр кетпей,
Бір тіл қатқан жиырма бес.
Айдын көлдің аққуын
Атып алған жиырма бес
Қай –қайдағы бәлені
Сатып алған жиырма бес,
Әр нәрсеге ұрынып,
Аман жүрмей сау басын –
Шатып алған жиырма бес...».

Балқы Базардың тізбектеп баяндап отырғаны – көшпелі дәуірге тән жағдайлар.

Қазақ әдебиеті тарихынан жақсы білеміз Шернияз жырау да (1807-1867) бір шығармасында:

«Тостағанды қолға алып,
Айқай салған жиырма бес;
Шаншатұғын найзадай
Қылтың еткен жиырма бес;
Шабатұғын қылыштай
Жылтың еткен жиырма бес.
Жиырма бестен өткен соң,
Орда бұзған отыз бес...» – деп өтеді.

Бұл ұғым XX ғасырда өз мәнін сақтап, қолданыста сабақтастық тапқан. Ақын Төлеген Айбергенов «Жиырма бес» атты жыр шығарып, онда:

«...Күй ғой ол қанша тартса қайта тыңдар,
Қайта тыңдар күйлерден нәр татыңдар.

Жиырма бесін желпінбей айтатындар –
Бұл дүниеге босқа кеп қайтатындар», – деп толғайды.

Айта кетер жайт, Т. Айбергенов өнерге өте жақын болған. Домбыра тартып, халық әуендерін қосылып орындаған. Көзін көргендердің куәландыруларына, ол той-топырда, көңілді отырыстарда Мұхит әндерін жиі салған. «Жиырма бесті» арнайы тақырып етіп, кеңейтіп жырлауына осы жағдайлардың да ықпал етуі бек мүмкін.

Қазақ халқы адамның өсіп жетілу мерзімін мүшелдерге бөліп қарастыратыны белгілі. Алғашқысы – 13 жас, бұдан кейінгілер 25 жас, 37 жас, 49 жас, 61 жас болып есептелінетіні де аян жәйт. Сонда әрбір 12 жылдың арасы – дамудың белгілі бір сатысындағы тұлға болмысының өзіндік ерекшелігін анықтайтын сапалық кезең екенін ұғамыз. Демек, жоғарыда мысалдарға ұсынылған ақындар, жыраулар пікірлері бірінші мүшел мен үшінші мүшел, дәлірек айтсақ, 13 пен 37 жас аралығындағы адамның психологиялық сипаттамасы хақында. Тура мағынасында емес.

Өмірдің бұла шағын өзіндік танымымен толғай келіп Шал ақын: «Қырық та бір жас екен, қырдан астым, – Көңілді тасып жүрген әрең бастым», – десе, тағы бірде: «Қырқымда қынаптағы қылыштаймын», – дейді. Сөздер астарынан көңілдің, алып ұшқан мінездің байсал тапқан уағын аңдаймыз. Бұл жағдаят та өмірден алынып отыр. Сонда бұрынғылар 13 пен 37 жас аралығын жастық шақ деп мөлшерлеген, белгілі бір кезең.

Олай болса, Мұхит пайдаланған «жиырма бес» сөзі жастық дәурен болмысы жайындағы ұғымды білдіретін шартты белгі деп түйіндейміз.

Десек те халық ұғымында өнерден биік, маңызды нәрсе бар еді. Ол ба-әдеп, кісі сыйлай білу, ұят деген ұғымдар еді.

«Иба-әдеп қасиетті – адамның өсіп-өрбуіне ашылған жол. Ұяла білу – өркениетке тән қастерлі сезім», – депті бір ғалым [164].

Өнер алды күй шерту, ән салу емес, кісі сыйлай білу. Осыны ұғындыра білген адам тамаша ұстаз. Бірақ мұндай құрметті баланың жиі естуі де жөн емес. Асқақ абырой, биік адамгершілік жайы баланың санасына жақсы ертегі іспетті сіңірілуі тиіс. Ақыл айта беруден көрі баланың ойлануына, әрекетке көбірек көңіл бөлу керек. Пенде бала шағында естігендерін, көргендерін ешуақта ұмытпайды. Баланың санасы жетілген сайын, әлгі сіз айтқан жақсы сөз жадында жаңғырып тұрады. Бала өскен сайын жадындағы жақсы сөздің мағынасы тереңдеп, мәні арта бермек. Расында адамның жетілуі – идеалдың жетілуі. Тәлім бірізді, күнделікті болмағы шарт. Әрі үнемі интеллекттен руханият алда болуы тиіс. Ерте жетілген ақылдың, сарқылуы да тез. Ілімге құштарлық жас баланың өз мүддесінен болғаны дұрыс. Кейде артық білім мен ақпараттың көптігі мәселелер тудыруы ғажап емес.

Қай кезеңде де халықтық тәрбиенің мәні жоғары. Қазіргі жаһандану заманы тұсында этнопедагогика аса қажет-ақ. Қоғамның өрісіне, заманның ағымына сай дәстүрлі жолдарды қалпын бұзбай жаңғыртып, жанартып, қолданысқа енгізсе ұтарымыз көп болары даусыз. Осы орайда сал-серілер дәстүрімен тәрбие берудің түрлі жолдарын қарастырып көру керек.

Айталық, күй үйретудің халықтық түрін қарастырып көрейік. Күй үйренудегі байырғы дәстүр, күйді көзбен емес құлақпен тыңдау дәстүрі, сол арқылы әрбір дыбысты мидан, жүректен өткізіп сіңіру – қазақтың төл дәстүрі деп танылсын және бірінші ретке қойылсын. Ал енді нақты педагогика саласында бұл мәселе қалай шешілуі керек? Құдайға шүкір... ұлы орындаушылардың өзі болмаса да көзі бар. Таспаға түсірілген, күйтабақтарға жазылған күйлері бар. Ұрпақ санасы... о бастағы сыны бұзылмаған, қуатты әрбір дыбысының илеуі қанған, сұлу нұсқаларды тыңдау арқылы қалыптасуы керек», – дейді [165].

Сал-серілер жолының қазіргі қазақтың рухани мәдениетіне берері мол. Серілердің бойында интеллектуалды бала тәрбиесіне қажетті элементтердің бәрі бар. Ептілік, икемділік, шешендік, әншілік, күйшілік, зеректік, алғырлық, т.т. Адамның ептілігі, икемділігі күнделікті дағдыдан дейік. Дағды тәрбиеден берілетін әдет. Өнерге баулу да ептілікке жетелейді. Өнер жолына дағдыландыру да тәрбиенің бір түрі. Қалай исең солай қалып алатын жас шыбықтай жас өреннің бойына ұлттық нәр құйып, баптаса, ол ғұмыр бойы патриот болып өтеді. Бала тәрбиесі – ұлт тәрбиесі, болашақтың тәрбиесі. Баласына жақсы тәрбие, өнеге көрсетіп жүрген адам, болашағын тәрбиелеп жатқанын сезінуі тиіс.

Қай заманда да аса қажетті құралдың бірі – тіл құралы. Тілдің алмайтын асуы жоқ. Осыны терең сезінген бабалар шешендікке, сөйлеу мәнеріне терең зейін қойған.

Салдар да, серілер де, тілге шешен, ойға терең келген. Шешендік жалпы, көшпенді халыққа тән өнер. Оны шетелдік зерттеушілер де талай жазған. Сартап болған жазбаны қайталап жатудың қажеті шамалы шығар. Баласы да, данасы да тілге жүйрік далалық жұрттың сөзге деген ұстамы мықты. Жауды сөзбен тоқтатып, дауды сөзбен шешкен. Қызыл тілде буын жоқ. «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді». Қағида осы. Шешендіктің тамыры білімділікте жатыр. Кең байтақ сайын сахарада құстай самғаған жүген-құрықсыз тарпаң қауымның қиялы ұшқыр, ойы терең, сөзі қуатты, көзі қырағы, санасы ояу, тірлігі баяу.

Бүгін заман басқа, заң басқа. Заманауи интеллект – білімділік. Замана көшбасшылығының тізгіні шешендікте жатыр. Ұтымды, нақты, шебер сөйлеуге күнделікті дағды арқылы жетуге әбден болады. Бұл дәлелденген қағида. Халықтық шешендік дағдыға көңіл аударыңыз.

Қазақ халқы шешендік дәстүрінің табиғаты таңғажайып. Оған тек таңдай қағып тамсану аз, тұңғиығына терең сүңгіп түсіну қажет. Халық шешендік сөздері – нағыз қазына, ел құндылығы. Шешендік сөздердің құндылығы тек шындығында емес, ойының тапқырлығында, қиядан жол тауып, қиыннан сөз табу – нағыз шешендерге тән қасиет екендігінде. Сондай-ақ шешендік сөздердің тартымдылығы тапқырлығымен бірге батылдығында, ойының қисынды, сөздерінің мәнділігінде. Шешендіктің күші шындықты тартымды ой, шебер тілмен тыңдаушыларға жеткізе, ұғындыра білуде. Тек сондай көркем тіл, жүйелі оймен батыл айтылған және мақал, нақыл сияқты белгілі халық даналығымен шегеленген шешендік тапқырлық көркем сөздер ғана

тыңдаушының санасын баурап, сезімін тебіренге алмақ. Халық шешендігінің табиғаты өз алдына бір тылсым дүние.

Қазақтың шешендік мұрасының ұрпақ атаулыға жұғысты болар өнегелік тағылымдылық қырын былайша түйіндейміз:

1. Сөздің құдіретті күшке иелігін аңғартуы. Сөздің өзіндік бояуы, дәмі, адам сезіміне әсер етерлік қоңыр иісі бар екендігін, ал оның күші дауыс ырғағы арқылы берілетіндігін танытуы.

2. Шешендіктің ой еркіндігі, сөз еркіндігі, ауызекі тілдегі сөздердің әдемі тізбектелген оралымдылығы, қисынды ойға сыйғызу екендігін аңғартуы.

3. Сөзбен тоқтату, сөзден жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жағдайға түсірудің орасан күшті өнер екендігіне көз жеткізуі.

4. Тұспалдап сөйлеуге, меңзеуге, басқаша айта отырып, нені нысаналап отырғанын жасыра айтуға, жұмбақтап айтуға, яғни, терең зейінділік пен ойлылыққа төселтуі.

5. Астарлап сөйлеу халқымыздың сөйлеу мәнері екендігін, бұл тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын, ойлау қабілетімізді аса тереңдететін құбылыс екендігін аңғартуы.

6. Тапқырлыққа, шапшаңдыққа, тез жауап берушілікке баулуы; т.б.

Қазақтың дәстүрлі шешендігі көп көріп-білуді, білгенді көкейге берік тоқуды, айтыс-тартыстарға түсіп, жалықпай жаттығуды тілейтін өнер екенін түсінген жөн. Сөзге шебер болу ғана жеткіліксіз. Шешен ораторлығымен қоса табанда тауып айтатын тапқыр, шаршы топта тайсалмай сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын салқынқанды болуы шарт.

Шешендік сөздер халық өміріндегі, ел ішіндегі алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келелі ойдың тұнбасы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мен түйір дәні. Тарихымыздағы белгілі батыр-билердің, ақын-жыраулардың аталы, үлгілі сөздерден үйренбегені, үлгі алмағаны кемде-кем.

Салдың, серінің тәлімді жолы заманауи жасқа тағылым болады, Тәуелсіз мемлекеттің мәдениетінің өркендеуіне мол үлес қосып, адамзат ой-санасының, руханиятының дамуына мәнді қызмет ете алады егер жүйелі іс жасалса. Олардың батырлығы, ақындығы, сұлулыққа құштарлығы, елі-жері үшін жасаған ерлік істері, еркіндікке ұмтылысы бәрі-бәрі келер ұрпақтың бойына құяр асыл қасиеттер.

Кешегі ақын-жыраулардың философиялық ойға құрылған толғауларының маңызы өте үлкен. Фольклорымыздың асыл тармағы – батырлар жыры мен түрлі дастандар өзегі ғибратқа толы.

Сал-серілер жолын жаңғыртып, ән мен күйге қосымша атқа міну, садақ ату, өнерлерін дамытудың пайдасы зор болмақ. Қалаға топтасқан қазақ қоғамының жастары, даланың киелі топырағын ұмытты. Ауылдың келбеті азып барады. Қаланың баласы сәнге көп мән берсе, ауыл перзенті дене қуатын арттыруға төселеді. Қала да өскен бала мен ауылда өскен баланы салыстыруға келмейді. Әрине бәрі емес, көбі солай. Ауылдың баласы шымыр да икемді, қаланың баласы бос белбеу, нәзіктеу келеді.

Бұл бала тәрбиесінде басты мәселеге айналып отырған жағдай. Осы жайтты ескере отырып сал-серілер орталығын немесе мектебін ашуды қолға алған жөн деп ойлаймыз. Сал-серілер дәстүрі этнопедагогиканың жарқын бағыты. Тәлім-тәрбиенің таптырмас құралы.

Ұлттың ұлттық келбетін сақтайтын факторлардың маңызды қос тармағы дәстүр мен мәдениет.

Дәстүр – ұлттық ғұрып. Халықтың атадан балаға көшіп, жалғасып және дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени тұрмыстық, кәсіптік салт-сана, әдет-ғұрып, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекеттің көрінісі дәстүр арқылы танылады.

Дәстүр – мәдениеттіліктің белгісі. Дәстүр байлығы – мәдениет байлығы. Ол ел өнерімен біте қайнасып кеткен рухани байлық. Бір таңғаларлық жай қазақ халқы салт пен дәстүрге өте бай. Ұлт дәстүрлерінің заңдылық ережелері бұзылып, сақталмауы әдепсіздік пен берекесіздікке әкеп соқтырады. Дәстүрлі өнерлерді дамыту арқылы ғана ұлттық сана рухтанады. Дәстүрлі өнердің бірі - атқа міну өнері.

Атқа міну өнері – баланы шынықтырады һәм кісілікке тәрбиелейді деп сенеміз. Бұлшық еттері қатайып, белі бекиді. Жылқы малының жанында көп жүрген бала жылқы деген текті жануардан тазалық пен төзімділікті үйренеді.

а) жылқы тұрып ұйықтайды;

ә) тойғанын біледі. Беде деген шөпке жайылған қой, тойғанын білмей жарылып өледі. Ал, жылқы мөлшермен жеп, жарылмайды;

б) текті жылқы отар қой жүріп өткен жерге жайылмайды, қой басқан шөпті жемейді;

в) жақсы ат қой, сиыр ішкен суды ішпейді, жериді;

Бұлардың бәрі жылқының бойындағы бекзаттықты баланың да көріп, солай тазалыққа, төзімділікке дағдылануына әсер етпей қоймайды.

Келесі бір көп бапты, шаруашылықты қажет етпейтін ұлттық өнер түрі – садақ ату. Бұған аса көп қаражаттың да, ауқымды орынның да қажеті шамалы.

Садақ ату өнерінің пайдасы балаға өте зор:

1. Баланы төзімділікке, сабырлылыққа тәрбиелейді.

2. Бойының түзу, сырықтай болып өсуіне әсер етеді.

3. Ой-сананы бір жерге шоғырландырып (концентрация), шешім қабылдауға әкеледі.

4. Көз жарығын бір жерге қадап ұзақ тұру, көздің көру қабілетін арттырады.

5. Бел омыртқаның қалыпты, түзу қалыптасуына, баланың бойының сымбатты өсуіне пайдалы.

Садақ ату өнерінің өзі бөлінеді:

1. Жаяу тұрып ату.

2. Ат үстінен ату.

Мемлекет болашағы жас жеткіншектерді жақсы жолда тәрбиелеудің сал-серілер өнегесінде қалыптаудың біз қолға алған тұсын ғана атап өттік.

Жазушы Ғ. Мүсіреповтің «Бүгінде жұрттың бәрі өзін сырымен емес сыртымен интеллигент санайды», – деген сөзі еске жиі оралады. Кешегі ордалы интеллигенцияның орнын толтырудың бір жолы сал-серілер дәстүрін дамытып, олардың рухты, еркін бағытын жалғау деп түйсінеміз.

Біржан мен Ақан, Мәди мен Иманжүсіп құнарланған Сарыарқадағы өнерпаздық топырақта ХІХ ғасыр өрінде Дәстем сал, Дүйсен сері, Салғара, Жанак, Шағырай сал, Жанат сері, Сейтжан сал, Құман сері, Нияз сері, Көрпеш сал, Шәрке салдар өткен.

«Ашаның алты салы», Ешнияз сал, Жеті қайқы, Қызыл сері, Сары сері Батақұлы, Тәңірберлі Молдабай, Таңжарбай сері, сал Мұхит т.б. өнер ардақтылары сайрандаған сахараның құнарлы топырағынан талай хас таланттар туары айдай ақиқат.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кез-келген бір ұлттың өркениеттілікке жетуі жолында ықпал ететін қағидалардың ішіндегі мәдениет, руханият және білім – ошақтың үш аяғындай. Қазақ мәдениеті өне бойына жаһандық мәдениеттің, ғылым мен техниканың жетістіктерін тоғыстырып, жалпыадамзаттың рухани дүниесіне ықпал ете алатындай жанашылдық жолында жаңғыруы тиіс. Тиімді жүйеде дамып, әлемдік назарды аудартар халге жетудің басты бағыттарын дәстүрлі нақышта қарастырған абзал. Біз, жапонның, қытайдың шапанын жамылып ешкімді таңқалдыра алмаймыз. Далалық мәдениетті, өзіміздің дәстүрлі жолымызды жаңғыртып, тозығып тастап, озығын малданып қана басқаның назарын аударта аламыз.

Мәдениет пен руханияттың негізін түп-тұқиянымыздан іздеп, тарихи мұраларымызды жаңғырта саралап, ұрпақ кәдесіне жарату пайдалы істің бастауы болмақ. Қоғам болашағы келер ұрпақ қолында. Сондықтан избасар жастарды интеллектуалды жетілген, білімдар, кәсіби білікті, технологиялық сауаттылығы жоғары, көптілді, заман талаптарына сай әлеуметтенген адам һәм кәсіби маман, тұлға етіп қалыптастыру – мемлекет пен қоғам алдындағы маңызды міндет.

Тақырыптың бағыты ауқымды болғандықтан шеңберді кеңге салып кеткенімізді жасырмаймыз. Бұл кемшілігімізді түсіне отырып, ол райдан қайта да алмаймыз. Себебі, сері көрінісі тек қазақ халқына ғана тән құбылыс еместігін ескертуден жалықпаймыз. Нақты түртіп көрсетуге тәжірибенің аздығы мен қажетті деректердің жетіспеушілігі де қолбайлау болып отыр. Түсінгеніміз, бұл тақырып, яғни сал-серілер төңірегі бір диссертациялық жұмыспен тәмамдалмайтыны анық.

Тақырыптың өзектілігі мен ауқымдылығы, сал мен сері деген атауға лайықты көп қырлы, бір басына бірнеше өнер тоғысқан айрықша жандардың ішкі дүниесін тануға ұмтылыс зерттеудің бір тармағына ұласты. Болмысы бөлек тұлғалардың сыртқы келбеті мен әрекеттерін, мұраларының көркемдік жағын, әдеби талғамын бізге дейінгі бірнеше ойлы ғалымдар түйіп, таратып айтып та, жазып та кеткен. Бізге ең қиын тұсы – бірнеше өнерді бір басына түйіп алған сал мен серінінің ішкі дүниесіне үңілу, олардың осындай болып жаратылғандағы тірліктегі атқарар мақсатын (миссиясын) білу, өлімнен де сескенбейтін рухтылығын айшықтау т.т. белгілері қалған сияқты.

Тақырыпты зерделеудегі қол жеткізген деректерді салғастыра топтап, сал мен сері сөзінің шығу тарихы зерделенді. Тамырын көне замандар қатпарынан алатын сал-сері мәдениетінің әр дәуірлердегі атқарған қызметіне, қалдырған мұраларына талдау жасалды. Қазыналы мұра иелерінің тарихына бойлау қиын да қызықты әрекет. Олардың қоғамдағы орнын анықтау үшін сан ғасырлар тереңіне бойлап, көне дәуірлер кезеңіне көз жүгірттік. Сал-серілер секілді өз дәуірінің мәдени, рухани кемелденуіне кеңінен атсалысқан айрықша жандардың тұлғалық келбетін көрсетіп қана қоймай тұлғалық дамуын, қалыптастырған ортасын екшедік. Тұлғаның өз қоғамындағы рөлі өте маңызды.

Кейде халықтың болашақ жарқын жолы бір ғана тұлғаның іс-әрекетімен шешіліп жататыны тарихтан белгілі. Елдік мүддені өз жағдайынан жоғары ұстайтын айрықша қасиетті адамдардың бойындағы таланттың қоғамға келтіретін пайдасы зор. Далалық мәдениеттің озық үлгісін қалыптастырған көшпенділер әлемі көкірегі құтқа толған таланттарға кенде емес. Топырағы құнарлы байтақ сахараның төрі сол таланттардың арқасында ән мен жырға толды. Қойнауы қазыналы дархан дала сал-серілердің сазды мұраларын бойына сіңіріп, ұлағатты әуезді ұрпаққа жалғап жатты. Киелі өнер – ән, күй, жыр, дастандар легі нәрестенің бесігін тербеді. Қаншама ғасырлар белесінен көлбей өтіп, еленіп жеткен хас өнер мен салт-дәстүрлеріміздің ұлттық мәдениеттегі үлес салмағын екшеу серілердің шын бейнесін аша түскендей.

Түркі дәуіріндегі асқақ рух, арлы болмыс қилы замандар көгінен желісін үзбей ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, кешегі Алаш ардақтыларына жеткені айдай ақиқат. Азаттық таңын аңсаған ақын-жыраулар асау жырларынан еркіндік желі еседі. Күлтегіннен Кетбұғаға, Кетбұғадан Қодан тайшыға, одан Сыпыра жырау арқылы Қарға бойлы Қазтуғанға, Азаулының ағасы ер Доспамбет жырауға ұласып, өр Махамбеттің көкірегінен тасқын боп селдеткен толғаулар тарпаң жұрттың еркіндікке ұмтылған ар-намысының көрінісі еді.

Күлтегіннің қаһарлы толғаулары Алаш зиялыларына бағыт сілтеп, қуат берді. Білге қағанның жарқын жеңісті жолдары Жошының жорығына, «Қасым ханның қасқа жолына», «Есім ханның ескі жолына», Әз Тәукенің «Жеті жарғысына» өнегелі өріс болды. Осының бәрінде сал-серілердің қолтаңбасы қалып отырды. Сал-серілік жыраулық дәстүрдің заңды жалғасы екені пайымдасақ, жауынгер жыраулардың өр болмысы, асқақ үндері түркі әлемінен бері туған халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтады. Туған жері үшін ел шетіне төнген дұшпанның бетін қайтару үшін жанын шүберекке түйіп шыққан жауынгер ұл-қыздардың қатарында шайқасып, топ алдында отты толғауларымен жігер беріп отырды.

Қазақ мәдениетінің жарқын көріністері би-шешендер мен ақын-жыраулар институтында жатыр.

Көптеген зерттеушілер еңбектерінде сал-серілер қарапайым өнерпаз, сұлулыққа құмар жеңіл мінезді жігітшіліктің адамы, талантты жан ретінде ғана көрсетіліп келген. Біздің пайымдауымызда былайша қарастырамыз:

1. Сері – әскери әулет өкілі. Жауынгерлік рухы басым, ер мінезді тұлға. Киімді талғап киетін кербез, әмбебап өнерпаз. Олардың әрекеті жауынгерлік жолдың екі негізгі архетипі саналатын – Махаббат пен Өлім (Фрейд бойынша: Эрос және Танатос) тұжырымына сай келеді [18, с. 3-35].

2. Сал – абыздар әулетінің өкілі. Қабілеті жоғары, көкірек көзі ояу, тылсым күштермен байланысушы, сәуегейлігі бар, өзгелерден ерекшелену эксцентрик, эстет, бекзат адам.

3. Сал-серілер – өзі өмір сүріп жүрген ортаның камқоршысы, әлсіздердің сүйеніші, жығылғанды демеуші, сүрінгенді сүйеуші ақыл парасат пен қоса үлкен адамгершілік және алып күш, шешен тіл иесі.

4. Сал-серілер сан қырлы өнер иелері. Олар – әнші, ақын, күйші, білімдар, балуан, мерген, саятшы, сейіс, сонымен қатар тарихты, шежірені терең білген әңгімеші т.т.

Қай заманда да қоғамдағы әлеуметтік-мәдени проблемалардың шешімі жеке тұлғаның интеллектуалдық жетілуімен байланысты. Тұлғалық – адами жақсы қасиеттердің жиынтығы. Тұлға – Жаратушысы берген қасиеттерін ізгілік істерге пайдаланып, өзін парасат жолына бағыттаған адам [17, б. 4-25].

Осынау ойларымызды екшей келе зерттеу жұмысы барысында төмендегідей қорытындыларға келдік:

Бірінші тарау бойынша мәдениеттегі сал-серілер дәстүрінің қалыптасу тарихын түркі дәуірінен бергі көшпенділер тарихы шеңберінде зерделенді. Салдар мен серілердің бастауы жыраулық-ақындық өнердің түркі халықтары мәдениетіндегі алатын орны, елдік, бірлік жолындағы ерлік істері мен өнегелері пайымдалды. Көшпенділер мәдениетінің көрнекті өкілдері саналатын сегіз қырлы, бір сырлы өнер иелерінің рухани көзқарастары мен мұраларының мәдениеттану ғылымы бағытындағы зерделенуіне шолу жасалады.

Жұмыстың екінші тарауында отаршылдық саясаттың қазақ мәдениеті мен өнеріне, ұлттық құндылықтарына тигізген әсері сараланды. Сыни талдау жасау арқылы сал-серілік дәстүрдегі өзгерістер айқындалды. Олардың мұрасындағы еркіндік мәселелеріне талдаулар жасалды. Дарынды өнерпаздардың дүниетанымы мен мәдениеттегі тағылымы, олардың Алаш зиялыларыларына рухани ықпалы көрсетілді. Сал-серілер дүниетанымы табиғат аясының алтын тамыры. Аспан әлемі, жер бетінің кербез де көрікті жаратылысы сал-серілер сүйіспеншілігінің көркем бейнесі. Жыраулар өнегесі мен сал-серілер тағылымы өзектес дүниелер. Қазақ халқының мәдени-рухани тарихындағы сал-серілердің өнегесі жоғары. Көне жыраулардың, сал-серілердің киелі жолы алаш зиялыларына үлкен ықпал еткенін талқылап жатудың өзі артық. Алаш зиялыларының рухтылығы, жұртының болашағына алаңдауы Міржақып, Мағжан, Әлихан, Ахметтердің бойын біткен асыл қасиеттердің бәрі сол бір текті жыраулар мен сал-серілердің істері мен мұраларының берген тәлімі деп түсінген жөн. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық код, халықтық құндылықтардың тәуелсіз Қазақстанның жаңа бағытына, жаңашыл бастамаларына, жаһандық деңгейдегі орынын биіктен сайлау жолына етер әсері жоғары. Осы бағытта салдар мен серілердің дәстүрлі жолын жаңғыртудың да тиімділігін баса көрсеткіміз келеді.

Қазақстанның жаңа кезеңдегі мәдени дамуына қосқан ұлттық өнердің үлесі мен ықпалы зор. Өнердің музыкалық түрлерінің адамға, адам санасына, қалыптасуына тигізер әсері зор екенін бүгінгі ғылым дәлелдеп отыр.

Зерттеудің үшінші тарауында сал-серілер дәстүрін заман талабына сай жаңғыртудың жаңа бағыттарына үстемдік берілді. Қазақстанның жаңа кезеңдегі мәдени дамуы аясында атқарылған жұмыстар мен тәуелсіздік алған тұстан бергі рухани, мәдени кеңістіктегі ұлттық өнердің үлес салмағы талданды. Дәстүрлі өнер мен серілік үрдістің қазіргі таңда, келешекте мемлекеттің мәдениетін, ұлт

рухын көтеру, жастарды ұлтжанды қылып өсіру жолында сал-серілер дәстүрі аясында тәлім-тәрбие беру жолдарын жоспарлау қарастырылады.

Сал-серілік дәстүрді мәдени талдау арқылы көшпенді ру-тайпалардың сан ғасырлық қалыптасқан болмысы мен салт-дәстүрінің, рухани тыныс-тірлігінің жаңа қырын ашумен қатар, музыкалық мұраларының, мәдени, дүниетанымдық, тілдік, ғұрыптық ерекшелігінің тарих қойнауындағы сабақтастығын анықтауға мүмкіндік аламыз.

Сал-серілік дәстүрді жетілдірудегі жаңа міндеттердің қатарында дәстүрлі тәлім-тәрбиеге көңіл бөлеміз.

Халқының саналы, білікті, намысты, ұлтжанды болып қалыптасуы әрбір мемлекеттің жарқын бейнесі. Ұстанған ұлттық, мәдени, рухани саясатының шынайылығы һәм дұрыстығы. Әрбір ұлыстың салт-дәстүрі, ғұрыптары, ырымдары ұлттың өткені, бүгіні және болашағы.

Біздің осы бағыттағы айтпақ ойымыз жұмыстың «сал-серілер дәстүрін жаңғыртудағы жаңа ізденістер» деп аталатын үшінші тарауында көрініс табады.

Зерттеу барысындағы талдаулар мен тұжырымдар нәтижесінде төмендегідей маңызды қорытындылар мен нәтиже қатарына тоқталамыз:

1. Қазақ халқының мәдениетін, этномәдени құндылықтарын тереңірек сараптау үшін бүгінге дейінгі түркі халықтарына тән мәдени әлемнің даму тарихындағы айқындаушы принциптер айшықталды. Жыраулық-ақындық өнердің түркі халықтары мәдениетінің, рухани дүниесінің дамуындағы алатын орны анықталды. Көшпенді тірлік кешкен ұлыстың рухани дамуы мен мәдени ойының қалыптасуына, өркендеуіне этникалық санадағы тұлғалардың сапалы іс-әрекеттерінің әсері талқыланып, түркі мәдениетінің құндылықтары, дүниетанымдық негіздері сарапталып, өзіндік пайымдаулар келтірілді. Көне түркі дәуірі мен қазақы ой-сананың жағымды өсіміне тарихи-танымдық, герменевтикалық талдаулар жасалып, тарихи айналымдағы рухани мәнділіктің қоғамдық маңызы қарастырылды.

2. Түркі-қазақ мәдени әлеміндегі жыраулық-ақындық дәстүрдің тарихи негіздері мен рухани маңыздылығы, олардың мәдениеттану ғылымы шеңберіндегі зерделенуіне мән берілді. Түркі дәуірінің, тіпті одан арғы замандардан жеткен тарихи деректердің қазақ халқына тән тұстарында көрсетілген ақпараттарға иек артып, салдық, серілік дәстүрдің Анахарсис кезеңінде де қатарда болғанын ескерген жөн деген тоқтамға келеміз. Ақан серінің ғажап тірлігі, Біржан салдың өзгеше болмысы көктен түспегенін, сонау ежелгі ғасырлар қойнауынан жеткен жауынгерлік рухтың, абыздық салттың алтын арқауынан шыққандығын айтқымыз келеді.

Маңыздылығы сол, сал-серілер төңірегіндегі жарияланып жүрген ақпараттар легінде жалаң пікірлер мен жаңсақ көзқарастарға орын берілгені байқалады. Бұған келгенде осы бағыттағы ізденіс сапары осынау диссертациялық жұмыспен тоқталмайтындығына сендіргіміз келеді.

3. Жұмысымыздағы басты мәселелердің бірі адамзатқа ортақ еркіндік мәселесі. Еркіндік жалпы тіршілік атаулыға тән. Жануарға, аңға, құсқа т.т. Аюды, арыстанды торға қамап, қолға үйрету азапты көрініс екенін

мойындарсыз. Саналы ойға жүгінсек, ақыл-парасаты мол адам баласын құлдық санаға итермелеу немесе күшпен еркінен айырудың амал-тәсілдерін қолдану, жеке басты емес жалпы бір тайпаны, милләтті, бір ұлтты түбегейлі отарлау, бостандығынан ажырату қасіретті құбылыс. Бұған келгенде қазақ халқының айтары бар.

Қазақ тарихындағы қилы кезеңдер, азапты ғасырлар, қасіретті жылдар (ақтабан-шұбырынды, аштық, репрессия, Отан соғысы т.т.) халықтың бүгінгі тағдырына тікелей қатысты. Ұлт тағдырын түбегейлі өзгерткен ғасыр сабақтары еркіндіктің бағасын білуімізге айқын нұсқа болды.

Осы орайда, Анахарсистен Абайға дейінгі аралықтағы еркіндікке, азаттыққа ұмтылған тайпалардың, ұлыстардың, қазақ ұлтының арман-мақсаты сал-серілер көзімен жіктелді.

4. Жұрт ардақтысына айналған сал-серілердің мен Алаш ардақтыларын байланыстырып жатқан ұлы күш – рухани мүдделестік еді. Алаш қозғалысының белсенділері көздеген асыл мұрат салдар мен серілердің кеудесінен төгілген күмбір күй, күміс әннің өзегінде жатқан арманның ұшқыны болатын. Алаштықтар сол ұшқынды лаулатты. Әр қазақтың көкірегіне сәуле қылып құюды қолға алды. Біліктілік арқасында тиімді ұйымдар құрып, бастарын біріктіріп, кеңесіп, көпшілікті сондарына еріте белді. Олар ән-жырмен, күймен елге шаттық сыйлап жүре бермей, халқының көкірегіндегі арман-мақсатын орындау жолында білімнің, бірліктің керектігін түсініп, ілім теңізінде жүзіп, көшпенді халықтың көкірек көзін ашуға күш салды. Осы әрекеттерімен ескілікті сал-серілердің арманды жолын жалғады.

Тақырыпқа сай сал-серілер және Алаш зиялылары арасындағы рухани сабақтастығы аналогиялық талданды.

5. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа кезеңдегі мәдени, рухани дамуына ұлттық өнердің үлесі мен ықпалы айрықша. Қазақ халқының мәдени санасындағы тәуелсіздік идеясы көне замандардан халықтың көкірегіне қатталған биік мақсат. Осы мақсатқа жету жолында талай арыстар өмірін қиды. Тәуелсіздік таңы қазақ халқына түбегейлі өзгерістер әкелді. Биік білім жүйесіне қол жеткізген қазақ елінің мәдениеті жаһандық аренаға шықты. Рухани мәдениет деңгейі ұлттық нақышта көтерілді. Кешегі сал-серілер сарқыты дәстүрлі әншілер, ақындар ұлттық құндылықтарды әлемге насихаттады. Қазақтың қос ішекті қара домбырасының үніне жаһан халқы құлақ түрді. Өркениетті елдер күй сарынына ден қойды. Димаштай қазақтың қара баласы сал-серілер әнін шырқап, қазақтың тәуелсіздікке деген аңсарын әлемге тыңдатты.

6. Зерттеу жұмысының келесі бір бөлімі тәуелсіз Қазақстанның мәдени әлемін дамыту бағытындағы сал-серілік дәстүрдің мүмкіндіктерін қарастырады. Серіліктің көрінісі атқа міну өнерін, садақ ату үрдісін дамытып, жас жеткіншіктерді ұлтжандылыққа, шымырлыққа, намысты, арлы қылып өсіруге талпыныс жасалады. Атқа міну мен садақ ату өнерінің пайдасы көрсетілді. Олардың денсаулыққа да пайдасы бары анықталды.

Атқа міну, садақ ату жалпы жауынгерлік өнердің бір тармағы. Бейбіт заманда оларды салауатты өмір салтын сақтау бағытына қолданып, баланы

сымбатты да саналы қылып өсіруге деген әрекет. Мектептер мен спорт ұйымдарындағы оқу-жаттығу үрдісіне қосымша сабақ қылып енгізудің де жолдары қарастырылу үстінде.

Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы жолында атқарылып жатқан көптеген ізденістерге көңіл толады. Жаңа Қазақстан идеясын жүзеге асыру тәуелсіздік алған тұстан бері қолға алынып келе жатқан жүйе. Отарлық езгі көрген ұлысты жаңа әлемге, жаңаша мәдениетке көндіктіру оңай шаруа да емес. Десек те, әрбір қазақстандық азамат оң әрекетте қимылдаса үлкен асуларға шығатыны сөзсіз. Біздің мақсат елдің болашағының жарқындығын ойлағандықтан туған ой-әрекет қана.

Кіріспеде айтып өткендей, қазақ мәдениеті тарихынан алар орнын нақтылау үшін сал-серілер дүниетанымына үңіліп, танымдық қырының кейбір тұстарын ашып көрсетуді нысана еттік. Мақсатымыз – сал-серілердің ғұмыр кешкен дәуірлердегі халық танымын, бағзы адамдар ой-санасын таныстыру, хас таланттар шығармаларын мәдениеттану, руханият, философия, этнография, тарих, эстетика, музыка, салаларымен синкреттік тұтастықта қарастыру, оны оқу орындарында пайдалану. Бұл – ұрпақ бойына этномәдени білім, көркем ой мен қоса ерлік, өрлік, еркіндік, адамгершілік, сөз мәдениеті негіздерін қалыптастырудың қолайлы жолдарын табу мүддесіне тіреледі.

Ашаның алты салы – Жидебай, Қайрақбай, Балқыбек, Сауытбек, Әлдибай, Бекқұлы, Маңғыстаудың «Жеті Қайқысы», Ақтөбе өңірінің Сарысы, Молдабайы, Қызыл серісі, Атыраудың Құрманғазы, Аманғали, Қисса, Ауқат серілері, Сырдың Балқы Базар, Ешанияз сал, Нұртуғандары, Арқаның Ақан сері, Біржан салы, Мәди, Балуан Шолағы, Оралдың Мұхиты, Шайхысы, т.б. көптеген өнер тарландары қазақы сал мен сері мектептерінің белді өкілдері. Ұлт мүддесін қара басының қам-қарекетінен жоғары қойған адамдықтың биік өріндегі тұлғалардың мұралары мен іс-әрекеттері ұлысқа үлгі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Эйхгорн А.Ф. Музыкально-этнографические материалы / пер. с нем. – Ташкент: Институт искусствознания, 1963. – Т. 1. – 195 с.
- 2 Марғұлан Ә. Таңбалы тас жазуы // Кіт.: Қазақ тарихынан: туындыгерлер тобы. – Алматы: Жазушы, 1997. – Б. 206-207.
- 3 Қазақтың көне тарихы: қытайдағы қазақ ғалым. жин. / араб. тіл. көшір. М. Қани. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.
- 4 Марғұлан Ә. Қазақтың сал-серілік дәстүрі. – Алматы: Алатау, 2007. – 432 б.
- 5 Қондыбай С. Есен-қазақ. – Алматы: Арыс, 2006. – 353 б.
- 6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / ред. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 7 Исмаилов Е. Ақындар. – Алматы, 1956. – 340 б.
- 8 Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. – СПб., 1885. – Ч. 5. – 599 с.
- 9 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских нарѣчій. – СПб., 1911. – Т. 4, ч. 1. – 1116 с.
- 10 Киргизско-русский словарь: около 40 000 слов / сост. К.К. Юдахин. – М., 1965. – 973 с.
- 11 Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. – М., 1959. – Т. 1. – 777 с.
- 12 Туркменско-русский словарь: около 40000 слов / под ред. Н.А. Баскакова. – М., 1968. – 832 с.
- 13 Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы. 1976. – 417 б.
- 14 Рыцарство // <https://ru.wikipedia.org/>. 27.05.2023.
- 15 Ерте ғасырлардағы феодалдар // <https://kk.wikipedia.org/>. 27.05.2023.
- 16 Тевтон ордені // <https://ru.wikipedia.org/>. 27.05.2023.
- 17 Есім Ғ. Сана болмысы: саясат пен мәдениет туралы ойлар. – Алматы, 1998. – 307 б.
- 18 Затаевич А.В. 1000 песен казахского народа. – Изд. 3-е. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 494 с.
- 19 Наурызбаева З. Древнетюркские истоки братства бекташийя и казахские сал-серэ // <https://otuken.kz/drevnetyurkskie-istoki-bratstva>. 04.08.2020.
- 20 Тлостанова М. Деколониальность бытия, знания и ощущения: сб. ст. – Алматы, 2020. – 191 б.
- 21 Мустояпова А. Деколонизация Казахстана. – Алматы: AmalBooks, 2022. – 288 с.
- 22 Айдаров Ғ. және т.б. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986. – 277 б.
- 23 Жұмабаев М. Шығармалары: өлеңдер, поэмалар, кара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
- 24 Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – Т. 5. – 304 б.

- 25 Ази Е.А., Аралбай С.М., Куразова Қ.И. Көшпенділер мәдениеті және серілік дәстүр (XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы) // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – 2023. – №2(143). – Б. 141-151.
- 26 Наурызбаева З. Культурологический комментарий для изучающих текст героического эпоса «Қобланды батыр» в рамках проекта «Қобланды» — наизусть» // <https://otuken.kz/l-r-lr-r/>. 14.05.2023.
- 27 Әбу Насыр әл-Фараби / құраст. Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Н. Сейтахметова. – Алматы, 2008. – Т. 9, бөл. 2. – 384 б.
- 28 аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад / ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы, 2018. – 751 б.
- 29 Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – Т. 18. – 448 б.
- 30 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Бас. 3-ші. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
- 31 Сыдиықұлы Қ. Ақберен. XVIII-XX ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалары. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2007. – 576 б.
- 32 Марғұлан Ә.Қ. Шығармалары. – Алматы: Алатау, 2007. – Т. 2. – 432 б.
- 33 Мағауин М. Алдаспан: көне қазақ поэзиясының антологиясы: XV-XVIII ғасырлар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 312 б.
- 34 Лаэртский Д. О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. – М.: Мысль, 1979. – 620 с.
- 35 Қазақтың бақсы-балгерлері / құраст. Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.
- 36 Едіге: халық эпосы / құраст. Е. Мағауин. – Алматы: Айқап, 1993. – 75 б.
- 37 Уалиханов Ш. Алтышаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 304 б.
- 38 Гегель Г.В.Ф. Энциклопедия философских наук / пер. с нем. – М.: Мысль, 1977. – Т. 3. – 471 с.
- 39 Әл-Фараби, Әбу Наср: 7 т / құраст. Р. Сейсенбаев. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2019. – Т. 1. – 248 б.
- 40 Қазақ / ред. А. Қасымжанов. – Алматы: Білім, 1994. – 176 б.
- 41 Орынбеков М. Предфилософия протоказахов. – Алматы: Өлке, 1994. – 207 б.
- 42 Қасабеков А. Философия тарихы және ұлттық идея // Адам әлем. – 1999. – №2(10). – Б. 6-10.
- 43 Молдабеков Ж.Ж. Тектіліктің тұрағы-тұлғалыққа тірек // Адам әлемі. – 1999. – №2(10). – Б. 10-16.
- 44 Тарақты А. Күй шежіре. – Алматы: Крамдс-Яссауи, 1992. – 488 б.
- 45 Досмұхамедов Х. Аламан / құраст. Ғ. Әнес, А. Мектепов, Ш. Керім. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
- 46 Қараманұлы Қ. Тәңірге тағзым // Кіт.: Қазақ тарихынан. – Алматы, 1997. – 254 б.
- 47 Мұқанов С. Халық мұрасы: тарихтық-этнографиялық шолу. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 236 б.

- 48 Сыдиықов Қ. XVIII-XX ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалары. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2007. – Т. 3. – 576 б.
- 49 Әсемқұлов Т. Қондыгердің бір-ақ беттік тарихы // Адырна. – 2016. – №1. – Б. 110-153.
- 50 Жұмабаев М. Қойлыбайдың қобызы // <https://bilim-all.kz.23.06.2023>.
- 51 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 449 б.
- 52 Мағауин М. Шыңғыс хан. – Алматы: Дәуір, 2011. – Т. 4. – 608 б.
- 53 Кардини А. Шамандар, жауынгерлер, миссионерлер. – Алматы: Жазушы, 2006. – Т. 4. – 496 б.
- 54 Жұбанов Қ. Шығармалар мен естеліктер / құраст. А. Жұбанов. – Алматы: Өнер, 1990. – 361 б.
- 55 Элиаде М. Шаманизм: архаические техники экстаза / пер. с англ. – Киев: София, 2000. – 480 с.
- 56 Shamakhay S., Sarkulova M., Yessim G. Religious-ethical values in the context of «the secret history of the mongols» // European Journal of Theology. – 2019. – Vol. 15, №4. – P. 1-8.
- 57 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Исраил Сапарбайға «Махаббат шайыры» атағын берді // <https://welcome.kaznu.kz/kz/3/news/one/3193/>. 20.06.2023.
- 58 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1983. – Т. 2. – 456 б.
- 59 Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2013. – Кіт. 2. – 432 б.
- 60 Белинский В.Г. Собрание сочинений: в 9 т. – М., 1976. – Т. 1. – 736 с.
- 61 Жұмабаев М. Шығармалары / құраст. С. Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – Т. 2. – 376 б.
- 62 Кенжетәев Д.Т. Қазақ мұсылмандығы және оның қалыптасу алғышарттары: монография. – Астана, 2018. – Т. 5. – 248 б.
- 63 Хожа Ахметтің шындық іздеуі // Кіт.: Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Бас. 3-ші. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
- 64 Есім Ғ. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 б.
- 65 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. 2004. – Т. 2. – 336 б.
- 66 Сұлтан Бейбарыс // <https://kk.wikipedia.org/>. 23.05.2023.
- 67 Қожа Ахмет Яссауи // <https://kk.wikipedia.org/>. 23.05.2023.
- 68 Рыцарство // <https://ru.wikipedia.org/>. 27.05.2023.
- 69 Ерте ғасырлардағы феодалдар // <https://kk.wikipedia.org/>. 27.05.2023.
- 70 Тевтон ордені // <https://ru.wikipedia.org/>. 27.05.2023.
- 71 Әсемқұлов Т. Ханың қаңлыдан болсын // Адырна. – 2006. – №1. – Б. 134-136.
- 72 Әсемқұлов Т. Қылышымның майын бер! // Егемен Қазақстан. – 2010, қаңтар.
- 73 Фрейд З. Теория инстинктов и влечений: эрос и танатос // <https://levelvan.ru/pcontent/freid-6/eros-tanatos>. 14.05.2023.

- 74 Толстой Л.Н. Соғыс және бейбітшілік / каз. ауд. – Астана: Аударма, 2008. – Т. 1. – 792 б.
- 75 Гераклит // Кіт.: Батыс философиясының антологиясы / құраст. Қ. Әбішев және т.б. – Алматы: Фонд Сорс-Казахстан, 2002. – 464 б.
- 76 Ривкин Д., Райан М. Әдебиет теориясы: антология / каз. ауд. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – Т. 3. – 440 б.
- 77 Шопықұлы Қ. Қалнияз едім күнінде...: жинағы / құраст. К. Сержанұлы. – Алматы: Сардар, 2016. – 160 б.
- 78 Әдеби жәдігерлер: 20 т. / ред. С. Қасқабасов. – Алматы: Таймас, 2007. – Т. 5. – 536 б.
- 79 Анақарыс қазақша қанатты сөздері: ойлар, қазақша ... // <https://oilar.kz/author/349/anaharsis>. 18.10.2020.
- 80 Вольтер // Кіт.: Батыс философиясының антологиясы / құраст. Қ. Әбішев және т.б. – Алматы: Фонд Сорс-Казахстан, 2002. – 464 б.
- 81 Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару / пер. с фр. – М., 1975. – 180 с.
- 82 Қорамсаұлы А.С. Торыны таң асырып мінген қандай // <https://bilim-all.kz/olen/1900-Toryny-tan-asyryp-mingen-qandai>. 12.07.2023.
- 83 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру: мақаласы // https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences. 28.01.2023.
- 84 Геродот // В кн.: Историки античности: в 2 т. / пер. с древнегр.; сост. М. Томашевская. – М.: Правда, 1989. – Т. 1. – С. 33-204.
- 85 Құмарұлы Я. Бабадағы өрлік-ерлік пен серілік // Қазақ өркениеті = Казахская цивилизация. – 2012. – №1. – Б. 38-45.
- 86 Танекеев М. Казахстанские национальные виды спорта и игры. – Алматы, 1957. – 62 с.
- 87 Балуан Ш. Шығармалары: әндері, өлең-жырлары: естеліктер, мақалалар, аңыз / құраст. Б. Хабдина. – Алматы: Рух БГ, 2014. – 320 б.
- 88 Диваев А. Баксы в жизни киргиза // Известия Среднеазиатского комитета по делам музыки и охраны памятников старины, искусства и природы. – 1928. – №3. – С. 188.
- 89 Мағауин М. Ғасырлар бедері: әдеби зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 256 б.
- 90 Біржан К. Өлендер / құраст. Қ. Қаңтарбаев. – Алматы: Жазушы, 1967. – 228 б.
- 91 Тұрсынов Е. Ақын типінің пайда болу дәуірі жөнінде пікірлер «Сал» және «Сері» // Кіт.: Әдебиет теориясы жинағынан. – Астана: Фолиант, 2003. – 344 б.
- 92 Евреинов А. Внутренняя или Букеевская Киргиз-Казачья Орда // Современник. – 1851 – Т. 29. – С. 49-95.
- 93 Газо А. Шуты и скоморохи всех времен и народов. – СПб., 1893. – 332 с.
- 94 Дмитриев Ю.А. Цирк в России: от истоков до 1971 г. – М., 1977 – 415 с.

- 95 Морозов П.О. Очерки из истории русской драмы XVII-XVIII столетий. – СПб., 1888. – 415 с.
- 96 Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. – М.: 1959. – Т. 1. – 777 с.
- 97 Туркменско-русский словарь: около 40000 слов / под ред. Н.А. Баскакова и др. – М., 1968. – 832 с.
- 98 Пашино П.И. Туркестанский край в 1866 году: путевые заметки. – СПб., 1868. – 176 с.
- 99 Бонвало П.-Г.-Э., Капю Ж.-Г. Киргизские трубадуры // Кавказ. – 1882. – №170.
- 100 Добромыслов А. Салы у киргиз // Туркестанские ведомости. – 1909. – №230.
- 101 Хұсайнов Ш., Дүйсембаев Ы. Қазақ ауыз әдебиеті және халық ойындарындағы театр-драмалық элементтер // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. – 1950. – №78.
- 102 Касқабасов С.А. Родники искусство: фольклористские этюды. – Алматы, 1986. – 123 с.
- 103 Кыз-Жибек: казах. эпич. поэма, тексты и переводы / Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова. – Алматы, 1963. – 337 с.
- 104 Жүсіпов Б. Бақсы қобызының құпиясы // <https://ult.kz/post/baksy-kobyzynyn-kupiyasy>. 05.05.2023.
- 105 Керім Ш. Сал-серілер поэзиясы: XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы. – Алматы, 2017. – 108 б.
- 106 Нұрмағамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. – Алматы, 1985. – 270 б.
- 107 Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка / сост. В.И. Вербатский. – Казань, 1884. – 494 с.
- 108 Рассадин В. Фонетика и лексика тофаларского языка. – Улан-Удэ. 1971. – 217 с.
- 109 Мағауин. М. Шыңғыс хан. – Алматы, 2016. – Т. 4. – 1993 б.
- 110 Жұбанов А. Ғасырлар пернесі: очерктер. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 325 б.
- 111 Марғұлан Ә. Қазақтың сал-серілік дәстүрі: шығармалар жинағы. – Алматы, 2007 – Т. 2. – 432 б.
- 112 Қазақтың музыкалық мәдениеті // <https://kk.wikipedia.org/>. 17.11.2020.
- 113 Трубадуры // <https://www.krugosvet.ru/enc/kultura>. 27.05.2023.
- 114 Энтони Кени // Кіт.: Батыс философиясының жаңа тарихы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – Т. 3. – 400 б.
- 115 Қожаберген. Елім-ай: халық әні // https://vk.com/wall-127807577_65. 27.07.2023.
- 116 Смайыл А. Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды // <https://abai.kz/post/50047>. 27.07.2023.
- 117 Троицкий Н. Ішкі орда қазақтарының мысалы // Кіт.: Астана тарихы. – Алматы: Атамұра. 2017. – 336 б.

- 118 Назаров Ф.М. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии. – Изд. 2-е. – М.: Наука, 1968. – 79 с.
- 119 Холл С. Мәдени бірегейлік пен диаспора // Әдебиет теориясы: антология. – Алматы, 2019. – Б. 344-355.
- 120 Витгенштейн Л. Тіл және нақты дүние // Кіт.: Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін. – Алматы, 2018. – 216 б.
- 121 Таңдамалы өлеңдері Ақан Сері / құраст. С. Сейфуллин. – Алматы, 1935. – 88 б.
- 122 Жұмабаев М. Шығармалары / құраст. С. Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – Т. 2. – 376 б.
- 123 Бәпиұлы М. Қарқаралы // <https://bilim-all.kz/olen/10385>. 05.05.2023.
- 124 Ази Е. Ақтөбе өңіріндегі сал-серілік дәстүр (Сары Батақұлының шығармашылық-өмірбаяны турасында) // Әл-Фараби ҚазҰУ. – 2020. – №3(73). – Б. 34-41.
- 125 Иманжүсіптің термесі // <https://webkind.ru/text/> 17.07.2023.
- 126 Жұбанов А. Өскен өнер. – Алматы: Ғылым, 1985. – 248 б.
- 127 Жұбанов А. Замана бұлбұлдары: қазақтың әнші-композиторлары, әнші-орындаушылары туралы әңгіме-очерктер. – Алматы, 1975. – 464 б.
- 128 Затаевич А. 1000 песен казахского народа: песни и кюйи. – М.: Музгиз, 1963. – 606 с.
- 129 Науаи Ә. Ескендір қорғаны. – Алматы: Жазушы, 1989. – 400 б.
- 130 Бермағанбет С. Ақсұңқар – құстың асылы // Кіт.: Діні-ағартушылық және Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлының әдеби мұрасы. – Ақтөбе, 2019. – 130 б.
- 131 Керейұлы А. Жайық деген жанды су... – Ақтөбе: Полиграфия А, 2013. – 248 б.
- 132 Батырлар жыры: 50 т.: науч. изд. / ред. Е. Дүйсенбайұлы. – Алматы: Жазушы, 2006. – Т. 3. – 296 б.
- 133 Қазақ поэзиясының антологиясы / ред. Қ. Сыдиықов. – Алматы, 1993. – 203 б.
- 134 XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы / ред. Ы. Дүйсенбаев. – Алматы, 1983. – 367 б.
- 135 Мағауин М. Қобыз сарыны: XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын-жыраулары: монография. – Алматы: Атамұра, 2006. – 264 б.
- 136 Жұмабаев М. Педагогика: баланы тәрбие қылу жолдары. – Алматы: «Рауан» 1992. – 112 б.
- 137 Дулатов М. Қаламнан жылап аққан қара бояу // <https://massaget.kz/>. 27.07.2023.
- 138 Ахметұлы Ш. Ұлы түрік қағанаты: Қытай деректері мен түсініктер. – Үрімжі, 2006. – 598 б.
- 139 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / құраст. Ғ. Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
- 140 XIX ғасыр әдебиеті / құраст. Х. Сүйішәлиев. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 224 б.

- 141 Жұбанов А. Өн-күй сапары. – Алматы, 1976. – 478 б.
- 142 Жақанов И. Зәуреш: эссе-элегия, әндер тарихы, мәтіндері және ноталары. – Астана: Фолиант, 2012. – 424 б.
- 143 Плутарх // Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы / құраст. С.Ф. Мәжитов, Л.Л. Батурина. – Астана: Фолиант, 2005. – Т. 2. – 416 б.
- 144 Марғұлан Ә. Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер... Қазақтың сал, серілік дәстүрі // Жұлдыз. – 1983. – №5.
- 145 Наурзбаева З.Ж., Медеуова К.А. Казахская «космическая» топонимика: исследование культурного ландшафта в окрестностях космодрома Байконур // Вестник Казахского национального женского педагогического университета. – 2021. – №3. – С. 68-78.
- 146 Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. – Алматы: Драйк-Пресс; 2004. – 504 б.
- 147 Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского Государства: половина первая 1772 и 1773 годов. – СПб., 1788. – Ч. 3. – 314 с.
- 148 Раушанов Е. Құстар – біздің досымыз. – Алматы: Жазушы. 2007. – 258 б.
- 149 Сөзстан: әдеби сын мақалалар, қаламгерлік кескіндемелер, интервью / құраст. Б. Сарбалаев. – Алматы: Жалын. 1985. – Кіт. 6. – 192 б.
- 150 Гераклит (б.з.д. 554-483) // <https://studfile.net/preview>. 25.07.2023.
- 151 Толстой Л.Н. Два старика // <https://rvb.ru/tolstoy/01text>. 25.07.2023.
- 152 Аристотель. Политика // Кіт.: Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы / құраст. С.Ф. Мәжитов, Л.Л. Батурина. – Астана: Фолиант, 2005. – Т. 2. – 416 б.
- 153 Тер-Минасова С. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
- 154 Хантингтон С. Өркениеттер қақтығысы // <https://kk.wikipedia.org>. 05.05.2023.
- 155 Елеманова С. Аркинская народно-профессиональная песня конца 19-начала 20 вв. // В кн.: Казахское традиционное песенное искусство. – Алматы, 2000. – С. 26-37.
- 156 Арын М. Бес анык: тарбие туралы толгамдар. – Павлодар: Сытина, 2011. – 624 б.
- 157 Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. – М., 1973. – 189 с.
- 158 Шәкәрімұлы А. Құнанбай туралы. – Семей: Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2014. – 55 б.
- 159 Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін / каз. ауд. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 216 б.
- 160 Батақұлы С. ХҮ-ХІХ ғ.ғ. ақындары // <https://aktobeonyry>. 25.07.2023.
- 161 Тілегенов А. Адайдың жеті қайқысы. – Алматы: ЖАҚ «РОСТ», 2000. – 64 б.
- 162 Келімбердиев А. Көне қолжазба. Ерлер есімі – ел есінде. – Ақтөбе, 2020. – 223 б.

- 163 Спан Ә. Қабекеннің қазынасы. – Алматы: Үшқиян, 2003. – 350 б.
- 164 Райан М. Әдебиет теориясы: кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 292 б.
- 165 Тоқтаған А. Күйді жүрегіңмен тыңда... // Ана тілі. – 2003. – №5. – С. 6-12.